



ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

сөздік

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕРІНІҢ
ЭТИМОЛОГИЯСЫ**

сөздік

Астана, 2023

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

А 31

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған ұжымдық монография ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» жобасы аясында әзірленді

Жауапты редакторы Кенжалин Қ.К.

Пікір жазғандар:

Сағындықұлы Б., филология ғылымдарының докторы, профессор
Дыбо А.В., филология ғылымдарының докторы, профессор

Бияров Б.Н., Жақыпов Ж.А., Кенжалин Қ.К. Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерінің этимологиясы. Сөздік. – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023. – 387 бет.

ISBN 978-601-337-941-8

Сөздікте Ұлы Жібек жолы бойындағы керуен сарай (рабат); аялдама бекет; ірі сауда орындары бар қала, кент, бекініс, қорған; құдық, суат; өзен, көл атаулары алғаш рет жинақталып, этимологиялық талдау жасалды. Олардың көпшілігі біздің заманымызға жетпей, үйінді, киранды жұрты ғана қалса, енді біразы күні бүгінге дейін елді мекен қалпын сақтап отыр. Керуен жолдарындағы атаулардың барлығы дерлік тарихи топонимдерге жататындықтан, этимологиясына қоса табылған тарихи деректер де беріліп отырады. Сөздік тарих, география және тіл білімінің ономазиология салаларымен айналысып жүрген студенттер, магистранттар мен докторанттарға, тіліміздің тарихы мен еліміздің өткені қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

КІРІСПЕ

Бұ дүние – бір керуен сарай-ды,
Кететіндер түсіп, содан тарайды.
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,
Келіп түскен тізбек соған қарайды.
Ахмет Йүгінеки

Тарихи топонимдердің этимологиялық сөздігі BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында дайындалды. Зерттеу жұмыстары Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде жүргізілді. Алғашқы зерттеулер ғылыми мақала түрінде жарияланып келді де, жұмыстың қорытынды нәтижесі сөздік болып басылып шықты.

Ұлы Жібек жолы б.э.б. II ғасырдан бастап Шығыс Азиядан Жерорта теңізіне дейін салынған көне керуен жолы екені бәрімізге белгілі (Қазақстанның физикалық географиясы, 2008). Көне Қытайдың Сиан-Ланьчжоу-Дуньхуан қалаларынан бастау алатын керуен жолы, негізінен, қытай жібегін саудалау мақсатында пайда болды. «Ұлы Жібек жолы» терминін алғаш енгізген (1877 ж) неміс географ-ғалымы Ф.фон Рихтгофен жолдың осы ерекшелігін ескерген.

Алғашқы кезеңінде, Жібек жолы Такла-Макан шөл даласын айналып өтуге байланысты екі бағытта соқпақ салды: оңтүстік жол Гаочан – Тянь-Шанның күнгей жағы – Қарашар – Куча – Ақсу – Ыстық көл – Шу – Талас – Исфара бағытымен жүрсе, солтүстік жол Гаочан – Жоңғарияның күнгейі – Үрімші – Манас – Күркіреусу – Еренқабырға – Іле – Орта Азияға қарай бет алған (Гумилев, 1994, 40, 41).

Жібек жолының кезекті бір даму кезеңі Бірінші Түркі қағанатының пайда болуынан басталады. Көне түріктер 570-ші

жылдардан бастап, Жібек жолын бақылауға алып, саудагер соғдыларға емін-еркін сауда жасауға жағдай жасайды (Мамлеева,1999,53). Сол кезде Жібек жолы Түркі даласына да тарамдалып, Өтүкен, Енисей, Орталық Қазақстан, Еділ бойына дейін керуендер жол тартады.

Тарихшы, географ ғалымдардың зерттеулері бойынша, әрине, сауда жолдары Жібек жолынан бұрын да болған. Сақ, ғұн қорымдарынан табылып жатқан қытай жібегі мен ақшаларының белгілері түйелі керуендердің Евразия далаларын ежелден шиырлап келгенін дәлелдейді.

Сөздікте Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи топонимдердің көпшілігіне этимологиялық талдау жасалады. Евразия аумағының басым бөлігін қамтыған Жібек жолдары бірнеше бағытта жүргені және көптеген керуен сарайлары мен аялдама бекеттер қалыптастырғаны бізге мәлім. Алайда керуен жолы бойындағы макротопонимдер мен елді мекен аттары (ойконимдер), рабаттар, ірі сауда орталықтары, аялдама бекеттердің аты күні бүгінге дейін тілдік тұрғыдан жүйелі түрде қарастырылмаған. Бұл сөздіктің өзектілігін айқындайды әрі осы тақырыптағы үлкен ғылыми жобаның зерттеу нәтижесі болып табылады.

Авторлар тарихи топонимнің мағынасы туралы бұрын-соңды айтылып келген пікір, тұжырымдарды салыстыра қарап, одан соң өз тұжырымдарын ұсынады. Зерттеуде тіл біліміне тән салыстырмалы-тарихи, ареалдық, ретроспективтік тәсілдер қолданылған. Тарихи, көне топонимдердің этимологиясын ашудың өзіндік қиындығына байланысты, авторлар өздері ұсынған тұжырымдардың болжамдық сипаты басым екенін ескертіп отырады. Соған қарамастан, этимологиялық талдаулар біршама сәтті жасалғанын аңғару қиын емес және ол болжамдардың өзінде шындық, ақиқат жатуы мүмкін.

Сөздікте Ұлы Жібек жолы бойындағы керуен сарай (рабат); аялдама бекет; ірі сауда орындары бар қала, кент, бекініс, қорған;

құдық, суат; өзен, көл атаулары алғаш рет жинақталып, этимологиялық талдау жасалды. Олардың көпшілігі біздің заманымызға жетпей, үйінді, қиранды жұрты ғана қалса, енді біразы күні бүгінге дейін елді мекен қалпын сақтап отыр. Керуен жолдарындағы атаулардың барлығы дерлік тарихи топонимдерге жататындықтан, этимологиясына қоса табылған тарихи деректер де беріліп отырады.

Кітап-сөздік тарих, география және тіл білімінің ономазиология салаларымен айналысып жүрген студенттер, магистранттар мен доктаранттарға, тіліміздің тарихы мен еліміздің өткені қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

СӨЗДІКТЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

алтай. – алтай тілінде

ДТС – Древнетюркский словарь

көне түркі. – көне түркі тілінде

қазақ. – қазақ тілінде

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

қырғыз. – қырғыз тілінде

қытай. – қытай тілінде

моңғол. – моңғол тілінде

орыс. – орыс тілінде

өзбек. – өзбек тілінде

парсы. – парсы тілінде

санскрит. – санскрит тілінде

тыва. – тыва тілінде

хакас. – хакас тілінде

шор. – шор тілінде

АБ – өзен, Зайсан ауд., ШҚО. Көне түркі тілінде аб «шапшу, атып шығу» мағынасын беретінін ескерсек, Аб гидронимі «шапшып аққан су» мағынасын береді (ДТС,2016,1). Сонымен бірге, парсы тілінде аб сөзі «су» деген мәнде қолданылады (Жеменей,1994,212). Өзеннің аты осы екі мәннің бірінде тұр.

АБАҚАН – өзен, қала. Краснояр өлкесі, Ресей. Хакасияның астанасы болып саналатын Абақан/Абакан қаласының аты өзен атынан алынған. Ал өзен аты (гидроним) көне түркі. аба «ана (апа)» (Қашқари, 1997,116) + кан «өзен, су» сөздерінен бірігіп жасалған. Абакан «ана өзен» деген мағына береді. Өзен, судың көне аты кам/кем/кан түркі тіліне ғана тән емес, көптеген басқа тілдерде де кездеседі (Мурзаев,1984,247). Ұлы Жібек жолының солтүстік-шығыс тармағына жатады.

АБАРДЖАДЖ – көне қала орыны, Жамбыл обл. Араб саяхатшысы Ибн Хордадбектің жазуынша, Испиджаб қаласынан шығысқа қарай 17 фарсах жерде орналасқан. Қала орналасқан аңғарда көптеген қайнар-бұлақ бар екенін және олар жиылып, Баркуаб өзенін құрап, шығысқа қарай ағатынын жазады (Байпаков,2007,324). Парсы тіліндегі Баркуаб түркіше «теріс аққан су» деген мағына беретінін ескертеді: Терісаққан. Ал көп қайнар-бұлақ қазіргі Мыңбұлақ болуы мүмкін. Қазба жұмыстары Абарджадж қаласының орнын Момышұлы атындағы ауылдың жанынан тауып отыр. Бұл қала VII-XII ғасырларда Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда орыны болған. Абарджадж парсы тілінде аталғанымен, түбірінде «абар» этнонимі қатысып тұрғанын аңғару қиын емес. «Абар халқының қаласы» дегенге келеді.

АБРАЛЫ – таулар. Семей қ.э. Абай обл. *Абралы* антропоним деп айтылып жүргенмен, кісі атының да мағынасы болуға тиіс және антропоним тау атынан шығуы да мүмкін (транстопонимизация құбылысы). Абралы оронимі моңғ. *аврал* «мейірім, рақым, қайырым» сөзінен жасалуы ықтимал

(Базылхан,1987,18), өйткені тауларға «сүйкімді», «әулие», «қайырымды» түрінде атау беру моңғолдарда бар үрдіс.

АВАР ҚОЙСУЫ – өзен. Дағыстан, Ресей. Гидроним құрамындағы авар этноним екені дау туғызбайды. Атап айтқанда, Істеми бастаған Батыс Түркі қағанатының әскері жужандарды, абарларды және хуни, уар, огор сияқты ұсақ тайпаларды қирата жеңіп, Еділден әрі асыра қуып тастайды. Бұл қашқындар енді Авар деген атпен Византияның іргесінен бірақ шығады (Гумилев,1994,34). Мұндағы авар этнонимі көне түркі. ав «жинау», авар «жиналу» (ДТС,1969,69) сөздерінен шығатынын байқау қиын емес, өйткені, шынында да, бұлар әр тайпаның қалдығынан құралған еді. Атап айтқанда, түркілерден жеңілген жужандар, абарлар, эфталиттер, хуни, уар (вар), огор т.б. этностар жинақталып қалған еді. Бұл жауынгер тайпалардың қалдығы бір ел болып бірігіп, Европаның «біраз шаңын қағады» (Гумилев).

Ал атаудың екінші сыңары Қойсу+ы географиялық термин сияқты жиі кездеседі. Атақты саяхатшы П.П.Семенов-Тянь-Шанский «қой кешіп өтетіндей жадағай, саяз өзендерді Қойсу деп атайтынын» келтіреді, «қой өткел» дегенге келеді дейді (Семенов-Тянь-Шанский,1947). Түркі тектес көшпелі елдің өзен-судың тереңдігін мал арқылы өлшейтіні (М.: Атжал, Тайжүзген) бұл пікірді растайды.

АҒҰ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Ағұ көне түркі. ағұ «у, улы» (ДТС,1969,24) сөзінен шығып, «суы немесе шөбі улы (әлде тұзды) жер» деген мағына береді.

АҒЫНЫҚАТТЫ – өзен. Жетісу обл., Сарқан ауд. Ағыны + қатты сөздерінен тіркескен атау «суының ағысы шапшаң, ағынды өзен» деген мағына береді.

АДАХКЕТ – көне қала, Жамбыл обл. Қазіргі Тараз қаласының солтүстік жағында орналасқан қаланы әл-Макдиси «ішінде мешіті, көптеген рабаты, базары бар үлкен қала» деп жазып кеткен (Байпаков,2007,324). Тарихшылар Адахкет кейінгі Қаракемер қаласының бұрынғы аты болуы мүмкін екенін

ескертеді. Адахкет көне түркі. адақ «аяқ, аяққы» + парсы. кент «қала» деген сөздерден бірігіп жасалғанын байқау қиын емес. Адаккент/Адахкет «аяққы, төменгі қала» деген мағына береді.

АЗАУ – теңіз. Ресей, Украина. Орыс тілінде Азов түрінде картаға түскен теңізді көне гректер Меотида деп атаған екен, себебі теңіздің оңтүстік жағалауын меот тайпалары мекендеген (Энциклопедия Брокгауза и Ефрона, 1896, т.ХІХ, с. 107). Ал меоттардың өздері теңізді Темеринда «теңіздің анасы» деп атаған (Сергеев,1963). Скифтер Каргалук «қара түсті» деп атаса, арабтар Бахр аль-Азуф «қаракөк түсті» деп теңіз суының түсін меңзеп атаған. Түріктер бұрын Балық дениз «балықты теңіз», кейін Азак денизі деп ат қояды. Половецтер Карбалук «балықтар қоймасы» десе, татарлар Чабак-денгис «шабақты теңіз» деп, теңіздің тағы бір ерекшелігін, балықтың көптігін, уәж етіп алады (Марти,1941,81).

Түріктердің Азак денизі деген атауын қазақтар (қыпшақтар) Азау/Азаулы деп атағанын Доспамбет жыраудың толғауларынан білеміз (Қазақ әдебиеті). Бізге осы Азақ/Азау/Азов гидронимінің этимологиясын табу – міндет. Осыған дейін теңіз атауы Азупо деген антропонимнен шыққан, ассы деген этнонимнен шыққан, көне түркі. азан «төменгі» сөзінен шыққан, көне түркі. азақ «аяқ, аяққы» сөзінен шыққан, Азак/Азау/Азов алдымен қаланың аты болған деген сияқты пікірлер айтылып келді (Уикипедия).

Біз өз тарапымыздан екі түрлі болжам ұсынамыз, өйткені болжам көп болған сайын шындыққа жақындай түсетініміз белгілі: 1) Жоғарыда айтылғандай теңіз этимологиясы көне түркі. азақ-айақ-адақ «адамның аяғы, бір нәрсенің соңы» сөзінен шығуы бек мүмкін, өйткені топонимика заңында бас – аяқ, соған орай үлкен – кіші деген бинарлық позициямен қойылатын атаулар жиі кездеседі (Бас Қарауыл – Аяққы Қарауыл). Қара теңізді Бас (үлкен) теңіз деп, ал Азақ «аяққы, кіші» теңіз деп салыстырмалы түрде аталуы мүмкін. 2) Азақ атауы көне түркі. азұқ «тамақ, азық-түлік, жем» сөзінің өзгерген нұсқасы болуы да ықтимал (ДТС,2016,79). Олай деуге екі түрлі себеп бар: Біріншіден, теңізде балық

түрлерінің мол болуы атауға уәж бола алады, өйткені көне атаулары соған сілтейді (Карбалық, Балық теңіз, Шабак теңіз т.б.). Сонда Азұк/Азақ теңізі «адамдарға азық беруші теңіз» деген мағына тудырады. Екіншіден, Азұк/Азақ теңізі «Қара теңізді сумен азықтандырушы, қоректендіруші теңіз» деген ұғым бере алады. Ол, өз кезегінде, көне меоттардың Темеринда «(Қара)теңіздің анасы (асыраушысы)» деген атауымен үндеседі. Азов теңізіне көптеген өзендер құйылады да, Керч бұғазы арқылы Қара теңізге қарай ағады. Азақ/Азау/Азов гидронимі осы уәждердің бірі арқылы жасала ма деп ойлаймыз.

АЙБАС – тау, көне түркі ескерткішінен. Айбас атауы ай + бас сөздерінен біріккен және мұндағы ай көне түркі. айбаң «таз» (Қашқари,1997,147), айтақыр «татыр, шөпсіз, тақыр» (Қайыржан,2013,13) сөздерінің түбіріндегі ай «таз, тақыр» болса керек. Сонда, Айбас «басы таз, тақыр» тау мағыналы ороним болып шығады.

АЙҒЫРШОҚЫ – тау. Алматы обл., Райымбек ауд. *Айғыр* зат есімі «үйірге түсетін еркек жылқы» мағынасымен де топонимдер жасауға қатысады (*Айғыржығылған, Айғырсойған* т.б.) және «табиғи нысанның ірі, шоқтығы биік» тұрғанын айғырға теңеу арқылы да топонимдер жасайды (*Айғыржал, Айғыршоқы* т.б.). Мұнда жылқы ішінен айғырдың ерекше көзге түсетіні; ірі санды, құйрық-жалды болып келетін дене тұрпаты семасы ұлттық дүниетанымнан орын алып, жер-су аттарын жасауға жұмсалған деуге болады.

АЙНАБҰЛАҚ – бұлақ. Алматы обл., Ескелді ауд. Иран тілінен енген *айна* зат есімі «алдында тұрған заттың бейнесін дәл көрсете алатын тегіс, жылтыр шыны» (ҚТТС, 1т, 99) мағынасын беретіні белгілі. *Айна* сөзі «бейнені шағыстырып көрсете алатын» табиғи нысандарға таңылып, жер-су атын жасауға да қатысады. Айнадай жалтырап, бейнені дәл көрсету – көбінесе, сулы нысандарға тән құбылыс. Қола, шыны, айналар болмаған кезде, адам баласы мөлдір суға қарап, бет-жүзін көретін болғандығы аян.

АҚАДЫР – адыр, көне түркі ескерткішінен. Топонимі түркі тектес елдер аумағында күні бүгінге дейін кездеседі. Атау екі құрамды: Ақ «ақ түс» сын есімі + адыр «дөңес, белес, жота» мәнді географиялық термині бірігеді. «Ақ тасты немесе қар ұзақ жататын адыр» деген мағына береді.

АҚБАРАҚ – е.м. Түркістан обл. Ақ (сын есім) + барақ (сын есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Мұндағы «барақ» сын есімі, барлық сын есімдер секілді, зат есіммен тіркескенде ғана толық мағынасын ашады: «барақ бұзау, барақ жүн, барақ ит, барақ кілем, барақ сақал» (Қайыржан, 2013, 65). Тіркестерден *барақ* сөзі «жүндес, жүні ұзын, сабалақ» мәнін беретінін байқау қиын емес. Ендеше топонимжасамға да *барақ* сөзі осы мағынасымен қатысады деген сөз.

Егер Ақбарақ кісі аты немесе ру аты болмаса, онда «ақ сабалақ» күрделі сын есімін береді де, әлдебір нысанның түсін білдіреді. Қазақтар қазақы төбетті «барақ» деп атағандықтан, «ақ ит» мәнінде тұруы да мүмкін.

АҚБАРША - тоғам, Екпін а.о. Абай обл. Ақ (сын есім) + барша (зат есім). Баршаның тарихи түбірі «*барша (парча)*» «алтын немесе күміс түстес жіптерден жолақтар салынған мата» сөзі (Шипова, 1976, 257). Е.Н.Шипованың сөздігінде *порча* иран тілінен түркілерге, түркі тілінен орыс тіліне енген түркізм деп беріледі (Ушаков, Огненко, Юдахин, Корш пікірлері бойынша).

Ақбарша антропоним немесе этнопоним болмаса, «ақ шұбар, тарғыл» түсті бір географиялық нысанды білдіреді. Мысалы, топонимде жолағы бар тарғыл тас (Баршатас) сияқты. Қазақ тіліндегі «баршын» сөзі де осы мәнде қолданылады.

АҚДОВУРАК – қала, Тыва Республикасы, Ресей. Тыва тіліндегі Ак-Довурак барлық түркі тілдеріне ортақ ақ + топырақ сөздерінен жасалып тұрғанын аңғару қиын емес. Қала ақ асбест өндірілетін жерде салынғандықтан, Ақтопырақ деп аталған.

АҚЖАЙЛАУ – жайлау, Тарбағатай ауд., ШҚО. Ақ (сын есім) + жайлау (зат есім) сөздерінен біріккен атау. «Кең, малға

жайлы жайлау» деген мағынада тұр. Сонымен бірге, жазы салқын, жері шабындыққа ыңғайлы болғандықтан, «ағы (сүт, қымызы) мол» деген мағына қосады.

АҚЖАР - тау, е.м., Тарбағатай ауд., ШҚО. Ақ (сын есім) + жар (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Елді мекен жанындағы әк тасы, топырағы (известняк) бар жардың ағарып жатуымен байланысты аталған. Әк топырақты үйдің ішін сылауға ежелден пайдаланып келеді.

АҚКЕРМАН – көнеден келе жатқан қала. Одесса обл., Украина. Гректер Тир, славяндар Белгород деп атаған. Түркі тілінде Ақкермен/Ақкерман деп аталады. Мұндағы ақ «ақ түсті» + кермен «қала, бекініс» (Радлов, 1898, 2) мағыналарын береді: «ақ түсті камал, бекініс, қала». Қаланың қорған, қамалы ақ түсті болғасын солай аталғаны анық. Қазіргі кезде Белгород-Днестровский деп аталады. Ұлы Жібек жолындағы бекеттердің бірі болған.

АҚҚОРҒАН – көне қала, Қызылорда обл. Сырдарияның сол жағалауына салынған көне қаланың аты XV- XVIII ғасырлар жазбаларында кездеседі. Орыс жазбаларында Ак-Курганград Яныкурғаннан 70 верст жерде делінген (Байпаков, 2007, 324). Күзет мұнаралары бар мықты қорғанды қала деп сипатталады. Тарихшылар Ақ + қорған сөздерінен бірігіп жасалған «ақ түсті қорғаны бар қала» мәнді бекіністің XIII ғасырда салынғанын анықтап отыр. Ірі сауда орталығы болған.

АҚМЕШІТ – қала (қазіргі Қызылорда қаласы). Қызылорда обл., Қазақстан. Ақмешіт 1820 жылдары Қоқан хандығының бекінісі ретінде салынған. Қазақ. ақ «ақ түсті» + мешіт «мұсылмандардың ғибадатханасы» сөздерінен бірігіп жасалған. Қаланың негізгі белгісі болып табылған ақ түсті мешіт атауға уәж болған. Топонимикадағы синекдохалық жолмен жасалған атаулар қатарына жатады (Бияров, 2012, 100).

1853 жылы орыс отарлаушылары қаланы басып алып, Форт-Перовский деп атады (генарал В.А.Перовскийдің құрметіне).

Кейін, Кеңес үкіметі келіп, Ақмешіт атауын қайтарды, бірақ 1925-1929 жылдары Қызылорда атандырып, Қазақстан астанасы болды (Поспелов, 2007, 281).

АҚМОЛА – қала, қазіргі Астана қаласы, Қазақстанның астанасы. 1830 жылы Есіл өзенінің бойына әкімшілік мақсатында салынды. Ойконим қазақ ақ «ақ түсті» + мола «зират» сөздерінен бірігіп жасалады. Жазық жердегі жалғыз ақ түсті мола бағыт-бағдар белгісі ретінде қызмет атқарғандықтан, атауға уәж болды. 1832 жылы қалаға айналып, орысша Акмолинск деп атала бастады. 1961-1962 жылдары тың игеру саясатына орай, орысша Целиноград деген атқа ие болды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соң, Ақмола атауы қайтарылды. Алайда тәуелсіз Қазақстан басшылары 1998 жылы қалаға Астана деген ат лайық деп шешті. 2019 жылы жеке басқа табыну саясатының нәтижесінде (бірінші президент Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне) Нұр-Сұлтан атандырды. 2022 жылы бірінші президенттің жемқорлық саясаты қатты сынға ұшырап, Астана атауы қайта оралды. Сөйтіп, «топонимика амалсыздан идеологиялық функцияға жегіледі» (В.А.Никонов): Ақмола – Астана – Нұр-Сұлтан – Астана.

АҚОБА – төбе, Тарбағатай ауд., ШҚО. Ақ (сын есім) + оба (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. «Ақ түсті оба» мағынасында тұр. Ал *оба* сөзі тілімізде үш түрлі мағынада кездеседі: 1) Тәңір дініндегі көне түріктер мен моңғолдардың асудан, өткелден өткен кезде үйетін тас төбешіктері. Ол екі түрлі мақсаттан пайда болған, біріншіден, асу мен өткелден аман-есен өткен соң, жер-суға құрмет ретінде әркім бір тастан қосып отырады, екіншіден, асу мен өткелді белгілеу үшін меже ретінде қызмет атқарған. 2) *Оба* – «өлген адамдарды жерлеген орын» (ҚТТС, 7т, 367). Ерте дәуірде молалар тас үйіндісінен жасалғаны тарихтан мәлім. 3) Э.В. Севортян сөздігінде түркі. *оба/ова* «ру, тайпа», «киіз үй», «жанұя», «елді мекен» мағыналарын беретіні көрсетіледі [60; 400]. Осы үш мәнде де топонимдер жасала береді.

АҚСАЙ – көне қала, Моғолстан., шатқал, Алатау (Алматы қаласы маңында). Түркі. ақ «ақ түсті» + сай «жыра, шатқал, арна, өзен» сөздерінен жасалған. Сайға ақ түс беретін ақ тастары, ақ топырағы немесе ақ түсті өсімдіктері болуы мүмкін. Моғолстан кезіндегі Ақсай қаласы сауда орталығы болған.

АҚСУ – Шығыс Түркістандағы қала мен өзен (Дулати,2003,533). Ақ (сын есім) + су (зат есім сөздерінен бірігіп жасалған атау. Кейбір зерттеушілер (Э.Мурзаев, А.Н.Кононов т.б.) Ақсу гидронимінің бірінші сыңары ақ «ағу», «құйылу» деген мағына беретінін айтады. Профессор Т.Жанұзақ негізгі мағынасы «судың өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты» дейді (Жанұзақ,2010,33). Біздің пікірімізге осы екі анықтаманың да қатысы бар, өйткені су ағынды болған соң, тау тастарына соғылып, ақ көбіктеніп ағады және судың лайланған ақ түсі емес (Жанұзақ), су жағалауының ақ көбіктеніп жатуы атауға уәж болған. Қазақстандағы Ақсу атты өзендердің көбісінің ақ жалданып, ақ көбіктеніп ағып жататынын көреміз.

Ақсу – әуелде Тянь-Шань тауынан басталып оңтүстік шығысқа қарай ағатын өзен аты, гидроним, трансонимденіп жағасына орналасқан қаланың атына айналған. Қала тарихы 2000 жылдан асады. Ұлы Жібек жолы бойындағы жолы қиын жерде орналасқан, сондықтан алғашқыда керуен мүддесі үшін шағын елді мекен болған. Бірте-бірте үлкен қалаға, Шығыс Түркістандағы сауда мен мәдениет орталықтарының біріне, айналды. Қытайдың батыс тарапында Қытайдан, Ресейден, Шығыс және Батыс Түркістаннан, Кашмирден, Үндістаннан келген керуендердің түйісетін орталық бекеті болған. Бұл қаланың стратегиялық маңызы зор, себебі ішкі Қытайдан мен елдің шығыс тарапынан келген жолдар түйіседі.

АҚСУАТ - е.м. Абай обл. Ақ (сын есім) + суат (зат есім, географиялық термин) сөздерінен бірігіп, «суы мол суат немесе лайлы, сортаң суат» деген мағыналардың бірінде тұр. Ақ сын есімі «мол», «кең» ұғымдарын да беретіні белгілі.

АҚТАС – Қазақстан аумағында жиі кездесетін ороним. Бәріне ортақ белгі сол – тасының ақ түсті болып келуі. Ол домалақ ақ тас болуы, тасы ақ жартас болуы, шашылған малта тас болуы мүмкін.

АҚТАУ – қала, Маңғыстау обл, Қазақстан. 1963 жылы мұнай мен газ кендері ашылған кезде салынған. Қазақ. ақ «ақ түсті» + тау «тау, шоқы, төбе» сөздерінен бірігу арқылы жасалған. Атауға сол мандағы ақ түсті төрткүл (төртбұрышты) таулар негіз болған. Бір жылдан соң, 1964 жылы Шевченко қаласы деген атау берілді (сол жерде айдауда болған украина ақыны Т.Г.Шевченконың (1814-1861) құрметіне). 1991 жылы тәуелсіздік алған соң, Ақтау атауы қайтарылды.

АҚТЕҢІЗ – Балқаш көлінің бұрынғы атауларының бірі. Қазақстан. Балқаш көлінің Атраккөл, Көкшетеңіз, Ақтеңіз сияқты көне атаулары болғаны жазба ескерткіштерден мәлім. Мұндағы Атраккөл атауы көне түркі. адыр «айыру, бөлу», адырақ/атырақ «айырылған, бөлінген» (ДТС,2016,12) сөзінен шығып, көлдің жартысы ащы, жартысы тұщы судан тұратын белгісін көрсетіп тұр. Балқаш көлінің дәл осы негізгі белгісі Ақтеңіз, Көкшетеңіз атауларының да мағынасын ашып береді. Атап айтқанда, көлдің тұзды бөлігін Ақтеңіз, ал тұщы сулы бөлігін Көкшетеңіз деп, олардың түр-түсіне қарай ажыратып атағаны анық.

АҚТЕРМЕЛ – өзен, көне түркі ескерткішінен. Екі сөзден біріккен гидроним: ақ «ақ түсті» + тер көне түркі. тер «жинау» (ДТС,1969,553) + мел (етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ: сүйе+мел). Ақтермел «суы (әр тараптан) жиналған ақ түсті өзен» деген мағына береді. Қазір Моңғолия жерінде қалған бұл өзен Хуа Кем деп аталады. Мұндағы Хуа түркі-моңғолға ортақ құба/хуа «аққұба түсті» (Базылхан,1987,619) сөзі де, Кем көне түркі. «өзен» сөзі. Сонда Ақтермел мен Хуа Кем атаулары мағыналас болып шығады: «ақ, құба сулы өзен (Ақсу)».

АҚТОҒАЙ - кент, бекет, Жетісу обл. Ақ (сын есім) + тоғай (зат есім). Мағынасы: «Ақ терек, қайыңы мол жер» мәнінде тұр.

Қазіргі кезде темір жол бекеті, ал кезінде Ұлы Жібек жолындағы аялдама қоныс болған.

АҚТӨБЕ – қала. Ақтөбе облысының орталығы. Қазақстанда жиі кездесетін ороним. Ақ (сын есім) + төбе (зат есім) сыңарларынан жасалған. Көбінесе басында ақ шағыл тастары бар төбелерге қарай айтылатын атау. Қазақстандағы Ақтөбе қаласы да Жібек жолының солтүстік-батыс тармақтарының бірінің бойына орналасқан.

АҚШИ – Қазақстан аумағында жиі кездесетін топоним. Ақ (сын есім) + ши (зат есім) сөздерінен біріккен. «Ақ түсті ши өскен жер» мәнін береді. Ши - қазақтың көшпелі өмірінде ерекше орын алған өсімдік. Оны жіппен тоқып, құрт жаятын шыпта, киіз үйдің ішін бөлетін жиналмалы қанаттар т.б. заттар жасайтын болған. Қалың ши өскен жер малға, керуендерге ықтасын да болады.

АҚШОҚЫ – тау, жайлау. Абай обл. Ақ (сын есім) + шоқы (зат есім) сөздерінен біріккен. «Ақ тасты шоқы» мағынасын береді. Мұндағы шоқы «шағын тау» мәніндегі географиялық термин Қазақстанда кең тараған. Бұл жерде қазақтың ұлы ақыны Абайдың Ақшоқысы айтылып отыр.

АҚЫРАП – е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд. *Ақырап* – «ескіше октябрь айының аты» (ҚТТС, 1т, 164). Ақырап (қазан) айында күзгі егін ору, қысқа әзірлік жұмыстарының қызу кезін білдіру үшін, немесе тарихтағы Қазан (Октябрь) төңкерісін еске қалдыру мақсатында Ақырап ойконимі пайда болды деп жорамалдауға болады.

АЛАЙ – тау, аңғар. Қырғызстан. Алай тау аңғарымен Ұлы Жібек жолының бір тармағы өткен. Атап айтқанда, аңғардағы Торығарт, Талдық, Қызыларт асулары арқылы асқан керуендер Тәжікстанға қарай бет алатын.

Алай оронимінің этимологиясы толық ашыла қойған жоқ. Мәселен, профессор А.А.Семенова алай сөзі шағатай-түркі тілінде «табын, мал табыны» деген мағына береді дейді. Жергілікті тұрғындар алай сөзін «жұмақ» деген мағынамен теңестіреді.

Э.М.Мурзаев алай сөзі санскрит. «тіршілік ететін мекен» деген мағынадан шығарып, ондағы жайлауларды негізгі белгі етіп алады (Мурзаев,1957). Белгілі қырғыз зерттеушісі Қ.Қоңқабаев та осы пікірді қолдайды (Конкобаев,1980).

Біздің ойымызша, Алай оронимі көне түркі. ал «қызыл» + тәжік. айн/ай (қайнар, бұлақ, су) (Мурзаев,1984,41) сөздерінен бірігіп жасалған. Сонда бұл атау Алай тау аңғарын бойлай ағып жатқан Қызылсу өзенінің көне аты болып шығады. Көне атау транстопонимизация құбылысы арқылы тауға, аңғарға ауысады, ал кейінгі ұрпақ өзенді қырығыз тілінде Қызылсу деп қайтадан атайды. Ол өзеннің және тау етегінің қызыл-қоңыр түсті болуы негізгі белгі болып табылады.

АЛАКӨЛ – көл, Үржар ауд. Ала (сын есім) + көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Бір шеті бұрынғы Мақаншы ауданына қарасты Жарбұлақ, Көктал, Рыбачье ауылдарының іргесінде жатыр. Әсіресе тері ауруларына емдік қасиеті үлкен әйгілі көл. Біздіңше, құрамында әртүрлі минералдық заттардың (тұздардың) көп болуынан көкала түске еніп жататын болғандықтан, Алакөл аталған.

Суы, батпағы шипалы көлге сауда керуендері тоқтамай өтпеген.

АЛАТАҒ – қазіргі Алашань тауы мен даласы, Қытай. Атау түркі. ала «ала түсті» + тағ «тау» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. «Ала түсті тау, алатау» деген мағына береді. Кейін қытай. Алашань деп атап кеткен. Мұндағы шань қытай тілінде «тағ/тау» мағынасын береді.

Алатағ/Алашань шөл даласы арқылы Жібек жолы өтетін болған.

АЛАТЫР – өзен, қала, Чувашия. Көне түркі. ала «ала түсті, шұбар» + адыр «бел, қыр, кезен» сөздерінен жасалған. Алаадыр/Аладыр/Алатыр «ала түсті адыр» деген мағына береді. Таулы Алтай өлкесіндегі Жазыадыр/Жазадыр/Жазатыр

«жазықтағы адыр» оронимі де осы жолмен жасалған. Адырдың аты өзенге берілген.

АЛДАН – өзен, қала, Саха Республикасы. Топонимист-галым Е.М.Поспеловтің айтуынша, Алдан түркі. алтын «қымбат металл» сөзінен немесе эвенк. Олдо/олло «балық» сөзінен шыққан деген екіұшты пікір айтады (Поспелов, 2007, 34). Біздің ойымызша, бұрыннан алтын шайылып келген өзен бойына алтын өндіретін қала салынғандықтан, түркі. алтын, моңғол. алтан сөздерінен жасалған атау болу ықтималдығы мол. Алтан/Алдан фонетикалық өзгерісі түркі тілдеріне тән құбылыс: тағ/дағ.

АЛЕЙСК – өзен, қала, Таулы Алтай өлкесі, Ресей. Қаланың аты Алей өзенінің атынан жасалған деген пікірден басқа этимологиялық дерек жоқ. Біздің ойымызша, осы өлкеде орыс отарлаушыларына қарсы күрес жүргізген Көшім ханның ұлы Әлейдің атынан жасалған антропоним болып табылады. Сібір хандығының соңғы ханы Көшім қаза тапқан соң, оның екі ұлы Әлей мен Қанай отарлаушыларға қарсы күресін жалғастыра берген. Олар патшалы Ресейдің отарлаушы әскерін ондаған жылдар бойы Қазақ даласына жібермей қорғап тұрған. Әлей батырдың есімі Алей/Алейск болып тарихта қалуы әбден мүмкін.

АЛЕКСАНДРИЯ – қала, Египет. Біздің эрамызға дейінгі 332-331 жылдары әйгілі қолбасшы Александр Македонский салдырған. Қала атауы осы жиһангердің есімімен аталады. Сонау Қытай жерінен басталатын Ұлы Жібек жолының соңғы нүктелерінің бірі. Ірі сауда, мәдениет орталығы болған. Арабтар Әл-Искандария деп атайды.

АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА – тарихи ұғымды білдіретін атау. Сарыарқа. *Алқа* сөзі – «қыз-келіншектер мойнына, омырауына сәнге тағатын әшекейлі зат; маржан, меруерт» (ҚТТС, 1т, 223) мағыналы зат есім. Топонимжасамда ұқсату арқылы «табиғи нысанның кеуде тұсына алқалана (орала) біткен екінші бір табиғи нысанды және алқа пішіндес басқа да нысандарды» атап көрсетеді. Бұл жерде алқа тәрізді иіліп жатқан көлді атап тұр.

АЛМА АРАСАН – шипажай, Алматы обл. Алма (зат есім) және арасан (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Мұндағы алма сөзі «Алатауда көп өсетін жабайы алмасы бар» деген мәнді білдіреді. Ал арасан сөзінің негізінде санскрит тіліндегі раашан "қасиетті су" деген сөзі жатыр. Моңғол. аршан, қазақша арасан түрінде келіп, шипалы суы бар жерлерге қойылады. Көбінесе жер астынан ыстық қалпында шығып жататын минералды суы бар жерлерге тән атау. М: Рахманов қайнарлары (ел Арасан деп атайды. Катонқарағай ауд.), Арасан Талды (Зайсан ауд.), Барлық Арасан (Мақаншы ауд.), Арасан (Жарма ауд.) т.б.).

Алма Арасан шипалы суы ежелден белгілі және мұндай жерлерді саудагер, саяхатшылар айналып өтпеген.

АЛМАЛЫҚ – қазіргі Шыңжан-Ұйғыр автономиялы округіндегі Құлжа қаласының солтүстік-батысындағы қала. XVI ғасырда қиратылған (Дулати, 2003, 555). Алма (зат есім) + лық (қатыстық сын есім жасаушы жұрнақ) үлгісімен жасалған атау. Мұндағы -лық/-лік қазіргі -лы/-лі туынды сын есім жұрнағының көне түрі. Мағынасы: "Алма көп өсетін жер".

Рашид ад-Дин, Бабыр жазбаларында да Алмалық деген көне қала болғаны айтылады (Атамекен, 2011, 84). Кейін күйретілген бұл ірі сауда орталығының қазіргі Алматыдан бөлек жерде орналасқанын көреміз. Көне жазбаларда Алмалық пен Алматы/Алматы екі қала болып аталады.

АЛМАТАУ – е.м. Алматы обл., Талғар ауд. *Алма* «ел ішіне кең тараған жеміс ағашы» (ҚТТС, 1т, 228) мағыналы зат есімі күрделі топонимдер жасауға қатысып, «алма жемісі өсетін, мол өсетін» жерлерді анықтайды.

АЛМАТЫ – қала, Алматы облысының орталығы, Қазақстанның бұрынғы астанасы. Алма (зат есім) + ты (қатыстық сын есім жасаушы-лы/-лі жұрнағының көне түркілік нұсқасы) үлгісімен жасалған. Көне түркі ескерткіштерінде дауыссыздар үндестігі қатаң сақтала бермеген: күнтүз, келті, берті т.б. Осы

құбылыс жер-су аттарында сақталып қалады: Аршаты, Бұғыты, Тобылғыты, Қарағанты т.б. Беретін мағынасы: «алмалы, алма көп өсетін жер».

Алматы қаласының тарихы Сақ, Үйсін ұлыстары өмір сүрген кездерден басталатынын қазба жұмыстар деректері дәлеледеп отыр. Бірде қиратылып, бірде қайта бой көтерген Алматы/Алматы қаласы Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы болғаны анық.

Алматының Алма-Ата болып жазылуы орыс тілінің әсері деп ұққан жөн, өйткені көне жазбалардың ешқайсысында Алма-Ата деген атауы кездеспейді.

АЛТАЙ - тау (4506 м) – Түркілердің атамекені болған көне тау. Көне түркі ескерткіштерінде Алтын йыш түрінде жазылған. Ал Алтай оронимі қайдан шықты? Ол үшін, Алтай оронимі (тау аты) туралы көптеген ғылыми пікірлер бар және оларды жинақтап, салыстыра қарасақ, шындыққа біртабан жақындаймыз деп ойлаймын:

1. В.В.Радлов: *Ал* "биік" + *тайга* "орманды тау" сөздерінен бірігіп, алтай, телеуіт, сағай тілдерінен жасалған деп тұжырымдайды (Радлов,1888,34). Атақты түркітанушы-ғалым мұндағы *тайга* сөзінің неліктен *тай* түріне қысқарғанын ашып айтпайды, сондықтан бұл пікір өзінен-өзі тұйыққа тіреледі.

2. В.В.Бартольд: көне түркі жазба ескерткіштерінде *Алтын йыш*, қытайша *Цзинь-шань* немесе *Гинь-шань* дегеніне қарағанда, моңғолдың *алтан* немесе *алта* сөзінен шығады. Атау кейін, қалмақ үстемдігі кезінде, пайда болған сияқты дейді (Бартольд,1963,100). Ғалымның *Цзинь-шань*, *Гинь-шань* түрінде беріп отырған Алтай тауының қытайша аты қазақша транслитерация жасағанда, *Жинь-шань* "алтын тау" тұлғасына жақын келеді.

3. Э.М.Мурзаев: *Алтай* моңғолдың "таулы ел", "бай тау" деген сөзі. *Алтау* атымен де байланысты болуы мүмкін. *Алтайнуру* дегеніне қарағанда, моңғолдың "алтын" сөзімен байланысты болуы да ықтимал деген жорамалдар айтады (Мурзаев,1966,337].

Әрі географ, әрі топонимист ғалымның этимологиясы нақты емес екені пікірінен білініп тұр.

4. В.А.Никонов: *Алтай* - түркі тілінде "ала тау" деген мағына береді деп қорытады (Никонов,1966,21]. Алайда тілдік талдау жасап, дәлелдеп жатпайды.

5. Б.Я.Владимирцов: *Алтун йыш* - Алтай атауының көне түрі. Моңғол тілінде *Алта(н) + й = Алтай* орысша "золотой" деген сөз деп шешеді (Владимирцов,1929,170). Жұрнақ (й) жалғанғанда, *н* дыбысы түсіп қалады және көне моңғол тілінде *й* жұрнағы болған дейді моңғол тілін зерттеуші ғалым. Осы атау көне түркілік Алтын йыш-ты ығыстырып шығарған.

6. М.Рясянен: Тау атының құрамы *ал + той* сөздерінен бірігіп, "алып тау" деген ұғым туғызады деп шорт кеседі (Рясянен,1955,139).

7. А.Әбдірахманов: Көне түркі, моңғол тілдерінде *алта (н) + ай/й* жұрнағы арқылы жасалған, мағынасы "алтын" (тау) деп Б.Я.Владимирцовтың пікірін қостайды (Жанұзақ,2007,34).

8. Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, Т.Жанұзақ қатарлы ғалымдар *алтан* сөзін *ал* "қызыл" + *тун, тын* "темір, металл" түбірлерінен біріккен дейді де, Алтай "қызыл, қызғылт", яғни "алтын тау" деген мәнде тұр деген пікір айтады (Севортян,1974,35).

9. Е.Жанпейісов: Алтай, Алатау оронимдерінің түбірі бір, ондағы *ал* "үздіксіз", "тізбектелген" (таулар) деген көне мағына береді деген тұжырым жасайды (Жанпейісов,1989,21].

10. Ғ.Қоңқашпаев: Моңғолша *алт* (алтын) + *тай* (туынды сын есім жұрнағы қаз. -лы, -лі, -ды, ді) = *алттай* >*алтай* "алтынды" мағынасын береді әрі қытайша Цзинь-шань аты да осы мазмұндас деп шешім шығарады (Қоңқашпаев,1959,88).

Келтірілген пікірлерден көрініп тұрғандай, ғалымдардың көпшілігі бұл атаудың негізінде *алтын* сөзінің жатқанын мойындайды (Б.Я.Владимирцов, Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, А.Әбдірахманов,

Ғ.Қоңқашпаев, Т.Жанұзақов, т.б.). Алайда *алтын* сөзінің тұлғасын беруде ала-құлалық бар және *тай* тұлғасы бірде "тау" мағыналы сөз, бірде жұрнақ (ай/й) болып әртүрлі құбылады. Таудың ерекше белгісі онда алтын металының бай болуы екені анық бола тұра, кей ғалымдар *алтын* сөзінің этимологиясын қазып әкетеді (алтун "қызыл темір"). Алтын сөзі атау жасауға тұтасымен қатысып тұрғандықтан, оны жеке талдап керек жоқ. Сонымен Алтай оронимі қай тілде жасалып тұр деген заңды сұрақ туады.

Орхон жазбаларында *Алтын йыш* (732-735жж.), Қытайдың "Таншу" жылнамасында *Алтынтаг* (647ж), Монғолдың "Құпия шежіресінде" *Алтынтау* (XIII ғасырдан бері) түрінде көрсетіледі де, *Алтай* атауы кездеспейді. Бұл жерде академик В.В.Бартольдтың "Алтай оронимі кейін шыққан тәрізді" деген пікірі рас болып шығады. Оның Алтай атауы қалмақ-жоңғар кезінде пайда болды ма деген жорамалына сүйенсек, таудың көне түркілік нұсқаларын (Алтын йыш/Алтынтағ/Алтынтау/Алтынды) моңғол тілді халықтардың бірі өз тілдеріне аударып алуы мүмкін екені анықталады. Түркілік атауды монғолдар жаулап алғаннан кейін (Алтынорда кезінде), өз тілдеріне аударып атаған тәрізді. Ал мағынасы сақталып қалған. Жаулап, отарлап алған елдердің тілі келмегендіктен, немесе әдейі саясатпен жер-су аттарын өзгертуі тарихта бар жағдай. Жер-су аттарының тарихи оқиғаларға, қоғамның саяси өміріне тікелей байланысты екенін ертедегі ғұлама бабаларымыздың бірі Әбу Райхан әл-Бируни айтып кеткен еді: "Жер аттары, - дейді ол, - басқа халықтың сол жерді жаулап алуымен бірге өзгереді. Олар өз тілдеріне көшіргенде, атау міндетті түрде өзгеріске ұшырайды, бірақ мағынасы сақталып қалады" (Бияров, 2002, 45].

Ал аударма (калька) қалай жүрді деген сұраққа қазақ ғалымы Ғ.Қоңқашпаевтың пікірі жауап беретіндей: алт + тай = алттай > алтай "алтынды". Мұндағы моңғол тіліндегі -тай/-туй туынды сын есім жұрнағы қазақ тіліндегі -лы/-лі, -ды/-ді туынды сын есім жасайтын жұрнақпен сәйкес келетіні дәлелденген нәрсе:

М.Қашқариде Суырлытағ - моңғолша Тарвагантуй - қазақша Тарбағатай "суырлы". Ал -тай қосымшасын *тау* сөзінің көне нұсқасы деген пікірге келісуге болмайды. Түркі тілдерінде тағ/дағ/тау/тав/туу/тыа/ты нұсқалары ғана кездеседі. "Тау" сөзі моңғолша - уул (олаа), қытайша - шань, парсы тілдерінде - куһ түрлерінде айтылады.

АЛТАНБУЛАГ – қала, Моңғолия. Солтүстік Моңғолиядағы көне қалалардың бірі. Моңғол. алтан «алтын» + булаг «бұлақ» сөздерінен бірігіп жасалған (Базылхан,1987,91). «Алтыны бар немесе алтын түсті бұлақ» деген мағына береді. Қытайлар Маймачэн «сауда орыны» деп атаған (Поспелов,2007,37).

АЛТУ ШАН – топоним, көне түркі ескерткішінен. Атаудың бірінші сыңары Алтұ: 1. Көне түркі. алты «бестен кейінгі сан есім» сөзінен жасалады (ДТС,1969,39). 2. Көне түркі. алт «төмен, төменгі жақ» сөзінен жасалады: алтұ/алтүн. (Севортян,1974,140). Атау осы екі мағынаның бірінде тұр, өйткені екі сөз де жер-су аттарын жасау қатыса алады.

Шан сөзі «ағаштан не металдан жасалған үлен бөшке» [ҚТТС,1986,128] мағынасымен топоним жасай алады. Шан, негізінен, сұйық құйылатын ыдысқа жатады да, көл, су аттарына сай келеді. Кішілеуі Шанақ аталады. Ойпаң, қазаншұңқыр жерлерді де Шан деп атай береді. Сонымен, Алтұ Шан топонимі «алты шұңқыр, ойыс жер» немесе «төменгі шұңқыр, ойыс жер» мәндерінің бірін береді.

Атаудың екінші сыңары қытай. шань «тау» сөзінен шығуы да ықтимал.

АЛТЫҚЫЗ – жайлау. Катонқарағай ауд., ШҚО. Қазақ ғалымы Е.Қойшыбаев кезінде Алтықыз топонимі "алты қыр" деген мағынада тұр деген еді. Расында көне түркі тілінде р-з дыбыс алмасуы болған: семіз-семір, көз-көр сияқты. Бұл тұрғыдан пікірді құптауға болады. Екіншіден, көрші Таулы Алтай өлкесінде Қыз-Арт "жіңішке, тар асу", Қыз-Тала "тар, шағын дала" мағыналы топонимдер кездеседі (О.Т.Молчанова). "Тау басындағы қысаң

алты алаңқай, жайлау", мағынасында тұруы да мүмкін деп есептейміз.

Жер-су атының шын мәнін түсінбеген кейінгі ұрпақ көбінесе аңыздар тудырып жатады. Алтықыз жайлауы туралы Катонқарағай аумағына ғана тараған бір аңыз бар. Ол аңызды кезінде орыс саяхатшысы Г.Потанин жазып алса, жерлес жазушымыз О.Бөкей оның желісімен "Қар қызы" атты тамаша повесть жазып шықанын біреу білсе, біреу білмейді. Бала кезден естіп өскен аңыз мынадай: "Баяғыда осы жайлауды мекендеген бір байдың бірінен-бірі асқан сұлу алты қызы болыпты. Олар бір тойдан келе жатқанда, қатты боран соғып, жолдан адасады. Жол бойында отырған Қоңқай деген шалдың қонысына келіп, жөн сұрағанда, кара ниет Қоңқай қыздарды теріс жолға салып жібереді. Суыққа тонып, әбден әлсіреген алты қыз өлер кездерінде алты құсқа айналып кетеді. Ең кенжесі бір кебісін жоғалтып алғандықтан, бір аяғы қызыл болып келетін көкекке айналады және апайларына еркелеп жұмыртқасын бастырып алатыны содан екен. Қыстыгүні боран соққанда, алты қыздың сыңсып салған әнін естуге болады" дейді аңыз. Аңыз соңында Қоңқай тауға айналып кетеді. Жайлаудан түскенде жолда тұратын Үлкен Қоңқай, Бала Қоңқай деген екі шоқы бар, олар аңызға осылайша енгізілген. Талантты жазушы Оралхан Бөкей алты қыздың орнына бір қыздың бейнесін сомдап, терең ойлы, аса сезімтал "Қар қызы" атты шығарма жазып шығады.

АЛТЫН ҚАПАР – топоним, көне түркі ескерткішінен. Түрік ғалымы Х.Оркун Алтұн Кыра түрінде оқиды (Оркун,1994,515): Алтұн Қырға кірдім. Біздің ойымызша, Алтұн Қапыққа болып жазылуы тиіс сияқты, себебі бедізіші таңбалары ұқсас ҚР әріптерін ауыстырып алуы мүмкін. Мәтінге күдіктенуге біздің қақымыз жоқ, алайда топонимнен кейін тұрған кіртім «кірдім» сөзі осындай болжамға итермеледі. Сонда «Алтұн Қапыққа (Қақпаға) кірдім» деген ұғым туады. Алтын

Қапығ/Қапық деп қай жерді айтып отырғаны белгісіз, бірақ Ұлы Қытай қорғанының қақпасын айтуы ықтимал.

АЛТЫНТАҒ – Алтай тауының түркі тіліндегі көне атауы. *Алтын* – «әдемі сары түсті қымбат металдың» аты (ҚТТС, 1т, 235). Жер-су атын жасарда тура мағынасында да («алтыны бар жер»), ауыспалы мағынасында да («алтындай сары түсті жер») қолданыла береді.

АЛТЫН ҰШЫ – тау, көне түркі ескерткішінен. Алтын ұшы атауындағы Алтын «Алтай тауының ежелгі аты» болса, Ұшы «таудың ең биік шыңы» дегенді білдіреді. Бұл орайда, Алтай тауының ең биік нүктесі Мұзтауды (4506 м) атап тұруы әбден мүмкін.

АЛТЫН ШҰҢА ЙЫШ – тау қойнауы, көне түркі ескерткішінен. Топоним С.Е.Малов аудармасында жалқы есім түрінде берілмеген: алтун шуңа йаш кейікі (алтын үйректер мен жас киіктер) болып аударылған (Малов,1952,54). Ал мәтін бойынша «Алтун Шұңа йыш киіктері» түрінде оқуға болады және Алтун Шұңа йыш топоним бола алады. Мұндағы Алтун көне түркі. алтұн «алтын (қымбат металл)» (ДТС,1969,40) сөзінен жасалып, «алтыны бар немесе алтын түстес» мағынасын береді. Ал Шұңа көне түркі. шұңа «үйрек» (ДТС,1969,525) сөзінен шығады. Алтұн Шұңа «алтын үйрек» тіркесін береді және «алтын үйрекке ұқсас тасы бар тау немесе алтын түстес үйрегі бар көл» мағыналарының бірінде тұр. Атаудың үшінші сыңары йыш көне түркі. йыш «қоныстануға ыңғайлы тау қойнауы» (ДТС,1969,268) сөзі екені белгілі. Алтұн Шұңа йыш «алтын үйрек қойнауы» болып шығады.

АЛПЫ – тау жүйесі, Батыс Европа. Көптеген ғалымдар кельт. алп «биік тау» сөзінен жасалаған дейді (Поспелов,2007,38). Ол болжамдарға қосыла отырып, көне түркі. алп «батыр, ірі, үлкен» (Свортян,1974,139) сөзінің қатысы болуы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Алп/алып «ірі, үлкен (тау)» мағынасын

бермек. Жібек жолының Батыс Европаға дейін барғаны тарихтан белгілі.

АМАНБӨКТЕР – асу. Алматы обл., Ақсу ауд. Қазақ тілінде араб. *аман* «сау-сәламат; түгел, бүтін» (ҚТТС, 1т, 249) мағыналы сын есімі бар, ал *аман* зат есімі жоқ. Жер-су атында ғана сақталып қалған *аман* зат есімі бурят., қалм. *аман* < *моңғ.ам(н)* «ауыз; кіре беріс; жырық, жарық; шатқал» мағыналы сөзі екені дәлелденген [46;49].

АМУДАРИЯ – өзен, Тәжікстан, Түркімения, Өзбекстан. Амудария Арал теңізіне құяды. Көне грек жазбаларында Окс/Оксус деп аталады. Топонимист-ғалымдар бұл грек атауының негізінде көне түркі. үгүз «өзен» сөзі жатқанын мойындайды. Араб саяхатшылары Жейхун деп атаған. Ал Амудария гидронимі өзен бойына салынған парсы. Амұль/Амұе/Аму қаласының атынан шығады. Аму + парсы. дария «үлкен өзен, теңіз» (Жеменей,1994,278) сөздерінен бірігеді. «Аму қаласының үлкен суы» деген мәнде. Ол қала кейін Чарджоу, Түркіменабад аталған. Ұлы Жібек жолындағы аялдама бекеттердің бірі болғаны анық. Амудария кейде Әмудария деген жіңішке нұсқасында да қолданылады.

АМУР – өзен, Ресей. Ресейдің солтүстік-шығысындағы ірі өзендердің бірі. Өзеннің аты жергілікті тұңғыс-мәнжүр тайпаларының тілінен жасалған. Атап айтқанда, солон. амур, эвенк. амар «өзен» сөзінен шығады (ССТМЯ). Жібек жолының солтүстік тармақтары Амур, Енисей өзендеріне дейін барғаны мәлім.

АНАКӨЛ – тж. бекеті. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. *Ана* сөзі «туған шеше» мағыналы зат есім екені белгілі және ол метафоралық жолмен жер-су атын жасауға қатыса алады.

Топонимжасамда «басқа нысандар бөлініп шығатын негізгі, түпкі нысанды» атайды. Кейде табиғатты сыйлау, сыйыну мақсатында да *ана* сөзі топонимге айналады. М.: қырғ. *Енесай* «ана

өзен». *Анакөл* – «басқа көл, өзендер бөлініп шығатын негізгі көл» немесе «ұлы, қасиетті көл» мағыналарының бірінде тұр.

АНАТОЛИЯ – аймақ, Түркия. Ұлы Жібек жолының тарихымен тығыз байланысты Византияның бір аймағы болған. Кейін түріктер жаулап алған соң, Анадолы деп атады. Атау грек. анатоле «шығыс» деген сөзінен жасалған. Кіші Азиядағы Византия мемлекетін кезінде Шығыс Греция деп атағаны тарихтан мәлім.

АНГАРА – өзен, Ресей. Байкал көлінен ағып шығып, Енисейге құятын ірі өзендердің бірі. Ангара гидронимінің этимологиясын эвенк., бурят. анга «жануардың аузы, ауыз» сөзінен шығаратын пікірлер бар (Мельхеев, 1969). Байкалдан шығар жерін ауызға ұқсатудан шыққан пікір болса керек. Бұл болжамды теріске шығармай-ақ, өз пікірімізді білдірсек, Ангара атауы түркі. аңғар «өзеннің аңғары, таудың аңғары» (ҚТТС, 1974, 1-т, 272) сөзінен жасалып, «аңғары кең өзен» деген мағына беретіндей. Ангараның арнасының ені 1,1 км болатынын ескерсек, оның аңғары одан да кең болғатыны заңды құбылыс.

АНКАРА – қала, Түркияның астанасы. Қаланың негізін б.з.б. VII ғасырда көшіп келген кельт тайпалары салған. Сол кезден бастап, грек. анкира, латын. анкора «якорь, зәкір» сөзінен жасалған Анкара атымен мәлім болады. Қаланың атын түрік. аңғар «өзен, тау аңғары» сөзінен шығаруға болмайды, өйткені түріктер Анкараны 1071 жылы ғана басып алды. Екі теңізден де қашық жатқандықтан, Анкарада түйелі керуен саудасы басым болған, сондықтан кеме зәкіріне ұқсатып «керуен сарай, рабат» мәнінде қойылған атау болады.

АНТАРҚҰ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Мағынасы мен орыны анықталмаған. Біздің ойымызша, Антарғұ санскрит. андырай/антарайа «шекара» (ДТС, 1969, 44) сөзінен шығып, антар+ғұ (зат есім жұрнағы) арқылы жасалып, «шекара бекеті» мағынасын беретіндей. Антарғұда «шекара бекеті тұрған жерде» соғыстық болады.

АНЫ - өзен, көне түркі ескерткішінен. Көне мәтіндерде Ану суы түрінде келетін бұл гидронимді көптеген зерттеушілер Енисей өзені деп есептейді (Қайыркен,2008,89). Біздің ойымызша, Енисей (Ұлұғ Кем) өзенін құрайтын екі сала Би Кем мен Ка Кем өзендері қосылған жерден бастап, Аны суы деп аталса керек. Оны қырғыздардан бұрын мекен еткен эвенкілер Йонэ си/Йэнэ си «үлкен су» деп атаған (Мурзаев,1984,238), өйткені кейін келген түркі тайпалары (аз, шік, қырғыз) дәл осы жерден бастап Ұлұғ Кем «ұлы (үлкен) өзен» деп калькалап атады. Ал атау эвенк. Йэнэ си түрінен түрік. Аны суы «үлкен су» деп фонетикалық өзгеріске түсті. Осы Аны суы гидронимі Анасу/Енесу/Енисей болып өзгеруі де мүмкін. Тоныкөк бастаған қол осы Аны суының ағысымен барып, Батыс Саян тауын асып, қырғыздарды қапыда басқан.

АҢҚАТЫ – өзен. БҚО, Сырым ауд. Аңқаты қазақ. аңқа «аңғар, арна, ауыз» + ты (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалған туынды топоним болады. Мағынасы, «сулы және құрғақ арналары көп өзен» дегенді білдіреді.

АҢЫРАҚАЙ – тау. Жамбыл обл., Шу ауд. Аңырақай топонимі туралы Ғ.Қоңқашпаев ангаркай «тау ішіндегі сай, шатқал» деген мән береді десе, А.Әбдірахманов моңғол. оңыра + қай «ашық, аңырайған» деген мағыналы сөзінен шығарады. Ал Ә.Қайдар да осы пікірге жуық «аңыраю, айқара ашылу» деген ұғым беретінін келтірсе, Т.Жанұзақ «қалмақтың батыры Аңғырық қаза тапқан жер» деген халықтық этимологияға бой ұрады (Жанұзақ,2007,36-37).

Біздің ойымызша, Аңырақай топонимі көне түркі аңыла/аңыра «аңырау, азынау, өкіру» (ДТС,2016,50)+ қай (туынды сын есім жұрнағы: оң+қай) (Ибатов,1988,131) тұлғаларынан жасалып, «аңырап, азынап соғатын желі бар, желді жер» деген мағына береді. Аңырақайдың жіңішке нұсқасы арқылы жасалған Еңірекей (Жарма ауд., Абай обл.) топонимі де «еңіреп соғатын желі бар жер» дегенді білдіріп, бұл пікірді растайды.

Аңырақай 1729 жылы қазақ пен қалмақ әскерлерінің ірі шайқасы өткен тарихи топоним болып табылады.

АРАЛ – теңіз. Қызылорда облысы. Көне гректер Окс көлі, араб саяхатшылары Хорезм теңізі, орыс жылнамалары Синее море деп атаған (Поспелов, 007, 49). Түркі тілінде Көкше теңіз және Арал теңізі деп аталып келеді.

Арал жалқы есімінің көпшілігі «жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық» мағынасындағы *арал* географиялық термині арқылы жасалған (ҚТТ, 1т, 307). Ал, керісінше, жан-жағы құрлықпен қоршалған су; орман ішіндегі алаңқайлар; айдаладағы бір шоқ орман т.б. *арал* терминін иемдене алады. Бұдан терминнің *ар* бір буынды синкретті түбірі «бөліну», «екі аралық» мәнін де беретіні байқалады (Қайдар, 2005, 171). Арал теңізі басқа ешбір су жүйесімен жалғаспай, шөл даламен қоршалып, жеке тұрғандықтан, *Арал теңізі* деп аталады.

Ұлы Жібек жолы Арал теңізін айналып өтетін болған.

АРАЛЖОТА – қоныс. Алматы обл., Ұйғыр ауд. *Арал* зат есімі «жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық» (ҚТТС, 1т, 307) мағынасын беретіні аян. Алайда, біз алдыңғы тарауларда айтып өткендей, «жан-жағы құрлықпен қоршалған шағын су» (Арал теңізі), «айдаладағы бір шоқ орман», «орман ішіндегі шағын жазық» т.б. нысандар да *арал* атануы мүмкін.

АРАНДЫ – е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд. Аран + ды туынды атауы, тура мағынасында, «ат қорасы бар немесе бірнеше қорасы бар елді мекен» деген мағына береді. Мұндағы аран көне түркі. «мал қорасы, ат қора» мәнін беретіні белгілі (ДТС, 2016, 55). Сонымен бірге, көне түркі. аран «аң аулау үшін қазылған ор», аран «көкнәр тұқымдас шөп» мағыналарының да топоним жасауға қабілетті екенін жоққа шығармаймыз (Қайыржан, 2013, 32).

АРАРАТ – тау жүйесі, Түркия, Армения. Арарат оронимінің этимологиясын көптеген ғалымдар көне Урарту мемлекетінің ассирия тілінде аталуы деген пікірге ден қояды (Поспелов, 2007, 49). Түріктер Агрыдаг «қыңыр тау» деп атайды,

себебі Үлкен Арарат және Кіші Арарат шыңдарының ұштары бір жағына қарай қыңыр біткен. Армяндар ол тауды Масис «үлкен тау» деп атайды және Нұх пайғамбардың кемесі қайрандап қалған қасиетті тау деп есептейді.

АРАСАН ҚАПАЛ – е.м. Алматы обл., Ақсу ауд. *Арасан* сөзінің «түрлі ауруларды емдейтін минералды жылы су» (ҚТТС, 1т, 314) түріндегі жалғыз мағынасы бар. Осындай шипалы суы бар жердің атына ғана *арасан* зат есімі қатысады.

АРҒАНАТЫ – тау. ШҚО. Жергілікті тұрғындар «арыған ат» туралы халықтық этимологияға бұрады. Ал ғылыми этимологияға сүйенсек, моңғол тіліндегі аргаль «арқар» сөзіне моңғолдың көптік мәнді қосымшасы –ин жалғанған: аргалин. Оның үстіне қазақ тілінің көптік жалғауы –ты қосылған: Аргалинты/Арғанаты. Мағынасы «арқарлы, арқары көп» болып шығады. Тау Жақсы Арғанаты және Жаман Арғанаты болып екіге бөлінеді.

АРҒҰТ - өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд. Ғалым Ш.Т. Қуанғанов Арғұт гидронимі туралы, М.Тынышпаевтың пікіріне сүйене отырып, түркі. *арғұ* + *т* «арғындар» деген этнонимнен жасалғанын жазады (Қуанғанов,1997;5).

Ал белгілі тіл маманы Л.Будагов Алтайдағы Қатын өзеніне құятын *Арғут* (Арғұт) өзенінің аты жөнінде былай дейді: «*Аркыт* (түрк.), моңғол. *архот* – қымыз даярлауға және сақтауға арналған төрт теріден тігілетін үлкен ыдыс; оның түп жағы төртбұрыш болып келеді де, аузына қарай пирамида тәрізді жіңішкере береді; ұзын жең сияқты ауыз жағын мойын деп атайды» [Молчанова,1979,138).

Сонымен *Арғұт* гидронимі алт. *арқым* «саба» сөзінен жасалып, «бірнеше өзенді өзіне қосып, құйып алатын саба тәрізді өзен» мағынасында тұр екен.

АРДОЛАЙТЫ – е.м. Алматы обл., Ұйғыр ауд. Осы аудандағы көрші Долайты атауымен байланысты болып келетін ойконим Ардолайты моңғол. «артқы (сыртқы) қоянды» деген мағына береді. Мұндағы моңғол. ар «арт, артқы»

(Базылхан,1987,43) + долай<туулай «қоян» (Базылхан,1987,481) + ты (көптік жалғауы). Долайты «қоянды» және Ардолайты «артқы қоянды» бір таудың екі жағын атап тұрғаны анық.

АРКУК – көне қала, Қызылорда обл. Сырдарияның сол жағалауында болған көне қалаға жатады. Қаланың аты көне түркі. ар «қызғылт, қызыл-сары» + көк «көк, көгілдір» сын есімдерінен жасалған тәрізді. Аркөк/Аркук «қызғылт көк түсті қорғаны бар қала» деген мағына береді. Көне қала, қорғандар, көбінесе, түсіне қарай аталатыны белгілі (Аққорған, Көкқорған т.б.). Рузбиханның тарихи жазбаларында «қала шағын болса да қорғаны аса мықты болғаны және басқа қорғандарды бағындырып отырғаны» айтылады. Маңында көптеген ұсақ елді мекендері бар, егіні мол, астықты қала болғаны да сонда келтірілген (Байпаков,2007,326).

Кейінгі қазба жұмыстары Аркөк/Аркук қаласы мен Артық-Ата қалашығы бір орында болғанын дәлелдеп отыр. Бұзұқ/Бозоқ қаласының маңында болған бұл қорған VII ғасырдан бері Ұлы Жібек жолында қызмет еткені анық.

АРҚАДАҒ – қала, Саратов губ., Ресей. Ойконимнің екі сыңары да түркі тілінен жасалған: арқа «жан-жануардың арқасы, дөңес» + дағ «тау» (ДТС,2016,57). «Арқа тәрізді көлбеу, дөңес тау» деген мағына береді.

АРҚАЛЫҚ – қала, Қазақстан. «Көне түркі сөздігінде» арқалығ сөзіне «тірегі бар, сүйеу болу» деген анықтама береді (ДТС,2016,58). Расында, көне түркі. арқа «арқа» + лық «зат есім жасаушы жұрнақ» тұлғалары арқылы жасалып «үйдің төбесін ұстап тұратын арқалық ағаш» деген ұғым берген. Алғашында жазық далада арқалық ағаштай болып созылып жатқан қыратқа Арқалық атауы берілген де, кейін сол жерге салынған қала Арқалық аталған. Қала 1956 жылы ол маңда ашылған боксит кенін өндіру мақсатында салынған.

АРҚАР БАСЫ – тау, көне түркі ескерткішінен.Ороним көне түркі. арқар «жабайы тау қойы» (ДТС,1969,54) сөзі мен басы сөзінің тіркесінен жасалған. «Арқар тауының басы» деген мағына

береді. Қазақ. Арқарлы, моңғол. Аргалинты оронимдері жиі кездеседі.

Сонымен бірге, «арқардың басына ұқсас тасы бар тау» мағынасындағы метафоралық атау болуы да мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Мысалы, Түлкібас, Атбас оронимдері сияқты.

АРҚАРЛЫ – тау (892 м), Аягөз ауд., Абай обл. Таза қазақ тілінде «арқары көп, мол» деген мағынада жасалып тұрған туынды атау (арқар+лы). Еті, терісі, мүйізі бағалы болғандықтан, арқар сол таудың ерекше бір белгісі ретінде атауға уәж болған.

АРҚАТАҒ – тау қыраты, Батыс Қытай. Арқатағ көне түркі. арқа «жан-жануардың арқасы» + тағ «тау» сөздерінен бірігіп жасалған. «Арқа тәрізді созылған дөңес тау» мағынасын береді. Қытайдағы Куньлунь тау жүйесіне енеді. Алғаш орыс саяхатшысы Н.М.Пржевальский ашып, Хребет Загадочный деп атаған. Кейін Хребет Пржевальского деп картаға түсті. Қазір тарихи аты қайтарылып Арқатағ (Пржевальского) түрінде белгіленіп жүр. Ұлы Жібек жолының басқы бағыттары осы жермен жүрген.

АРҚАУЫЛ – таулар. ШҚО, Күршім ауд. «Жота, жауырын жон» (ҚТТС, 1т, 326) мағыналы *арқа* сөзі түбір (Арқа), туынды (Арқалық) топонимдерді жасауға белсенді араласады. Өкінішке орай біріккен, тіркескен атаулар жоқтың қасы. Келешекте күрделі топонимдер жасауға кеңінен тарту қажет.

Мұндағы *уыл* сыңары қосымша емес, моңғ. уул «тау» сөзі екені аян. Сонда *Арқауыл* «арқатау» мағынасында тұр.

АРШАТЫ - е.м., Катонқарағай ауд., ШҚО. Арша (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағының көне нұсқасы). "Арша мол өсетін жер" деген мағынада тұр. Мұндағы –ты көне жұрнағы қазіргі кезде сирек сақталған (Алматы сияқты). Көне жұрнақтың жер-су атында сақталып тұруы бұл өлкені ықылым заманнан бері түркі халықтары мекендегенін білдіреді.

АСУТӨР – асу. Алматы обл., Райымбек ауд. *Асу* сөзі «таудың кісі аса алатын жері; белес» (ҚТТС, 1т, 393) мағынасымен географиялық термин ретінде қолданылатыны белгілі. Үнемі

соңғы позицияда тұратын геотерминдер кейде алдыңғы орынға орналасып, анықтауыш қызметін де атқарып кетеді (Қиынасу – Асусай).

АСЫСАҒА – е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Асы* – Алматы облысының Кеген ауданына тән диалект сөз. Мағынасы «қыр, биік, үстірт» [107; 454]. *Асы* зат есімінің түбірі асқар, асу сөздерінің түбірлерімен ұялас сияқты.

Топожүйемізде, көбінесе оңтүстік аймақтарда, түбір күйінде жиі кездеседі, ал біріккен атаулар аз жасалған.

АТЖАЛ – қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд. *Ат* омоним сөзінің бір мағынасы «үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы» екені баршаға мәлім. Топонимжасамға көбінесе, осы мәнмен келіп, көшпелілер өмірінде елеулі орын алатын мініс көлігі – атқа қатысты нысандарды сипаттайды («аттың жайлауы, атқа арналған қора» т.б.).

Ат сөзінің тағы бір омонимі, «есім, атау» мәні де кейде топоним жасауға түрткі болады: Атыжамансай, Атыжақсыкөл, Атыжөкбұлақ т.б.

АРСУБАНИКЕТ – көне қала. Арыс өзенінің орта ағысында салынған көне қала болған. Араб саяхатшысы әл-Макдисидің X ғасырдағы жазбасында Арсубаникет «мешіті, рабаттары бар, бекінісі мықты үлкен де таза қала» деп жазылған (Байпаков, 2007, 327). Ойконимнің негізінде Арыс өзенінің бір нұсқасы Ар көне түркі. «таза» + су «су, өзен» гидронимі тұрғаны анық, өйткені Арыс атауының бірінші сыңары *ар* көне түркі тіліндегі «таза», «мөлдір» мағынасында тұр «ару, аршу, арулау» сөздері секілді). Ал екінші сыңары *ыс/ис/с* фин-угор, түркі тілдерінде «су» мағынасын беретіні дәлелді. Сонда *Арыс* «таза, мөлдір су» мәнді гидроним болғаны. Ал бани + кент сыңарлары парсы тілінен жасалған.

I ғасырдан бері тұрған қала Ұлы Жібек жолының талай керуендерін қабылдап, шығарып салып отырғаны анық.

АРШАТЫ - е.м., Катонқарағай ауд., ШҚО. Арша (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағының көне нұсқасы). "Арша мол өсетін жер" деген мағынада тұр. Мұндағы –ты көне жұрнағы қазіргі кезде сирек сақталған (Алматы сияқты). Көне жұрнақтың жер-су атында сақталып тұруы бұл өлкені ықылым заманнан бері түркі халықтары мекендегенін білдіреді.

АРЫҚБАЛЫҚ – өзен, көне қала. Мұндағы Арықбалық гидронимінің екінші сыңары *балық* сөзі де екі түрлі мағына беретіні белгілі. Тіліміздің тарихында *балық* сөзі «қала» жалпы есімін берсе, қазіргі қолданыста бар *балық* сөзі «суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануарының» аты. Соған орай Арықбалық атауы екі түрлі ұғым туғызады. Егер ол жерде көне қала орны болса, онда Арықбалық «таза, көркем қала» мағынасын береді. Ал Арықбалық тек қана көлге тән гидроним болса, онда «балығы етсіз, семірмейтін көл» семасын тудырады.

АРЫҚДЫҒЫР – *Арықдығыр* оронимінің екінші сыңары *дығыр* моңғ. дәэгүр «биік, үлкен, жоғары, зор» (Б.Базылхан, 1984, 214); қазақ тілінің оңтүстік және батыс диалектілеріне тән *дығал* «үлкен, зор, дырау, еңгезердей»; дігер «үлкен» (С.Аманжолов, 1997, 474) сөздерінің бір нұсқасы болуға тиіс. Сонда Арықдығыр «жұқа, қаңылтақ биік төбе» мағынасында тұруы ықтимал.

Арықты + қыр «арық тартылған қыр» тұлғаларынан жасалып тұруы да ықтимал: Арықтықыр/Арықдығыр

АРЫС – өзен, Түркістан обл. *Арыс* гидронимін С.П.Толстов, А.Н.Бернштам көне *арси* этнонимімен салыстырады. В.Н. Попова атаудың бірінші сыңары үндіевропа тіліндегі *ар* «су», «өзен» мағынасын беретін сөз дейді де, екінші сыңары *ас* «су», «өзен» мәніндегі кең тараған гидроформант дейді (Байтанаев, 1989 65-66). Ә. Байбатша *арыс* сақ тайпаларының бірінің аты екенін айтады (Жанұзақ, 2007,42).

Б.А. Байтанаев ортағасырда осы өзен бойында салынған *Арсубаникет* қаласының атындағы *ас* сыңары түрк. *су* болып

калькаланатынын айтады (ар+су). Сонымен бірге XIV-XVI ғасырларда Арсубаникет *Қарасман* (*Қараспан*) аталғанын және А.М.Щербактың *Арас*, *Арсу*, *Һарас*>*Карас* нұсқалары болған деген пікірін келтіреді (Байтанаев,1989 65-66).

Зерттеушілердің барлығы *Арыс* гидронимінің екі сыңары да «су», «өзен» мағынасын беретінін мойындайды, бірақ екі сыңары да бірдей мәнде тұратын топонимдер күдік тудырады. Біздің ойымызша, атаудың бірінші сыңары *ар* көне түркі тіліндегі «таза», «мөлдір» мағынасында тұр «ару, аршу, арулау» сөздері секілді) (ДТС,2016,171). Ал екінші сыңары *ыс/іс/с* фин-угор, түркі тілдерінде «су» мағынасын беретіні дәлелді. Сонда *Арыс* «таза, мөлдір су» мәнді гидроним болғаны. Кейінгі атауы *Қарасман*<*Қарас* та бұл пікірді нығайта түседі, өйткені қаз. *қара* «таза, мөлдір»+*ас* «су» екені белгілі. Қарасу аталған өзендердің барлығы дерлік мөлдір сулы болып келетіні біздің алдыңғы зерттеулерімізде дәлелденген еді (Бияров,2019,94). Арыстың басқы ағысын Құлан тауынан бастау алатын көптеген таза бұлақтар құрайтынын ескерсек, бұл тұжырым шындыққа жанасады деп ойлаймыз.

АСАКА – қала, Әндижан обл., Өзбекстан. Қаланың тарихы өте көне дәуірге кетеді және иран. ассакены «сақтар» мағыналы этнотопонимге жатады (Поспелов,2007,53). Б.э.б. IV ғасырда осы жерді Александр Македонский басып өткен деген пікірлер бар. Жібек жолындағы аялдама бекет болған. Ассаке тұрағының аты Кеңес Одағы кезінде Зеленск деп өзгертілген (коммунист И.А.Зеленскийдің құрметіне). 1937 жылы Ленинск деген атқа ие болды. 1991 жылы Өзбекстан тәуелсіздік алған соң, тарихи аты Асака түрінде қайтарылды.

АСТРАХАН – қала, Астрахан губ., Ресей. XIII ғасырдың соңында салынған қала деп есептеледі және араб саяхатшысы Ибн-Баттутаның айтуынша, Хажы-Тархан деп аталған. Мұндағы хажы/қажы «Меккеге құлшылық етіп қайтқан адам» + тархан «әскери қолбасшы, салықтан босатылған адам» мағыналарын

береді. Хажы-Тархан деген адам басқарып тұрған бекініс болған, яғни антропотопоним болып табылады. Алтын Орда кезінде соғылған теңгелерде Хажы-Тархан атының кездесуі бұл пікірді растайды. Кезінде ірі сауда орталығы болған қала Хажытархан/Ажытархан/Ачтархан/Астарқан/Астрахань нұсқаларында кездеседі.

АСЫ - өзен; жайлау. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд Белгілі ғалым Е.Қойшыбаев Аса, Асы топонимдерін *асу* оронимдік терминінің өзгерген нұсқалары деп табады (Қойшыбаев,1985,24).

Ал профессор Т.Жанұзақ *Асы* топонимін көне түркі жазі, өзб.яси, түркім., әзірб., язы, язи – бәрі де «дала», «жазық», «кең алқап» мағыналарын беретін сөзінен шығарады (Жанұзақ,2007,42).Т.Жанұзақ, сілтеме жасалған еңбегінде, Ө.Байбатшаның Асы атауы «ассақтар, яғни асы» этнонимінен қалыптасқан деген пікірін де келтіре кетеді.

Біз жоғарыдағы пікірлерді жоққа шығармаймыз (жоққа шығару үшін ақиқатын табу керек), дегенмен *Асы* гидронимі Алматы облысының Кеген ауданына тән *асы* «қыр, биік, үстірт» диалект сөзінен пайда болған деп жорамалдаймыз. Ол диалектіні сөздікке енгізген әйгілі ғалым С.Аманжолов мынадай мысал келтіреді: «Жаздыгүні Алатаудың асысында қар жатады» (Аманжолов,1997,454). Биік таудағы жайлау да, өзен де «тау үстіндегі, асыдағы» деген мағынада *Асы* аталған тәрізді.

АСПАРА – өзен, көне қала. Жамбыл обл. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасына жақын орналасқан көне қала VII-XV ғасырларда гүлденіп тұрғанын қытай саяхатшысы Сюань Цзянь және араб саяхатшысы Ибн Хордадбектің жазбаларынан көреміз. Аспара, алдымен өзен аты екенін ескерсек, көне түркі. ас «су» + пара «бөлшек, тармақ» (Қайыржан,2013,324) сөздерінен бірігіп жасалған, «бөлшектелген, тармақталған су, өзен» дегенге келеді. Атауға себеп болған Аспара өзеніне құятын өзен, бұлақтардың көптігі болса керек: Асутөр, Есенаман, Құмбел, Бақтыбай, Ақсай, Шетінді, Тұйықтөр, Аршалы, Қашқансу т.б.

Екінші жағынан алғанда, Аспара атауы аспара (чезнея) өсімдігінің (Қалиев,1993,73) атынан жасалған фитотопоним болуы да мүмкін екенін жоққа шығармаймыз.

АТАСУ – өзен. Қарағанды обл., Шет ауд. *Ата* туыстық атауының негізгі мағынасы «үлкен әке, әкенің әкесі; бергі ата» (ҚТТС, 1т, 415) болып табылады. Жер-су атын жасарда, оның ауыспалы мағыналары: 1) «арғы ата, ата-баба, ататек, ұлы (атажұрт, атамекен); 2) «үлкен, ірі, биік»; 3) «қаздың т.б. жануарлардың еркегі» қатысуы мүмкін.

АТБАСАР – қала. Ақмола обл., Қазақстан. 1845 жылдары казактардың станицасы ретінде салынған. Ғалымдардың көпшілігі қазақ. ат «ат, жылқы» + басар «таптар, жүрер» сөздерінен жасалған деп табады (Поспелов,2007,55).

Біздің ойымызша, станица салынбас бұрын, бұл жермен ат жолы өтіп, жылқы сататын жәрмеңке орыны болғандықтан, Атбазар деп аталған деп есептейміз. Ат «ат, жылқы» + базар «сауда орыны» сөздерінен бірігіп жасалған. Атбазар/Атбасар болып өзгеруі алдыңғы буындағы қатаң «т» дыбысының ықпалы деп ұққан жөн.

АТЛАХ – көне қала, Қырғызстан. Араб саяхатшысы әл-Макдиси Атлах қаласын «үлкен қала, мешіті орталығында, базары рабаттар жағында және жүзімдіктері мол» деп сипаттайды (Байпаков,2007,328). Таразға жақын орналасқан бұл қала Ұлы Жібек жолында VII-XII ғасырларда гүлденіп тұрғаны қазба жұмыстарынан анықталған. Қазіргі үйіндісі Жуантөбе деп аталады.

Атлах ойконимі көне түркі. атлағ «атақты, даңқты (қала)» немесе атлақ «аты, жылқысы көп (қала)» деген екі мағынаның бірінен шығады (ДТС,2016,72)

АТҮН – топоним, көне түркі ескерткішінен. Көне түркі. атын «тасталған, иесіз (жұрт-Б.Б.)» (ДТС,1969,67), атыншу «тасталған, тастанды» (Қашқари,1997,1-т,163) сөзінен жасалған

деп ойлаймыз. Атын/Атұн «тасталған иен жер (жұрт)» мәнді топоним болуы әбден мүмкін.

АТЫРАУ – қала, Қазақстан. Атырау облысының орталығы. Қаланың негізін 1640 жылы орыс көпесі Гурий Назарьев өз ұлдарымен бірге шағын балық өндірісін ашумен қалаған. Олар бекіністі Жайық өзенінің Каспий теңізіне құяр сағасына салған. Ал көлге, теңізге құятын өзендер көптеген шөгінділерді ағызып әкелетіндіктен, аяққы ағысында тарамдалып, атыраулар жасап ағатыны белгілі. Араб тілінен енген атырау сөзі «өзеннің көл, теңізге құятын сағасы» деген мағына береді (ҚТТС, 1 том, 1974,449-б). Кейде өзеннің аяғы емес, бөлініп шыққан басқа саласы мен ортадағы аралды да атырау атау қалыптасқан.

Атырау – тарихи қала. Атыраудан 50 шақырымдай ғана жерде атақты Сарайшық қаласының орыны бар. Мұнда патшалық Ресейге қарсы көтеріліс ұйымдастырған Степан Разин (1668 ж) мен Емельян Пугачевтің (1774 ж) жасақтары болған. Сол себепті Екатерина II 1775 жылы Жайық атын естімеу үшін Орал өзені деп атауға бұйырық шығарғаны белгілі.

Қаланың Үйшік, Нижний Яицкий, Усть-Яицкий, Гурьев, Чапаев деген атаулары да болған. Солардың ішінен Гурьев атауы 19 ғасырдан Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін сақталып келді. 1992 жылы табиғи аты Атырау бекітілді.

АУЫЗБАҚЫ – бұлақ. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд. *Ауыз* зат есімінің негізгі мағынасы «адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі» болғанмен, топонимжасамға оның ауспалы мағынасы – «бір нәрсенің басталар жері» қатысады. Моңғ. бурят *аман*, ор. *устье*, парсы. *дахан/дехан* «ауыз», «кіре беріс», «басталар тұс» географиялық терминдерімен тең дәрежеде қолданылады. Ауызбақы топонимінің екінші сыңары *бақы* – кавказ тілдерінде «тау алды төбелер, бөктер» мағынасын беретін ГТ (Мурзаев,1984;67). Азербайжан республикасының астанасы Баку (<Бақы) осы терминнен жасалған.

АШУТАС – тау (495 м), Зайсан ауд., ШҚО. Тау атының (оронимнің) дұрысы Ашудас болуы керек. Ашудас «мөлдір кристалды тау жынысы (квасцы)» (ҚТТС, 1-том, 1974,520). Осындай минералы бар тауға Ашудас/Ашутас атауы берілген, өйткені халық ашудасты ем-дәрі ретінде пайдаланады.

АШХАБАД – қала, Түркіменияның астанасы. 1881 жылдары негізі қаланған. Қаланың аты парсы. ашх «сүйікті» + абад «қала» сөздерінен жасалған: Ашхабад/Ашгабад «сүйікті қала» деген мән береді екен. 1919 жылы коммунист П.Г.Полторацкийдің құрметіне Полторацк деп аталады. 1924 жылы Түркімен АССР құрылып, оның астанасы болған соң, Ашхабад атауы қайтарылады.

АЮДАҒ – тау, Қырым, Украина. Атау түркі. аю «аю аңы» + дағ «тау» сөздерінен бірігіп жасалған. «Түр-келбеті аю аңына ұқсас тау» мағынасында метафоралық жолмен жасалған ороним екені анық. «Аю аңы көп кездесетін тау» деген мағынаға келмейді, өйткені онда Аюлытағ болса керек еді.

АЯГӨЗ – өзен, Абай обл., Қазақстан. Гидронимнің екі сыңары да көне түркі тілінен сақталып қалған реликті морфемалар. Алдыңғы сыңары *ая* [айа] тіпті алтай төркіндес тілдерге ортақ болып келеді. Көне түркі тілінде *айа*, түркімен тілінде *айа* «алақан» мағынасын берсе, қазақ тілінде *аядай* «шағын» сөзінің сақталуы *айа* сөзінің тілімізде болғанын дәлелдейді. Башқұрт тілінде *айа* сөзі «төрт елі өлшем бірлігі» мәнінде де кездеседі. Ендеше *Аягөз* атауының бірінші сыңары *ая* [айа] “шағын, кішкене” семантикасын беретінін көреміз (Севортян,1974,100).

Гидронимнің екінші сыңары *үгүз/өгүз* көне түркі тілінде “өзен”, “су” мәнін беретіні дәлелденген (ДТС,2016,405). Сонымен өзен атының этимологиясы *Айаүгүз>Айагүз* (аферезис құбылысы)>Аягөз тұрғысынан ашылып, “шағын, кішкене өзен” мағынасын береді. Ертедегі ата-бабаларымыз Ертіспен салыстырғанда шағын өзен екенін меңзегені көрініп тұр.

Аса сезімтал ақын М.Мақатаев: «Аягөз деген аядай өзен деседі...» деп өлеңнің бір жолымен ғана мағынасын ашып кетеді.

АЯКӨЛ – көл. Қызылорда обл., Қызылорда қ.э. *Ая* [айа] зат есімі «аумақ, көлем, мөлшер» (ҚТТС, 1т, 541) мағынасын береді дегенде, оның көбінесе *алақан аясындай, аядай* «шағын, кішкентай ғана, аумақсыз» мәнінде қолданылатынын байқау қиын емес. *Ая* сөзі соңғы мағынада жер-су атын жасауға қатысып, табиғи нысанның «шағын, еңсіз, көлемсіз» белгісін анықтайды.

АЯҚҚАМЫР – көне қала орыны. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. *Аяқ* [айақ] сөзі адақ, азақ нұсқаларымен қоса «адамның жан-жануарлардың жүру, тұру қызметін атқаратын дене мүшесі» (ҚТТС, 1т, 545) екені аян. Алайда топонимжасамда *аяқ* сөзінің «бір нәрсенің төменгі жағын» білдіретін ауыспалы мағынасы белсенді қызмет атқарады. *Бас, жоғарғы, өр* сөздерінен жасалатын топонимдерге қарама-қарсы мәнде қолданылады да, табиғи нысанның «аяқ жақта, төменде, етекте, соңында» орналасқанын әйгілеп тұрады.

Біріккен топонимдер тізіміндегі *Аяққамыр* атауының екінші сыңары *қамыр* моңғ. *хамар/хамыр* «дөңес, тұмсық, мойнақ; су мүйісі» мағыналарын беретін ГТ (Мурзаев, 1984, 563).

АЯҚ ҚАРАУЫЛ – төбе, Аягөз ауд., Абай обл. «Аяққы, төменгі Қарауыл төбе» деген мағына тудырады. Қарауыл/Қарауылтөбе атаулары жаугершілік заманнан қалған топонимдер болып табылады. Жау шапқанда, Қарауылтөбеде тұрған жасауылдар от жағып, түтінмен белгі беріп отырған.

- Ә -

ӘНДІЖАН – қала, Әндіжан обл., Өзбекстан. Біздің заманымыздан 2500 жыл бұрын тұрғызылған қала Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда орталығы болған. X ғасырдағы араб саяхатшыларының еңбектерінде Андуган, Андиган түрінде кездеседі. Жергілікті ғалымдар этнотопоним деп табады: анди «түркі тектес ру»

Біздің ойымызша, Андиган/Андукан нұсқасы дұрыс болуы мүмкін, өйткені көне түркі. анда «дос, одақ» + кан «өзен, су» сөздері атау құрамынан көрініп тұр. Қала осы Андакан (Андигансай) өзені бойына салынған, ал Андакан/Андаган өзені көрші Қарадария өзеніне қосылады, анда болады. Андакан/Андаган кейін араб. жан сөзін қабылдап, Андажан/Әндижан нұсқасына көшкен болуы ықтимал.

ӘУЛИЕАТА – қала, қазіргі Тараз қаласы. *Әулие* – лексикамызға араб тілінен енген «адам тағдырына ықпал жасай алатын «қасиетті, киелі жан» мағынасындағы сөз. Ауыспалы мағынада «ең қадірлі, таңдаулы, керемет» мәнін береді (ҚТТС, 1т, 651). Осы өзара байланысты екі мағына табиғаттың ерекше әсем, үйлесімді, жасалған нысандарына таңылып, діни ұғыммен *Әулие* топонимін тудырған. Әулие, Әулиекөл, Әулиеағаш сияқты жерлер табынатын орынға айналып, ондай жерлерге оба тас үйіліп, ақтық байланатын болған. Бұл мұсылман дінінің үрдісі емес, жер-суға табынатын Тәңір дінінен қалған әдет-ғұрып еді.

Ал Әулиета әлдебір әулие, абыз адамның атына қойылған антропоним болып табылады.

ӘУЛИЕБҰЛАҚ – бұлақ, Зайсан ауд., ШҚО. «Ел қасиетті бұлақ есептеп, ақтық байлап жүретін жер». Көбінесе ірі керуен жолдарында осындай ақтық байлайтын табиғи нысандар жиі кездеседі. «Жолымыз болсын» деген тілекпен байланысты болса керек.

- Б -

БАБАДАҒ – тау шыңы, Әзірбайжан. Лексикамызға парсы тілінен енген *баба* сөзі «арғы ата, үлкен ата» (ҚТТС, 1т, 5) мағынасында қолданылады. Топонимжасамда «ата-баба мекені болған жерлерді, кейде ұлы, үлкен, бұрынғы, ескі нысандарды»

атайды. Ороним көне түркі. баба «әке, ата, арғы ата» (ДТС, 2016, 82) + дағ «тау» сөздерінен бірігу арқылы жасалған. Таудың шыңын «әке, ата тау (үлкен тау)» деп даралап көрсеткен.

БАБАСАЙ – құрғақ арна. Алматы обл., Талғар ауд. Лексикамызға парсы тілінен енген *баба* сөзі «арғы ата, үлкен ата» (ҚТТС, 1т, 5) мағынасында қолданылады. Топонимжасамда «ата-баба мекені болған жерлерді, кейде ұлы, үлкен, бұрынғы, ескі нысандарды» атайды.

БАҒДАТ – қала, Ирактың астанасы. Бағдат қаласының тарихы б.з.б. XVIII ғасырларға кетеді. Ал сауда, білім, мәдениет, қолөнердің ерекше дамуы б.з. X ғасырға сәйкес келеді. Ұлы Жібек жолының тірелетін соңғы нүктелерінің бірі болған. Бізге жеткен этимологиялық пікірлер бойынша, бірде парсы. бог «құдай» + дад «берген», яғни «құдай берген қала»; бірде баһ «бау-бақша» + дад «берген», яғни «сыйлаған бау-бақша» мағыналарын береді дейді. Араб халифаты кезінде таңылған Мадинат ас-Салам «әлемнің қаласы» деген ат бекімеді. Бағдат моңғол шапқыншылығын (Құлағу), түріктердің шапқыншылығын (селжүктер), Ақсақ Темір шапқыншылығын, ағылшын, АҚШ шапқыншылықтарын көрген қала болып табылады.

БАҒЫРЛАЙ – өзен. Атырау обл., Индер ауд. «Бауыр – адам денесіндегі ең үлкен без. Ол құрсақтың оң жақ үстіңгі бөлігінде жатады» (Тәнтану пәнінен) деген анықтама *бауыр* сөзінің топонимжасамдағы негізгі уәжін де нұсқайды. Ол – бауырдың адам денесінде ортадан сәл төмендеу орналасуы. Табиғи нысанның басқа бір табиғи нысанның бауыр тұсына (тым төмен де емес, жоғары да емес) орналасуы, бауырға басқандай қойнауда тұруы *бауыр* зат есімімен біріккен топонимдер тудырады.

Бауыр зат есімінен туындайтын *баурай* (бауыр+ай) «таудың, төбелер мен жота, қыраттардың етегі, бөктері, бауыр жағы» (ҚТТС, 2т, 163) географиялық термині мен *бағыр* «бауыр» көне нұсқасы да жер-су аттарын жасауға қатысады. Мәселен, көне түркі тілінен шығатын *бағыр* «бауыр» (ғ~у) геотермині топожүйемізде

сақталып қалған. Бағырлай «бауырдағы лайлы өзен» мағынасын береді.

БАДАХШАН – тау, обл., Тәжікстан; провинция Ауғанстан. Сауда жолдары өтетін таулы аймақ болған. Негізгі сенімді этимологиясына парсы. патиовахшана «Вахш өзенінің басы» деген болжам жатады.

БАЙБАЛЫҚ – Ұйғыр қағанаты кезінде Селеңгі өзені бойына салынған қала. Көне түркі. бай «бай, байлығы мол» және балық «қала» сөздерінен бірігу арқылы жасалған ойконим (ДТС, 1969, 79-80). «Бай қала» мағынасын береді. Ірі сауда, әкімшілік орталығы болған.

БАЙБӨРДІ АСУЫ – асу (3252 м), Катонқарағай ауд., ШҚО. «Байбөрді руының жайлауға көшкенде асатын асуы» деген мағына береді. Этнотопоним. Кезінде мал асыру, жайлауға көшу жолы ретінде маңызды асу болған.

БАЙКАЛ – көл, Оңтүстік-Шығыс Сібір, Ресей. Әлемдегі ең терең және тұтас тұщы судан тұратын көл. Барлық зерттеушілер Байкал гидронимінің түркі. бай «бай, мол, көп» + көл «көл, су» сөздерінен жасалғанын мойындайды: «Байкөл, яғни суы мол, үлкен көл» деген мағына береді. Ал бурят. Байгал атауы түркі. Байкалдың нұсқасы болып табылады.

БАЙҚОҢЫР – қала, космодром, Қызылорда обл., Қазақстан. Қазақ. бай «бай, мол» + қоңыр «қоңыр түсті бұтақарағанды, малға жайлы жер» сөздерінен біріккен атау. Қоңыр сөзі осы мәнде географиялық терминге айналған.

БАЙҚҰМҒЫР – Байқұмғыр топонимі, бәлкім, Бай+құм+қыр тұлғаларынан біріккен болуы керек. Кейбір карталарға Байқұмкер тұлғасымен бейнеленген. Ол үшін түпнұсқаның басын ашып алу қажет. Атаудың түпнұсқасы дұрыс жазылмаса, оның мағынасын ашуда міндетті түрде тұйыққа тірелеміз. Мәселен, «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалықта Байтұрасай топонимі кейбір деректерде Байтұрасай деп жазылады (83-бет).

БАЙТАҒ – ороним және көне түркі. бай «бай, мол» сөзі мен көне түркі. тағ «тау» (ДТС, 1969, 527) сөзінің бірігуі арқылы жасалған. «Бай тау» деген мағынада тұр.

БАЙЫР – қыстау, Тарбағатай ауд., ШҚО. Кейбір түркі тілдерінде (түркімен, әзірбайжан, түрік т.б.) байыр/баир сөзі «төбе, дөң, шоқы» мәндерін береді (Мурзаев, 1984, 64). Кісі есімінен (антропоним) жасалуы да ықтимал.

БАКУ – қала, Әзірбайжанның астанасы. Бақы/Баку атауы V ғасырдан белгілі болса да, этимологиясы толық ашылған жоқ. Көптеген болжамдардың ішінен екеуі ақылға қонымды: 1. Көне түркі. бақы «төбе, шоқы» сөзінен шығарады. 2. Көне тайпа бағаны/бақаны атынан шыққан этнотопоним дейді. Ұлы Жібек жолының маңызды аялдамасы болған.

БАҚАНАС – арна. Алматы обл., Балқаш ауд. «Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндіктерді көтеріп жабуға керекті ашалы ағаш» (ҚТТС, 2т, 53) мәніндегі *бақан* сөзі метафоралық жолмен «басы, кейде аяғы екі салаға бөлініп кететін нысанды» атау арқылы топонимжасамға қатысады. Мұндағы *Бақанас* гидронимін моңғ. *богино* «қысқа, шолақ, келте» + *ус* «су» сөздерінің бірігуінен шығаратын ғалымдар да бар (Ғ. Қоңқашпаев т.б.): Богиноус > Бақанас. Бұл жерде төреші, әрине, географиялық нысанның өзі болып табылады.

БАҚТЫ – тау (1273 м), е.м., Үржар ауд. Бак (зат есім) + ты (сын есім тудыратын жұрнақ). Мағынасы: «Бау-бақшалы» дегенге келеді. Кавказдағы Бактли тауымен байланыстырсақ, авар тілінде «таудың күнгей беті» мағынасын беруі де мүмкін (Мурзаев, 67).

Қазіргі кезде Қытай – Қазақстан шекарасындағы маңызды кеден бекеті орналасқан.

БАҚЫРШЫҚ – е.м., су қоймасы, кен өндірісі, Жарма ауд., Абай обл. Бақыршық топонимі Шығыс Қазақстан өңіріне тән бақыршы «жер бетіндегі кенді теріп, жинап алушы» және бақыр шайқау «кенді тазалау, шаю» сияқты диалекті сөздермен байланысады [7; 140]. Сонда Бақыршық «шағын кен орыны» деген

мән береді. Ресми түрде алтын кені ашылғанға дейін (1950-60 жж), бұл жерде ежелден кен өндіріліп келген болуы керек.

БАЛАСАҒҰН – көне қала. Қырғызстан. Баласағұн қаласы VIII ғасырдан бері Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы болғаны М.Қашқари, әл-Макдиси, Махмуд ибн Уали т.б. жазбаларында кездеседі (Байпаков, 2007, 329). Қаланың аты ол жазбаларда Баласағұн, Құзорда, Гобалық, Беклік, Семекна т.б. нұсқаларда кездеседі. Ол атауларды әр жаулап алған ұлыс әр түрлі беріп отырғанын аңғару қиын емес. Алайда тарихта Баласағұн аты ұзақ сақталып қалды. Мұндағы бала түркі тілінде «бала, кіші» мағыналарын берсе, сағұн қытай. сегун «қолбасшы» лауазым аты болып табылады. Осы сегун/сағұн лауазымы сол кезде жапон, корей, түркі, моңғол далаларына кең тарағаны көне түркі ескерткіштерінен мәлім. Сонда Баласағұн ойконимі «бала немесе кіші сағұн (қолбасшы) тұрған немесе салдырған қала» деген мәнге келеді. Ол маңда Атасағұн деген тағы бір қала болуы мүмкін, өйткені бала-ата, бала-үлкен бинарлық терминдерімен көптеген топонимдер жасала береді.

БАЛА ҚАНДЫМ – қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд. *Бала* зат есімі «ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым» (ҚТТС, 2т, 69) түріндегі негізгі мағынасынан басқа көптеген ауыспалы мағынаға ие болады. Солардың бірі: «кіші көлемді, шағын, баладай» мағынасы, жер-су атын жасауға белсенді қатысады. Көбінесе *ұлы, үлкен* сөздерімен келетін топонимдерге қарама-қарсы мәнде қолданылады (Үлкен Топар – Бала Топар, Ақжал – Балажал). *Бала Қандым* атауының екінші сыңары *қандым* – өсімдік аты (жүзген өсімдігінің бір түрі).

БАЛДЫБЕРЕК – өзен, е.м. Түркістан обл., Төле би ауд. Балды + берек сөздерінен біріккен топоним «бал арасы көптеп ұя салған берек ағашты орман» деген мағына береді. Жалпы берек сөзінің өзі «береген, құнарлы, нәрлі» деген ұғым береді.

БАЛҚАШ – көл. Алм. обл., Қазақстан. Қазіргі кезде жалқы есім ретінде сақталған көне гидрографиялық термин. Мағынасы:

Балқаш < *бал* + *қаш*, «батпақты, сулы, тартпа жер», *бал+шық*, *бал+жыр* сөздерімен түбірлес. Түркі тілдерінде *балғаш* (туб.), *палғаш* (түрік.) нұсқалары кездеседі. Балқаш «маңайы, түбі батпақты көл» деген мағына береді.

Балқаш көлінің Атраккөл, Көкшетеңіз, Ақтеңіз сияқты көне атаулары болғаны жазба ескерткіштерден мәлім. Мұндағы Атраккөл атауы көне түркі. адыр «айыру, бөлу», адырақ/атырақ «айырылған, бөлінген» (ДТС,2016,12) сөзінен шығып, көлдің жартысы ащы, жартысы тұщы судан тұратын белгісін көрсетіп тұр. Балқаш көлінің дәл осы негізгі белгісі Ақтеңіз, Көкшетеңіз атауларының да мағынасын ашып береді. Атап айтқанда, көлдің тұзды бөлігін Ақтеңіз, ал тұщы сулы бөлігін Көкшетеңіз деп, олардың түр-түсіне қарай ажыратып атағаны анық.

БАЛТАТАРАҚ – тау. ШҚО, Аягөз ауд. *Балта* сөзі «өткір жүзді, екінші жағы шүйделі, ағаш шабатын сабы бар құралдың» (ҚТТС, 2т,87) аты. Топонимжасамда, негізінен, пішін ұқсастығы арқылы метафоралық атаулар жасайды (Айбалта, Балтақара).

Сонымен бірге Шығыс Еуропа жерінде кең тараған *балта*, *балтэ*, *блато*, *болото* «батпақ» географиялық терминінің ізі болуы да мүмкін, өйткені қыпшақтардың Шығыс Еуропаға дейін жайлағаны тарихтан аян (Балтасай, Балтакөл). Мұндай дуализмнен географиялық нысанның, шындық болмыстың өзі ғана құтқарады. Оны зерттеу керек. *Балтатарақ* та осындай жолмен жасалуы мүмкін немесе тарақ, тарғақ шөптерінің аттары араласады. Балтаға ұқсас жасалған тарақты да «балтатарақ» дейді, онда метафоралық жолмен жасалған ороним болып шығады.

БАРАҚКӨЛ – тж.бекеті. Ақмола обл., Сандықтау ауд. «Барақ» сын есімі, барлық сын есімдер секілді, зат есіммен тіркескенде ғана толық мағынасын ашады: «барақ бұзау, барақ жүн, барақ ит, барақ кілем, барақ сақал» (ҚТТС,1976,2-т,100). Тіркестерден *барақ* сөзі «жүндес, жүні ұзын, сабалақ» мәнін беретінін байқау қиын емес. Ендеше топонимжасамға да *барақ* сөзі осы мағынасымен қатысады деген сөз.

Бұрын Барақ антропонимі белсенді қолданылғандықтан, бұл үлгі де антропоним болуы мүмкін. Ал кісі атынан жасалмаған жағдайда, *Барақкөл* «қамыс, шөбі мол сабалақ көл» мағынасын береді.

БАРКӨЛ – 1735 жылдан бастап ресми түрде қытайша жазылып географиялық картаға, мемлекеттік құжаттарға *Баликунь* деп таңбаланған. Ұлы Жібек жолының түркі аумақтан өтетін бір бекеті. Қазір Қытай Халық Республикасы Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданының Құмыл аймағына қарасты әкімшілік-аумақтық бөліктің атына ие болған. Теріскейінде Моңғолия, оңтүстігінде Құмыл қаласының өңірі және батысында Санжы Дүңген автономиялық облысының Мори Қазақ автономиялық ауданымен шектеседі. *Баркөл* – біріккен сөз: *бар*+*көл*. Көл атауы трансонимденіп ойконимге айналған. Бұл атаудағы *көл* сыңары төркіндетуді қажет етпейді, ал *бар* сыңары көне түркілік заманға сілтейді. *Бар* сөзі *бай* сөзімен мағыналық бір өрісте тұрғаны байқалады. Түркі тілдерінің тарихи фонетикасында *p/з/й* дыбыстық ауысулары белгілі. Осыған сүйенсек, «баркөл» суы, табиғи ресурстары мол көл, бай көл деген мағынаны білдіреді деуге негіз бар. Қашқари сөздігінде «бар» сөзінің «үлкен» деген мағынасы да бар екені көрінеді (Қашқари, III, 1998, 207). Сонда бұл – әлемге белгілі Байкал көлімен аттас болып шығады.

Баркөл атауын моңғол. *бар* «барыс» + түркі *көл* «көл, су» сөздерінен шығаратын пікір де кездеседі.

БАРКӨРНЕУ – Алматы облысының топожүйесіне жататын Бәрікернеу оронимінің дұрысы Бәрікөрнеу > *Баркөрнеу* «барлық маңай көрінетін биік жота» атауы екені дау туғызбайды («159-бет»). Жауды бақылап тұратын қарауыл тау болғаны анық.

БАРЛЫҚ АРАСАН – бұлақ. Абай обл., Үржар ауд. Топонимжасамға қатысы бар *барлық* сөзі қазіргі сөздік құрамымызда кездеспейді. Алайда кейбір түркі тілдерінде, мәселен тув. *порлуг* > *борлуг* > *барлык* «батпақты» сөзі қолданылады (*Барлык*, өзен. Тува республикасы)

(Молчанова, 1979, 150). Атау «батпақты, мүмкін балшықпен емдейтін, арасанды жер» мағынасын береді деуге болады.

Барлық түбір топонимі кең тараған және оның *Бұрлық* нұсқасы да топожүйемізде бар.

БАРҚЫТБЕЛ – тау, е.м., Тарбағатай ауд., ШҚО. Барқыт (зат есім) + бел (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. «Барқыт матадай жұмсақ асу, бел» деген мәнде тұр. Моңғол тілінен жасалған Тарбағатай «суырлы» тауының қазақша аты Барқытбел болған деген пікірлер бар, бірақ нақты дәлел жоқ, сондықтан Барқытбел Тарбағатай тауының бір сілеміне ғана тән атау болар деп болжаймыз. Ал Тарбағатай тау жүйесі көне түркі ескерткіштерінде Тамағ асуы, Махмуд Қашқари сөздігінде Суырлытағ деп көрсетілген.

БАРМАҚҚҰМ – құмды жер, Үржар ауд., Абай обл. Бармақ (етістік) + құм (зат есім) сөздерінен біріккен. «Баратын, көшетін құм, құмды төбелер» деген мағына береді. Құмды төбелерді Бархан деп атайтыны да осы сөзбен нұсқалас: Бархан/Барған «жылжыған, көшетін құмды төбелер».

БАРСАКЕЛМЕС – қорық, арал. Қызылорда обл., Арал ауд. Атау барса + келмес сөздерінен бірігу арқылы жасалған. Есімшенің *-ар, -ер, -р* жұрнақтары болымды етістіктерге жалғанса, *-с* форманты болымсыз етістіктерге тән болып келеді: *келер – келмес*. Аралдың аты «барған адам қайта оралмас» деген мағына береді. Шындығында да ол аралда адамдардың жоғалып кету оқиғалары болған және әлі ашыла қоймаған тылсым күш бар екенін ғалымдар мойындап отыр.

БАС ҚАРАШ – асу. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. Көпмағыналы *бас* сөзінің негізгі мағынасы «адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі» (ҚТТС, 2т, 111) болып табылады.

Топонимжасамға қатысты мағыналары мыналар: «таудың, қырдың, дөң-дөңестің т.б. нәрселердің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі»; «өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі»;

«бір табиғи нысанның қалғандарынан жоғары орналасуы (аяқ сөзіне антонимдік қатынаста); «басқа табиғи нысандар тарап шығатын негізгі нысан». Бұлардың барлығы негізгі мағынадан ұқсату арқылы шығып жатқаны айқын.

БАСҚҰНША – е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.) Көпмағыналы *бас* сөзінің негізгі мағынасы «адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі» (ҚТТС, 2т, 111) болып табылады.

Топонимжасамға қатысты мағыналары мыналар: «таудың, қырдың, дөң-дөңестің т.б. нәрселердің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі»; «өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі»; «бір табиғи нысанның қалғандарынан жоғары орналасуы (аяқ сөзіне антонимдік қатынаста); «басқа табиғи нысандар тарап шығатын негізгі нысан». Бұлардың барлығы негізгі мағынадан ұқсату арқылы шығып жатқаны айқын. *Басқұнша* – мұндағы *құнша* нанай. *кунчэ* «төбе», «дөң» геотермині болуы мүмкін (Мурзаев, 1984, 314). Басқұншақ нұсқасы да кездеседі.

БАСҚЫНШАҚ – көл. Атырау обл., Құрманғазы ауд. Гидроним қазақ. Басқын «жаулап алушы, басып кіруші» (ҚТТС, 2-т, 128) + шақ (бейімділікті білдіретін туынды сын есім жұрнағы: сұраншақ, ұмытшақ) (Ибатов, 1988, 133) тұлғаларымен жасалып, «суы көбейгенде, жайылып, талай жерді басып қалатын көл» деген мағына береді.

БАСПАН – тау (1575 м), Тарбағатай ауд., ШҚО. Халықтық этимология бойынша қазақ қолынан жеңіліп қашқан қалмақтар: «Енді бұл тауды қайтып баспан» деп айтыпты-мыс дейді. Ал ғылыми этимология бойынша, көне түркі және қазіргі түрік тілінде бар пасван/басман/баспан «күзет, қарауыл» мағыналы сөзінен жасалған Пасван атты таулар кездеседі (ДТС, 2016, 201). Көбінесе жеке тұрған биік тауларға берілетін атау болған. Ендеше Баспан «қарауыл қарайтын биік тау» деген ұғым тудырады. Екінші жағынан, таудың өзіндік ерекшелігін зерделей қарасақ, оның бауырында недәуір көлемді үңгір бар. Онда сол үңгірді меңзеп,

«баспана/баспан» деп атауы да мүмкін екенін жоққа шығармаймыз.

БАСПАНДЫ – е.м. ОҚО, Созақ ауд. Топоним Баспан + ды тұлғалары арқылы жасалып, тура мағынасында «үңгірлі» дегенді білдіреді. Баспан/баспана сөзі алғашында «тау үңгірі» деген мағына берген.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН – ҚР-ның солт.-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлігі. *Батыс* зат есімі «шығысқа қарама-қарсы жақ, дүниенің төрт тарабының бірі» (ҚТТС, 2т, 157) мағынасын береді. Топонимжасамда «белгілі бір нысанның екінші нысанға қарағанда күнбатыс жағында орналасуын» атап көрсетеді. Ал тіркесті атаулар, көбінесе, шығыс сөзімен келетін топонимдерге қарама-қарсы мәнде қолданылады (Шығыс Кеңсу – Батыс Кеңсу).

БАЯНАС – е.м. БҚО. *Баян+ас* топонимінің құрамындағы баян моңғол. «бай, мол» сөзі + көне түркі. *ас* сыңары Евразия құрлығының көптеген тілдерінде «су; өзен» мағынасын беретіні дәлелденген. Моңғ. ус «су» термині де оған жақын. Ендеше Баянас көне моңғ., түркі «бай, мол су» этимологиясын бермек.

БАЯНАУЫЛ – тау, Павлодар обл. *Баянаула* да, *Баянауыл* да сөз жоқ, моңғол. баян + уул (ола) «бай тау» (Базылхан,1987,) топонимінің қазақша нұсқалары болып табылады. Географиялық нысандарға бай, әдемі, қасиетті сияқты анықтауыштар қосу, көбінесе, моңғол топонимдеріне тән құбылыс.

БАЯНЖҮРЕК – тау, Жетісу обл. *Баян+жүрек* – «бай жүрек пішіндес төбе» (жүрек, жүрекше географиялық терминдер ретінде қалыптасып қойған) деуге болар еді, егер тауда петроглифтердің молдығы болмаса. Баянжүрек тауында таңбалы тастар, петроглифтер, көне жазулар көп болғандықтан, моңғол. баян «бай» + зураг «сурет» сөздерінен біріккен, Байанзураг/Баянжүрек «бай, мол суреті бар тау» деп ұққан жөн (Базылхан,1987,159).

БАЙҚОҢЫР – космодром, Қызылорда обл. Бай + қоңыр топонимі «шөбі шүйгін қоңырға бай жер» деген мағына береді.

Мұндағы қазақ. қоңыр «малға жайлы шөптесін, бұталы жер» мағынасындағы географиялық термин болып табылады. Кеңестер Одағынан бері Ресейдің космодромы болып келеді.

БАЙЫНҚОЛ – өзен. Алматы обл., Райымбек ауд. *Байынқол* – моңғ. Баян/байын «бай, мол» + гол «өзен, су» сөздерінен бірігіп жасалған (Базылхан,1987,159). Сонда, Байынқол < моңғ. Байнгол «суы мол өзен» семантикасын береді. Нарынқол мен Байынқол бір үлгімен жасалып тұр.

БЕЙІСТЕРЕК – е.м. БҚО, Казталов ауд. Араб, парсы тілдері арқылы енген *бейіс/бейіш/нейіш* «жұмақ, ұжмақ, жәннат» діни термині әр мұсылманға түсінікті болса керек. Жер-су атын жасауға «жұмақ тәрізді жайлы, рахат жер; жердегі пейіш» мағынасы арқылы қатысады.

Сонымен бірге мәнжүр. *бээс бейіс/бейсі* «лауазым аты» сөзі де моңғол тілі арқылы топожүйемізге араласуы мүмкін: «Алтай өңіріндегі қалған барлық қазақтарды «зүүн гар» немесе «сол қанат» етіп басшылығына Жұртбайұлы Мәмиді тағайындап, оған «Бизи» (Бейіс) лауазымын берді» (Қинаятұлы,2001,108).

Бейістерек «арасы жұмақ бағы сияқты теректер өскен жер» мағынасында немесе «бейіс (төре) тұрған теректі жер», «үлкен терек» мағыналарының бірінде тұрғаны анық.

БЕКЕТБАЗАР - е.м., Көкпекті ауд., Абай обл. Бұл атау француз тілінен орыс тіліне енген пикет сөзінен жасалған: Пикет/Бекет. Мағынасы: «Ат арба жолдарында орналасқан аялдама, қарауыл (пост) тұратын жер» дегенге саяды. Бекет атаулары маңызды арба, керуен жолдарында сақталып қалған. Қазір «бекет» сөзі белсенді қолданылады: автобекет, теміржол бекеті т.б. Бекет + базар сөздерінің бірігуінен жасалған ойконим бұл жерде «аялдама бекет және сауда базары» болғанын білдіреді.

БЕЛБҰЛАҚ – өзен. Алматы обл., Панфилов ауд. *Бел* сөзінің негізгі мағынасы «дененің кеуде мен бөксе аралығын жалғастыратын бөлігі» (ҚТТС, 2т, 241) болса, топонимжасамға оның екінші мағынасы «таудың, қырат, жотаның жадағай асуы»

(сонда) қатысады. Мұнда асу, белді жай ғана атап қоймайды, ондағы өсімдік және басқа нысандарды нақтылап көрсетеді (Белқарағай, Белқұдық т.б.). Бел+бұлақ сөздерінен біріккен гидроним «шағын белдегі (асудағы) бұлақ, су» деген мағына береді.

БЕҢЛІГЕКТАҒ – тау, көне түркі ескерткішінен. *Беңлік-Ек тауы* оронимі «Тоныкөк» мәтінінде БҢЛГК ТҒҒ дауыссыздары арқылы таңбаланған (44-жол). Кейбір аудармашылар «Беңгү (мәңгі) көк тауы» деп аударып жүр (Орхонские надписи, 2001, 196). Оронимді беңгү «мәңгі» деп оқуға ортада тұрған Л таңбасы жібермейді. Атауды жоғарыдағы екі аудармадан басқаша, БеңЛіГ еКі ТаҒыҒ түрінде оқуға да болады. Мұндағы бірінші сыңар Бең+ліг тұлғаларына ажырайды. Бең түбірі көне түркі. баң/бең «қатты (дауыс)» (ДТС, 1969, 81) + ліг (-лы/-лі туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалған. Беңліг «қатты дауысы бар (жаңғырықты)» болады да, келесі сыңары екі «екі сан есімі» мәнін береді. Сонда, Беңліг Екі тағ «қатты жаңғырығы бар екі тау» мағынасын береді. Бұл ороним Темір Қапығтың екі жағындағы биік жартастарды атап тұр деуге болады, ал жалаңаш тасты шатқалдың жаңғырығып тұруы табиғи құбылыс болып табылады.

БЕРЕЛ - өзен; е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. Күні бүгінге дейін Берел топонимі туралы «бергі ел» мағынасында-мыс деген халықтық этимологиядан басқа ғылыми болжам не нақты пікір айтылмай келеді.

Мағынасын ашу қиынға соғатын *Берел* гидрониміне біз профессор Г.Шухардттың «заттан сөзге қарай» деген принципіне сүйеніп, географиялық нысаннан (өзеннің өзінен) бастап бардық. Берел өзені басын Мұзтаудан алып, Бұқтырма өзеніне құятын шағын тау өзені. Оның көзге бірден түсетін басты ерекшелігі – суының, әсіресе жазда, сүттей ақ болып ағуы. Суға ақ түс беретін Мұзтаудың ақ балшығы екені анықталған. Түсіне қарап жергілікті тұрғындар *Ақбұлқақ* деп атайды: Ақбұлқақ < Ақбұлғақ «Бұқтырманың мөлдір суын ақ түске айналдырып, бұлғайтын,

лайлайтын өзен» мағынасында қолданады. Саяхатшы-ғалымдар Белая Берель түрінде картаға түсірген.

Атау беруші (қай тілде болса да) өзеннің бұл ерекшелігін байқамауы мүмкін емес. Осы ойдан келгенде, Мұзтау атауын берген сақтар не ғұндар, не түріктер *бор* (*боз*) «ақ, сұр» анықтауышын пайдаланған да, *Борел* (мұндағы *ел*, *ыл*, *іл* өте көне дәуірде «өзен», «су» гидротермині болған: Елек, Іле, Ойыл, Қиыл т.б.) атауын жасаған секілді. *Борел* түркі тілдеріне тән үндестік заңына байланысты кейінді ықпалға ұшырап, *Борел*>*Бөрел*>*Берел* тұлғасын қабылдайды. Сонымен *Берел* «ақ, сұр түсті су, өзен» мағынасында тұр деуге негіз бар. Ал түркілердің ұрпағы қазақтар көне атау *Берелдің* мәнін ұқпаған соң, кейін атаудың уәжін сақтай отырып, *Ақбұлақ* деп қайыра ат берген сыңайлы. Көне түркі ескерткіштерінде *Беріл* деп жазылған.

БЕРІКҚАРА – тау. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Берікқара* - өсімдігі аз тұтастай тастан тұратын қара тау. Бұл оның бір белгісі болғандықтан, атауға уәж болуы да ғажап емес. Екінші жағынан алғанда, қаз. *берік* «жабулы, бекітулі, басына шығу қиын, ауыр» сөзі де атау құрамына еруге үміткер бола алады. Қазақстан аумағында бірнеше жерде кездеседі.

БЕСАҒАШ – өзен, е.м., Алматы обл., Талғар ауд. *Бес* есептік сан есіміне «төрттен кейінгі сан» (ҚТТС, 2т, 277) деген анықтама беріледі. Жер-су атын жасауда тым белсенді *бес* сан есімі «кейде нақты біртектес бес нысанды, кейде аздаған, шағын топ нысанды» атайды. Соңғы мән «бес тал шаш», «бес тиынға тұрғысыз» тіркестерінде анық байқалады. *Бес* + *ағаш* сөздерінен біріккен атау «бес немесе шағын топ ағаш өскен жерді» білдіреді. *Бесағаш* елді мекені қазір Алматы қаласына қосылып кетті.

БЕСБАЛЫҚ – көне, тарихи қала. Көне түркі. беш «бес (сан есімі)» + балық «шахар, қала» (Қашқари, 1997, 436) сөздерінен бірігіп жасалған ойконим. М.Қашқари «Ұйғырлардың ең үлкен шахарларының бірі *Бес балық* деп аталады» дейді (сонда). Сондай-ақ, *Бешбалық/Бесбалық* *Тан империясының Бэйтинь*

басқақтығына қарайды және бұл өлкеде бес қала бар болғандықтан, Бесбалық деп те аталған деген пікір де бар (Маявкин,1981,42). Бұл жер Тянь-Шань тауының шығыс сілемдері Боғдашань, Баркөлтағ, Қарлықтағ тауларының теріскей жағы болатын (Сонда, 176). Бұл қазіргі Жоңғария (Шыңжан-ұйғыр автономиялық ауданы) аумағына жатады. Бесбалық жалпы өлке атынан жеке бір қалаға ауысқан атау болып табылады.

БЕСКЕЧЕН – көне қала. Бескечен атауының бірінші сыңары Беш/Бес көне түркі. біш «бес сан есімі», ал кечен парсы. кеш «елді мекен, қоныс, тұрақ» (Мурзаев,1984,273) + ен (кішірейткіш мәнді жұрнақ) арқылы жасалып, «бес тұрақ, қалашық» мағынасын береді. Мұнда Бесбалық қаласын айтып тұруы да мүмкін.

БЕСҚҰЛАШ – құдық. ОҚО, Арыс ауд. *Бес* есептік сан есіміне «төрттен кейінгі сан» (ҚТТС, 2т, 277) деген анықтама беріледі. Жер-су атын жасауда тым белсенді *бес* сан есімі «кейде нақты біртектес бес нысанды, кейде аздаған, шағын топ нысанды» атайды. Соңғы мән «бес тал шаш», «бес тиынға тұрғысыз» тіркестерінде анық байқалады. Бес + құлаш сөздерінен біріккен гидроним «құдықтың тереңдігі, арқанмен есептегенде, бес құлаш болады» деген мағынада тұр. Ертеде құдықшылар қазған құдықтарының тереңдігін құлашталған арқан жіппен өлшеген.

БЕТҚАЙНАР – көне қорым. Алматы обл., Алматы қ.э. *Бет* зат есімі «бастың алдыңғы жағы, жүз» (ҚТТС, 2т, 282) негізгі мағынасын бергенмен, топонимжасамда оның ауыспалы мағынасы «таулы жердің құлама жағы, беткейі, жердің беті» (сонда) белсенді рөл атқарады.

БЕТПАҚДАЛА – шөл дала. Түркістан, Жамбыл, Қарағанды обл. Атау қазақ. бетпақ «ұятсыз, бедірейген, рақымсыз адам» + дала «дала, тақыр, жазық» сөздерінен бірігіп жасалған. Климаты қатал (жазы ыстық, қысы суық), сусыз даланы «бедірейген, бетпақ адамға» теңеуден туған топоним. Бұл даланы түйелі керуендер ғана кесіп өтетін болған.

БІШКЕК – қала, Қырғызстанның астанасы. Бұрын Қоқан хандығының бекінісі болған Пішпектің орнына 1878 жылы салынған. Пішпек/Бішкек атаулары түркі. піспек «май пісетін ағаш күбі» сөзінен шығады. Тау етегіндегі шұрайлы жерге орналасқандықтан, «малға жайлы, піспегі май мен қымыздан айырылмайтын жер» мәнде қойылған атауға келеді. Кеңес одағы кезінде Фрунзе аталған.

БЕЧІК БАЧАҚ – топоним, көне түркі есерткішінен. Топонимінің бірінші сыңары Бечік көне түркі. бешік «бесік» (ДТС, 1969, 97) сөзінен жасалып, «бала бөлейтін бесікке ұқсас нысанды» атайды немесе «туған жер, атамекен» ұғымын береді. Ал екінші сыңары Бачақ қазақ. башақ «аласа, жатаған» (Қайыржан, 2013, 70) сөзінен шығып, «аласа, жатаған жер бедерін» білдіріп тұр. Сонда, Бечік Бачақ «бесікке ұқсас жатаған тау, шоқы, төбе» деген мағынағы саяды.

БОҒАС – өзен, Тарбағатай ауд., ШҚО. Гидроним көне түркі тіліндегі боғаз «тамақ, өңеш» сөзінен жасалған (ДТС, 2016). Өзеннің әлде ағысын, әлде арнасын адамның (малдың) өңешіне ұқсатудан туған. Үш Боғас деп аталатын үш саласының қосылған жерін «өңешке құйылғандай» деуі де мүмкін.

Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін Тамақ асуын ғалымдар Тарбағатай тауы деп табады (Қ.Сартқожа, Т.Зәкен). Осындағы Тамақ пен Боғас екеуінің де «тамақ, өңеш» мәнін беруі тегін емес. Екеуі бір нысанды атап тұрғандай.

БОЗАЙ – көне қала орыны. Жоғарыда аты аталған энциклопедиялық анықтамалықта антропоним ретінде аталып өтеді. Алайда Қазақстанның әр аймағында бірнеше рет кездесетін Бозай топонимі кісі атынан қойылмағанын айғақтайды. Өйткені әр облыста Бозай атты кісі өмір сүріп, олардың есімдері бірдей жерсуға берілуі мүмкін емес.

Ай, Бозай атаулары көбінесе гидроним ретінде көрініс беретіндіктен, Эвенкі тіліндегі *ай* «батпақ», «шалшық» мағынасынан шығып, «лай су» мәнін беретін сияқты

(Мурзаев,1984,40). Сонымен бірге, ай географиялық термині «жазық, тақыр» мағынасында да топонимдер тудырады екен: Айтақыр, Айдала. Олай болса, Бозай топонимі «боз селеулі дала» деген мағына беруі де ықтимал.

БОЗАНАЙ – құм. Атырау обл. Бірікен атауының екінші сыңары *анай* Жеменей гидронимінде жіңішке нұсқасында кездеседі. Бұл атаулардағы анай /еней сыңарлары түркі. ан «ұра, шұңқыр», құмық. *анак* «үңгір», бурят., эвенк. *анга* «ауыз», «шатқал», моңғол. *анаг* «жұмыршақша үңгір», *ан* «жарық», «сызат», қаз. аңғар сөздерімен байланысты болуы мүмкін. Өйткені Жеменей өзені тауды жарып ағып шығады да Зайсан көліне құяды. Ал Бозанай құмы «боз түсті (селеулі) шұңқыр, ұра, қырқалы жер» деген мағына береді. Ол жердің төбелі, жалды, қырқалы болып келетіні рас.

БОЛЧҰ ЖАЗЫҒЫ – топоним, көне түркі есерткішінен. *Болчұ үгүз/Болчұ* нұсқасында да кездеседі. Мәтін бойынша, Алтайдан түсіп, Ертіс өзенін кешіп өткенде, Болчұ жазығы мен өзені бар екені байқалады. Л.Н.Гумилев Қара Ертістен өткендегі қазіргі Ұрынғы өзенін осы Болчұ деп табады (Гумилев,1994,299). Біздің жорамалдауымызша, Болчұ көне түркі. бол/бұл ауыспалы мағынада «бүлік шығару, қатты ашулану» (ДТС,1969,122) түбір сөзі + шы (кәсіпті, бейімділікті білдіретін жұрнақ) тұлғалары арқылы жасалып, «тентек, тасығыш (өзен)» мағынасын беруі мүмкін. М.: Ел бұлғанды «ел таралды, тарқады (көтерілді - ДТС)» (Қашқари,1997,340). Ел бүлді «бүлінді» (қазақ.). Қазіргі Ұрынғы атауының түбірі де көне түркі. ұрұн/үрүн «көтерілу, тұру» мәнін береді: үрүнді «тұрды, қопты» (Қашқари,1997,240).

БОРЛЫ – тау (811 м), Семей қ.э., өзен, Аягөз ауд. Бор (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан жасалған. Мағынасы: «эк тасы, боры бар жер».

БОРШОҚЫ – тау. Алматы обл., Талғар ауд. *Бор* зат есімі «жұмсақ ақ топырақ, эк тастың бір түрі» (ҚТТС, 2т, 367) екені мәлім. Топонимжасамда «боры бар, бор өндіретін жерлерді» атап

көрсетеді. Түбі көне түркі *боз* «ақ» сөзінен шығады: *боз* > *бор*. Сондықтан «ақ, боз, сұр» түсті нұсқауы да мүмкін.

Бор+*шоқы* сөздерінен біріккен ороним «боз түсті шоқы немесе борлы топырағы бар шоқы» деген екі мағынаның бірінде тұр.

БОРЫҚКӨЛ – көл. Павлодар обл., Ақсу қ.э. *Борық* – «сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тәтті тамырлы, қамыс тәрізді өсімдік (ҚТТС, 2т, 377). Ғылыми тілде *қант қамысы* деп аталатын *борық* өсімдігі өсетін жерлерді атауға қатысатын зат есім. «Судан да тарттым борықты» (Батырлар жыры).

БОСАҒАСОР – тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд. *Босаға* сөзі өзінің «есіктің екі жақтауы» мағынасымен топонимжасамға араласып, «есіктің екі босағасына ұқсас» геонысандарды таңбалайды. *Босаға* + *сор* сөздерінен біріккен атау: «босаға секілді екіге бөлінген сорды» немесе «төргі емес, төмендегі, босағадағы сорды» атауы мүмкін. Төр мен босаға антонимдік топонимдер жасауғат қабілетті (Төрсор – Босағасор). *Босаға* зат есімі, сондай-ақ, «төрт жұлдыздан құралған шоқжұлдыздың» аты екенін де ескеру керек.

БОСТАНҚҰМ – құмды алқап. Маңғыстау обл., Қаракия ауд. *Бостан* сын есімі «өз билігі өзінде, ерікті, еркін» мағынасымен көптеген саяси атаулар жасады: Бостан, Бостандық.

Ал күрделі атау құрамында алдыңғы позицияда келіп, топонимдер жасауға қабілеті бар екенін бір ғана үлгі дәлелдеп бере алады: Бостан + *құм* «еркін, көшпелі, сусымалы құм» мағынасында тұрғаны даусыз.

БОСФОР – Қаратеңіздегі бұғаз. Ғалым Біләл Аспандияров өз еңбегінде Геродот картасындағы *Кимерліктердің Боспоры* аталған бұғаз атауындағы *Боспор* да түркі тілінен жасалған деп жорамалдайды (Аспандияров, 2000, 80-87). Мұндағы *Боспор* (*Босфор*) түркі тілінде бос + бор «үгілген, бос бор» сөздерінің тіркесінен жасалғанын айта келіп, академик Л. Бергтің: «Қырымдағы Яйлы және Меловой тау тізбектері негізінен

борпылдақ әктен тұрады» деген пікірін дәлелге келтіреді (Л.Берг. Природа СССР. М., 1937). Автордың тұжырымын толық қолдауға тура келеді, өйткені Борлы, Бортас, Боркөл сияқты топонимдер Қазақстанда жиі кездеседі.

БОТАМОЙНАҚ – шатқал. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. Зоонимдердің ішіндегі «түйенің жылға толмаған жас төлі» (ҚТТС, 2т, 387) мағынасындағы *бота* сөзі де топонимжасамға қатысады. Төрт түлік малды бүге-шігесіне дейін жетік білетін көшпелілер үшін бұл заңды құбылыс болып табылады. «Әдемі, нәзік, сүйкімді» табиғи нысанды ботаға теңеуден туған топонимдер екені анық. Бота + мойын + ақ сөздерінен бірікен атау «ботаның мойынындай ғана шағын, көлбеу бел» деген ұғым тудырады. Салыстырыңыз: Түйемойнақ.

БӨКЕНКӨЛ – көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. *Бөкен* – зооним: «далалы жерді мекендейтін, аша тұяқты жүйрік аң; ақбөкен» (ҚТТС, 2т, 400). «Бөкендер мекендейтін жер» мағынасында түбір, туынды, күрделі топонимдер жасайды. Бөкен + көл сөздерінен бірігіп, «бөкендер суатқа келетін көл» деген мағына тудырады.

БӨЛЕКСАЗ – е.м. Алматы обл., Райымбек ауд. *Бөлек* сөзі «өз алдына, жеке; оқшау» (ҚТТС, 2т, 409) мағыналарымен үстеулер қатарына енеді. Топонимжасамда «оқшау, оңаша тұрған табиғи нысандарды» атап көрсетеді. Бөлек + саз топонимі «жалғыз, оқшау тұрған сазды жер» деген мәнде тұр.

БӨРІҚТАЛ – өзен. Алматы обл., Аршалы ауд. *Бөрік* сөзі «елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киімнің» (ҚТТС, 2т, 427) аты болады. Топонимжасамда тек пішін ұқсастығы арқылы ғана күрделі атаулар тудырады (Қарабөрік тауы). Бөрік + тал сөздерінен бірігіп, «түп жағы сидам болып, барлық бүрі, бұтағы бас жағына жайыла өсетін тал» мағынасында қолданылған. Ол өзен бойындағы талдың барлығы сол пішінде болғандықтан, өзен Бөріктал аталған.

БӨРІЛІ - е.м., Абай ауданы., Абай обл. Бөрі (зат есім) + лі (туынды сын есім жұрнағы). Мағынасы: «Бөрі, қасқыры мол жер».

Қасқыр ұялайтын қараған, бұтасы көп. Қазақ халқының классик жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туған жері.

БҰҒЫМҮЙІЗ – өзен, е.м., Күршім ауд. Бұғы (зат есім) + мүйіз (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. 1. «Жабайы бұғы қалың өсетін жер болғандықтан, олардың түлеген мүйіздері мол кездесетін өзен». 2. Патша заманында орыстың Волков деген көпесі бұғы ұстап, мүйізін кесіп, қытайларға сатып отырған деген пікір бар.

БҰЗУҚ БАСЫ – топоним, көне түркі есерткішінен. Топонимінің бірінші сыңары: 1. Көне түркі. бұзұқ «бұзылған, қираған, сынған» (ДТС,1969,131) сөзінен шығып, «қираған таудың басы» мағынасын беруі бар. 2. Көне түркі. бұзлұғ/бұзұқ «мұзды, мұздақ» (ДТС,1969,130) сөзінен шығып, «мұздақтың басы» мәнінде тұруы ықтимал. 3. Көне түркі. бұзұқ/бозоқ (ДТС,1969,131) «оғыз тайпасының аты» этнонимінен жасалып, «бозоқ тайпасының басы» мағынасын беруі де мүмкін. Топоним осы үш нұсқаның бірінен пайда болғаны анық.

БҰҚАРА – қала, Өзбекстан. Бұқар/Бұхара – Ұлы Жібек жолындағы көне, әрі ірі қалалардың бірі. Бұхара/Буһара ойконимін Академик В.В.Бартольд санскрит тіліндегі вихара «будда ғибадатханасы» деген сөзден шығарған еді (Бартольд,1965,36). Ғалым бұл пікірді М.Қашқаридің пікіріне сүйеніп айтқан сыңайлы. Е.М.Поспелов өз еңбегінде, А.Мухаммаджановтың Бұхара ойконимін соғды тіліндеге бугоро «құдайдай сұлу» сөзінен шығаратынын келтіреді (Поспелов,2007,103). Бұл жерде қала орналасқан жердің табиғатының көркемдігі ескерілсе керек.

Келтірілген тұжырымдарды жокқа шығармай, өз болжам-пікірімізді ұсынамыз. Бұхара қаласы салынған жер Зарафшан өзенінің бір саласы тарамдалатын, көгалды, сазды жер болғандықтан, ол көгалды жазықты парсы (соғды) тіліндегі тұрғындары бохар «тұман, бу» сөзімен атаған деп ойлаймыз (Жеменей,1994,234). Сулы жерде тұман болатыны табиғи нәрсе және бохар/бұхара «тұманды» топонимі кейін пайда болған қала

атына ауысқан болуы керек. Ол жерді ежелден соғдылар мекендегені тарихтан белгілі.

БҰҚТЫРМА - өзен, е.м. Катонқарағай, Алтай ауд. Ж. Болатов пен А. Әбдрахманов Бұқтырма гидронимін бұқ (етістік) + тыр (өзгелік етіс жұрнағы) + ма (етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ) деп талдайды да, мағынасын суға түскен нәрсені тастан тасқа соғып, бұқтырып әкететін қасиетінен шығарады. Орыс тіліне енген көне түркі сөздерін (тюркизмдерді) зерттеген Е.Н.Шипованың сөздігінде: "Бахтарма-бухтарма"(архаизм.) внутренняя сторона шкуры, прилегающая к телу животного" деген түсініктеме бар (Шипова,1976,69). Біз де өзеннің аты осы көнерген сөзден жасалған деп есептейміз, өйткені жаңа сойылған малдың терісін аударып қарағанда, қан тамырларының ізі тарам-тарам болып көрініп тұрады. Бұқтырма өзені де дәл солай сала-салаға бөлініп ағады. Ұқсату арқылы жасалған атаудың түбірі бұқ, бұктеу сөздерінен шығып, кейін жуандаған секілді. Бұқ+тір+ме >Бұқ+тыр+ма.

БҰЛАҚТЫ АЙА БАСЫ – топоним, көне түркі есерткішінен. Топонимінің екінші (негізгі) сыңары Айа көне түркі. айа «алақан» (ДТС,1969,25) сөзінен шығып, «айадай шағын өзен не тау» деген мәнді білдіреді. Бұлақты Айа басы «бұлағы көп шағын таудың басы немесе шағын өзеннің бастау тұсы» деген ұғымға саяды. Қазақстандағы Айаүгүз/Айагүз/Аягөз өзенінің басқы тұсын атап тұруы да ғажап емес.

БҰЛҒЫНТАЛ – көл. СҚО, Шал ақын ауд. *Бұлғын* зат есімі «қылқан жапырақты орманда мекендейтін, дене тұрқы 40-55 см-дей, терісі аса бағалы, кішірек жыртқыш аңның» аты, зооним. «Бұлғын мекендейтін жерлерді» атап көрсету арқылы топонимжасамға қатысады. Бұлғын + тал сөздерінен бірігіп, «бұлғын мекендейтін талды жер» деген мағына береді.

БҰЛДЫРТЫ – өзен. БҚО, Сырым ауд. Бұлдырты гидронимі қазақ. бұлдыр «көзге түсетін ақ» (Қайыржан,2013,91) + ты (туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы жасалып

«жағасында ақ дақтары (тұзды қақтары) мол өзен» деген мағына беріп тұр.

БҰРҒЫ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Бұрғы/Бұрғұ топонимі көне түркі. бұр «(жолдан) бұрылу» (Кайдар, 2005, 179) етістігі + ғұ (зат есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып, «жолдан бұрыс жер, бұрылыс» деген мағына береді.

БҰРҚАТ АСУЫ – асу (2141 м), Катонқарағай ауд. Асудың толық аты - Архат-Бұрхат деп аталады. Ж. Болатов Архат, Бұрхат - кісі аттары (антропонимдер) дейді. Моңғол-қазақ топонимдерін салыстыра зерттеген Г.Сагидолдагийін бұл атауларды былайша таратады; Моңғ, ар «солтүстік» + хад "жартас" және овер "оңтүстік" + хад "жартас". Мағынасы "биік таудың күнгейі мен теріскейі» дегенге келеді. Катонқарағай мен Марқакөлді жалғастыратын бұл маңызды асуды теріскейінен тоғыз ирек жолмен асып, күнгейінде 4-5 ирек жолмен түсу керек болады. Осы асу бойымен кезінде (1914-1917 жылдары) австро-венгер тұтқындарының күшімен Ирек жолы салынған. Ресей патшалығы Қытаймен байланыстыратын жол салуды көздеген, алайда Қазан төңкерісі кедергі жасады.

БҮЙІР КӨКТӨБЕ – шоқы. Алматы обл., Іле ауд. *Бүйір* сөзі «дененің оң не сол жақ бүйрек тұсы» (ҚТТС, 2т, 560) мағынасын береді және тура осы мәнде топонимдер жасайды: «бір нысанның бүйір тұсына, қапталына орналасқан екінші нысанды» атайды. Бүйір + Көктөбе «бүйір жақтағы Көктөбе» деген мағына береді.

БҮРТАС – таулар. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд. *Бұр* зат есімінің көптеген мағыналарының ішінен топонимжасамға қатысатыны «біртегіс нәрсенің бетіндегі бұдырмақты түйін» мағынасы (ҚТТС, 2т, 570). Оның өзі «өсімдіктің жапырақ жаратын бүрі» мағынасынан шығатыны анық.

Бұр + тас сөздерінен біріккен атау «тастары тегіс емес, бүрлі, бүртікті тау» мәнінде тұр (Шұбартас атауы тәрізді). Жер-су атын қоюға шебер қазақ тастың бетіндегі бүрін де назардан тыс қалдырмаған.

БҮРКІТАУЫЛ – тау шыңы. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Бүркіт* зат есімі «таулы, далалы жерлерді мекендейтін тегеуріні қатты ірі жыртқыш құстың» (ҚТТС, 2т, 574) аты екені мәлім. Қазақтар бүркітті қолға үйретіп, аң аулауға салатын болғандықтан, жер-су атын жасауға ерекше маңызды белгі болып табылады. «Бүркіт құсы мекендейтін жерлерді» атап көрсететін топонимдер қалыптасқан (Бүркіт, Бүркітті т.б.). Қазақ/моңғол. бүркіт/бүргед + ауыл/уул сөздерінен бірігіп, «бүркіттау» деген мағына береді. Моңғол. уул «тау» (Базылхан,1987) сөзін қазақтар ауыл деп атайды: Баянуул/Баянауыл «бай тау».

БӨКЕГҮК – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топоним көне түркі. бөг/бөк(е) «бөгеу, бөгеп қою» (Қашқари,1997,35) + гүк/ғұк (зат есім жасайтын жұрнақ: қаз «қазу»/қаз+ғұк «қазық») (ДТС,1969,654) тұлғалары арқылы жасалып, «бөген (суы бөгелген жер)» мағынасын береді: Бөг(е)гүк/Бөк(е)гүк.

- Д -

ДАҒАНДЕЛІ – өзен, Аягөз ауд., Абай обл. Атау таза моңғол тілінен шығады: алғашқы сыңары даага моңғол тілінде «тай» деген мағына берсе, екінші сыңары дәл «жал» деген мағына береді(Базылхан,1987,160,209). Сонда Дағанделі «тай жал, тай жалдап жүзіп өтетіндей тереңдігі бар өзен» дегенге саяды. Тайжүзген өзені сияқты.

ДАРБАЗА – е.м. ОҚО, Отырар және Сарыағаш ауд. Түбі иран тілінен шыққан *дәр* «есік», *дарваза/ дарбаза* «қақпа» (Жеменей,1994,277) мағыналы сөзі Қазақстанның оңтүстігіне енген. Қалған аймақтарда қолданылмайды.

Дарбаза «қақпа» кірме сөзі ұқсастық (метафоралық) жолмен топонимдік терминге көшкенін Э.М.Мурзаевтың сөздігінен көруге болады (Э.М.Мурзаев, 1984;172). *Дарбаза* географиялық термині «арасында өтетін жолы бар екі тас, не тауды» білдіреді. Қаз. *қақпатас*, *есік*, *босаға* терминдерімен мәндес. Көне түркі

ескертікшітерінде кездесетін Темір қапығ/Темір қақпа топонимімен үндес. *Дарбаза* географиялық терминінен жасалған топонимдер ареалы, жоғарыда айтып өткендей, оңтүстік аудандарға тән: *Дарбаза* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.); *Дарбазақұм* (е.м. Алм. обл., Панфилов ауд.).

ДАРДАМТЫ – өзен, е.м. Алматы обл., Ұйғыр ауд. Дардамты топонимі бурят. дардам «тегіс» + ты (түркі-моңғолға ортақ көптік мәнді жұрнақ) тұлғалары арқылы жасалған туынды атау болып табылады. Мағынасы Дардамты «тегіс жері немесе тегіс тасы мол өзен» дегенді білдіреді. Бұл жер таулы, шатқалды болып келетіндіктен, жері тегіс бола алмайды, ал өзен бойындағы сансыз петроглифтер салынған тастары тегіс екені рас және сол тегіс жартастар атауға уәж болған. Ұйғыр ауданында кездесетін моңғол-бурят тілдерінен жасалған топонимдер Жоңғария үстемдігі кезінен қалғандығы анық.

ДЕГЕЛЕҢ - тау. Е.Қойшыбаев бұл атауды: «Көне түрк. деге («теке») және йелең («қылаң-қараң») компоненттерінен құралған атау, мағынасы: «теке қаптаған жер», - деп түсіндіреді. Біздің пайымдауымызша: 1. Доғалаң сөзінің жіңішке нұсқасы Доғалаң/Дегелең: «Дөңгелене біткен тау». 2. Дегелең (шведка) өсімдігі өсетіндіктен, Дегелең деп атаған.

ДЕГЕРЕС – е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд. Ғ. Қоңқашпаев, А.Әбдірахмановтар моңғ. *дээргерес* «жабайы ешкі, тау ешкі, жирен» сөзінен жасалғанын айтады¹¹⁸. (Әбдірахманов,1975,87). Е.Қойшыбаев түркі. *тегер* «айналма, айналым» + *ес* - өлі жұрнақ дейді (Қойшыбаев,1985,91).

Т. Жанұзақ Ә.Нұрмағамбетовтың пікіріне сүйеніп, моңғ. *дэгүүр* «жоғары, үсті» сөзі мен түркі. *ес* «су», «өзен» сөздерінен бірігіп, «жоғарыдан тау басынан аққан өзен» деген мағынасын анықтайды (Жанұзақ,2007,64).

Біз де соңғы пікірді қостап және моңолғ. *дэг* «кедір-бұдыр жер, ұңқыр-шұңқыр жер» (Базылхан,1987,207) мәнді ГТ ескеріп,

Дегерес «төбелі, кедір-бұдырлы жермен ағатын өзен» деген мағынада тұр деп есептейміз.

ДЕЛБЕГЕТЕЙ - тау, е.м., Жарма ауд. Атау моңғол. дэлбэг «делбиген, тайпақ» сөзінен шыққан. Ал -тей (туынды сын есім жұрнағы). Сонда «Жайпақ төбелері көп жалпиған тау» деген мағынаға келеді.

ДИҚАН БАБА – е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд. *Диқан* (< ир. деһкан) «егінші, егін салушы, диқан» мағынасындағы зат есім топонимжасамға қатысып, «егіншіге байланысты нысандарды» атайды. Диқан Баба тіркесі антропотопоним болып табылады, Дихан Баба деген әулие адамның құрметіне қойылған.

ДИІРМЕНТӨБЕ – тж. бекеті. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. «Ұн тартуға арналған қондырғы» мағыналы *диірмен* сөзі көптеген елдің топожүйесінде негізгі белгілердің біріне жатады. Қазақ топонимиясында да «диірмен орналасқан жер» мағынасымен түбір, туынды, күрделі атаулар жасайды. Диірмен + төбе сөздері бірігіп, «диірмен орналасқан төбе» мағынасын береді.

ДОҒАБАССОР – тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд. *Доға* сөзі «атты шанаға, арбаға жегу үшін қажетті иілген ағаш» мағынасын береді және топонимжасамда «доғаша иілген табиғи нысандарды» атауға жұмсалады (метафоралы атау жасайды). Доға + бас + сор сөздерінен біріккен атау «доғаның басындай иілген тұзды көл» деген ұғым тудырады.

ДОЛАН – е.м. Алматы обл., Қарасай ауд. *Долан* моңғ. *дулаан* «жылы», «ық», жер мағыналы сөзінен жасалған ойконим.

ДОЛАНАТЫ – қыстау, Үржар ауд. Долана (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағының көне түрі) арқылы жасалған туынды атау. Мағынасы: Доланалы. Үндестік заңына бағынбай тұрған –ты қосымшасы бұл атаудың көнелігін білдіреді.

ДОЛОН – е.м. ШҚО, Бесқарағай ауд. *Долон* моңғ. *долоо(н)* «жеті» сан есім сөзінен жасалған елді мекен атауы. Сан есім жеке қолданылмайтындықтан, элипсиске ұшырағаны анық. Орыс саяхатшысы Ф.Байковтың жолжазбасында *Долонқарағай* қазіргі

Семияр поселкесінің тарихи аты екенін келтіретіндіктен, атаудың екінші сыңары моңғ. *харгай* «қарағай» сөзі болуы мүмкін. Екіншіден, павлодарлық зерттеушілердің (Ж.Артықбаев т.б.) айтуынша, қазіргі Долон елді мекенінің орнында қалмақтардың ғибадатханасы болған (Артықбаев, 2004, 30). Ендеше эллипсиске ұшыраған екінші сыңары моңғ. *хийд* «ғибадатхана» сөзі деп білеміз. Бұл ғибадатхана жеті шатырдан тұрған және *Долонхийд* «жеті ғибадатхана» атауы кейін Семипалатинск атауының жасалуына негіз болады.

Сонымен бұл өлкеде жоңғар үстемдігі кезінде *Долонқарағай* (Семияр) және *Долонкид* (*Долон*) атты екі елді мекен болғаны айқындалады.

ДӨҢАРША – қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд. *Дөң* «доғалдана біткен биіктік, жалпақ төбе» мәніндегі географиялық термині көбінесе күрделі атаудың екінші сыңарында қолданылады. Кейде алдыңғы позицияда келіп, «дөңді жерде орналасқан екінші нысанды» анықтап тұрады. *Дөң* + *арша* сөздерінен жасалған ороним «арша өскен дөңді жер» деген мағына береді.

ДӨРБІЛЖІН – е.м. ҚХР, Шыңжан өлкесі. Дөрбөлжін/Дөрбілжін ойконимі моңғол. дөрвөлжин «шатыраш, төртбұрыш» сөзінен жасалған (Базылхан, 1987, 192). Осы маңда өмір сүрген қазақ жазушысы Қажығұмар Шабданұлы өзінің «Қылмыс» романында Дөрбілжін қаласының маңында Жер Дөрбілжін деп аталатын ескі қорған болғанын, алайда қытайлар ол тарихи орынды ортадағы балбал тасымен қосып, тегістеп, орнына мәдениет үйін салғанын жазады (Шабданұлы, 2009, 1-том, 294). Бұдан біз Дөрбілжін «төртбұрышты етіп салынған көне қорған-бекіністің» аты болғанын білеміз.

ЕБЕЙТІ – е.м. Ақтөбе обл., Қарғалы ауд. Ебейті ойконимі қазақ. ебей/ебейін «ебелек шөбі (рогач)» + ті (көптік мәнді жұрнақ) тұлғаларынан жасалып, «ебелек шөбі мол өсетін жер» деген мағына береді. Көне түркі. ебей «кәрі күң, кемпір» сөзі және диалект. ебей «құдықтан су шығаратын шығырдың ойығы» сөздері топоним жасауға тым қабілетті емес.

ЕГҮК ҚАТҮН – топоним, көне түркі ескерткішінен. Мұндағы Егүк сыңары көне түркі. ег «ию, бүгу» + үг/үк (етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ: кеш/кешік) (ДТС,1969,165) тұлғалары арқылы жасалып, «иін, бұрма» мағынасын береді.

Атаудың екінші сыңары Қатұн/Қатын гидронимін П.Чихачев, Н.М.Ядринцев, О.Т.Молчанова т.б. зерттеушілер түркі тіліндегі *қатын* "ханым, әйел" мағынасында тұр деп табады (Молчанова,1979,215). Ал В.У.Махпиров, Мурзаев пен Добродомовтың пікірлеріне сүйеніп, қатын «өзен» мағынасын береді дейді (Махпиров,1997,249). Алайда өзен атының дәл этимологиясын берген - алтайлық зерттеуші В.Н.Тадыкин. Мұзтаудан басталатын өзендердің барлығы жазда ақ айран түстес болып ағатыны белгілі. Сүт түстес Қатын өзені Обь өзеніне құйғанда, оны лайлап түсін өзгертеді. Ендеше түркі тіліндегі *қат* түбірі "қос, араластыр" мәнін берсе (м.: шайға сүт қат), *қат+ын* туынды сөзі "қосылған" деген мән береді (м.: қатын – «ерге қосылған, шыққан әйел"). Сонда Қатын гидронимі "екінші бір өзенге қосылған өзен" ұғымын тудырады (Тадыкин,1990,367). Біз де осы пікірді қолдаймыз, өйткені Қазақстандағы Қатын, Қатын су атты өзендер түгелдей екінші бір өзенге қосылатын өзен, сулар болып келеді.

Сонымен, Егүк Қатұн топонимі «иін жасап, бүгіліп келіп, екінші бір өзенге қосылатын өзен, су» деген мағына береді деп шешеміз.

ЕГІЗҚАҚ – құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. *Егіз* сөзі «бір анадан бір мезгілде туған екі бала» мағынасын береді және ғалымдар *егіз* сөзінің түбірінде *екі* сан есімі жатқанын мойындайды: *екі* + *з* > *егіз* (мұндағы -*з*, -*ыз*, - *із* көптік мән беретін көне жұрнақ). Топонимжасамда «нысанның екі данадан тұруы» ғана шарт емес, ол «нысандар өзара ұқсас, бірдей болып келуі» де талап етіледі. Өйткені *егіз* сөзінің ендігі бір мәні «ұқсас, бірдей» дегенге саяды (М.: *Егіз қозыдай ұқсас*). Сонымен бірге тілші-ғалымдар Н.А.Баскаков *егіз* сөзінің көне түркі тілінде *эс* (> *егис*) «биік» мағынасын беретінін, Э.Мурзаев қырғыз. *эгиз* «биік», «биік таудағы жайлау» мағынасын беретінін жазады (Мурзаев, 1984, 538). Әрине, *егіз* сөзінің қай мәнде атау жасауға қатысып тұрғанын геонысанның өзі ғана айғақтап бере алады. *Егіз* + *қақ* сөздерінен біріккен топоним «көлемі мен пішіні бірдей екі тұзды, ақтаңдақ жер (қақ)» мағына береді.

ЕГІНСУ – өзен. Алматы обл., Ақсу ауд. *Егін* зат есімі «қолдан өсірілген екпе дәнді дақыл» (АТС, 1968, 263) мағынасын береді де, жалқы есімде «егін егілген, егін маңындағы жерлерді» таңбалауға қатысады. *Егін* + *су* сөздері бірігіп келіп, «суының көбі егіндікке жұмсалатын өзен» деген ұғым тудырады.

Қаз. *егін* сөзі мен моңғ. *эхэн* < *эх* «ана, шеше; бастау, көз» сөзі омоним атаулар жасайтыны байқалады (*Егінбұлақ* < *Эхенбұлақ* «бұлақтың басы, көзі») (Базылхан, 1987, 404).

ЕДІЛ – Каспий теңізіне құятын ірі өзен (Волга). *Еділ* гидронимін орыс тілді ғылыми еңбектер *Идел/Итил* түрінде алады да, талдап әкетеді. Атаудың түпнұсқасын бұрмалап алып, оның этимологиясын іздеу, әрине, дұрыс емес. Барлық ғалымдардың пікірлері *Еділ* «үлкен, суы мол өзен» деген мағына береді дейді. Біз де бұл пікірді теріске шығармаймыз, бірақ башқұрт тіліндегі *изель* < *езел* (Ақизел) нұсқасына сүйеніп *Еділ* мен *Есіл* бір түбірден шыққан бір ғана атау болуы мүмкін деп жорамалдаймыз (*Еділ* < *Езіл* < *Есіл*). Мұндағы *ес* түбірі «баяу, ақырын» деген мағынаға саяды (самал еседі, жел еседі, «жел соғадыға» қарсы мәнде). Екі

өзенге де тән ортақ белгі – олардың жазық даламен ағуы. Ал жазықтықтағы су баяу, есіліп ағатыны мәлім.

ЕЗГЕНТІ ҚАДАЗ – топоним, көне түркі есерткішінен. Топонимінің этимологиясын көптеген зерттеушілер айналып өтеді. Біздің ойымызша, атаудың екінші сыңары Қадаз көне түркі. қайа «жартас» + с/ш/з (кішірейткіш мәнді жұрнақ) арқылы жасалған. Қадаз деп шығыс түріктері атаса, батыс түріктері Қайас/Қайаз түрінде атайды. М.Қашқари тохсы мен шігілдердің үш қаласы осы атпен аталатынын айтады: Сапылығ Қайаш, Өрүң Қайаш, Қара Қайаш (Қашқари, 1997, 234, 235). Бұлар, тиісінше, «Қылышты Қия (сапы «қылыш»), Ақ Қия, Қара Қия» мағыналарын береді. Мәтіндегі Езгенті Қадаз осы үш қаланың біреуін атап тұруы әбден мүмкін. Ал Езгенті сыңарының мағынасы ашылмайды, тек моңғол. езен+ті, түркі. йен+ті «йесіз, бос қалған (қала)» мәнін бере ме деген болжам ғана ұсына аламыз.

В.Махпиров өзінің ғылыми еңбегінде Езгенті Қадаздан басқа Adzgantu Qayas деген топонимді келтіреді, бірақ, менің ойымша бұл бір қала атының екі түрлі аударылуы, айтылуы болса керек (Махпиров, 1997, 246). Мұнда ғалым adzgantu «терновник (тікенді қараөрік ағашы (Қалиев, 1993, 67) – Б.Б.) деген сөз деп табады да, qayas «жартас» дейді (сонда). Олай болса, Езгенті Қадаз/Adzgantu Qayas «қараөрікті қия, бет» деген мәнге тартады.

ЕКІАЙҚЫЛЫҚ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топонимінің бірінші сыңары Екі «бірден кейінгі сан, екі» сан есімінен жасалады. Екінші сыңары Айқылық көне түркі. айқы «айлық» мерзім мәнді сөзі + лық (зат есім жасайтын жұрнақ) (ДТС, 1969, 30) арқылы жасалып, «екі айлық мерзім» мәнін береді. Негізі, айқы сөзіндегі мәнді қосымша қайталап тұр. Сонымен, Екі Айқылық «екі айлық (жер)» мағынасымен бір жерден (мүмкін астанадан – Б.Б.) екі айлық алыс екінші бір жерді атап тұр.

ЕКІБАСТҰЗ – қала, Павлодар обл. ойконим екі + бас + тұз сөздерінен бірігу арқылы жасалған. Тұзды, алғашында, адам көтере алатындай кесегін «бір бас тұз» деп атап, саудаласқан.

Мөлшері аттың басындай көлемдегі тұзды «бір бас тұз» деп өлшем ретінде қолданғаны байқалады. Екібас + тұз атауы «алғашында екі бастай кесек тұз табылған жер» деген мағына береді. Қарабастұз атауы да осы үлгіден шығады: «қара түсті бас тұз».

ЕЛЕК – өзен, Шыңғырлау ауд., БҚО. Көптеген топонимтанушы-ғалымдар Елек гидронимін көне түркі. ол/іл/ыл «ылғал, сыз, су» сөзінен шығарады: Іле, Есіл, Еділ, Ойыл,Тобыл т.б. сияқты (Жанұзақ,2007,67). Е.М.Поспелов Елек атауының (Поспелов,2007,474). Біздің ойымызша, Елек гидронимі алтай тілдер семьясына жататын корей., тұңғыс-мәнжүр. елү/елгү/елге/елгі «жетектеу, қабылдап алу, баурап алу» сөзіндегі «ел» түбірінен шығатындай (Севортян,1974,261). Көне түркі. ел + т «елту, тарту, жетектеу, баурап алу» сөзінде де осы түбір тұр (ДТС,2016,183). Сонда, Ел «қабылдау, ерту, жетектеу» + гек (сын есім тудырушы жұрнақ: жел + гек, жүр + гек) тұлғалары арқылы жасалған Елгек > Елек атауы «қабылдаушы, бастаушы, ертуші (өзен)» деген мағына береді. Сөз ортасындағы «г,ғ» дыбыстары тұрақсыз болатыны белгілі: қазғак/қазақ, емгек/еңбек, тамғак/тамақ. Бұл пікірімізді Елек өзенінің 75 ірілі-ұсақты суды өзіне қосып алып, арнасын кеңейте беретіні дәлелдейді.

ЕЛЕКЕ САЗЫ – қоныс, Тарбағатай ауд. Антротопоним. Елеке + нің саз + ы құрамында изафеттік қатынаста тұрған сөз тіркесі арқылы жасалған. «Елеке деген адам мекендеген сазды жер» деген мағына береді. Сазды жерлер жаз бойы көгалды, шөпті болып жататындықтан, малға жайлы болып келеді.

2018 жылы Елеке сазынан табылған сақ қорымдары, одан шыққан келесі бір «алтын адам» әлем назарын аударды. Сондықтан бұл жер киелі жерлер қатарына қосылды.

ЕЛОРДА – көне қала. Жетісу өңірінде. *Ел* сөзі көне түркі ескерткіштерінен бері «халық, жұрт, қауым» мағынасынан айнамай қолданылып келеді. Бұл сөз топоним тудыруға да қабілетті: «елге қатысты, көпшілікке ортақ, қасиетті жерлерді»

атайды. Ел + орда көне ойконимі «ел орталығы, астанасы» деген ұғым тудырыды.

ЕЛҚҰДЫҚ – құдық, Аягөз ауд. Ел (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінен біріккен. «Көп ел пайдаланатын, елге ортақ құдық» деген мәнде тұр.

ЕМЕЛТАУ - тау, е.м., Аягөз ауд. Емел (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінен біріккен. Атаудың бірінші сыңары моңғол. эмээл «ер, аттың ері» сөзінен шығады да, екінші сыңары қазақ. тау сөзі екені белгілі. Екі сыңары екі тілден жасалған осындай атаулардың кездесуі қалмақ пен қазақтың ұзақ уақыт араласып тұрғанын дәлелдейді. Емелтау тура мағынасында «аттың еріне ұқсас тау» дегенді білдіреді.

ЕМІЛ – өзен, Үржар ауд. Атау екі құрамды деп ойлаймыз: ем + іл. Мұндағы ем моңғол. «жіңішке» сын есімі де іл/ыл көне түркі тілінде «ылғал, су» мәнін береді [3;770]. Сонда Еміл «жіңішке, ені тар су, өзен» деген мағына туғызады. Ойыл, Қиыл гидронимдері үлгісінде жасалған.

ЕНШІКӨЛ – көл. Қостанай обл., Әуликөл ауд. Қазақ тілінде енші сөзі «әкенің балаға жеке үй болғанда бөліп беретін мал-мүлкі, үлесі» (АТС, 1968, 211) мағынасында қолданылады. Топонимжасамда «көшпелі өмір кезінде осындай еншіге бөлінген жер-суды» атайтын болған. Енші + көл сөздерінен жасалған гидроним «басқа бір көлден бөлініп шыққан көл» мағынасын береді.

ЕРЕНҚАБЫРҒА – тау жотасы. Тянь-шань (Тәңір) тауының шығыс жақ сілемі. Ороним ерен + қабырға сөздерінің бірігуінен жасалып тұр. Мұндағы ерен сөзін түркі тілінен іздесек, көне түркі. ерен «еркек, жауынгер» мағыналарын береді (ДТС, 2016, 188). Ерен сөзінің бұл түркілік нұсқасы топонимжасамда белсенді емес. Ал моңғол. эрээн «шұбар, ала, теңбіл, тарғыл» сын есімі топонимжасамға белсене араласа алады (Базылхан, 1987, 783). Түркі, моңғолға ортақ *қабырға* сөзінің негізгі мағынасы «омыртқа мен төс сүйегін ұштастырып тұратын имектеу келген жіңішке

сүйек» (ҚТТС, 5т, 465) болады және *қабырға* анатомиялық термині ауыспалы мағынада алдымен «белгілі бір баспананың (мәселен, үйдің) қанаттары» сөзін туғызады. «Баспананың қабырғасы» мағынасы ұқсату арқылы «таудың қапталы, қабырғасы» мәніндегі географиялық термин жасайды. Сонда Еренқабырға оронимі «ала қабырға» мағынасын беріп, тау қыратының кейде қара тасты, кейде жасыл шымды, кейде ақ қарлы түстермен ала-шұбарланып тұратын келбетін атап көрсетеді. Таудың жазық даламен қабырғаласып жатқаны Еренқабырға атауын туғызғаны болмаса, Алатау оронимімен үндесіп жатыр.

Жерімізде *Қабырға, Қабырғатал, Еренқабырға, Қабырғашы* < *қабырға+ащы* тәрізді метафоралық атаулар бар.

ЕРҚАМЫШ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Ерқамыш/Ерқамыс атауы көне түркі. ер «еркек» (ДТС,1969,175) + қамыш «қамыс» (ДТС,1969,415) сөздерінің тіркесінен жасалған және «еркек (биік, ірі) қамыс өскен жер» деген мағына береді: «еркек шөп» фитонимі сияқты. «Көне түркі сөздігінде» Ер Қамыш деген жер Ертіс өзенінің жағасында делінеді (ДТС,1969,175).

ЕРТІС – өзен. Ертіс гидронимі туралы ертелі-кеш айтылған пікірлердің ұзын-ырғасы мынадай:

1. М.Қашқари (ХІ ғ.) "Кім тез өтеді?" деген мағына береді дейді де, «Ертішті – бәсекелесіп өтісті; бәстесіп өтісті ... Ертішүр – ертүшмек – Бәске өтісер – бәске өтіспек» деген мысал келтіреді (Қашқари,1997,273). Бұдан, біз, *ерт* сөзінің "өт", "өту" мәнінде қолданылып тұрғанын көреміз. Көне түркі сөздігінде (ДТС): "*Ерт* - проходить, миновать" мәнін береді дейді де, сол М.Қашқаридың "өдлен ертті - время прошло" деген мысалын келтіреді (ДТС,1969,182). Көптеген ғалымдар бұл пікірді халықтық этимология деп табады, алайда өзен атауының сырын ашуға осы пікір жетелейтін сияқты. Оның үстіне ХІ ғасырда өмір сүрген Әбу Сайид Гардизи өз еңбегінде Ертіс атауын *ер + түс* сөздеріне бөледі де, "адам, төмен түс" мәнінде тұр дейді (Жанұзақ,2007,70).

Дұрысында: "Ер болсаң, суға түс, өтіп көр" деген мәнді мензейтіндей.

2. П.П.Семенов-Тянь-Шанский: «Иртыш – қырғыз (қазақ) тілінде *ир* – «жер» + *тыш* (*тіс*) – «қазу» түріндегі сөздерден біріктіреді (Семенов,1903,19). Мұндағы әуелгі қателік гидронимді "Иртыш" деп алуында жатыр. Саяхатшы-ғалым "Ертіс" түрінде алып талдаса, мүмкін шындыққа жақындар еді.

3. В.В.Бартольд: «*Артуш* (*эртюш*) нұсқасында алады да, Гардизидің пікіріне сүйеніп, «адам (ер), төмен түс» мағынасында тұр деген тұжырым жасайды (Бартольд,1963,435-436).

4. А.П.Дульзон: Иртыш «кет тіліндегі *ир*+*сес* сөздерінен бірігіп, «өзен+өзен» мәнін береді. *Ирсес* > *Ирчис*>*Иртыш* тұлғалық өзгерістерін бастан кешкен», - дейді (Дульзон,1960,9). Жер-су аттарын зерттеу барысында, екі сыңары да бір ғана мағына туғызатын атауларды жасаудың қажеті болмағанына көз жетті. Сонымен қатар ғалым кет тайпасының Ертіс бойын мекендегеніне дәлел келтірмейді.

5. Э.М. Мурзаев: «Көне түркі. *ир*.; қаз. *иірім*, түрік. *ирмок* «өзен», өзб. *ирмок* «өзеннің сағасы» + кет. *сес*, *иеш* «өзен» сөздерінен жасалған болуы керек дейді (Мурзаев,1984,288). Бұл болжамның А.П.Дульзонның пікірімен үндесіп жатқанын байқау қиын емес.

6. Г.Й.Рамстедт: «*Ертіс* – «қатал, ашулы, тасқынды», - мәнінде тұр деген көзқарасты келтіреді, бірақ нақты тілдік талдау жасамайды (Рамстедт,1909,547).

7. Қазақ ғалымы А.Әбдірахманов: «Түрік. *ир* > *ер* «иір» + кет.*сес*//*иеш*//*тіс* // *тыш* «өзен,су» сөздерінен біріккен. Иіртес > Ертіс, яғни «иір өзен», - деп шешеді (Әбдірахманов,1975,93).

8. А.К.Матвеев, В.И.Попова т.б.: «*Ар*//*ер* «су, өзен» + *тыш* // *тіс*, *сес*, *ас*, *ес* «су, өзен» тұлғаларынан біріккен дейді (Попова,1997,70). Екі сыңары да бір мағынаны қайталайтын атаулардың болмайтыны бұл пікірді теріске шығарады.

9. Т.Жанұзақ: «*jer* «жер» + *mic* < *ic* «өзен», яғни Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен» мағынасын беріп, Қарасу атауына сәйкес келеді» деп шешеді (Жанұзақ, 2007, 71). Мұндағы *ic* сыңары неге *mic*-ке айналып кететіні дәлелденбеген.

Келтірілген болжам-пікірлердің бәрін де құптай отырып (теріске шығару үшін нақты этимологиясы ашылуы керек), олардағы негізгі мәселе Ертіс атауының құрамындағы «*m*» дыбысында тұрғанын байқау қиын емес. Барлық келтірілген анықтамаларда «*m*» екінші сыңарға таңылып отырады (тыш//тіс) немесе мүлде ұмыт қалады. Ал көне түркі, бірқатар үндіевропа елдерінде «өзен, су» мәнін беретін көне тұлға ас/ес, ыс/іс, с болса керек еді.

Біздің болжам-пікіріміз бойынша, Ертіс атауы өте көне гидроним болғандықтан (профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, Ертіс атауына кем дегенде екі мың жылдан асады), бір буынды үш сөзден тұрады деуге болады. Тілдің алғашқы даму сатысында бір буынды сөздердің басым болғаны анық. Атап айтқанда, *Er* + *im* + *ic* > *Ermic* (соңынан дауысты келгенде, ортаңғы қысандардың түсіп қалуы тіл білімінде алшақ элизия құбылысы деп аталады: орын + ы > орны). Мұндағы *er* түбірі көне түркі. *erish/eris* Э.В.Севортян сөздігінде «основа ткани», «горизонтальные жерди, вставляемые между вертикальными стойками при плетенки стен амбара» сөзінде кездеседі (Севортян, 1974, 294). С.Аманжоловтың монографиясында: «*Epic (uipic)*: арқау (основа в ткани). Ильм., 58» түрінде түсінік беріледі (Аманжолов, 1997, 478). Бұл сілтемелерден көріп отырғанымыздай *er* синкретті түбірінің тағы бір мағынасы «көлденең» семасын береді екен.

Ал *im/ym/om/ym* «өтетін», «ағатын» етістігін құрайтыны белгілі және *ыс/іс* «су, өзен» сөзі екені де баршаға мәлім. Сонда *Ermic* < *Er* «көлденең» + *im* «өтетін, ағатын» + *ic* «өзен, су» болып шығады, яғни, жинақтап айтқанда, Ертіс «көлденең ағатын өзен» деген мәнде тұруы мүмкін.

Атауға негізгі уәж (мотив) болған - оның Алтайға баратын, Алтайдан шығатын құрлықты көлденең кесіп өтуі, яғни өткел мәселесі. Көне түркілер «Алтын тауын асып, Ертіс өзенін кешусіз жерден кешуге» мәжбүр болады (Орхонские надписи, 2001, 71). М.Қашқари сөздігінде келтірілген мысалда:

«Ысытатын аптап қапсырды

Үміт артқан адам жауықты.

Ертіс суын кешпекші,

Содан халық сескенді», - деп Ертістен өтуге үлкен мән беріледі (Қашқари, 1997, 186). Ұзындығы 4,5 мың километрге жуық, ені 100-120м өзенді кешіп өте алмаған керуендер өзенді бойлап, оның басын (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген (Бірмағамбетов, 2001, 71). Тарихта Шыңғысхан әскері соңына түскен найман Күшлүк сұлтанның сарбаздары Ертіс суынан өтерде, көп шығынға ұшырағаны айтылады. М.Қашқари мен Ә.С.Гардизидің судан өту мәселесін айтып отырғандары да тегін емес.

Қорыта келгенде, Ертіс, Еділ, Есіл сияқты көне гидронимдердің этимологиясын тап басып ашу қиынға соғады, сондықтан күні бүгінге дейін айтылған пікірлердің барлығы дерлік, соның ішінде менің пікірім де, болжам дәрежесінде деп ұққан жөн. Логика ғылымында болжамдардың көп болғаны құптарлық құбылыс болып есептеледі, өйткені сол болжамдардың бірінде шындық жатады.

ЕСКІ ШІЛІК – е.м. ОҚО, Отырар ауд. *Ескі* сын есімі «көне, ескірген» мағынасын беріп, *жаңа* сын есіміне бинарлық позицияда болады. Сонымен бірге «тозған, бұрынғы, дағдылы» сияқты семалық реңктері де бар. Топонимжасамда табиғи нысанның (әлдебір құрылыстың) «бұрынғыдай емес тозғанын немесе ауысып, аунап, тастап, көшіп кеткенін» білдіріп, біріккен және тіркесті атаулар қалыптастырады. Ескі, жаңа сын есімдері уақытқа тәуелді болғандықтан, бір кездегі ескі жаңарып, қазіргі жаңа біраздан соң ескіріп жатуы заңды құбылыс болып табылады.

Ескі сын есімімен тіркесетін жер-су аттарының *жаңа* сын есімімен тіркесетін сыңары болуы (Ескі Шілік – Жаңа Шілік).

ЕСПЕ - өзен; е.м., Аягөз, Тарбағатай, Жарма, Зайсан ауд. ШҚО. Мағынасы: «Еспе құмымен бірге жайылып, есіліп ағатын саяз өзен» дегенді білдіреді.

ЕСІК – қала. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Есік* сөзінің негізгі мағынасы: «үйдің адам кіріп-шығатын аузы» болатыны айқын. Топонимжасамда «есікке ұқсас кіреберіс жері бар нысандарды» атайды. Есік қалашығы маңынан табылған «алтын адам» бұл жердің сақ дәуірінен бері Ұлы Жібек жолындағы «қақпа, есік» болғанын дәлелдейді. Жанындағы Талғар (Талхиз) маңынан табылған тарихи жәдігерлер де осыған меңзейді. Ұлы Жібек жолының Чаньан – Тянь-шань дәлізі осы жолмен өткені анықталып отыр. Есікте ірі тарихи мұражай орналасқан.

ЕСІЛ – өзен, СҚО. Ғалым А.Әбдірахманов көне түркі. «йашыл/жасыл өзен» мағынасында тұр деп табады. Біздің ойымызша, Ес + іл – су аты (гидроним) және ол «есіліп, жайылып, баяу ағатын өзен, су» дегенді білдіреді. Ес + пе, Ес + іл атаулары бір түбірден жасалып тұр.

- Ж -

ЖАБЫСАЙ – өзен. Ақтөбе обл., Шалқар ауд. *Жабы* сөзі «қарапайым қазақи жылқы, асыл тұқым емес» мағынасын береді. Ал топонимжасамда «қарапайым, жұпыны, шағын» мағынасында жұмсалады. Жабы + сай сөздерінен біріккен топоним «шағын ғана сай» деген мағына береді.

ЖАЙДАҚБҰЛАҚ – өзен. Алматы обл., Райымбек ауд. *Жайдақ* сын есімінің басқа мағыналарын ескермегенде, оның топоним жасауға қатысты екі мағынасы бар: біріншісі, «сай-саласыз тегіс, жазық жер»; екіншісі *жайдақ тарту* тіркесіндегі «бір нәрсенің азаюы, сиректеуі. Соңғы мағына Абай өлеңінде былайша қолданылады:

Жарқырап жатқан өзенің
Жайдақ тартып суалмай (Абай).

ЖАЙЛАУКӨЛ – е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд. *Жайлау* (< жазлау) «жаздыгүні мал жаятын шұрайлы, соны жайылым» мағыналы сөзі топонимжасамға белсене қатысады. Күрделі атау құрамында «жайлауда орналасқан екінші бір геонысанды» атап көрсетеді. Жайлау + көл атауы «жайлаудағы көл» деген мағына беретіні белгілі.

ЖАЙЫҚ – өзен, БҚО, Атырау обл. Көне жазбаларда көрініс табатын *Даих/Даикс/Джаих/Яик/Жайық* өзені басын Орал тауының оңтүстік сілемдерінен алып, Ресейдің Башқұртстан Республикасы мен Челябинск, Орынбор губернияларын кесіп өтіп, Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау облыстарымен ағып, Каспий теңізіне құяды. А.Әбдірахманов бастаған топонимтанушылардың барлығы дерлік өзен атауының *жай* «жайылу, жазылу» + *ық* (есім тудыратын сөзжасам жұрнағы), яғни *Жайық* «жайылып ағатын, кең су» деген мағына беретінін мойындайды. Салыстыра кетсек, ағын су=тұнық су=жайық су үлгісімен жасалып тұр. Бұл пікірді өзеннің суы тасыған кезде, орта ағысында 10 шақырымға дейін, аяғында одан кең жайылып кететіні дәлелдейді.. Таулы Алтай өлкесінде Чайық нұсқасы да бар.

ЖАЛАҒАШ – кент. Қызылорда обл., Жалағаш ауд. *Жал* сөзі «жылқының жалы» мағынасын бергенімен, ұқсастық арқылы «жылқы жалына ұқсас табиғи нысандарды» атайтын ГТ де бола алады. Жал + ағаш сөздерінің бірігуі арқылы жасалған ойконим «ат жалданып өскен ағашы бар жер» деген мағына береді.

ЖАЛАҢАШКӨЛ – көл, Алакөл ауд., Жетісу, Абай обл. Қазақ. жалаңаш «тақыр, ашық, жадағай» + көл «көл, су» сөздерінен жасалған. «Маңайы ашық, өсімдігі аз, тақыр көл» деген мағына береді. Суы шипалы Алакөлге жалғасып жатқандықтан, ежелден емдік қасиеті белгілі болған көл.

ЖАЛАУ – е.м., тау. Қостанай обл., Жангелдин ауд. *Жалау* сөзі «тудың кіші түрі» мағынасында тек кеңестік атаулар жасады деуге болмайды, бұрынғы жаугершілік жылдарда жеңіске жеткен жерлер де Жалау, Жалаулы аталуы мүмкін. В.Н. Попова «малға тұз жалататын жерлерді Жалаулы атандыруы ықтимал», - дейді (Попова, 2001, 144).

Кеңестік шаруашылықта «социалистік жарыс» деген науқан болғанын, онда жеңіске жеткен шаруашылыққа ауыспалы қызыл ту беріліп отыратынын аға буын өкілдері біледі. Сол туды жеңіп алған бөлімше (яғни, ауыл) Жалау, Жалаулы аталғанын қазіргі буын өкілдері біле бермейді.

Жалау, Жалаулы атаулары жалау тігетіндей биік шыңы бар тауларға да, жалаубас қамыс өсетін көлдерге де қаратып айтылады. Сондықтан жалау кеңестік атауын анықтауда жан-жақты зертеу жасалуға тиіс.

ЖАЛҒЫЗҚАЙЫР – шығанақ. Алматы обл., Балқаш ауд. *Жалғыз* сөзі «жеке, дара, бір» мағынасын береді және «жеке, дара, тұрған табиғи нысанды» атау арқылы күрделі атаулар жасайды. Оның ішінде біріккен және тіркесті атаулардың аралас келуі сияқты тың үлгі де кездеседі: *Жалғыз + ағаш Талдық* (Ақмола обл., Жарқайың ауд.). жалғыз + қайыр сөздерінен біріккен топоним «жеке, жалғыз, оңаша құмды алқап» деген мағына береді. Мұндағы қайыр көне түркі. «құм» деген сөз екені белгілі.

ЖАЛПАҚАСАР – ескі қорған. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.). *Жалтақ* сын есімі «жалпиған, тапталған, тегіс, кең» ұғымдарымен мәндес келеді және осы мағынада топонимжасамға қатысады. Табиғи нысанның «жалпия біткен сыртқы тұлғасын», «нысанның көлденең алғандағы көлемін (жалпағын)» анықтайды. *Жалтақасар* топонимінің құрамындағы *асар* сөзі парсы. «ескерткіштер», моңғ. «шатыр; мұнара, күмбез» мағыналарын береді. Көне түркі тілінде «қала, қорған, қамал» мәндерінде қолданылғаны байқалады. Сонда Жалпақасар «ені жалпақ қорған, қала» мағынасында тұр деуге болады.

ЖАЛПАҚҚОТЫР – қыстау. БҚО, Казталов ауд. *Жалпаққотыр* - мұндағы қотыр ор. *хутор* сөзінен шығатынын байқау қиын емес. Хутор сөзін қазақтар қотыр, күтір түрінде өзгертіп қолданған.

ЖАМАНОРПА – құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.. Қазақ. жаман «жаман, жақсы емес» + орпа «шегенделмеген, аузы кең, таяз құдық» (Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан, 2002,50) сөздерінен жасалған. «Суы таза емес немесе аз құдық» деген мағына білдіреді.

ЖАМБАУРАЙ – қоныс. Ақтөбе обл., Ойыл ауд. *Жам* сөзінің көптеген мағыналары бар, алайда, профессор Т.Жанұзақ атап көрсеткендей, топонимжасамға оның *жам/ям* «почта бекеті» мағынасы ғана қатысады (Жанұзақ,2007,78). Моңғол. *жам* «заң, заңдылық, сөзсіз, шартты» сөзі Алтынорда мемлекеті кезінде «почта бекеті», *жэмиік* «почта тасушы» мәнімен еніп, жер-су атында ғана сақталып қалған (Жамшы, Жамбура т.б.). Орыс тіліне *ям, ямщик* болып енгені байқалады (Шипова,1976,436). Жам + баурай атауы «баурай жердегі жам (почта бекеті)» деген мәнде қойылған.

ЖАМБЫЮБА – көл. Павлодар обл., Павлодар ауд. *Жамбы* көнерген сөзінің мағынасы «мергендер садақпен атып түсіруге тиіс, биікке ілінетін алтын не күміс теңгенің аты» екені ауыз әдебиеті үлгілерінен мәлім. Топонимжасамда «жамбы тігілетіндей биік нысанды не жамбыға тіккен теңгедей ғана шағын нысанды» атауы мүмкін. Жамбы + оба «жамбы тігетіндей көтеріңкі оба» деген мінге келеді.

ЖАНАМА – өзен, Жарма ауд. Абай ауд. Жана/жанау (егістік) + ма (сын есім тудыратын жұрнақ) құрамында тұр. «Шар өзенін біразға дейін жанамалай ағып келіп қосылатын өзен» деген мағыны береді.

ЖАНКЕНТ – көне қала. Қызылорда обл., Сырдарияның соңы. *Жан* сөзінің көптеген мағыналарының ішінен жер-су атын

жасауға қатысатыны – «бір нәрсенің жақын тұсы, қасы, маңайы» секілді көмекші есімдік мәні. Топонимжасамда «бір табиғи нысанға жақын орналасқан екінші нысанды» атау үшін қолданылады. Жанкент «Сырдарияның, өзеннің жанындағы кент (қала)» деген мәнде аталған сыңайлы. Екінші жағынан алғанда, Жаңакент атауының өзгерген түрі деген пікір бар. Оған тарихи қаланың Янгикент деген көне атауы себеп болған: Янгикент/Жаңакент. Жаңа + кент сөздерінен жасалған ойконим «ескі қаланың орнына салынған жаңа қала» мағынасын беретіні түсінікті. Біздің ойымызша, бірінші шешім (Жанкент) лұрысқа келеді, өйткені Маңкент «бір нысанның маңындағы кент (қала)» үлгісімен жасалып тұр.

Жанкент біздің заманымыздың бірінші ғасырында салынған көне қала болған. Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы қызметін атқарған. Жувейни жазбасында Шахаркент аталыпты. Кейінгі жазбаларда Янгикент оғыздардың астанасы болған деген мәлімет бар (Қазақ энциклопедиясы, 2005).

ЖАНТАҚСАЙ – арна. ОҚО, Сарыағаш ауд. *Жантақ* сөзі «түйе малының негізгі қорегі тікенекті шөптің» аты (ор. «верблюжья колючка» шөбі). «Жантақ шөбі мол өсетін жерлердің» атын жасауға қатысатын фитоним. Жантақ + сай сөздерінен біріккен атау «жантақ шөбі өсетін сай, арна» деген мағына береді.

ЖАҢАДАРИЯ – өзен. Қызылорда обл., Жалағаш ауд. *Жаңа* сын есімінің негізгі мағынасы заттың «жақында, жуықта пайда болғанын, жасалғанын» білдіреді де, *ескі* сөзіне қарама-қарсы мәнде қолданылады. Сондай-ақ бір істің «қазір, әлгінде» басталғанын айғақтап үстеу ретінде де жұмсалады.

Бізге керегі – топонимжасамда белсенді сын есімдердің бірі болып табылатын «табиғи нысанның жаңадан пайда болғанын, жаңаруын, өзгеруін» анықтайтын жаңа сөзі. Мысалы, Жаңаарна, Жаңақар, Жаңаорпа, Жаңа Текес т.б.

Алайда топонимге экстралингвистикалық ықпалдың мол болатындығынан, ол «амалсыз идеологияға жегіліп» (В.А. Никонов), *жаңа* сөзі көптеген кеңестік атаулар жасаған. Бұларды кейде табиғи атаулардан айыру қиынға соғып жатады. Мәселен, Жаңажол топонимі «жаңадан салынған жол» мәніндегі табиғи атау ма, «социализм жолы» мәніндегі идеологиялық (саяси) атау ма деп ойлануға тура келеді. Сондықтан Жаңаталап, Жаңақоғам, Жаңаүлгі, Жаңатұрмыс, Жаңадәуір, Жаңашаруа сияқты дерексіз ұғым беретін саясаттанған ойконимдерді екшеп алып, біртіндеп ауыстырып отыру шарт. Заман өзгерген сайын *жаңа* сөзін қосып, саясаттанған атаулар жасай берсек, біз шындық өмірден, табиғи болмыстан алыстап кетеріміз хақ.

Жаңа + дария гидронимі, орыс саяхатшысы Н.А.Северцовтың жолжазбасы бойынша, Сырдың теңізге құяр атырауындағы орта ғасырда айтылатын Қызылдария арнасын ауыстырған соң, Жаңадария аталған деп топшылайды (Северцов, 2017, 31).

ЖАҢҒЫЗТӨБЕ – кент, бекет, Абай обл., Жарма ауд.) *Жаңғыз* сөзі *жалғыз* «жеке, дара, бір» мағыналы сөзінің ауызекі тілде қалыптасқан нұсқасы екені белгілі. Бұл жерде фонетикалық өзгеріс қана бар (л~ң дыбыс алмасуы). Топонимжасамда да сол мағынада қолданылады. Жаңғыз + төбе ойконимі «қалған төбелерден бөлек тұрған жалғыз төбе» деген мағына береді.

ЖАРБҰЛАҚ – е.м., Үржар ауд. «Жағасы жарлы бұлақ» мәнін береді. Елді мекенді Қабанбай атына ауыстыру туралы ұсыныс болды, бірақ батыр атамыздың аты бірнеше жерге беріліп, өшпестей танбаланды. Жарбұлақ сияқты жер бедеріне сәйкес келетін әрі тарихи атауды ауыстыруға болмайды. Сол бабаларымыз сақтап қалған жер қандай қымбат болса, оның ежелден келе жатқан атауы да сондай қымбат.

ЖАРКЕНТ – *Яркент* (қытайша Шачэ) – Шығыс Түркістандағы елді мекен, Ұлы Жібек жолында орналасқан, б.д.д. II ғасырдан белгілі қала, әуелде Шығыс Түркістанда Моғолия

атымен белгілі феодалдық мемлекеттің орталығы болған. Қытай халық республикасы Шынжаң автономиялық ауданына қарасты жазира, уезд. Ескі қала қамалмен қоршалған.

Яркент атауы есім сөздерің бірігуінен жасалған: *йар*+*кент*. Қазақ тілінде *Жаркент* болып айтылады. Қазақстанның Жетісу облысында да ұйғырлар көп тұратын Жаркент атты қала бар, ұйғырлар Шығыс Түркістаннан ала келген атау деп санауға болады.

Кей деректерде бұл қаланың атауы өзен атына байланысты қойылғаны айтылады, (Мурзаев, 1974). Бірақ бұл қисынға келмейтін сияқты. Себебі *йар* сөзінің де *кенті* сөзінің гидронимге қатысын көре алмай отырмыз. Асылы, бұл сөз бірден ойконимдік атау түрінде пайда болған.

Жар түбірінің көне түркі тілінің сөздіктерінде бірнеше мәні берілген: 1. жар, сай; 2. сілекей; 3. *геогр.* мекен атауы, өзен атауы; 4. дос; 5. Тас тұзы; 6. *етістік.* жар, бөлшекте, жаңқала [ДТС, 238-239]. Е.Қажыбеков мұны гомогенді түбір, етістік пен есімнің түйісуінен пайда болған деп санайды. Алайда, *йар* сөзінің есім ретіндегі мағынасын іздемейді (Қажыбеков, 1985, 54-55). Бұл сөздің есім ретіндегі мағынасы *йар-дос* баламасының астарында жатқанын байқауға болады. Сондай-ақ тұтас нәрсенің бөлшегін білдіретін мағынадағы сөзде *жар* түбірі сақталған: *уагім* (әзірб., түрік), *уагімі* (өзб.), *уагісу* (түркім.), *йарым* (ұйғ.), *жарым* (қаз., қырғ.), *жарты* (қаз., тат.) т.с.с. Демек, рельефтік мәндегі «сай, жыра» мағынасында мұның қимылдық «жарылу» мағынасы синкреттеніп тұр деуге болады.

Жардың географиялық терминге айналуына себеп болған мәндерді Э. Мурзаев көрсетеді: «... др.-тюрк. *јар* - "яр", "овраг"; азерб. *ярған* - "овраг", "балка"; балкар., казах., и кирг. *жар*, алт. *јар*, узб. *ёр*, хакас. *чар* - те же значения, а в хакас. также - "скала" (Мурзаев, 1984, 463).

Басқа түркі тілдеріндегідей, қазақ тілінде де «жар» компонентімен келетін топонимдер, гидронимдер, оронимдер,

ойконимдер жеткілікті мол. Қазақ топонимшісі Б.Бияров «Біріккен атау құрамында келгенде, «жары бар; жар маңындағы нысандарды» сипаттайды», – деп, мұны тілдік айғақтармен дұрыс көрсетіп берген (Бияров, 2013, 244-245).

Жаркенттің екінші сыңары *кентке* келсек, мұны төркіндетіп іздену – артық іс, өйткені мұның мағынасы, төркіні белгілі: соғды-түркі сөзі елді мекен, қала сияқты мағыналарды білдіреді. Бұл көп рет әрі әбден дәлелденген.

Сонымен, *Яркенд/Жаркент* «жар маңындағы кент» деген мағынаны білдіреді (Ж.Жақып).

ЖАРМА – өзен, е.м., Жарма ауд. Абай обл. Жар (етістік) + ма (етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ). Мағынасы: «Даланы қақ жарып ағатын өзен» деген мағына білдіріп тұр.

ЖАРТЫҚҰМ – жұрт. Қызылорда обл., Сырдария ауд. *Жарты* сөзі «бір бүтін нәрсені тең екіге бөлгендегі бір бөлігі, екіден бірі» мағынасымен сан есімге жуық қолданылады. Топонимжасамда «толық емес, жарым-жарты нысандарды» атауға қатысады. Жарты + құм топонимі «жартысы құм, енді бір жартысы топырақты болып келген алқап» деген ұғым береді.

ЖАСЫЛ ӨЗЕН – топоним, көне түркі ескерткішінен. Көне түркі ескерткіштерінде Йасыл үгүз деп түркілер қытай жерінде ағатын Хуанхэ өзенін атаған (Махпиров, 1997, 253). Ал қытай. Хуанхэ «сары өзен» деген мағына береді (БСЭ, 1926-1947). Суының түсі сары болғанымен, кей тұста жасыл реңк беріп ағатынын фотосурет пен бейне жазбадан анық көруге болады. Түркілердің жаулап барған жері.

ЖАУОБ – құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд. *Жау* көпмағыналы сөзінің топонимжасамға қатысы бары *жау* «май (еттің майы)» мағынасы деуге болады (жаубүйрек тағам аты секілді) (ҚТТС,;194). Ауыспалы мағынада «жердің құнарлы шүйгін» екенін білдіреді.

Жау + об сөздерінен біріккен атау *жау* «дұшпан; қауіпті» + оп «терең құз, ор» сөздерінен бірігуі де мүмкін.

ЖАУШЫҚҰМ – е.м. Түркістан обл., Шардара ауд. Жау-шы + құм тұлғаларынан жасалған ойконим «көшпелі, жылжымалы құмы бар жер» деген мағына береді. Желдің әсерінен бірде мұнда, бірде анда «жаушылап» жүретін құм дегенге саяды.

ЖЕЗКЕНТ - кент, Бородулиха ауд. Жез (зат есім) + кент (зат есім). «Жез кені өндірілетін жер» мәнінде тұр. Мұндағы кент - араб-парсы тілінен енген «қала» мәніндегі сөз.

ЖЕЛІСАЙ – өзен. Алматы обл., Сарқант ауд. *Желі* сөзі «мал сауған кезде төлдерді байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған арқан» (ҚТТС, 4т, 71) мәнінде лексикамызда сақталып келеді. Топонимжасамда «желіге ұқсас ұзын, жіңішке немесе желіге байланғандай жан-жағынан келіп қосылатын нысандарды» атайды. Желі + сай гидронимі «желі тәрізді жан-жаққа тарамдалған жылғалары бар өзен» деген мін береді.

ЖЕМ – өзен. Ақтөбе, Атырау обл. Жем топонимінің негізінде шығыс түркі тілдеріндегі *кем/гем* «өзен» гидронимдік термині жатқанын барлық зерттеушілер мойындайды (А.Левшин, В.Радлов, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ т.б.).

Бүкіл алтай, орал, үндіевропа тілдеріне тараған *кан/кен/ген* ГТ-нің қаз. *жем* аталуы заңды құбылыс және өте көне дәуірде, өзенді - өзен, тауды- тау деп атайтын дәуірде, пайда болғанын білдіреді. Профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, *Жем* тарихи атауының *Эмба* > *Ембі* аталып жүруі дұрыс емес. Топонимжасамның негізгі міндеттерінің бірі – тарихи атауларды сақтап қалу, заңды орнына қайтару екені белгілі.

ЖЕРҚОРҒАН – ескі бекініс. Жамбыл обл., Тараз қ.э. *Жер* сөзі өзінің негізгі мағынасы («планета») арқылы емес, «сол планетаның үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық» мағынасы арқылы топонимжасамға қатыса алады. Онда «табиғи нысанның тікелей жерден шығып, не кіріп жатқан қалпын» суреттейді (М.: *Жертас* «денесінің көбі жер астында, бір бөлігі жер бетіне шығып жатқан тас» мағынасындағы топоним). Жер + қорған атауы тура

мағынасында «топырақтан үйіліп жасалған қорған» дегенді білдіреді.

ЖЕТІӨГІЗ – өзен. Теріскей Алатао, Қырғызстан. Жеті + өгіз сөздерінен біріккен гидроним, тура мағынасында «жеті су, жеті өзен» дегенді білдіреді. Мұндағы өгіз сөзі көне түркі. өгүз/үгүз «өзен» сөзі екені мәлім (ДТС,2016,405).

ЖЕТІСУ – аймақ. Алматы обл. *Жеті* сөзі «алты мен сегіздің арасындағы тең санның» аты, есептік сан есім. Қазақ халқы киелі сандар қатарына жатқызады. Топонимжасамда «тура жеті геонысанды немесе бір үйір, шоғыр нысандар тобын» атап көрсетеді. Жеті + су сөздерінен біріккен гидроним «Алатаудан бастау алатын жеті өзені бар өлке» деген мағына береді. Мұнда өзендер көп болғандықтан, Жетісу нақты жеті өзен емес, «көп сулы өлке» деген ұғым беретіндей. Ол өзендерге Аягөз, Іле, Шу, Нарын, Қызылағаш, Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксут.б. жатқызып жүр. Қалай болса да, Жетісу Ұлы Жібек жолы шиырлаған тарихи аймақ болып табылады.

ЖИДЕБАЙ - е.м., Абай ауд., Абай обл. *Жиде* сөзі «ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы» (ҚТТС, 4т, 121) мағынасын беретін фитоним екені мәлім. Топонимжасамда «жиде ағашы мол өсетін жер» мәнінде қатысады (*Жиделі, Жидебай, Қалыңжиде т.б.*). Ал жиде + бай атауы туралы жергілікті халық Жидебай деген батыр болған деп аңыз етеді, негізінде «жиде өсімдігі көп ескен жер" ұғымында тұруы да ықтимал. Абай кесенесі маңындағы жиде бұталары осыған нұсқайды.

ЖИЕНҚҰМ – е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд. *Жиен* сөзі – «күйеуге шыққан қыздан туған бала» мағынасындағы туыстық атау. Ал жер-су атын жасауға тек ауыспалы мағынасында ғана қатыса алады: «үлкен нысан маңындағы кішілеу нысан». Нағашы-жиен түрінде салыстырыла аталады. Жиен + құм топонимі де тура сол мәнде «үлкен құмның жанындағы кіші құмды» білдіреді.

ЖОЛБАРСУ – бұлақ. Алматы обл., Жамбыл ауд. *Жол* сөзінің тура мағынасы – «ерсілі-қарсылы жүруге арналған

тапталған жер жолағы; сүрлеу». Осы мәнде топоним жасауға кірісіп, «жол бойындағы; жол өтетін нысандарды» атап көрсетеді. Жол + бар + су сөздерінен біріккен атау «жағасына баратын жолы бар су» деген мінде тұр.

ЖОСАСАЙ – жұрт. Ақтөбе обл., Мартөк ауд. *Жоса* сөзі «қызылт-сары түсті бояу топырақ» мағынасымен топонимжасамға белсенді араласады (*Жосалы*). Күрделі атау құрамына енгенде, «бояуға пайдаланатын жоса топырағы бар нысанды» атайды. Жоса + сай сөздерінен біріккен атау «жоса топырағы бар сай» деген мән береді.

ЖУСАНДАЛА – жазық. Алматы обл., Балқаш ауд. *Жусан* сөзі – «аласа өсетін, бозғылт түсті, ащы дәмді, өткір иісті шөптің» аты, полынь. Қазақ даласының негізгі белгілерінің бірі ретінде, «жусан өсетін жер» мағынасында топонимдер жасайды. Жусан + дала сөздерінен біріккен атау «жусан шөбі өскен дала» деген мағына беретіні анық.

ЖҰМБАҚТАС – тас арал. Ақмола обл., Шортанды ауд. *Жұмбақ* зат есімі «мәнін ойлап табу үшін айтылатын астарлы өлең не әңгіме» мағынасымен жер-су атын жасауы мүмкін емес болып көрінеді. Алайда оның ауыспалы мағынасын «табиғаттың құпия, жұмбақ жаратылған ерекше нысандарын» атап көрсету үшін пайдалануға әбден болады. Жұмбақ + тас сөздерінен біріккен атау «көл ортасында пайда болған тасқа» берілген.

ЖҮЗАСУ – асу. Алматы обл., Жоңғар Алатауында. *Жүз* сөзі «тоқсан тоғыздан кейінгі санның, он ондықтың» аты (ҚТТС, 4т, 248) екені мәлім. Топонимжасамда нақты жүз санынан гөрі «табиғи нысанның біршама мол, көп шоғырын, тобын» атауға қатысады. Жүз + асу сөздерінен біріккен ороним «өте көп асуы бар тау» деген мағына береді.

ЖЫМПИТЫ – е.м. БҚО, Сырым ауд. Жымпиты ойконимінің этимологиясы әлі күнге дейін ашылған жоқ. Осыған дейін айтылған ғылыми пікірлер (Қойшыбаев, Жанұзақ т.б.) ойконимнің мағынасын дәлелдей алмады. Біздің ойымызша,

жергілікті тұрғындар айтып жүрген «халықтық этимологияның» жаны бар сияқты. Өлеңті өзенінің осы тұстан бастап, баяулап тыныш ағуы Жымпиды «тымпиды, жымсиды, түк болмағандай түр көрсетті» деген қарапайым мағына туғызатындай. Жымпиды сөзіндегі қатаң «п» дыбысы өзінен кейінгі «д» дыбысын қатаң «п» дыбысына алмастырған (кейінгі ықпал): Жымпиды>Жымпиты. Мұндағы жымпи + ды/ты қосымшасының Өлеңті, Шідерті гидронимдеріндегі «ті/ты» қосымшасына қатысы жоқ.

ЖЫҢҒЫЛСУ – өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Жыңғыл* сөзі – «шөл, шөлейт жерлерде, өзен бойында, тоғай арасында өсетін, биіктігі 1-3 м-дей бұтаның» аты, фитоним (ҚТТС, 4т, 314). «Жыңғыл өсімдігі мол өсетін жерлердің» атын жасауға қатысады. Жыңғыл + су гидронимі «жағасына жаңғыл өсімдігі өскен су, өзен» мәнін береді.

ЖІБЕКҚҰМ – құм. Жетісу обл., Алақөл ауд. *Жібек* сөзінің негізгі мағынасы «беті тегіс, жылтыр қымбат (бағалы) мата» болса, ауыспалы мағынасы – «жұмсақ, биязы, майда» (ҚТТС, 4т, 330-331) екені әйгілі. Соңғы мағына жер-су атын жасауға қатысып, «жібектей есілген, жұмсақ, биязы геонысандарды» атайды. Жібек + құм атауы да «жібектей есілген жұмсақ құм» деген ұғым тудырады.

- 3 -

ЗАЙСАН – көл, қала атауы. ШҚО. Барлық макрогидронимдер сияқты Зайсан көлінің бірнеше аты бар: 1. Бұл өлкені ежелден мекендеген түркі тілді сақ, ғұн, түркілер көлді *Бейнетеңіз* деп атап келген. *Бейнетеңіз* «теңіз сияқты, дәл теңіздей» мағынасымен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасында кездеседі («Ертіс бойлап Қарадөң жерге жетті, Бейнетеңіз дейтұғын көлге жетті»). Өкінішке орай осындай әдемі, әрі төл тілімізде жасалған гидроним бізге дейін жетпеді. 2. Шыңғысхан бұл өлкені наймандардан тартып алған соң,

моңғолдар көлді *Хонхт Нуур* > *Хонхотты нор* «қоңыраулы көл» деп атай бастайды. Көлдің толқыны лықсып, жадағай жағаны шолпылдатып ұрып тұратын дауысы атауға уәж етіп алынған. 3. Жоңғарлар мекендеп тұрған кезде, бір жұттан қалмақтарды балығымен, су тышқанымен аман алып қалғандықтан, көлді *Зайсанг нуур* > *Нор Зайсан* > *Зайсан* «мырза көл» атандырады. *Зайсан* сөзі моңғол тілінің сөздіктеріне енбегендіктен, ол сөз қытай тілінен алынған *цзайсян* «канцлер, әкім, министр» мәніндегі лауазым аты екені расталады (Малявкин, 1981). Қытай. цзайсан, моңғол. зайсан «әкім, мырза» сөзі қазақ. жайсаң «мырза, мінезі кең адам» мағынасымен енген.

Жоңғария құлағаннан кейін, іле-шала келген орыстың әскери адамдары мен саяхатшылары көлді *Зайсанг нор/ Нор Зайсан* түрінде картаға түсіреді де, бұл атау бекіп қалады. 4. Орыс саяхатшыларының (А.И.Седельников, В.В.Сапожников т.б.) бұл көлді *Қызылбас, Алдиярдың үлкен суы* деп аталғаны туралы деректері, көлді жағалай отырған ру-тайпалардың өзінше, локальді ат қойғандарынан болса керек. Бірақ олардың «қазақтар көлді жалпы түрде *Теңіз* деп атайды» деген пікірі сонау ғасырдағы Бейнетеніз атауының ұмытылмағанын көрсетеді.

Зайсан қаласы қазақ, орыс саудагерлерінің Қытайға өтіп сауда жасауына қолайлы қала болған.

ЗӨҢГІ – қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд. Моңғ. *занги* «мәнжүр үстемдігі кезінде моңғол феодалдарына берілетін атақ», қаз. «би, әкім» лауазымына жақын (Базылхан, 1987, 245). Шығыс Қазақстан жері біраз уақыт Жоңғарияның қол астында болған кезден қалған топоним.

ЗЕРЕНДІ – көл, Катонқарағай ауд. А.Әбдірахманов бұл атауды монғолша зерензе "мақсары өсімдігі", болмаса зерен "антилопа" сөзінен шыққан болу керек дейді. Алтайдың оңтүстүгінде кездесетін еліктің бір түрін зерен деп атайтыны рас. Ендеше Зеренді «зерен аңы көп келетін көл» деген мән береді.

ЗЕРТАС – е.м. ОҚО, Төле би ауд. *Зер* зат есімінің негізгі мағынасы – «әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі сары түстес қымбат металл» (ҚТТС, 4т, 386). Топонимжасамға осы, негізгі мағынадан шығатын «зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей» мәні қатысады. «Геонысанның бетіне табиғи түскен немесе адамдар салған ою, өрнек, таңбаларды» айғақтайды. *Зер* + *тас* сөздерінен біріккен атау «бетіне табиғи түскен немесе адамдар салған ою, өрнек, таңбалары (петроглифтер т.б.) бар тас» деген мағына береді.

- И -

ИЗЕНҚҰДЫҚ – құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд. «Таулы, құмды, сортаңды жерлерде өсетін, жіңішке жапырақты, солғын жасыл гүлді шөптесін өсімдіктің» аты *изен* фитонимі (кохия) «изен өсімдігі мол өсетін жер» мәнінде топоним туғызады (М.: Изенді). *Изен* + *құдық* топонимін «маңайында изен шөбі өсетін құдық» деп түсінуіміз керек.

ИМАНБҰРЛЫҚ – өзен. СҚО, Есіл ауд. Қазақ топонимиясындағы *иман* сөзімен келетін атаулардың бәрін кісі есімінен шығаратын үрдіс бар. Сонда әр облыста *Иман* атты кісіге жер-су аттары таңылып отырған ба? Кездейсоқтықтың да өзіндік алғышарттары болады, ендеше мұндағы *иман* сөзі антропоним емес. Ол діни мағына беретін ар. *иман* сөзі де емес. Біздің ойымызша, көне түркі. *йаман* «жаман» сөзі, не моңғ. *иман* «қызылшілік өсімдігі» немесе моңғ. *ямаа(н)* «ешкі, ешкілі» сөздерінің бірінен шығатындай (Базылхан, 1987, 280, 800). *Иман* + *бұрлық* сөздерінің екеуі де көне түркі тілінен жасалған: көне түркі. *иман(йаман)* «жаман» + *бұрлық/барлық* «батпақ, саз». Сонда *Иманбұрлық* «батпақты, балшықты жаман өзен» деген мән тудырады.

ИНДЕР – тау; көл. Атырау обл., Индер ауд. *Индер* топонимі моңғ.*өндөр*, қалм. *үндер* «биік, зор, ұзын» сөзінен жасалып,

алдымен тауға берілген атау екені анықталады (Мурзаев, 1984, 234). Өндер/үндер орысша жазылғанда, Индер болып шыға келген. Халықтық этимология Индер «көп иіні бар жер» дегенге келтіреді.

ИРЕК – асу жолы, «Австрия» жолы, Катонқарағай ауд. ШҚО. Бірінші Дүниежүзілік соғыста қолға түскен австро-венгер тұтқындары салған тау жолы (1916-1917 жж). Катонқарағай мен Марқакөл арасындағы Арқат-Бұрқат асуымен өтеді.

ИТЖОН – үстірт. Алматы обл., Талғар ауд. *Ит* – «сүтқоректі жыртқыштар семьясына жататын асыранды үй хайуаны» (ҚТТС, 4т, 471), адамның досы ретінде көшпелілер өмірінде ерекше орын алады. Соған орай өздеріне әбден танымал «ит денесіне ұқсату арқылы, итке байланысты бір оқиғаға қатысты» жер-су аттарын жасап қалдырған. Ит + жон сөздерінен біріккен бұл ороним «ит арқасына ұқсаған жон (тау үсті)» деген мағынада тұр.

ИНСАЗ ҚАРАСУ– өзен. Алматы обл., Райымбек ауд. *Иін* сөзінің негізгі мағынасы «иық» та, тағы бір мағынасы «өзен, жолдың бұрылыс жасаған жері, иілісі» де топонимжасамға қатыса алады. Күрделі атаудың алдыңғы сыңарында келіп, «бір нысанның иық тұсына, не иілген бұрылған тұсына орналасқан екінші нысанды» атап атап көрсетеді. Иін + саз Қарасу күрделі атауы «сазды иіндер (бұрылыстар) жасап ағатын Қарасу өзені» деген ұғым беретіні анық.

- Й -

ЙАР – өзен, көне түркі ескерткішінен. Йар атауы көне түркі. йар «жар, жарқабақ» (ДТС, 1969, 238) сөзінен шығады да, «жағалауы тік жарлы өзендерді» атайды.

ЙАРЫШ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Ярыш/Йарыш/Жарыс топонимі Орхон ескерткіштерінде де

кездеседі: Йарыс йазыда («Тұйұқұк», 33,36-жолдар). Жарыс жазығы, аты айтып тұрғандай, ат бәйгесі өтетін кең, жазық жер екені анық. Мәтін бойынша қарасақ, «Алтай тауын асып, Ертіс өзенін кешіп» өткен тұста, яғни Ертіс өзенінің сол жағалауынан басталатын далалардың бірі болуы әбден мүмкін. Ал Шу бойынан табылған ескерткіштегі мына Ярыш/Жарыс топонимі басқа, аттас атау екені түсінікті, алайда мағынасы бір болып келеді.

Қазақ. Бәйгетөбе, Бәйгежазық топонимдері тәрізді. Л.Н.Гумилев Қара Ертістен өткен түркі әскері Болчү (қазіргі Ұрынғы) өзеніне келгенін және ұрыс болған жерді, яғни Болчү өзенінің оңтүстігіндегі кең жазықты, Ярыш жазығы болуы керек дейді (Гумилев, 1994,299).

ЙАРЫШ АҒҰЛЫҚ АРАСЫ ЙАТҰҚ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Мұнда Йарыш пен Ағұ арасындағы жерді (әлде өлкені) айтып отыр. Ол жерді бірінші аударма Йатұқ деп атаса, екінші аударма Жетібас (Жетісу) деген. Бірінші нұсқа бойынша Йатұқ көне түркі. йатұқ «ұмытылған, тасталған» (Қашқари,1997,24) сөзінен шығып, «иен, бос жер» мағынасын береді. Сонда «Йарыш пен Ағұ арасындағы иесіз, бос жер» деген ұғым туады. Ал екінші нұсқа бойынша, «Йарыш пен Ағұ арасындағы Жетібас (Жетісу) өңірі» мағынасын береді. Ал Йарыш пен Ағұ топонимдеріне жоғарыда анықтама берілген.

ЙАСЫ – е.м. ОҚО, Түркістан қ.э. *Йасы (Йассы)* – қазіргі Түркістан қаласының бұрынғы аты (XII-XIVғғ.). *Йасы* көне ойконимін көптеген зерттеушілер осы өңірді мекендеген батыс түркі тайпаларының бірінің атымен байланыстырады (Жанұзақ,2007,3). Т.Жанұзақ Йасы көне түркі. *jasi, jazi* «мидай жазық сар дала» сөзінен жасалғанын атап көрсетеді (Жанұзақ,2007,73). Жергілікті халық Өзірет деп атаған.

Біздің ойымызша, осы қаладан шыққан діндар адам Қожа Ахмет Йасауи есімінде тұрғандай, қала атауы Йасау болуы да мүмкін. Олай болса, йасау сөзі «әскер, жасақ» мағынасын береді

(Әбілғазы баһадүр шежіресі) және бұл қалада әлдебір әскерлер тобы тұрған болуы керек.

ЙОҒРА ЙАРЫШ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топонимнің бірінші сыңары Йоғра көне түркі. йорыға «жорға (ат)» (Қашқари,1997,238) сөзінен метатеза (дыбыстардың өзара орын ауыстыруы: қапқан/қақпан) құбылысы арқылы жасалған: йорыға/йоғыра. Йорыға Йарыш «жорға ат жарысатындай тегіс жазық жер» деген ұғыммен жасалған.

ЙОЛЛУҒ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Көне түркі. йол «жол» + луғ (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалып, «жолды, жолы бар» мағынасын беретін топоним.

ЙЫЛАН ҚОЛ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Йылан көне түркі. йылан «жылан» (ДТС,1969,266) + моңғол. гол «өзен» (Базылхан,1987,132) сөздерінен жасалып, «жыланды өзен немесе жыландай ирелеңдеп ағатын өзен» деген мағынаның бірін береді.

ЙИНЧУ ҮГҮЗ – гидроним, көне түркі ескерткішінен. *Йинчу өзені/Инжу* Сырдария өзенінің көне атауларының бірі екені тарихтан белгілі. С.Г.Кляшторныйдың айтуынша, бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде *Йенчу үгүз* «маржанды (жемчужная) өзен» деп аталса, қытай жазбаларында *Чжень чжу-хэ* «река истинного жемчуга» деп аталған көрінеді. И.Маркварт осы түрік, қытай тілдеріндегі мағынаны парсылар өзгертпей, *Яқсарт* «истинный жемчуг» түріне аударып алғанын дәлелдеп шыққан (Кляшторный,1964,189). Ал О.О.Сүлейменов славян тілдеріне енген түркі сөздерінің қатарына *жемчуг* сөзін де жатқызады. «Өйткені, - дейді ол, - қытай тіліндегі *йенчу* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, оның өзі түркі тілінен қабылданған сөз болуы мүмкін» (Сүлейменов,2002,9).

Біздің ойымызша, ертеде негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені осы өзеннің (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді түркілер *Инжу* “моншақ, маржан” деп атаған. Көне

карталарға қарасаңыз, өзенді жағалай орналасқан қалалар жіпке тізген моншақты көз алдыңызға әкеледі. Сонда *Инжу* гидронимі жай ғана таңба емес, семантикасы бар толыққанды сөз болып шықпай ма?! Топонимнің сөзге жуық болатыны да содан – оны шартты таңба сияқты шексіз ауыстыра беруге келмейді. Сол заттың белгілерімен ғана шектеледі. Мәселен, *Сырдария* гидронимі кейін ол өзеннің сырға, бояуға ұқсас сары түсті суына орай берілді деп жүрміз, алайда осы *сыр* сөзінің өзі көне иран тілінде «інжу», «сырға, моншақ, маржан», деген мағына береді деген пікір де жоқ емес (А.Әбдірахманов, Қ.Өмірәлиев).

Қорыта келгенде, топонимика ғылымын құрайтын ұштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады.

ЙІР БАЙЫРҚУ – топоним, көне түркі ескерткішінен. *Байырқұ жері* – этнотопоним. Байырқұ түркілердің солтүстігінде немесе солтүстік-шығысында орналасқан тайпаның аты болып табылады (ДТС, 1969, 79). Бұл елдің қазіргі ұрпақтары кімдер екені белгісіз. Байырқұ этнонимі қазіргі қазақ тілінде сақталған байырғы «бұрынғы, ескі, көне» және «жергілікті, тұрғылықты» сөзінен жасалуы әбден мүмкін (ҚТТС, 1976, 46). Сонда, Байырқұ этнонимі «байырғы, жергілікті (ел)» деген мағына береді. Ұлы далада ұлыстар ауысып, сапырылысып жатқанда, солтүстікте (бәлкім, Сібірде – Б.Б.) салыстырмалы түрде ұзақ уақыт тыныш өмір сүрген ел болуы мүмкін. Отырықшы ел болуы да ықтимал.

КАСПИЙ – теңіз, Қазақстан, Ресей, Иран, Әзірбайжан. Каспий теңізі Геродот сызған картада теңіздің оңтүстік-батысында орналсаң *каспий* деген халықтың атымен аталғаны көрініп тұр. Жалпы алғанда, аумағы үлкен көлдің, ұзын өзендердің бірнеше атауға ие болатын себебі, оның әр тұсын мекендеген халық, әр тұсына келген саяхатшы әр түрлі атай береді. Мәселен, Геродот өзі зерттеген жағына орналасқан халықтың атымен *Каспий теңізі* деп атаса, ортағасырдағы араб саяхатшылары *Хорасан теңізі*, көне орыс жылнамаларында *Хазар теңізі*, XV ғасырда саяхат жасаған Афанасий Никитин *Дербент теңізі* деп атаған. Бұлардан басқа *Ақ теңіз*, *Жасыл теңіз*, *Гиркан теңізі*, *Солтүстік теңіз*, *Гилян теңізі*, *Хвалын теңізі*, *Парсы теңізі*, *Батыс теңіз*, *Мазандеран теңізі*, *Гурген теңізі* т.б. атаулар осындай жолмен сырттан таңылып отырған.

Каспий этногидронимінің нақты ғылыми этимологиясы әлі анықталған жоқ. Біздің ойымызша, *Каспий* этнонимінің *кас/қас* түбірі «теңіздің қасында (жанында) тұратындар» мағынасындағы түркі сөзі болуы мүмкін. Салыстыра кету үшін *Маңғышылақ*, *Маңғыстау* топонимдерін алуға болады: «теңіз маңындағы қышпақ, теңіз маңындағы (жанындағы, қасындағы) қыстау».

КАТОНҚАРАҒАЙ [ҚОТАНҚАРАҒАЙ] - е.м. Катонқарағай ауд. ШҚО. Кейбір жазушы, зерттеушілердің бұл ойконимді Қатынқарағай деуінде ешқандай ғылыми негіз жоқ. Бұл атау қотан+қарағай сөздерінен жасалып, орыс тілінде катон түріне бұрмаланып кеткен. Тура мағынасында "қойдың қотанына ұқсап топтанып, дөңгеленіп өскен қарағай" дегенді білдіреді. Қотан сөзі көне түрі тілінде "топ", "дөңгелек", "қой қора" мағыналарын берген. Елді мекен орналасқан жерде топ-топ болып жіңішке қарағайлар өскен екен. 1936 жылға дейінгі карталарда Қотан-Қарағай деп анық жазылған. Ойконимді Қотанқарағай деп өзгертетін уақыт болды.

КЕБЕНЕК ЕСПЕ – өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд. *Кебенек* көнерген сөзінің мағынасы – «малшылардың аяздан, жауын-шашыннан қорғану үшін киетін жұқа киізден тігілген сырт киімі» (ҚТТС, 4т, 535). Топонимжасамда «бір нысанды қоршай жатқан сыртқы нысанды» таңбалайтын сыңайлы (ұқсату жолымен). *Кебенек* сөзі *кебе+нек* «кебе беретін, құрғақ жер» туынды сөзі болуы да ықтимал. Ал Кебенек сөзінің «ешкіде болатын жұқпалы ауру» түріндегі екінші мағынасының жер-су атын жасауы неғайбыл. (*Кебе+нек*) + Еспе тіркесі «суы кебе беретін Еспе өзені» деген мәнде тұр.

КЕБІСБАЛАПАН – қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд. *Кебіс* те көнерген сөзге жатады және «мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген галош тәрізді қонышсыз аяқ киімнің» аты болып табылады (ҚТТС, 4т, 539). Тек пішін ұқсастығы арқылы ғана жер-су атын жасайды. Кебіс + балапан топонимі «сырт пішіні кебіске ұқсас жерге өскен балапан ағашты тоғай» деген мән береді.

КЕГЕН – өзен; е.м. Алматы обл., Райымбек ауд. Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов Кеген гидронимін моңғол. *гэгээн* «жарық сәулелі, нұрлы, қасиетті», «әулие әкей, халфе» мағыналарын беретін сөзінен шығарады. Бұл пікірдің дұрыстығын біз Шығыс Қазақстанда бар *Кегениұңқыр* топонимін талдау барысында атап өткен едік. Өйткені «моңғолдар діни ұстанымдарына байланысты жер-суға *байн* «бай», *хайрхан* «шарапатты», *сайхан* «жақсы, сұлу», *гэгээн* «жарық, нұрлы» т.б. діни атауларды қойып отырады. Ол олардың жер-суға табынуынан қалған үрдіс еді» (Базылхан, 1987, 25).

Т.Жанұзақ М.Қашқари сөздігіндегі Ұлығ Кейкан, Кішіг Кейкан өзендерінің осы Кеген өзені екенін айта келіп, көне түркі. *кей* «терең сай, жар» + *кан* «өзен» тұлғаларынан жасалғанын ескертеді (Жанұзақ, 2007, 91).

Біздің ойымызша, Кейкан өзеннің ежелгі, түркіше аты болса, кейін моңғол, жоңғар үстемдігі кезінде Кеген деп өзгертілсе керек.

Өйткені Оңтүстік Қазақстан жері де Жоңғария империясының қол астында болғаны тарихтан мәлім.

КЕЗАУЫЗ – тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. *Кез* омоним сөзінің екеуі ғана жер-су атын жасай алады: 1) *кез* «метрге жуық (70-80 см) болатын ұзындық өлшемі»; 2) *кез* «садақ оғының ойыс (ашаланып) келген түбі; түйенің екі өркешінің арасындағы ойыс жер» (ҚТТС, 4т, 550). Тиісінше «шағын, қысқа, тар нысан» немесе «айыр, ойпаң, ойыс жер» мағыналарын тудырады. *Кез* + ауыз сөздерінен біріккен атау «айырлана, ашалана біткен кіре беріс жер» деген ұғым тудырады.

КЕЗЕҢБҰЛАҚ – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. *Кезең* зат есімі «тау жотасындағы, төбе, дөңдегі асу беретін аласа жері» мағынасымен географиялық терминге айналған. Біріккен топоним құрамында келгенде, «кезеңде орналасқан екінші нысанды» атап көрсетеді. *Кезең* + бұлақ сөздерінен біріккен ороним «кезеңде (белде) ағып жатқан бұлақ» деген мәнде тұр.

КЕЙРЕ – гидроним, көне түркі ескерткішінен. Кейре гидронимі көне түркі. кевре «кему, әлсіреу» сөзінен жасалады: кевреді «кеміді, күші кеміді» (Қашқари, 1997, 380). Түркі тілдерінде й-в дыбыс алмасуы бар: кейіргенчік-кевіргенчік «аянышты (дауыс)» (ДТС.1969, 304). Сонда Кевре/Кейре «суы кеміп, құрғап қалатын өзен» мағынасын береді деуге келеді.

КЕЛТЕҚЫСТАУ – қоныс. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.) *Келте* сын есімі «қысқа, ұзын емес, шолақ» (ҚТТС, 4т, 590) мағынасымен лексикамызда қолданылып келеді. Жер-су атын жасауға да осы мәнде қатысып, географиялық нысанның «қысқа, шолақ бітетін көлемін» атап көрсетеді. Күзеу мен қыстаудың арасында аз уақыт аялдайтын жерді қазақтар Келтеқыстау деп атаған. Ол қыстаудың шөп қорын үнемдеу үшін қажет болған.

КЕЛІНСАЗ – қоныс. Алматы обл., Ескелді ауд. *Келін* сөзі – «үйге ұзатылып келген әйел адам» мағынасындағы туыстық атау екені мәлім. «Келін түсірген жер» мағынасында топоним жасалуы мүмкін және келін (< кел+ін) «келген, келіп қосылған»

этимологиясымен де атау жасауға қатыса алады (қат + ын «қосылған», тұт+қын «ұсталған» сөздері тәрізді). Келін + саз атауы «екінші бір жерге жақындап келген сазды жер» деген ұғым берері айқын.

КЕМ – өзен, Тыва республикасы. Көне түркі. кем «өзендер аты» (ДТС,1969,297), тува., алтай. кем/хем/гем/кан/кам «өзен» (Мурзаев,1984,269) мағынасындағы гидронимдік терминнен жасалған атау. Қазіргі Тыва Республикасы аумағында Би Кем, Ұлұғ Кем, Қа Кем, Ақ Кем, Қара Кем, Баш Кем, Қызыл Кем, Кемчик сияқты өзен аттары (гидронимдер) бар (сонда). Бұлар Кем (Енисей) өзенінің бастау салалары болып келеді. Кем географиялық термині су терминінен бұрын қалыптасқаны және көне түркі. қан «тамырмен ағатын қан» сөзінен жасалғаны байқалады. Кейін Кем өзенін мекендеген қырғыздар оны Енесай «ана өзен» деп атап кеткен, ал орыстар Енисей деп атайды.

КЕМПІР – тау, Катонқарағай ауд. *Кемпір* сөзі «жасы келген, қартайған әйел» (ҚТТС, 4т, 601) мағынасын береді де, топонимжасамда «кемпірге байланысты әлдебір оқиғаны; кемпір бетіндегі әжімге ұқсас жырымдалған, қатпарлы табиғи нысанды, кейде қасиетті, үлкен ана тәрізді мекенді» атайтын сияқты. Атақты Берел қорымының жанындағы таудың «тастары арса-арса болып, тозған кейпі» Кемпір оронимін туғызған.

КЕНДІРАҚАЛ – тау. Алматы обл., Алакөл ауд. *Кендір* сөзі «сабағынан арқан, жіп есілетін өсімдіктің» аты, фитоним екені әйгілі. «Кендір өсімдігі өсетін жер» мағынасымен топоним жасауға қатысады. Кендір + ақал сөздерінен біріккен атау «кендір шөбі өскен мал қорасы» деген мағына береді, өйткені ақал көне түркі. ағыл/ағал/ақал «мал қорасы, атқора, көң, жұрт» (ДТС,2016,19) мәнді сөзінен шығады.

КЕНТ – құз. Маңғ. обл., Түпқараған түбегі; тау. Қар. обл., Қарқаралы ауд. *Кент* ойконимдік термині «қала, елді мекен» мәнінде Қазақстан, Орта Азия аумағына кең тараған. ДТС-та: «*Kand* «қала» сөзі соғды (парсы – Б.Б.) тілінен енген» - деген

түсінік беріліпті [46; 271]. Оның *кан, канд, кет, гент, конд* сияқты нұсқалары кездеседі. *Кент* атауы угро-фин. «жан-жағы жадағай келген шың, төбе» мәніндегі ороним болуы да мүмкін: (фин. *kenta* – «твердая почва» Фасмер, 1967,27).

КЕНТАУ – қала. ОҚО, Кентау қ.ә. *Кен* зат есімі «жер астынан қазылып алынатын пайдалы қазбалар, руда» (ҚТТС, 4т, 607) мағынасын береді де, топонимжасамда «кен өндірілетін жер» мәнімен атаулар жасауға қатысады (М.:Кенді Алтай). *Кен* + *тау* ойконимі тура мағынасында «кен шыққан тау» деген ұғым тудырады.

КЕҢГІР - өзен. Қарағанды обл. Жезді ауд. Кеңгір гидронимі туралы профессор Т.Жанұзақ айтқан: «Кангар > Кеңгір, мұндағы *кан* // *канг*// *ганга* «өзен, су» + *ір* (ар, ер) «өзен, су» көне тұлғаларынан жасалған» деген пікір орынды (Жанұзақ,2007,91-92). Профессор А.С.Аманжолов Кеңгір гидронимін көне Кеңгерес этнонимімен байланыстырады (Аманжолов,1996,81),

Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы тұрғысынан келгенде, Кеңгір атауы есім сөзден етістік тудыратын –қыр, -кір, -ғыр жұрнағы арқылы жасалуы да мүмкін: кең+гір «кеңей, кеңейе беру» етістігін жасайды. Тіл тарихында бұл жұрнақ созылыңқы процесуальды әрекетті білдіреді. Мысалы, үң – ір –ей > үң – гі –р, шүң- ір – ей > шүңқыр, су-ар > су+ғар т.б. (Қазақ грамматикасы,2002,387).

Қорыта келгенде, *Кеңгір* «арнасын үнемі кеңейте беретін, кең арналы өзен» мәнінде тұруы да мүмкін. Мұндай мағына көне түркі. *кеңрү/кеңүрү* «кең, еркін»; монғ. *хэнхгэр* «кеңкиген, кеңкек»; тұңғыс-мәнжүр. *кэңгери* «кең», «малдың төсі» сөздерінде де сақталған [67; 125-126].

КЕҢҮ ТАРМАН – топоним, көне түркі ескерткішінен. Түрүк Қағанатының батысындағы жер атауы. Нақты қай жер екені анықталмаған. Кеңү Тарман топонимінің мағынасы да ашылмаған. Біздің ойымызша, Кеңү көне түркі. кеңү «кеңейген, жайылған» (ДТС,1969,299) сөзі мен Тарман көне түркі. тар «сал қайық»

(Қашқари,1997,207) + ман (зат есім жасайтын жұрнақ, үнемі болатын оқиға орнын білдіреді: алар+ман, шабар+ман) туынды сөзінің бірігуінен жасалады да, «салмен өтетін өткел» мағынасын береді. Сонда, Кеңү Тарман «кең, жайылған өткел (Кеңөткел)» мағынасын беруі әбден мүмкін. Түрік Қағанатының батыс шекарасындағы жер болса, Сырдария мен Амударияның біріндегі өткелді атауы ықтимал.

КЕҢІРЕС – топоним, көне түркі ескерткішінен. *Кеңрес/Кеңірес/Кеңгерес* нұсқаларында кездесетін жалқы есімді В.Томсен, Т.Текин, А.С.Аманжолов т.б. – топоним, С.Е.Малов, С.Г.Кляшторный, М.Жолдасбеков т.б. – этноним түрінде танып, аударған (Аманжолов,1996,81-84). Сонымен бірге, профессор А.С.Аманжолов Кеңгерес қазіргі Қазақстандағы Кеңгір өзенінің бұрынғы аты екенін дәлелдейді: көне түркі. кеңгер/кеңер/кеңір «кең, мол, жалпақ» + ес/с «су» (сонда).

Профессор А.С.Аманжоловтың пікірімен келісе отырып, қосымша айтарымыз, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы тұрғысынан келгенде, Кеңгір атауы есім сөзден етістік тудыратын –қыр, -кір, -ғыр жұрнағы арқылы жасалуы да мүмкін: кең+гір «кеңей, кеңейе беру» етістігін жасайды. Тіл тарихында бұл жұрнақ созылыңқы процесуальды әрекетті білдіреді. Мысалы, үң – гі – р «үңги беруден пайда болған қуыс». Ендеше, *Кеңгір+ес* «арнасын үнемі кеңейте беретін, кең арналы су, өзен» мәнін береді. Мұндай мағына көне түркі. *кеңру/кеңүру* «кең, еркін»; монғ. *хэнхгэр* «кеңкиген, кеңкек»; тұңғыс-мәнжүр. *кэңгери* «кең», «малдың төсі» сөздерінде де сақталған (Цинциус,1984,125-126).

Л.Н.Гумилев т.б. зерттеушілер кеңгересті этноним деп танып, кеңгер/қаңғар>қаңылы тайпасы деп табады (Гумилев,1994).

КЕПЕСАЙ – өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Кене* зат есімі «жартылай жерден қазып жасаған уақытша баспана, лашық» мағынасын беретіні айқын. Топонимжасамда «кепеге ұқсас немесе кепе үйлер салынған жер» мағыналарымен жер-су атын жасайды.

Кепе + сай атауы «терең, тік жарқабақты сай, өзен» деген мағынаға саяды.

КЕРЕГЕТАС – тау (732 м), Аягөз ауд. Қазақстанның әр жерінде кездесетін бұл топоним кереге (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, киіз үйдің керегесі сияқты керілген тастары бар жерлерге беріледі. Ұқсату (метафоралық) жолмен жасалған атау.

КЕРИЯ – (қытайшасы – Юйтянь) – Такла-Макан шөлінің ең күнгейінде Кунь-Лунь тауларымен шектесетін жердегі құм арасындағы жазирада орналасқан қала. Бұл қалада, негізінен, ұйғырлар тіршілік етеді. Қала туралы алғашқы жазбалар Хань әулеті биілігі кезіне (б.д.д. 225 – б.д. 220 жылдар) қатысты. Сол жазбалардың өзінде мұның елді мекен екендігі айтылады. Ұлы Жібек жолы бойындағы тірек бекеттердің бірі болған. Интернет мәліметтерінде қазіргі Керия қаласынан 170 шақырым жерде Tangzubasti деген шағын қоныста ұйғыр мен ханзулардан айқын ерекшеленетін 100-ден отбасыдан құралған тұрғындар бар екені көрсетіледі. Бұлардың көне тұрмыс-салтты әлі де сақтап келе жатқан көрінеді, ең бастысы – оларды көбіне «керия» тайпасы деп атайды екен. Түркістан топонимдеріндегі бір ерекшелік қала атауларының трансонимденіп өзен аттарына айналатындығын айтады [Мурзаев, 1974, 277]. *Керия өзенінің* аталуында да осындай ерекшелік бар.

Э.М. Мурзаев *Керия* атауын араб тілінде «кент, қала» деген мағынаны білдіретін *карья* сөзімен байланыстырады [Мурзаев, 1974, 290].

Керия сөзі екі морфемнан тұрады: *кер+ия*. Демек, бұл атаудың негізгі мағынасын *кер* түбірінен іздейміз. Бұл сөздің түркілік негізі Махмұт Қашқари сөздігінен табылады. Диуан Лұғат Түрік сөздігінде мұның етістік мағынасы беріледі: созу, керу, бөгет, тосқауыл салу, тұйықтау деген мағыналары бар [ДТС, 300].

Б. Бияров *кер* сөзінің түс атауын білдіретін сын есім екенін ғана көрсеткен (Бияров, 131).

Телғожа Жанұзақ кер сөзі туралы мынадай мәліметтер береді: «... осы күнгі түркі-монғол тілдерінде *кір* тұлғасының (балшық, шалшық, лай көзі) мәнін береді деген пікірлері бары белгілі. Біздің байқауымызша, *кер* сөзі түркі тілдерінің кейбірінде «тау», «қыр», «биік» мәнінде қолданылып, әуел бастағы *қар*, *қыр* сөздерінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі болса керек. Оны қырғыз тілінде сақталған *керүү* – «тау басы немесе биік тау етегі» деген географиялық терминнен анық көреміз. Бұл сөзбен түбірлес манси, коми тілдеріндегі *керас* – «жартас», «өзеннің тік жағасы» сөзінің бары мәлім» [Жанұзақ, 2010б 106-107].

Қазақ тілінде аяқ алып жүргісіз иленген, жабысқақ лайлы топырақты *кер саз* деп атау да бар екенін ескере кетейік.

Біз *кер* сөзін етістік-есім түйісуі бар синкретті түбір деп есептейміз. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде *керман* сөзін *кер* түбірінің «қоршау» қимыл есімінің мағынасын беретінін көрсетіп, мұның J. Nemet, M. Räsänen, G. Doerfer еңбектерінде баяндалатынын айтады. Соған орай және басқа да көптеген ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып *керман* сөзінің мынадай мағыналарын анықтайды: бекініс, қамал, қорған. Монғол тіліне енгенде бұл түркі сөзі қала, шахар деген мағынаны иеленгені көрсетіледі. Славян, угор тілдеріне де қыпшақ тобынан *керемьнь* (бекініс), *карман* (қамал) түрінде енгені жөнінде де мағлұмат бар [ЭСТЯ, V, 1997. 52-53]

Кер сөзін біз түркі тілдеріндегі *керман*, *кереге* сөздерімен төркіндес деп есептейміз. Керегенің мағына-мәні «Қазақ әдеби тілі сөздігінде» толық берілген: «1. *Жас қайыңнан, талдан тор көздеп жасаған киіз үй сүйегінің жиналмалы қабырғасы*; 2. ауыс. *Үйдің, қораның қабырғасы*; 3. ауыс. *Үй, отырған мекенжай, кеңістік*» [ҚТӘС, VII, 2011, 643-644]. Бұл түсіндірмеден «қабырға» деген мағынаға ерекше мән беру керек. Қазақ тіл білімінде *кереге* сөзінің этимологиясы да назарға ілінген. Ә. Нұрмағамбетов Т. Пахалинаның «Сарыкөл-орыс сөздігіне» (Москва, 1971, 88-бет) сүйеніп мұның алғашқы мағынасын «тор» деп санайды, осы

сөздікте хирги тұлғасы киіз үй мағынасында да қолданылатынын көрсетеді. Қазақ тілінде -еге жұрнағын сақтай отырып үй жабдығының бірі болып қала бергенін айтады [Нұрмағамбетов, 1994, 136-137]. Бұл этимологияда кереге сөзінің негізі *кер* етістігі екені ескерілмеген, бірақ -еге формасының жұрнақ екендігін көрсеткені – ұтымды айғақ.

Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінде» Керүк деген қала аты бар [Мамырбекова, 2013, 476].

Сөйтіп, *Керия* атауының мағынасын төркіндету үшін түркі дүниетаным тұрғысынан (концептілік ойлау тұрғысынан) пайымдау керек болады. *Кер* түбіріне -ия жұрнағы қосылып зат есім жасалған. *Кер* сөзінің синкреттік етістік-есім ретіндегі алғашқы мағынасы атау жасау үшін пайдаланылған. Сонда «керіліп салынған құрылысты» білдіретін мағына келіп шығады. Түркі танымда *қамал керу* (=салу), *қабырға керу* (=салу), *қоршау керу* (=салу), *қала керу* (=салу) деген мәндер бар. Осыған орай *Керия* да қала, қамал, қорған сияқты мағыналарды қамтиды (Ж.Жақып).

КЕРМЕНТАС – құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд. *Кермен* – көне түркі тілінде «қала, қамал» мағынасын беретін сөз болған (Ақкермен) (Радлов, 1898, 2-т). Топонимжасамда «көне қала орнын немесе қамалға ұқсас геонимді» атап көрсетеді. Кермен + тас сөздерінен біріккен атау «қамал, бекініс тәрізді орналасқан тас (қорғантас)» мағынасында тұрғаны дау туғызбаса керек.

КЕРУЕНКӨЛ – көл, Семей қ.э. тізбегі» (ҚТТС, 4т, 641) мағынасын береді. «Керуенге ұқсас тізбектелген табиғи нысандарды, кейде керуен жолы өтетін белгі-нысандарды, керуен-сарайларды» атап көрсетеді. Керуен + көл гидронимін «керуен тәрізді бір-біріне жалғасқан көлдер тізбегі» деп ұққан жөн. Кейде «керуен сарай орналасқан аялдама жер» деуге де келеді.

КЕРЧ – Қаратеңіздегі түбек. Б. Аспандияровтың *Керч* түбегінің атын «кіру» (входить) сөзінен шығаруын қолдауға болмайды. *Керч* – Қазақстандағы *Қиынкеріш*, *Қызылкеріш*

атауларының құрамындағы *керіш* «түрлі-түсті үгілмелі топырақ» мәніндегі географиялық терминнен жасалып тұр. Палеонтолог-ғалымдардың айтуынша, мұндай түрлі-түсті (көбінесе қызыл, қоңыр, жасыл түсті) борпылдақ топырақтар мезозой дәуіріндегі ыстық және ылғалды климаттың әсерінен пайда болған.

КЕРШЕТАС – е.м. ОҚО, Түлкібас ауд. Ойконим кері-ше + тас тұлғаларынан жасалып тұр. Керішетас/Кершетас «таза кері емес, керілеу түсті тас» деген мағына береді. Мұндағы -ша/-ше жұрнағы туынды сын есім жасайды: бозша, көкше т.б. (Ибатов,1988,133).

КЕТМЕН – е.м. Алм. обл.,Ұйғыр ауд. Ұйғыр. *кетмен*, қаз. *кетпен* «топырақты жазу және шабу үшін жұмсалатын қол құралы» мағынасын білдіретін сөзден метафоралық жолмен жасалуы мүмкін (айыр>Айыр үлгісімен). Алайда кетпеннің сырт бейнесіне ұқсас табиғи нысанды табу қиын.

Біздің ойымызша, көне түрк. *қат* «жеміс-жидек» [38;200] + *ман* (түркі. «туынды сын есім жұрнағы») > *Қатман* > *кетмен* «жеміс-жидекті мол беретін жер» мағынасында тұруы мүмкін. Тілші-ғалым М.Томанов – ман, - мен қосымшасы қазақ тілінде сын есім жасамағанмен, басқа түркі тілдерінде сын есім тудыратынын атап өтеді (ақылман, қараман) (Томанов,1992,121).

КЕШДИМ – этнотопоним, көне түркі ескерткішінен. Кешдим әрі топоним, әрі этноним бола алады, өйткені И.Л.Кызласовтың айтуынша, Кешдим Тыва елінің бұрынғы бір аты (алты бағ будун Кешдим) болып табылады (Кызласов,2017,89).

КИМЕРИЯ - «Әлем картасында» Қара теңіздің солтүстік жағалауы *Киммерия* деп белгіленген. *Киммерия/Киммерицы/кимерліктер* этнотопоним екені басы ашылған нәрсе және қазақарий тіл байланысын зерттеуші Ж. Байжумин *кимер* сөзін негізсіз *комер*, *кумер* тұлғасына келтіріп алады да, лат. *Сомо*, *Сомеге* және қаз. *қауым* сөздерімен байланыстырады: «қауым», «одақ», «халық» мағынасына келтіреді (Байжумин,2004,61). Сөздің немесе

атаудың этимологиясы үнемі күрделі, терең бола бермейді, өйткені ертедегі сөздер мен атаулар қарапайым тұлғада қолданылған. Қарапайым мағынаның дәл үстінен түспегеннен кейін, өзіміз күрделендіріп, қиыс кетіп жатамыз. Өйтпесе жазушы-ғалым Т. Жұртбай, зерттеуші Б. Аспандияров тағы басқалар *кимер* сөзінен қазіргі тілімізге парсы тілінен енген *кемер* сөзін таниды (*кемерліктер*) (Жұртбаев,1994,28). Расында да Қара теңіздің солтүстігін мекендеген скифтер өздерін *кемерліктер*, яғни «теңіз жағалауында (кемерінде) көшіп жүретіндер» деп атауы әбден мүмкін. *Кемер*, *Қаракемер* тәрізді топонимдер Қазақстанда да көптеп кездеседі.

КИКСОР – тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд. *Киік* сөзі «айыр тұяқты, ешкіге ұқсас, жабайы, тағы аңның» (ҚТТС, 5т, 44) аты. «Киік мекендейтін табиғи нысандарды» атау үшін топонимжасамға қатысады. Киік + сор атауы «киіктер ащылағанда келетін тұзды көл» деген мәнде тұр.

КӨГЕР – топоним, көне түркі ескерткішінен. Көгер/Көгүр топонимі қазіргі тіліміз бойынша, көк «көк түс» + ер (келер шақ есімше жұрнағы) арқылы жасалып, «көк түске айналу, көк шөп басу» (ҚТТС,1980,5-т,91) мағынасын береді. Көбінесе, ерте көктейтін күншуақты жерлерді атайды: Алтай. Көкты, Көгөш қырғыз. Көктү «көк шөпті жер» (Мурзаев,1984,283). Кореяның бұрынғы атауы Когуремен байланыстыратын пікірлер де бар.

КӨГМЕН ЙЫШ – ороним, көне түркі ескерткішінен. Көгмен көне түркі. көг/көк «көк түсті, көгілдір» + мен (сын есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып, «көк түсті, көгілдір (тау)» мағынасын береді: Қара-ман «қара түсті» сияқты. Мұндағы йыш көне түркі. йыш «адам тұруға жарамды орманды тау аңғарлары» (ДТС,1969,268) мағынасын береді. Қазіргі ұғымда «таулы қарағайлы орман, тайга» (Мурзаев,1984,237) мәнінде қолданылады. Түркітанушы С.Қаржаубай және басқалар қазақ жыныс «қалың орман» түрінде аударған. Біздің ойымызша, йыш термині үнемі тау аттарымен (оронимдермен) тіркеседі: Алтын

йыш, Өтүкен йыш, Көгмен йыш, Сұңға йыш т.б. Ендеше, йыш кейбір аудармаларда (М.Жолдасбеков) кездесетін «тау қойнауы» мәніне сәйкес келетін сияқты (Орхонские надписи, 2001, 171). Сонда, «Көне түркі сөздігінде» берілген анықтама дұрысқа шығады: «Адамдар мекендеуге қолайлы орманды тау қойнауы». Тау қойнауларының, көбінесе, орманды болып келетіні де рас. Түркітанушы-ғалым Л.В.Дмитриева йыш/жыс сөзінің Шығыс Сібірде ғана жиі қолданылғанына қарап, түркі емес көрші тайпалардан енген геотермин болуы мүмкін екенін айтады (Дмитриева, 1984, 142).

КӨКАЙЫЛ – атаудың екінші сыңары алт. қырғ. *айыл*, моңғ. *айл* «ауыл» мағынасын беретіні белгілі.

КӨКБӨЛТЕК – басыңқы сыңар моңғ. *болдог* «төбе, төбешік, дөң, дөңес» [77;79], қаз. *бөрте* «тау алды төбелері» сөзі болып табылады.

КӨКДОМБАҚ - мұндағы *домбақ* қазіргі тіліміздегі *томпақ* «дөңес, томпиған жер» мағыналы сөзінің фонетикалық нұсқасы: Көкдомбақ = Көктомпақ.

КӨКМАРДАН – мұндағы *мардан* – Оңтүстік Қазақстанға тән диалект сөз. Мағынасы «қамыстан тоқылған ыдыс» атауы болады.

КӨК ӨҢГІН – топоним, көне түркі ескерткішінен. (Онгин өзені). Түркітанушы-ғалым С.Қаржаубай Көк өңүг/өңгүн өзенін Онгин өзені деп есептейді. Ал Көк өңгүн көне түркі. «көк өңді, түсті» өзен деген мағына береді (Махпиров, 1997, 256). Қазақ тіліндегі Көксу гидрониміне сәйкес келеді.

КӨКПАРТАС + қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд. *Көкпар* зат есімі «терісін шешпей сойып, басы мен ішек-қарнын алған малды (көбіне ешкі, лақ) ат үстінде тартысатын ұлттық ойынның» аты. «Үнемі көкпар тартылатын ыңғайлы жер» мағынасында топоним жасайды. Көкпар + тас топонимі «көкпар тартуға ыңғайлы жазықтағы тас» деген ұғымда тұр.

КӨКПЕКТИ - е.м. Көкпекті ауд., өзен, Жарма ауд. Көкпек (лебеда) шөбі + ті (мол екенін білдіретін сын есім жұрнағы). «Көкпек шөбі мол өсетін жер». Көкпек шөбіне байланысты атаулардың көп кездесуі ол шөптің малға жұғымды екенін білдіреді және оның тамырын отын ретінде пайдаланған деген пікір бар.

КӨКТЫРЫҚ – екінші сыңары көне түркі. *тұрұқ/тұрық* «көшпелілердің қыстауы», «елді мекен», «қала»; сондай-ақ тув. *туруг* «құз», «жартас» (Э.М.Мурзаев); қаз. *тұрық* «арық»; «бой, көлем, ені» (Ө.Қайдар) сөздерінің бірінен өзгеріп қолданылып тұр.

КӨКШЕТАУ - тау; қала. Ақмола обл. Көк (сын есім) + ше (кішірейткіш мән туғызатын жұрнақ) + тау (зат есім). Мағынасы: «Көкшіл, көгілтім, көгірек түсті тау».

КӨКШУБ – көне түркі ескеркішінен. Мұндағы *шуб* көне түркі. *сув/суг*, чуваш. *шув* «су» сөзінен сақталған реликт атау болды.

КӨКІДАБА - асу (1680 м), Катонқарағай ауд. Атаудың бірінші сыңары түркі-монғол тілдеріне ортақ сын есім хох "көк" + моңғол. даваа "кезең, асу, мойнақ" (Базылхан,1987,617). Хохдаваа>Көкідаба тура мағынасында Көккезең болып шығады.

КӨЛДЕНЕҢБЕЛ – қоныс. Алматы обл., Іле ауд. *Көлденең* үстеуі «кесе, көлбеу, тік емес» (ҚТТС, 5т, 143) мағынасын береді және топонимжасамда «бір табиғи нысанға екінші бір нысанның кесе-көлденең келуін» анықтап тұрады. Көлденең + бел сөздерінен тіркескен топоним «жолға көлденең жатқан бел (кезең)» мағына береді.

КӨЛКЕНТТӨБЕ – көне қала. ОҚО, Сайрам ауд. *Көл* сөзі «айналасы құрлықпен тұйықталған, көлемі әр түрлі су қоймасы» мағынасымен географиялық терминге енеді. Біріккен атаудың алдыңғы сыңарында келіп, «көлге айналған, көлдің маңайындағы нысандарды» атауға қатысады. Көл + кент + төбе сөздерінен біріккен топоним «көл жанындағы көне қала орны, төбе» деген

мағына береді. Мұндағы кент парсы. кенд/канд «қала, қорған, бекініс» сөзі екені белгілі

КӨМЕШБҰЛАҚ – е.м. ОҚО, Сайрам ауд. *Көмеш* зат есімі «күлге көміп пісірген нан, көмбе» (ҚТТС, 5т, 159) мағынасын береді де, «көмеш нанға ұқсас дөңгелек келген дөңес табиғи нысанды немесе топырақ, құмға көміле беретін нысанды» атауы мүмкін. Көмеш + бұлақ атауы соңғы мәнге келеді, яғни «құм көме беретін бұлақ».

КӨМІРТАҒ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Көміртау/Көмұртағ оронимі көне түркі. көмүр «тас көмір, отын» сөзінен жасалған (ДТС, 1969, 314). Таудың негізгі ерекшелігі, яғни онда тас көмір кенінің болуы, атауға уәж болған.

КӨҢШИ – қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд. *Көң* сөзінің негізгі мағынасы «қордаланып қалыңдаған мал қиы» болғанмен, топонимжасамға осы мағынаға тікелей байланысты «қалып қойған қоныс, мекен, жұрт» ауыспалы мағынасы қатысады (М.: Нартай көңі). Көң + ши атауы «ескі жұртта өскен ши» мәнінде тұр.

КӨПҚОРҒАН – қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд. *Көп* сөзі «мол, қыруар» (ҚТТС, 5т, 181) мағынасын өзгертпей-ақ топонимжасамға қатысып, «санауға келмейтін мол, бір жерге шоғырланған нысандарды» білдіретін атаулар жасайды. Көп + қорған топонимі «көптеген ескі қорғандар қалдығы бар жер немесе ескі молалар шоғырланған жер» деген мағына береді.

КӨШҚОРҒАН – е.м. ОҚО, Түркістан қ.э. *Көш* сөзі «үй-ішін, дүние-мүлкін күш көлігіне тиеп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені» мағынасымен көшпелі қазақ өмірінде ерекше маңызға ие болған. Жер-су атын жасауға «көш жолындағы аялдама жер, не белгі нысандарды» атау арқылы қатысады. Көш + қорған сөздерінен біріккен атау «көш жолындағы қорған» деген бағыт-бағдар беріп тұр.

КҮДЕЛІ – құдық. Жамбыл обл., Жуалы ауд. Күде + лі туынды топонимі, тура мағынасында «көделі, көде шөбі (ковыль)

мол өсетін жер» деген мағына береді. Күденің кейбір диалектілерде «көпене шөп», «биенің аяғын байлайтын жіп» деген мағыналары бар, бірақ олар тұрақты топонимикалық белгі бола алмайды. Күде, көде сөзінің ауызекі тілдегі бір қолданысы деп білеміз.

КҮЗЕУСАЙ – өзен. СҚО, Уәлиханов ауд. *Күзеу* зат есімі «жазғы жайлаудан қайтқан елдің күз кезінде отыратын мекені» (АТС, 1968, 337). Осы мәнде жер-су атын жасауға қатысады («Ықтырмамен күзеуде отырар бай» Абай). *Күзеу + сай* «елдің жайлау мен қыстаудың арасында, күзде, отыратын сайы» деген мәнде қойылған атау болып табылады.

КҮЙМЕТАС – тау. Абай ауд., Абай обл.). *Күйме* сөзі «үстін, жан-жағын былғарымен, жібекпен қаптап қоршаған, сәнді жеңіл арбаның» (ҚТТС, 5т, 282) аты. Топонимжасамда тек «пішін ұқсастығы арқылы және күйме жолына байланысты» атаулар жасай алады. *Күйме + тас* топонимі «күймеге ұқсайтын тасы бар тау» деген мағына бермек.

КҮЛТӨБЕ – көне қала. Түркістан обл., Түркістан қ.э. *Күл* сөзі «отын түгел жанып біткеннен кейінгі қалдық» (ҚТТС, 5т, 289) мағынасында қолданылады. Жер-су атын жасауға «өрттен қалған күлді жер немесе күл-топырақ үйілген ескі жұрт» мағыналарында қатыса алады. Көне түркі. *күл* «бас қолбасшы» лауазым аты да топоним жасауға тартылуы мүмкін (Күлтегін, Күлішор т.б.). Қазақ тарихында «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болған кезең бар. Соған қарағанда, *Күл + төбе* атауы «күлік/күл (атақты, даңқты) төбе» деген мағына бере ме деп ойлаймыз. Екіншіден, парсы тілінен енген *күлаһ/күлә/күле* «ханшалар киетін бас киім» сөзінен шығатын тәрізді (Қайыржан, 2013, 215). *Күлетөбе/Күлтөбе* «күле бас киіміне ұқсас төбе» болуы ықтимал.

КҮМБЕЗБЕЙІТ – бейіт. Алматы обл., Алакөл ауд. *Күмбез* сөзі «мешіт, мола, сарай құрылыстарының доғалдана біткен төбесін» атайды. «Күмбезді құрылысы бар жерді, не күмбезге ұқсас төбе, шоқыларды» атап көрсету арқылы топонимдер жасайды. *Күмбез + бейіт* атауы «төбесі күмбездене салынған

мола» деген мағына береді және ондай мола, бейіттер бағыт-бағдар нысаны болып қызмет еткен (М.: Ақмола).

КҮМІСҚАЗЫҚ – тау (745 м), Аягөз ауд. Күміс (зат есім) + қазық (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Мағынасы: «Күміс түстес қазықтай шаншылған шыңы бар тау».

КҮНГЕЙ ҚАРАТАУ – тау, е.м. ОҚО, Созақ ауд. *Күнгеі* сөзі «күннің шуағы мол түсетін жер» мағынасындағы ГТ болып табылады. Топонимжасамда «тау, төбенің оңтүстік жағы» мәніндегі атаулар қалыптастырады. Күнгеі Қаратау тіркесті атауы «Қаратаудың оңтүстік жағы (күнгеі)» деген мағына береді. Күнгеіге қарама-қарсы жақ «теріскей» аталады: Теріскей Қаратау.

КҮНҮЙ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топонимінің түбірінде көне түркі. күн «күн» сөзі жатыр десек, Күнүй «күнгеі» мағынасын береді. Ал -гей/-гүй сын есім жасайтын жұрнақ (г дыбысы түскен). Көне түркі. күндем «күншуақты» (ДТС,1969,326), қазақ. күнес «күншуақ, күнгеі» (Қайыржан, 2013: 217) сөздерімен мәндес.

КҮРСІ ЙАМ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Атаудың бірінші сыңарын аудармашылар *Күрсі/Көрсі* деп бергенімен, мәтінде Ш әрпінен басталады және С.Е.Малов Шүрсі түрінде ұсынады (Малов,1952,81). Оның үстіне 6-шы жолдағы осы сөздің басқы жағы өшіп қалған, сондықтан атауды тура анықтау қиынға соғады. Шартты түрде алсақ, А.Аманжоловтың аудармасындағы араб. күрсі «орындық, тақ» сөзі Енисей өлкесіне сол дәуірде бара қоюы екіталай нәрсе. Ал Н.Базылхан ұсынған Көрсі нұсқасын көне түркі. көрші «қоңсы, жанындағы» сөзінен шығады десек, онда ол екінші сыңары Йам көне түркі. йам «почта бекеті» (Шипова,1976,436) сөзімен мағыналық байланысқа түсе алады: Көрсі/көрші Йам «көрші (келесі) почта бекеті». Көне Түркі қағанатында йам бекеттері, йамшы (хат жеткізуші) қызметі жолға қойылғаны және ол үрдісті кейін Алтын Орда хандығы қабылдағаны тарихтан белгілі.

КҮРШІМ - өзен, тау жотасы, е.м., Күршім ауд. Күршім өзенінің ұзындығы 218 шақырым. Ол Ертіске құяды. Күршім жоталары 150 шақырымға созылып жатыр, биіктігі - 2646 м. Көптеген ғалымдар Күршім - таудың аты деп қателеседі. Мәселен, "Қазақтар" атты энциклопедияда бұл атауды мәнжүр тіліндегі куру - "биік", монғолша хүр - "тік жар", тәжікше кур - "тау тізбегі" + чоң (қырғызша "тау мұздағы") деген сөздерден біріккен дейді. Ал Е. Қойшыбаев: "Көне түркі тілінде күр "от" + чім "жем", яғни отты-жемді жер" деп шеше салады. Шындығында Күршім тау жотасы дегенді алғаш карта жасаған орыс саяхатшылары ойлап шығарған. Күршім - әуел бастан өзеннің аты (гидроним). Ал оны бойлай жатқан тау жотасын қазақтар ежелден Сарытау деп атайтын. Гидроним негізінде көне түркі тіліндегі кү "дыбыс", одан туған күр/гүр тұлғасындағы дыбысқа еліктеу сөздері жатыр (ДТС,2016,322). Екінші сыңары шім қазақ тіліндегі етістік пен еліктеу сөздерден сын есім тудыратын -ық,-ік,-қ өнімді жұрнағының көне, өлі түрі. Сонда Күр+шім "күр+ік, күрілдек өзен" деген мағына бермек. Өзеннің басы биік таулардан басталатындықтан, гүрілдеп, күркіреп ағатыны атауға себеп болса керек.

КҮСҮЙ ҚАРАБАС – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топоним көне түркі. күзі/күсі «хош иіс, жақсы иіс» (ДТС,1969,332) сөзі мен қарабас «атқонақ, қарабасшалғын шөбі» (Қалиев,1993,67) сөздерінің тіркесінен жасалып, «хош иісті қарабас шөбі өсетін жер» мағынасын береді.

КІНДІКТАС – таулар. Жамбыл обл., Шу ауд. Топонимжасамға *кіндік* сөзінің негізгі мағынасы емес, басқа екі мағынасы қатысады: 1) «қарынның орта тұсындағы шұқыр жер, кесілген кіндіктің орны» (ҚТТС, 5т, 407); 2) «орталық». Бірінші мағына бойынша, «үлкен нысанның орта тұсына орналасқан екінші бір кіші нысан» мағынасында топоним жасалса, соңғы мағына бойынша, «бірнеше нысанның ортасына орналасқан нысан» мәніндегі атаулар жасалады. Кіндік + тас оронимі «басқа

таулардан биік болып шығып тұратын тасты шыңға» қойылған атау екені анық.

- Қ -

ҚАБА – өзендер жүйесі, Катонқарағай, Күршім ауд., ШҚО. Көне түркі тіліндегі қобы/қоба сөзі - "заттың өзегі, су ағар", моңғол. - "хобил", «ховоо» – сөзі "науа", «қауға» мағыналарын береді (ДТС, 2016: 460), (Базылхан,1987,585). Қаба өзенінің салалары Өр Алтайды терең шатқалдарға бөліп ағатындықтан, шынында да, науаға ұқсайды. Сонда қобо/қаба гидронимі қазақша "науа " дегенге саяды. Зерттеушілер Э.Мурзаев, О.Т.Молчановалар да осы пікірге келеді. Өңірде Қабаның жеті саласы бар және олар Жеті Қаба деп аталады: Ақ Қаба, Қара Қаба, Арасанды Қаба, Теміртi Қаба, Жаман Қаба, Балықты Қаба, Толын Қаба.

ҚАБЫЛАНҚЫР – үстірт. Маңғыстау обл., Үстірт маңы. *Қабылан* сөзі «мысық тұқымдас түсі теңге шұбар, сүтқоректі жыртқыш аңның» (ҚТТС, 5т, 462) аты, зооним. «Қабылан мекендеген жер» мағынасында топоним жасауға қатысады. Қабылан + қыр топонимі «қабылан мекендеген қыр» мәнін береді.

ҚАБЫРҒАТАЛ – арна. Алматы обл., Ақсу ауд. *Қабырға* сөзінің негізгі мағынасы «адамның кеуде сүйектері» болғанмен, жер-су атын жасауға оның «бір заттың қапталы, қанаты» түріндегі ауыспалы мағынасы қатысады: «қабырғаға ұқсас жағалай орналасқан табиғи нысанды» атайды. Қабырға + тал атауы «жағалай, қабырғалай өскен тал» деген мәнде тұр.

ҚАДЫРҚАН ЙЫШ – топоним, көне түркі ескерткішінен. «Көне түркі сөздігі» Қадырқан тауы қазіргі Хинган тауы дейді (ДТС,1969,403). Л.В.Дмитриева Өтүкеннен шығысқа қарай жатқан таудың аты (ороним) екенін атап өтеді (Дмитриева,1984,142). Көне түркі. қадыр «катал, қатыгез, жауыз» түбірі + ған/қан (өткен шақ жасаушы жұрнақ: азыт «адастыру»/азытқан «адастырған»)

тұлғалары арқылы жасалып, «қаталданған» мағынасын береді (ДТС, 1969, 653). Сонда Қадырқан «(климаты) қаталданған, қиын (тау)» дегенді білдіреді. Екінші жағынан, моңғол. хайырхан «қадірлі, ардақты» сөзінен шығып, Қайырқан/Қадырқан «қасиетті, киелі (тау)» мәнінде тұруы да мүмкін деп ойлаймыз (Базылхан, 1984, 556). Қосымша айта кетсек, түркі тілдерінде й-д дыбыс алмасуы бар: адақ-айақ. Топоним осы екі мағынаның бірінде тұр.

ҚАЗАЛЫ – е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд. Қаза + лы туынды ойконимі «балық аулайтын қаза ауы көп, балықшы» деген мағына береді. Мұндағы қаза «аудың ескі түрі, көбінесе талдан, қамыстан тоқылады» деген сөз екені мәлім (Қайыржан, 2013, 229).

ҚАЗАНДАБАН – асу. Алматы обл., Панфилов ауд. *Қазан* сөзінің негізгі мағынасы «тамақ пісіруге арналып, шойыннан я мыстан жасалған ыдыс» (ҚТТС, 5т, 500) болса, топоним жасауға «қазанға ұқсас шұңқыр, ойпаң жер; судың балық көп жүретін терең тұсы» мағыналары қатыса алады. Кейде *қазан* сөзі тура мағынасымен де атау құрамына енеді (М.: *Қазансынған, Қазанқалған* т.б.). Қазан + дабан атауы «қазан сияқты ойпаңы бар асу» деген мағына береді. Мұндағы *дабан* сыңары моңғ. *даваа* «мойнақ; асу; белес» сөзінен шығады.

ҚАЗБҰРЫҚ – көл. Ақмола обл., Целиноград ауд. *Қаз* зат есімі «суда жақсы жүзетін, мойны ұзын, жабайы және үй құсының аты» (ҚТТС, 5т, 493). Топонимжасамда «қаз қонатын көл, сулардың» атын жасауға араласады. Қаз + бұрық «қазы бар бұрылған (бөгелген) көл» мәнін береді.

ҚАЗЛҰҚ – көл, көне түркі ескерткішінен. Қазлұқ гидронимі көне түркі. қаз «қаз құсы» + лұқ/лық (-лы/-лі туынды сын есім жұрнағының көне түрі: алмалық) арқылы жасалған туынды атау, «қазды, қазы мол көл» деген мағынада тұр (ДТС, 1969: 438-657).

ҚАЗЫНАҚҰДЫҚ – құдық, Алматы облысы, Талғар ауд. *Қазына* сөзі «дүние-мүлік, бағалы заттар» мағынасымен қоса, «өкімет, мемлекет, қоғам» мәнінде де қолданылып келеді.

(ҚТТС, 5т, 517) Мысалы: Қазынаның мүлкі «қоғамның, өкіметтің мүлкі». Топонимжасамда осы екі мағынада да атаулар жасауға қатысуы мүмкін және «жер қойнауындағы қазба байлық, кен, руда», «жерге жасырып көмген бағалы заттар» сияқты жанама мәндерде топонимдер жасай алады. Қазына + құдық гидронимі «қазына табылған құдық» немесе «суы қазынадай бағалы құдық» деген мағыналардың бірінде тұр.

ҚАЙЫРҚҰДЫҚ – құдық, ОҚО, Ордабасы ауданы. Көпмағыналы *қайыр* сөзінің топонимжасамға тікелей қатысуы бары «өзен-көлдердің, теңіздердің таяз жері, батпақты, құмды жағалауы» мағынасы (ҚТТС, 5т, 552). Көне түркі тілінде және М. Қашқари сөздігінде қайыр сөзі «құм» мағынасын беретінін көреміз (Қашқари, 1997, 227). Мысалы: *Қайырты* «құмды». *Қайыр* сөзі топонимжасамда өзара сабақтас «судың саяз жері» және «құмды жер, құм» мағыналарымен атаулар жасай алады. Қайыр + құдық атауы тура мағынасында «суы саяз құмды құдық» дегенді білдіреді.

ҚАҚПАНСОР – е.м. Түркістан обл., Созақ ауд. *Қақпан* сөзі «аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құралдың» аты екенін және *қапқан* сөзінен метатеза әсерінен *қақпан* болып өзгергенін білеміз. Топонимжасамға тек «бір нәрсені тұтып, ұстап қалу» функциясы арқылы ғана қатысуы мүмкін. Қақпан + сор топонимі «аяқты тұтып, ұстап қалатын тұзды батпақ» дегенді білдіреді.

ҚАҚПАТАС – ауыл, Жамбыл облысы, Қордай ауд. *Қақпа* сөзі «адам, көлік, транспорт т.б. енетіндей етіп жасалған үлкен есіктің» аты (ҚТТС, 5т, 567). Топонимжасамда «қақпаға ұқсас, жол бойына жарыла орналасқан табиғи нысандарды» атауға қатысады. Қақпа + тас ойконимі «жолдың екі жағында қақпа тәрізді тасы бар жер» деген мәнді нұсқайды.

ҚАҚТҰРАҚ – қоныс, Павлодар облысы, Ертіс ауд. *Қақ* сөзінің көптеген мағыналарынан жер-су атын жасауға қатысатыны – «жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су; кепкен тұзды

жер» мағынасы (ҚТТС, 5т, 563). Қақ + тұрақ топонимі «ақ тұзды қақ басқан тұрақ (қоныс, мекен)» деген ұғым беретіні даусыз.

ҚАЛАМТӨБЕ – жұрт. ОҚО, Созақ ауд. *Қалам* сөзі «қаламұш орнатып, сиямен жазатын құралдың» аты ретінде араб тілінен енген еді (ҚҚТС, 5т, 582). Кейін оған ұқсату арқылы «шаңырақ тесіктеріне кіргізетін уықтың сүйір ұшын» атай бастады. Топонимжасамда тек «сыртқы тұлғасының ұқсастығы арқылы ғана жер-су аттарын жасауға» араласуы мүмкін. Қалам + төбе атауы «қалам сияқты үшкір, сүйірбас төбе» дегенге келеді.

ҚАЛБА – тау жотасы (1606 м). ШҚО. Қалба оронимінің этимологиясы туралы мынадай үш түрлі пікір келтіруге болады:

1. Қалба – түркі. *қалбағай* «жалпақ»; эвенк. *калбин* «кең», мәнжүр. *кальфан* «жалпақ»; моңғ. *халбағар* «кең», «жалпақ», *халбага* «қасық» сөздерімен ұялас келіп, «жалпақ тасты, аласа тау» мағынасын береді. Таудың өзі де текшеленген, қатталған жалпақ тастардан тұрады.

2. Сонымен бірге, тұңғыс-мәнжүр. *колбо/холбо* «жалғасу», «қосылу»; моңғ. *холбо* «жалғастыру», «байлау»; түркі. *қосу* (В.И.Цинциус //Алтайские этимологии,1984,92-93) сөзінен *Қолба* > *Қалба* «Өр Алтай мен Батыс (Кенді) Алтайды жалғастырушы, қосатын тау жотасы» мағынасына да келеді.

3. *Қалба* «*Allium ursinum*, род дикого лука, черемша (Даль, 2,77; Фасмер, 2, 165; Радлов 2,270)» мәнінде орыс тіліне енген түркизм түрінде көрсетіледі. Шығыс Түркі тілдерінде *қалба* «жабайы сарымсақ» сөзі қолданылады.

Қытай жазбаларында ғұндар мекендейтін солтүстіктегі, батыстағы бірнеше тау *Цунлин* «луковый хребет» деп аталатыны және ғұндарды «жабайы тау сарымсағын жейтіндер» деп атағаны кездеседі (Суперанская,1973,204-205). Сол сарымсақты тау осы Қалба тауы болуы мүмкін.

Бір ғажабы бұл үш этимология да Қалба тау жотасының негізгі үш түрлі ерекшелігін дәл басып көрсетіп тұр. Бірақ қайсысы атау болып бізге жеткенін анықтау қиын, өйткені Қалба тауының

жалпақ тасты болып келетіні, оның Өр Алтай мен Батыс Алтайды жалғап жатқаны, тауда жабайы сарымсақ пен рауағаштың қалың өсетіні де ақиқат-шындық.

Топонимжасам тарихында осындай жұмбақ жағдайлар да кездесіп тұрады.

ҚАЛҒАНДАРИЯ – е.м. Қызылорда обл., Қызылорда қ.э. Қалған + дария сөздерінен біріккен гидроним «Сыр өзені тасығанда қалған су, ескі арна» деген мағына береді. Сырдарияның арнасын өзгерту барысында Қуандария, Жаңадария, Қызылдария, Қалғандария сияқты атаулар туғызып отырған. Осы жерлерде көне қала, рабаттар көп болғанын тарихи қазба деректер дәлелдеп отыр.

ҚАЛҒҰТЫ - өзен, Катонқарағай, Күршім, Аягөз ауд. Атаудың негізінде монғол. галуу "қоңыр қаз" сөзі жатыр. Галуу+т (бір нәрсенің, мол екенін білдіретін туынды сын есім жұрнағы). Галлут>Галлуты>Қалғұты болып қазақыланған (Базылхан,1987,118). Атаудың мағынасы - "қазды, қоңыр қазы мол өзен" болып шығады.

ҚАЛДЫҒАЙТЫ – өзен. БҚО, Қаратөбе ауд. Қалдығайты гидронимі моңғол. хандгай "бұлан" + ты (түркі-моңғолға ортақ туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалып, "бұланды" деген мағына береді. Хандғайты > Қалдығайты болып дыбыстық өзгеріске түскен. Түркі тілдерінде н/л дыбыс алмасуы бар құбылыс: танды/талды.

ҚАЛЖЫР - өзен, е.м., Халықтық этимология *қалыңжар* сөзінен шығарады, дегенмен топонимжасамда халықтық этимология, аңыз-әпсаналар негізгі тірек бола алмайды. Тілші-ғалым Е.Қойшыбаев: «*Қалжыр* – түркі тайпаларының көне және қазіргі ру-тайпа аттары» - деп дәлел-дерексіз айта салады (Қойшыбаев,1974,145). Түркітанушы-ғалым А.С.Аманжолов: «Алт. *қалжыр* «асау, долы, буырқанған» мағынасын беретінін келтіреді (Аманжолов,1996,30).

Шындығында Марқакөлден ағып шығатын бұл жалғыз өзеннің бұраландап, қисық ағуы, орта тұсынан 90°-қа жуық бұрылып алып, оңтүстікке қарай бет алатыны атауына себеп болған. Атап айтқанда моңғол. *галжир* «қисық», «қыңыр» сөзі Қалжыр гидронимін туғызады. Кейін келген орыс зерттеушілері де өзеннің осы ерекшелігін байқаған: «В плане течение реки довольно извилистое ...», - дейді А.А.Силантьев (Силантьев, 1900, 16).

ҚАЛМАҚЕМЕЛ - тау (870м), Аягөз ауд. Мағынасы: «Қалмақ еріне ұқсас тау». Қалмақ ерінің алдыңғы қасы биік болып жасалады. Емел - моңғол.эмээл «ер» сөзі екені белгілі (Базылхан, 1987, 772).

ҚАЛҚАТАС – өзен, Жамбыл облысы, Қордай ауд. *Қалқа* сөзінің негізгі мағынасы «пана, таса, ықтасын» екені белгілі. Осы мәнде (таса, ықтырма жер) топонимжасамға да қатысады. Мәселен, қыпшақ пен орыстың біріккен қолы моңғол қосындарымен алғаш *Қалқа* деген жерде соғысқаны тарихтан мәлім. Қалқа + тас топонимі «адамға, малға ықтасын болатындай тас» деген ұғым тудырады.

ҚАЛЫҢСАЯ – жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд. Қазақ қалың «жұқа емес, қабат-қабат», «көп, мол», «қою, жиі, тығыз» + сая «көлеңкелі ағаш (әлде орман, әлде тоғай)» мағынасында тұр. *Қалыңсая* – «ағашы жиі өскен саялы жер» мәнді топоним.

ҚАЛЫПТАС – тау. Ақмола облысы, Жамбыл ауд. *Қалып* сөзі «аяқкиім, кірпіш тағы басқа заттардың формасын келтіруге арналған арнайы құралдың» аты. Түбі араб тілінен енген сөз (ғәләб). Топонимжасамда «әлдебір заттың қалыбына ұқсас табиғи нысандарға» қаратып айтылуы мүмкін. Ертеректе кең тараған қалып, әрине, аяқкиім қалыптары (үлгілері) болып табылады. Қалып + тас сөздерінен біріккен атау «ортасы әлдебір қалыпқа ұқсас ойылған тас» деген мәнде тұр.

ҚАМҚАКӨЛ – қоныс.СҚО, Уәлиханов ауд. *Қамқа* сөзінің екі мағынасы бар: 1) Иран тілінен енген *қамқа* сөзі «алтын яки

күміс зерлі жіптен тоқылған жібек матаның» аты. 2) «Қара түсті терісі қымбат су аңының (қаманың)» аты болады. (ҚҚТС, 5т, 612). Топонимжасамда екінші мағынасының қатысу мүмкіндігі мол екенін байқау қиын емес. Оның үстіне су аңының аты «қамқа тон» киім атауында да сақталған. «Қамқа аңы мекендейтін жер» мәнінде жер-су атын жасауы әбден ықтимал. Қамқа + көл гидронимі «қама (қамқа) аңы мекендейтін көл» деген мәнде тұруы мүмкін. Қамқа антропонимінен (кісі есімінен) жасалуы мүмкін екенін де жоққа шығармаймыз.

ҚАМЫСҚАЛА – е.м. Жетісу обл., Алакөл ауд. *Қамыс* сөзі «өзен, көл жағалауларында, сазды жерлерде өсетін қияқ жапырақты, көпжылдық өсімдіктің» аты, фитоним (ҚТТС, 5т, 621). Топонимжасамда «қамыс өсімдігі бар, мол» мағыналарында атаулар жасауға белсенді қатысады: *Қамысты, Жалқамыс, Қамыскөл т. б.* Қамыс + қала ойконимі «алғашында қамыстан тоқып, сыртын балшықтан соққан үйлерден тұрған қала» деген ұғым тудырады.

ҚАНДЫҚТЫ – қыстау. БҚО, Шыңғырлау ауд. Қандық + ты туынды топонимі қазақ. қандық «қандық гүлді шөбі (лала гүлдер тұқымдас)» + ты (көптік мағына беретін жұрнақ) арқылы жасалып, «қандық гүлі мол өсетін жер» деген мән береді.

ҚАНЖЫҒАБҰЛАҚ – бұлақ, Алматы облысы, Сарқант ауд. *Қанжыға* сөзі «бір нәрсе байлау үшін ердің алдыңғы, артқы қапталдарынан тесіп өткізілген жіңішке қайыстың» аты екені мәлім (ҚТТС, 6т,8). Топонимжасамда «бір табиғи нысанға қапталдас (қанжығалас) орналасқан екінші нысанды» атап көрсетеді. Қанжыға + бұлақ сөздерінен біріккен гидроним «қанжыға секілді екіге айырылған жіңішке бұлақ» дегенге саяды.

ҚАНТӨРТКҮЛ – тау, Ақтөбе облысы, Байғаныш ауд. *Қан* сөзі «дененің барлық клеткаларына корек беріп тұратын тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық заттың» аты (ҚТТС, 5т, 623). Топонимжасамда *қан* сөзінің екі семасы ұқсату жолымен атаулар жасауға қатысады: 1) Қанның қызыл түсіне ұқсату басым

болып келеді. Кейде қан сөзі қызыл сын есімінің орнына жүретіндей әсер қалдырады; 2) Қан тамырларына ұқсас салаларға бөлінген геонысандарды атайды (*Қансалаадыр т.б.*). Сонымен бірге хан лауазым атауының фонетикалық нұсқасы қан сөзі қатысуы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Қан + төрткүл оронимі «қызыл түсті немесе хан тағындай биік төртбұрышты төбе» деген мағыналардың бірінде тұр. Үсті тегіс төртбұрышты төбелерді «төрткүл» деп атайды.

ҚАНҰЙ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топонимінің түбірінде көне түркі. қан «қану, тою, қанағаттану» (ДТС,1969,417) сөзі жатыр. Сын есім тудыратын -ғай/-ғұй жұрнағы арқылы жасалып тұр (ғ дыбысы түскен) және шор. Қаңай «кұнарлы, сулы таулы өлке» (Молчанова,1979,202), моңғол. Кангай «мал қанып, тойынатындай отты, сулы жер» (сонда) атауларымен мәндес. Қаңгай оронимінің бір нұсқасы болуы да мүмкін.

ҚАНДЫСУ - өзен, Тарбағатай ауд., өзен, Катонқарағай ауд. Қанды (туынды сын есім) + су (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Халықтық этимология бойынша: "Өлім-жітімі көп болатын, ағысы тым қатты өзен". Сауыр тауынан бастау алып, еңіске қарай құлап ағатын бұл өзен кезінде аттылы, тіпті түйелі адамды да ағызып кеткен екен деген сөз бар. Қалай болғанда да өзен аты оның ағысының қаттылығына байланысты қойылған ба деп ойлаймыз.

Екіншіден, Сақ патшалары жерленген Берел қорымның жанындағы, Шілікті қорғандарының жанындағы екі өзеннің де Қандысу атануы кездейсоқ емес. Мұндай атаулар кезінде Хан суы "хандар мекендеген, жерленген өзен" атанып, кейінгі ұрпаққа Қандысу болып жетуі де мүмкін.

ҚАПШАҒАЙ – су қоймасы, қала, Алматы обл. Мұндағы қапшағай монғол. хавцгай "қапсағай, тік жартас" деген сөздің өзгерген түрі. Қазіргі Қапшағай су қоймасы осы шатқалға толтырылып, бөгелген. Жердің табиғи бедерін дәл беріп тұрған

атауды Қонаев деген антропонимге ауыстыру топонимика заңына қайшы келеді.

ҚАРАБАСТҮЗ – көл, Семей қ.ә. Атау Екібастұз үлгісімен жасалған. Екібастұздың мағынасы зерттеушілердің пікірінше, «екі бас (кесек) тұз» екен (Бияров, 2023). Ал Қара + бас + тұз «қара түсті кесек (бас) тұз» дегенді меңзейді. Бұрын ары-бері өткен керуендер осы жерден тұз алатын болған.

ҚАРАБҰЛАҚ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Гидроним көне түркі. қара «қара түс, сын есім» және бұлақ «шағын су көзі» сөздерінен бірігіп жасалған. Қарабұлақ «қыста қатпайтын, жер астынан шығатын бұлақ» деген мағына береді. Өте жиі кездесетін Қарасу гидронимімен мәндес.

ҚАРАГЕМ – көл, Катонқарағай ауд., ШҚО. Мұндағы қара (сын есім) + гем (зат есім). Көне түркі тілінде қам/кем/гем/жем нұсқалы сөз "өзен", "көл", "су" мағынасын берген. Қарагем тура мағынасында "қара көл" деген мәнді аңғартады. Суы мөлдір, терең көлдер қарауытып көрінетіні белгілі.

ҚАРАҒАЙТЫ - орманды тау, Күршім ауд., ШҚО. Қарағай (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағының көне нұсқасы). Қарағайты тура мағынасында "қарағайлы" деген атау. Жер-су аттарында тілдің көне элементтері сақталып қалатыны заңды құбылыс.

ҚАРАҒАНТЫ – тау. Қара Ертістің басы. Қараған (зат есім) + ты (қатыстық сын есім жұрнағының көне түрі) + көл (зат есім) тұлғаларынан жасалған атау. Мағынасы: «Маңайында қараған бұтасы көп өскен тау». Қараған фитонимімен жасалған атаулардың молдығы бұл өсімдіктің үй шаруашылығына пайдалануға болатындығында және қараған арасы малға пана жайылым болатындығында жатыр.

ҚАРА ЕРТІС – өзен, Зайсан ауд. Қытай жеріндегі Моңғол Алтайынан Қу Ертіс, Бала Ертіс болып басталып, Қара Ертіске ұласады да, Зайсан көліне келіп құяды. Ономаст-ғалым Т.Жанұзақ Қара Ертіс аталуы оның жер асты суларынан қоректенетінінен

болу керек дейді (Қарасу сияқты) (Жанұзақ,2007,71). Алайда Ертіс өзені мұздақтардан, қар суынан да қорек алады. Сондықтан бұл пікір толықтыруды қажет етеді. Өзеннің басқы салаларының бірі Қу Ертіс «Ақ Ертіс» мағынасын береді: қу «ақ, сұр, аққу т.б.» (ҚТТС,;227). Салыстырмалы түрде (қарама-қарсы, бинарлық мәнде) Қара Ертіс атануы «суы таза, мөлдір Ертіс» дегенді білдірмек. Мөлдір сулы өзен көлдердің табанындағы қара тастары көрініп, қара түс беретіні белгілі. Біздің байқауымыздағы Қара Қаба, Қаракөл т.б. барлығы таза сулы өзен, көлдер.

ҚАРА ЙОТЫЛЫҚ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Қара Йотлық/Қара жоталық өзен атауының мағынасын профессор С.Қаржаубай анықтап өткен. Оған қосарымыз, йотлық/жоталық сөзі қазіргі тілімізде Қара Жоталы «қара тасты жотасы көп (өзен)» болады, өйткені -лық/-лік туынды сын есім -лы/-лі қосымшасының көне нұсқасы болып табылады (Серебренников,Гаджиева,1986,114).

ҚАРАКЕМЕР – көне қала орыны, Жамбыл обл. Қара (сын есім) + кемер (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Қара көл, не өзеннің жиегі, жағалауы немесе қара төбелердің көкжиекпен ұштасқан жері» деген мәннің бірінде тұр.

ҚАРАКӨЛ – гидроним: көне түркі. қара «қара түсті (сын есім)» + көл «көл, жиналған су» сөздерінен бірігу арқылы жасалған. Көбінесе, суы мөлдір, әрі терең көлдерді Қаракөл деп атау қалыптасқан. Л.Н.Гумилев бұл Қаракөлдің қазіргі Батыс Моңғолиядағы Тото-хара-нор көлі екенін атап өтеді (Гумилев,1994,312). Қаракөл моңғол. Харанор атанады.

ҚАРАҚАЛПАҚ – этноним әрі топоним. Қарақалпақстан республикасы. Қара (сын есім) + қалпақ (зат есім) сөздерінен бірігеді. Қарақалпақ халқының ғалымы Д.Мұратов «қарақалпақ этнонимі қара + түркімен. ғұлпақ «айдар, кекіл, бұрым» сөздерінен шығатынын» айтады. Осы пікірге сүйенсек, Қарақалпақ «қара шаш, айдар (кекіл)» деген мағына беретін болады. Қарағұлпақ, айтыла келе Қарақалпақ болуы тіл заңына қайшы келмейді. Автор

ғұлпақ сөзі «айдар, кекіл» мағынасында түркімен, қарақалпақ тілдерінде кездесетінін келтіреді (Айтмуратов, 1986,33).

ҚАРАҚОҢЫР – тж. бекеті. Түркістан обл., Отырар ауд. Қара + қоңыр сөздерінен біріккен топоним «қара тасты шөптесін жер» деген мағына береді, өйткені қоңыр «малға жайлы шөптесін, бұталы жер, төбе» мағынасындағы географиялық термин болып табылады.

ҚАРАҚҰМ – құмды алқап. Топоним, көне түркі ескерткішінен. Қарақұм топонимі көне түркі. қара «қара түс, сын есім» + құм «құм, зат есім» сөздерінен бірігіп, «қара түсті құмы бар жер» деген ұғым береді (Конкашпаев,1969). Аққұм, Қызылқұмдардан айырмасы, мұнда өсімдік өсетіндей қара топырақ араласып жатады (Кононов,1954).

ҚАРАМҰРЫН – өзен, бекет. Қарағанды обл. Қара+мұрын сөздерінен біріккен атау әрі гидроним, әрі ороним жасай береді. Егер өзен аты болса, түркі/моңғол қара «қара түсті» + моңғол. мөрөн «өзен» сөзінен жасалғанын байқау қиын емес: Қарамөрөн/Қарамұрын «қара (таза) сулы өзен». Ал ороним болса, қазақ. қара «қара тасты» + мұрын «тау тұмсығы» болады. Қалба тауының бір сілемі Қарамұрын аталады.

ҚАРАӨТКЕЛ -е.м., Көкпекті ауд. Қара (сын есім) + өткел (зат есім). «Суы таяз болатындықтан, тастары қарайып, көрініп жататын өткел» мағынасында тұр.

ҚАРАСЕҢГІР – топоним, көне түркі ескерткішінен. Қара сэнгир (Малов)/Қара сінір (Оркун) нұсқаларында оқылған топонимнің дұрыс жазылуы Қарасеңгір болады. Бұл ороним қазіргі кезде де жиі кездеседі және кең тараған. Атаудың бірінші сыңары Қара көне түркі қара «қара түс» сын есімінен шығады да, «қара тасты тау» мағынасын береді. Қыста қар тұрмайтын, жазда өсімдігі аз болғандықтан, қарайып жататын мұндай тау-тастар Қаратау, Қаратас, Қара деп аталады.

Оронимнің екінші компоненті сеңгір көне түркі тілінде сеңір «тау мүйісі» деген мағына береді (ДТС,1969;495). Моңғол тілінде

цэнхэр «көк, көгілдір, көкшіл» мәнді сын есім сөз (Базылхан,1984,698). Қазіргі қазақ тілінде сенгір сөзі «зәулім, биік, заңғар» мағынасында қолданылады [ҚТТС,8-т,270]. Сонда түркі-моңғолға ортақ бұл сөздің семасы «көгілдір, биік» мәнінде таудың ұшар бастарына қаратып айтылады (көк сенгір таулар). Биік таудың басы аспанмен астасып, көгілдір тартып тұратыны рас. Ал таудан тыс жерде қолданғанда, сенгір «сары даладағы көк шөпті, қамысты, ағашты жер (оазис)» мәнін береді.

Қарасенгір оронимі, тура мағынасында, «қара тасты биік шың, тау ұшы» дегенді білдіреді.

ҚАРАТАУ – тау жүйесі, Қызылорда обл. «Қыста қар тұрмайтындықтан, жазда өсімдігі аз болатындықтан, жыл бойы қарайып жататын тасты тау» деп ұққан жөн. Қаратау жалқы есімнен географиялық терминге ауысып бара жатыр деуге болады, өйткені өте жиі кездеседі.

ҚАРАТҰРЫҚ – е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. Қара + тұрық ойконимі көне түркі. қара «қара түсті, қарапайым» + тұрұғ/тұрұқ «мекен, тұрақ, тұра, бекініс, бекет» (ДТС,2016,624) сөздерінен жасалған. Қаратұрық «қара түсті немесе қарапайым бекет, бекініс, тұрақ» деген мағына береді. Атының көнелігіне қарағанда, көне қаланың орыны болса керек.

ҚАРАУЫЛ – е.м. Абай ауд. Қара + уыл. «Маңайы түгел көрінетін, қарауыл қоюға болатын төбесі бар жер немесе қарауыл бекет (пост) тұрған жер» деген мәндерді білдіреді. Қара + ауыл мен Қара + уыл бір атау емес. Соңғысы синтетикалық жолмен жасалып тұр (айдауыл сияқты). Мағынасы: «басына шығып айналаны бақылайтын, қарайтын тау» дегенді білдіреді.

ҚАРАШ-ҚАРАШ – асу, Алатауда. Қараш қырғыз. лауазым аты. Оның өзі "биік", "үлкен" тау деген тура мағынасынан ауысып тұр. Алатаудағы Қараш-Қараш асуы да "биік-биік асу" дегенді білдіреді. Бұл сөз көне түркі тілінен қалса керек.

ҚАРАШАР – (қытайша Яньци) – Қытай халық республикасы Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданы Баянкөл-

монғол автономдық округіндегі кент, уездің әкімшілік орталығы болып есептеледі. V ғасырда Қарашар тоғыз жазирасы бар қала-мемлекет болған. Географиялық орыны Такла-Макан шөлінің солтүстік жиегінде, Бағрашкөлден 24 шақырым қашықтықта, шығысындағы Гаочан (Тұрпан), батысындағы Куша жазираларының арасында. Қарашар арқылы Ұлы Жібек жолының солтүстік бағыты өткен.

Қарашар – біріккен сөз: *қара+шар*. Түркі тілдерінің топонимдері үлгісінде түсті білдіретін сын есім мен зат есімнің бірігуінен жасалған атаулар өте көп. Сондай сын есімнің бірі – *қара*. Қара сын есімі топонимдер құрамында тек түсті білдіріп қана қоймайды, басқа да нышандық мағыналарға ие болатыны байқалады. Мәселен, қазақ тілінде қара сын есімі «байырғы, алғашқы, көне» сияқты мағыналарды да білдіреді, мысалы: *қара қазақ, қара шаңырақ* т.б., көне түркі тілінде мұның әлеуметтік жік кедейлерді де (қара бұдұн) атайтыны бар [ДТС, 423].

Түркі тілде көк – шығысты, қызыл – оңтүстікті, ақ – батысты, қара солтүстікті білдіреді дейтін пікір түркілік дүниетанымға орайлас келеді деп есептейміз [Gabain, 1968б 109]

Қарашар қаласының атауындағы *қара* компонентіне А. Габайннің пікірі нақты сеп болады. Себебі сол кезеңдегі топонимиялық контекске (кеңістікке) солтүстік мағынасы сәйкес келеді: бұл қаланың Ұлы Жібек жолының солтүстік бағытында орналасуы да осы мағынаны уәждей түседі.

Бұл атаудың екінші сыңары *шар* туралы пікірлер әр түрлі. Қазақ жерінде Шар атты өзен бар, қазіргі Абай облысы, Жарма ауданында Ертіске құятын өзен. *Шар* сөзін анықтауыш ететін басқа да топонимдер баршылық (Шарбұлақ, Шарқұдық т.с.с.). Б.Бияров: «... Ғ.Қоңқашпаев, А. Әбдірахмановтар монғолдың шар «сары» сын есімінен шығарады. Өзен құмының сары түсі суға сарғыш рең беріп тұратындықтан, монғ. шар «сары» сөзінен жасалған деген пікір дұрыс келеді», – деп есептейді [Бияров, 2013, 109]. Д. Жүнісов те мұның монғолдың «сары» деген мағына

беретін *шар* сөзінен шыққанын қолдайды [Жүнісов, 1991, 111-112]. Қазақ тілі топонимдерінде сары түсті емес, ұзындықты білдіретінін ескерсек, бұл пікірмен келісу қиын.

Саха тілінде «қайраң» мағынасын білдіретін *чаар* сөзі бар. Саха тілінің Үлкен түсіндірме сөздігінде мұның мағынасы «Уунан айанныыры моһуоктуур чычас уулах сир, харгы. Өзендегі саяз жер, қайраң» деп көрсетілген [БТСЯЯ, XIV, 2017, 74]. Сондай-ақ тыба тіліндегі *саарыг* сөзі де «өзендегі қайраң өткел, өзеннің тайыз жері» мағыналарын береді екен [<https://classes.ru/all-tuva/dictionary-tuva-russian-term-8709>]. Саха, тыба тілдерінің көнетүркілік элементтерді көбірек сақтап қалған тілдер екені белгілі, тіл тарихын төркіндетуде ретроспективалық бағыт көбінесе осы тілдерге келіп тірелетіні бар.

Э. Мурзаев *чар* географиялық терминінің екі мағынасын көрсетеді: 1. қайраң, таяз жер; 2. тік жар, құлама жартас. Сондай-ақ 1-мағынаның түркі тіліндегі *сай* сөзімен, 2-мағынаның *джар*, *яр* сөзімен байланысты екенін нұсқайды. [Мурзаев, 1984, 432]. Хақас тілінде *чар* сөзі бар, алайда ол «жар, жартас» мағынасын білдіреді, тәрізі ч/ж дыбыс алмасуынан болар.

Парсы тіліндегі *чаһар*>*чаар* «төрт, төртбұрыш» сөзі де аталмыш топонимді жасауға араласа алатыны туралы да пікір бар [Бияров, 328]. Рас, қазақ тілінде «төрт» тек санды ғана емес, нышандық мәнде «түгелдікті» білдіретіні бар, мысалы, «төрт құбылаң түгел, төрт көзің түгел» дегенде осы мәнді анық байқауға болады. Мұның үстіне, *чаһар* парсы тілінде «чәһар» болып дыбысталады [<http://www.farhang.ru>]. Бұған қоса, *чәһардың чаар* болып ауысуының уәжі табылмай тұр. Түркі тіліне *чәһарды шар* болып енген деуге де дәлеліміз жоқ. Дегенмен мұны этимологиялық бір нұсқа ретінде ескерген жөн: парсының қала деген мағынаны беретін *шаһар* сөзі Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи астионимдерде *шар* болып енуі де мүмкін, мысалы: *Қарашар, Күшар*.

Б. Бияров: «*Шар* сөзінің көптеген мағыналарының ішінен «дөңгелек, домалақ зат» мәні ғана топонимжасамға қатысуға қабілетті болып келеді. Ол геонысанның «дөңгелене, домалақтана біткен» пішінін негізгі белгі етіп алады» [Бияров, 2013, 328], – деп көрсетеді. Бұл бір қарағанда қисынға келеді. Алайда автор «шар» сөзінен парсы тілінен енгенін танып отыр. Парсы тілінде «дөңгелек, домалақтана біткен» мағынасын беретін сөз «шарх» болып дыбысталады. Ал *шарх* түркі тілдеріне *шар* болып емес, *шарық* болып кірген (*шарық қайрақ, шарық жіп* дегендерді еске алыңыз).

Осы бірнеше нұскадан қорытынды жасауға болады. *Қарашар* астионимі – түркі-соғды элементтерінің қосылуы нәтижесінде жасалған атау. Этимологиялық мәні «теріскейдегі байырғы қамал қала» дегенге келіп саяды (Ж.Жақып).

ҚАРҒЫБА – өзен, е.м.,Тарбағатай ауд. ШҚО. Қарғы (егістік) + ба/ма (сын есім тудыратын жұрнақ) тұлғаларынан жасалған. «Тастан-тасқа қарғып ағатын асау тау өзені» деген мәнде тұр: Қарғыба – көне атау, қазіргі тілімізде Қарғыма болар еді (б/м дыбыс алмасуы тіліміздің тарихында бар). Шапшыма атауы сияқты жасалған. Қазақстанның кей жерінде тасқын суды «қарғын су» дейтіні де содан.

ҚАРҚАРАЛЫ – тау, Павлодар обл. Қазақ. қарқара «тырна тұқымдас құс» + лы (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалған оронимнің мағынасы «бас киімге тағатын қарқара құсының қауырсынына ұқсас тасқа өскен селдір ағашы мол тау» деген метафоралық ұғым тудырады. Алматы облысындағы Қарқара тауының аты да осыдан шығады. Қарқара құсының қауырсынын қыздар бас киіміне тағатын болған: «Қарқаралы қыз, қасабалы қатын» (Қайыржан,2013,244).

ҚАРТАБҰЛАҚ – өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Қарта* сөзі «жылқының қатпар-қатпар майлы ішегі және содан жасалатын сыйлы тағам» (ҚТТС, 6т, 106) атауы екені белгілі. Топонимжасамда «жылқының қартасына ұқсас табиғи

нысандарды» атауға қатысатынын көреміз. Қарта + бұлақ гидронимі «жылқының қартасы сияқты қатпарланған бұлақ» деген мәнге келеді.

ҚАРТКӨЛ – өзен, көл, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауд. *Қарт* сөзі «жасы ұлғайған, қартайған адам» мағынасын береді және «тозыңқы, ескірген табиғи нысандарды қартқа ұқсату арқылы» топонимжасамға араласа алады. Ал табиғи нысандардың нақты жасын анықтау мүмкін емес екені мәлім. Қарт + көл «суы азайып, тартыла бастаған көл» деген мән береді.

ҚАСҚАБҰЛАҚ – бұлақ, е.м. Абай ауд., Абай обл. Қазақ қасқа «аттың маңдайынағы ақ жолақ» + бұлақ «бұлақ, су» сөздерінен бірігіп жасалған. «Тау беткейінен (маңдайынан) қасқайып, тігінен ағып түскен бұлақ» деген ұғым тудырады. Қасқабұлақ қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туған жері.

ҚАСТЕК – тау, өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд. Зерттеуші ғалымдар Қастек топонимі: «Қас тектес елдер» деген мағына береді дейді (Қойшыбаев,1985,165); «Қастек Жарылғапұлы деген қазақ батыры болған» дейді (Нұржекеев,1984,92); «Қас елінің биік шыңы» немесе «нефрит минералы бар шың» мағыналарының бірінде тұр дейді (Жанұзақ,2010,146).

Біздің ойымызша, Қастек шатқалының табиғи жағдайы көне түркі. қасы «мал қорасы» (ДТС,2016,457) + тег/тек «-дай/-дей туынды сын есім жасайтын жұрнақтың көне түрі: бөрітег (бөрідей), қойтег (қойдай)» тұлғалары арқылы жасалған деген ойға жетелейді (Орхонские надписи,2001,75). Басты этиология – Қастек шатқалының жан-жағы таулармен қоршалғандықтан, оны табиғи қораға ұқсатуы. Сонда Қасытег/Қастек «қорадай, мал қорасы сияқты» деген мағына береді.

Қазіргі Қастек ауылының жанынан орта ғасырлық көне қала орнының табылуы бұл жерден Ұлы Жібек жолының бір тармағы өткенін дәлелдейді. Сол мандағы тау тізбектерінің Жетіжол

атануы да Қастек қаласының маңызды сауда орталығы болғанын мензейді.

ҚАСЫР ҚОРЫҚ – антропоним, көне түркі ескерткішінен. Мұндағы Қасыр/Қасар көне түркі. қасар «жолбарыс аңы, жолбарыстай жаужүрек адам» (Қайыржан, 2013, 246) сөзінен жасалған антропоним, ал Қорық көне түркі. қоры «қору, сақтау, қорғау» сөзі + ық (зат есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып, «шабындық, біреудің меншікті жері» мағынасын береді. Қасыр Қорық «Қасыр/Қасар деген адамның қорығы» мағынасында тұр.

ҚАТ ЖАЗЫҒЫ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топонимінің негізгі сыңары Қат көне түркі. қат «мұқтаж, зәру, тапшы» (ҚТТС, 1982, 6-т, 136) сөзінен шығып, Қат жазығы «шөбі, суы қат, тапшы жазық» деген мәнде тұр деп ойлаймыз.

ҚАТУ – тау, 1630 м. Алм. обл., Панфилов ауд. *Қату* сөзінің адам мінезін білдіретін қабағы қату, қатулы «ашулы, ренішті» сөздерімен байланысты бір мағынасы бар. Нақ осы семантика метафоралық жолмен «ауа райы қатал (қату), құбылмалы тау» мәніндегі *Қату* оронимін жасайды.

ҚАТЫН СУЫ – өзен, Катонқарағай ауд., ШҚО. П. Чихачев, Н.М. Ядринцев, О.Т. Молчанова т.б. зерттеушілер түркі тіліндегі *қатын* "ханым, әйел" мағынасында тұр деп табады. Алайда өзен атының дәл этимологиясын берген - алтайлық зерттеуші В.Н. Тадыкин. Мұзтаудан басталатын өзендердің барлығы жазда ақ айран түстес болып ағатыны белгілі. Сүт түстес Қатын өзені Обь өзеніне құйғанда, оны лайлап түсін өзгертеді. Ендеше түркі тіліндегі *қат* түбірі "қос, араластыр" мәнін берсе (м.: шайға сүт қат), *қат+ын* туынды сөзі "қосылған" деген мән береді (м.: қатын - ерге қосылған, шыққан әйел"). Сонда Қатын гидронимі "екінші бір өзенге қосылған өзен" ұғымын тудырады, сондықтан қазақтар Қатын суы, алтайлықтар Қатын суу деп атайды. Қатын су "қосылған су" мәнін береді де, тұнық су, жайық су секілді ұғымдармен теңеседі. Түркі елдерінің біразында кездесетін Қатын

топонимдері түгелдей осы мағынадан шығады. Алтайлықтардың Мұзтауды Қатын басы деп атайтыны «Қатын өзенінің бастауы» деген мәннен шықса, Ақсуулы деп атайтыны Қатын, Берел өзендерінің жазда ақ айран түстес болып ағуынан деп ұққан жөн.

ҚАУҒАКӨЛ – көл, Ақмола облысы, Ерейментау ауд. *Қауға* сөзі «малдың терісінен не басқа заттардан жасалған, құдықтан су алуға арналған шелектің» аты. (ҚТТС, 6т, 160). Топонимжасамда «сырт пішіні қауғаға ұқсас табиғи нысанды» атауға қатысуы мүмкін. (Мысалы: «Қауға бас ат» теңеуі тәрізді). Қауға + көл гидронимі «қауға шелекке ұқсас бірнеше суды қосып алатын көл» дегенге саяды.

ҚАШҚАР – (қытайша – *Хаш*) – Қытайдың батысында Памир тауының етегінде, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы аумағында орналасқан, Ұлы Жібек жолының үлкен бекеті, әлемге танымал сауда орталығы болған көне қала. Шыңжаң топонимикасындағы ең бір көне атау болып саналады. Э. Мурзаев Қаш таулары деген сөз Птоломейде де бар екенін, сондай-ақ снаскрит, қытай, араб, тибет дереккөздерінде кездесетінін, Марко Поло *каш*, *хаш*, *хаси*, *гар*, *каска* деп әр түрлі транскрипциямен бергенін жазады [Мурзаев, 1974, 289].

Қала атауы кейін өзенге берілген: *Қашқардария* дейтін өзен бар.

Бұл сөздің этимологиясы жайлы мынадай пікірлер бар: Қашқарда түрлі-түсті кірпіштен салған ғимараттар көп, атау да осы түрлі-түсті кірпіштерден келіп шыққан (Н.Я. Бичурин, 1829 ж.); бұл сөз байлық, молшылық дегенді білдіреді (К. Риттер, 1869 ж.); қытай деректері Н.А. Бичуриннің пікірін қолдайды (Шуй Пун-хао, 1945 ж.) [Мурзаев, 1974, 289].

Қашқар сөзі – екі сыңардан тұратын біріккен сөз: *қаш*+*қар*. *Қаш* (қыпшақ тобында *қас*) пішінді сөз Махмұт Қашқарида төрт рет кездеседі, олардың мағыналары мынадай: 1. Көздің үстіндегі қас; 2. Ақ не қара түсті мөлдір тас (минерал, нефрит, ДТС, 431); 3. Қас, қабақ, бірдеңенің шегі, жиегі, жар қабағы; 4. Қаш өгүз – Хотан

қаласының екі жағынан ағатын екі өзен бар: Үрүң қаш өгуз – Ақ тас өзен, сол жерде мөлдір ақ тас болғандықтан, өзенге де сондай ат берілген. Қара қаш өгуз – Қара тас өзен, ол жерден таза қара тас шығады. Бұл тастар бүкіл дүниеде тек осы жерде ғана болады [МҚ, III, 1998, 212]. Сирек қолданылса да, қырғыз, түркімен тілдерінде *қаш* деп тасты, әзірбайжан тілінде қымбат, бағалы тасты атау бар. Шыңжаң қазақтары говорында асыл тасты *қас тас* деп атайды. «Жарқабақ» мағынасын да ескеру қажет, алайда кез келген тауда жарқабақ бола беретінін ескерсек, топонимді жасауға бұл мағына жанама ғана әсер етіп тұрғанына көз жетеді. Қашқар атауы Махмұт Қашқаридің 4-түсіндірмесінің үлгісімен жасалған деп санаймыз. Осыған орай *-қар* сыңарының мағынасын анықтаймыз. *Қар* сөзінің көне түркіде екі түрлі мағынасы бар екені байқалады:

- біріншісі – «биік, тау, қыр» деген мағына, мұның ностратикалық сипаты бар. В.М. Иллич-Свитыч [Иллич-Свитыч, 1971, 340-342] араб тілінде қара «жеке дара тұрған шың, жартас, төбе»; көне египетте қыр – төбе, жота, шың, жартас; монғол тілінде хар – «жал», «биіктік»; үндіеуропалық тілдердің иран тобында – гар, гора – «кұз», «тау», «асу», «бел; »түркі тілдерінде қар/ғар/гар «тау қыраты», «тау жотасы» деген ортақ мағыналары бар екенін көрсетеді. Э. Мурзаев мұны топонимикалық айғақтармен дәлелдей түседі [Мурзаев, 1984, 120,139].

- екіншісі – «қорған, бекініс, қамал, қала» деген мағынаны білдіреді. Мұны чуваш тілін зерттеуші Г.Е. Корнилов дәлелдейді [Корнилов, 1971, 165-168]. Сондай-ақ қыпшақ тобы мен қарлұқ тобында *а*-ның *о*-ға, *о*-ның *а*-ға ауысып тұратынын ескерсек қазақ тіліндегі *қоршау*, *қорған* сөздерінің *қар/ғар* сөзімен түбірлес екенін байқаймыз. Сөйтіп, Қашқар сөзінің соңғы бөлігі қар түбірінің осы мағынасына тоқтаймыз. Өйткені қала, қорған атауы тарнсонимденіп оронимге айналған. Мұны түрік тарихшысы Кадір ТУҒ мақаласындағы баяндаулар да қолдайды, автор: «Шығыс Түркістанның қалаларының бірі Қашқар қаласы әр кезеңде Срикиртати, Санкритте Хуан Цанг деп әр түрлі аттармен аталды.

Ол Диван-ы Лұғат'ут Түрікте Орду-кент деп жазылған. Қашқар атауына этимологиялық тұрғыдан қарайтын зерттеушілер парсының Каши (кали) сөзіне -гер жұрнағы жалғанып, Қашы-гер; плиткалы қала немесе кестелі қала дегенді білдіреді дегенді айтты. Ислам географтарының еңбектерінде Қашқар, Қашқар, Қашар деп жазылған», - деген лингвистикалық дерек келтіреді де, Қашқар тарихын қала ретінде бастайды [Kadir6 20206 401-416].

Демек, Қашқарды «қас тастан салынған қала» деп ұғамыз. Кейін бұл белгілі бір аймақ атауына айналған (Ж.Жақып).

ҚИЫНКЕРІШ – төбелер, Күршім ауд., ШҚО. Қиын (сын есім) + керіш (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұрын су орған жерлердің қызыл, сары түсті құмдақ топырақтары қатты болып қатып жататын жерлерді «керіш» деп атайды. Атпен, арбамен жүруі қиын болғандықтан, Қиынкеріш аталған жер. Кезінде саяхатшы-ғалым Г.Потанин осы түрлі-түсті топырақты көріп, таңырқай жазған еді. Керіш мезазой заманынан қалған теңіз шөгінділері дейді географ-ғалымдар.

ҚИЯҚТЫ – Қытай мен Ресей арасындағы кеден бекеті. Қияқ (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалған. «Жағасында қияқ (колосняк) шөбі мол өсетін өзен» мәнін береді.

ҚОБЫКӨЛ – қоныс, Ақтөбе облысы, Шалқар ауд. *Қобы* зат есімі де – геотермин. «Іші кең жайпақ астау тәрізді ойпаң жер; аңғар» (ҚТТС, 6т, 237) мағынасын береді. Осы мәнде тікелей жер-су аттарын жасауға араласады: *Қобылы, Тереңқобы*. Қобы + көл гидронимі «кең ойпаң жердегі көл» деген мағына береді.

ҚОҒАӨЗЕН – сай, Ақмола облысы, Ақкөл ауд. *Қоға* сөзі – фитоним: «Су жиегінде өсетін, томаршаланып біткен тамыры бар жапырақ сабақты, бойшаң өсімдіктің» аты (ҚТТС, 6т, 240). Топонимжасамда «қоға өсімдігі бар, мол» мағынасында атаулар жасауға қатысады: *Қоғалы, Қарақоға, Қоғакөл* тағы басқа. Қоға + өзен атауы «жағасында қоға өскен өзен» мәнінде тұр.

ҚОДЫҚШОҚЫ – шоқы, Ақмола облысы, Ақкөл ауд. *Қодық* сөзі «құлан мен есек төлінің» аты, зооним.

Топонимжасамда «қодыққа ұқсас шағын геонысандарды» атайды. Қодық + шоқы «осындай бір шағын шоқының аты» екені даусыз.

ҚОЖАКЕНТ – е.м. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауд. *Қожа* сөзі – этноним. «Қазақ арасына ислам дінін тарату мақсатымен келіп, біртіндеп сіңісіп кеткен араб, иран нәсілді адамдарды» қожалар деп атаған. Қазір үш жүзге жатпайтын жеке ру дәрежесінде сақталып отыр. Қожаларды ислам дінінің өкілдері ретінде сыйлаған қазақтар олар мекендеген жерлердің атына *қожа* сөзін қосып отырған. Қожа + кент сөздерінен біріккен ойконим «негізінен қожалар мекендейтін кент (шағын қала)» деген мағына береді. Кент парсы. кенд/канд «қала» мәнді сөзі екені айтылған.

ҚОЗЫ-КӨРПЕШ – е.м., Аягөз ауд. Антротопоним. «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» эпосының кейіпкері Қозы-Көрпештің құрметіне қойылған ойконим. Екі ғашықтың зираты да осы маңда. Қарабай Зайсан өңіріндегі Сауыр, Сайқан тауларынан көшіп, осы Аягөз маңына тоқтаған. Қозы ғашығын іздеп келіп осы жерде Қодардың қолынан қаза табады. Киелі орындар қатарына жатады.

ҚОЙҚЫРЫЛҒАНҚАЛА – көне қала орыны, Қарақалпақстан. Қой + қырылған + қала сөздерінен біріккен ойконим «әлдебір себептен қой көп өлген (қырылған) қала» деген мағына береді. Қазақстандағы Ешкіқырылған, Қалмаққырылған атаулары мәндес. Қойқырылғанқала б.з.б. 4 ғ. – б.з. 1.ғ. кезеңінде көне Хорезмнің аса маңызды сауда, мәдениет орталығы болғанын археолог-ғалымдар дәлелдеп отыр.

Көне қаланың аты Қойқырылғанқала «қойдың жүнін қырқатын арнайы орыны бар қала» болуы да мүмкін екенін ескертеміз.

ҚОЙЛЫҚ – көне қала орыны, Жетісу обл. Қойлық/Қаялық – XI ғасырдан белгілі болған аса ірі қала және Жібек жолындағы үлкен сауда орталығы. Қазақстан археологтары 1997 жылдан бері зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Көне ойконим қазақ. қой «күйіс қайтаратын, тығыз жүнді, уақ мал» + лық «сын есім тудыратын жұрнақ» тұлғаларынан жасалған туынды атау және

«қойлы, қой малы көп» деген мағына береді. Ал оның Қаялық нұсқасы басқа мағына береді: көне түркі. қая «қия, көлбеу бет» + лық (туынды сын есім жұрнағы) арқылы «қиялы, көлбеу жердегі қала».

ҚОЙСУ – құдық, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауд. *Қой* сөзі «күйіс қайтаратын, тығыз жүнді, уақ малдың» аты, зооним. Қазаққа жақын төрт түліктің бірі қой даламыздың негізгі белгілерінің біріне жатады. «Қой өсіруге қолайлы жер» мағынасында топонимжасамға қатысып отырады. Қой + су атты гидронимдер «қой суаратын суат және қой кешіп өтетіндей шағын су» мағыналарын бірдей бере береді.

ҚОЙЫНСАЙ – өзен Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауд. *Қойын* сөзі «киімнің алдыңғы ішкі жағы» мағынасын бергенмен, ауыспалы мәнде «жер бедеріндегі қалтарыс, қойнауды» (ҚТТС, 6т, 270) білдіреді. Дәл осы екінші мәнде географиялық терминге айналып, жер-су аттарын жасауға қатысады: *Аққойын, Қойынсай, т.б.* Қойын + сай топонимі «тау қойнауындағы сай, өзен» деген мәнде тұр.

ҚОҢЖАЙ – жайлау, ШҚО, Катонқарағай ауд. *Қоң* сөзі «малдың сауыры, сауыр еті» (ҚТТС, 6т, 323) мағынасынан «малдың күйі, семіздігі» семасына ауысқан. Өйткені малдың семіздігін қоң етіне қарап бағалауға болады. Топонимжасамда «табиғи нысанның сауыр тұсын белгілеуі немесе құнарлы, қоңды жерді атап көрсетуі» мүмкін. Қоң + жай атауы «мал жақсы қонданатын жай (мекен, қоныс)» деген мәнді білдіреді.

ҚОҢҚАЙ – тау. ШҚО, Катонқарағай ауд. Атаудың алғашқы сыңары моңғол. *гон* «салт бас, жалғыз бас» мағыналы сөзінен де, екінші сыңары – Ө.Қайдардың айтуынша түркі-моңғолға ортақ көне жұрнақ *-қай/-кей* (М.: теріс-кей, күн-гей, оң-қай т.б.) (Қайдар, 2005, 118). Сонда *Гонхай > Қоңқай* «жеке тұрған, оқшау» деген мағына береді. Катонқарағай ауданында кездесетін *Қоңқай, Бала Қоңқай, Үлкен Қоңқай, Қоңқайбаз* тауларының бәрі де жалпы тау жүйесінен бөлініп қалған, жеке тұрған таулар болып табылады.

ҚОҢЫРАУКӨЛ – көл, Павлодар облысы, Ертіс ауд. *Қоңырау* сөзі «мыстан конус тәрізді етіп жасаған, ішінде тербелмелі тілі бар, сол арқылы дыбыс шығаратын құралдың» аты. Түбі қаңғыр-қоңғыр тұлғасындағы еліктеуіш сөзден шығады: қоңғырлау-қоңырау. Топонимжасамда «сырт пішіні қоңырауға ұқсас, не әлдебір дыбыс шығарып тұратын табиғи нысандарға» атау болады. Мәселен, Зайсан көлін моңғолдар жағасын соғып жататын толқын үніне байланысты *Хонхотты нор* «Қоңыраулы көл» деп атағаны тарихтан мәлім. Қоңырау + көл гидронимі де дәл солай «толқыны жағаны соғып, шолпылдатып жататын» ерекшелігіне қарай пайда болған.

ҚОҢЫР ӘУЛИЕ – үңгір, Абай ауд., Абай обл. Антропоним. «Қоңыр әулие атанған адам тұрған үңгір» деген пікір бар. Топонимтанушы-ғалым А.Әбдірахманов моңғол. хонхор «ой, шұңқыр» сөзінен шығатынын айтады. Ол ғалымның, өз кезегінде Э.Мурзаев сөздігіне сүйенгені байқалады. Біздің ойымызша, егер Қоңыр есімді әулие адам болғаны расталмаса, бұл атау моңғол. хонгил «үңгір» деген сөзінен шығады (Базылхан, 1987, 591). Хонгил/Қоңыл/Қоңыр тілдік бейімделуді бастан кешкен. Бұлай деуге Баянауыл тауындағы дәл осындай тағы бір үңгірдің Қоңыр әулие атануы себеп болды. «Әулие» сөзін кейін, шипалы суына қарай қосқан сыңайлы. Киелі жерлердің қатарына жатады.

ҚОҢЫРЖОН - тау жотасы (2575 м), Катонқарағай ауд., ШҚО. Қоңыр (сын есім) + жон (зат есім, географиялық термин) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Тура мағынасы: "Қоңыр түсті таудың үсті, жоны" немесе «қоңыр, салқын самал есіп тұратын жон" деген ауыспалы мағына береді. Географиялық, саяси карталарда Листвяга тау жотасы деп орысша беріліп жүр. Қоңыржон деген тарихи атауды қайтарып беретін кез келді.

ҚОПАБҰЛАҚ – өзен, Алматы облысы, Кербұлақ ауд. *Қона* сөзі «қураған шөптер шіріндісіне аралас қоға, қамыс, құрақ өскен қорысты жердің» аты (ҚТТС, 6т, 333). *Қона* сөзі географиялық

термин болғандықтан, осы мағынасымен тікелей топонимжасамға қатыса алады. Қопа + бұлақ гидронимі «қалың қамысты, қоғалы жермен ағатын бұлақ» деген мәнде тұр.

ҚОТАНЕМЕЛ – тау (1089 м), Аягөз ауд. Қотан (зат есім) + емел (зат есім) сөздерінен біріккен. Қотан сөзі көне түркі тілінде «дөңгелек қоршау», «қой қора», «алқа қотан отыру» семаларын береді дедік (қараңыз: Катонқарағай). Ал емел моңғол тілінде «аттың ері» деген сөз екенін де айттық (қараңыз: Қалмақемел). Сонда Қотанемел «үсті аттың еріне ұқсас дөңгелене біткен тау» деген мағына беретін болады. Ал атаудың екі сыңары екі тілден жасалуы күдік туғызса, моңғол. хотон «мұнара, мұнарашық» + емел «ер» сөздерінен бірігіп, «әрі мұнараға, әрі ерге ұқсас тау» деген мағына тууы да мүмкін. Ондай даулы мәселені шешетін таудың өзі, оның тұрпаты болып табылады.

ҚОПАЛЫ – е.м. Жетісу обл., Ақсу ауд. Ойконим қопа (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы жасалып тұр. Мұндағы *қопа* географиялық терминіне берілген бірнеше сипаттаманың (ҚТТС, 6т, 333; Э.Мурзаев, 1984, 289; Ә.Қайдар, 2005, 225; В.Н. Попова, 1997, 18) ортақ түйіні: «Қалың қамыс өскен сулы, батпақты жер» болып шығады. Кезінде топонимист-ғалымдар Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов ол жердегі шағын өзеннің Қопалы аталғанын жазып кеткен еді (Жанұзақ, 2010,121).

Қопалы тура мағынасында «қопа, қамысы мол» деген мағынада тұр. Орыс саяхатшылары Копал/Капал деп картаға түсірген. Қазақстанда *қопа* термині арқылы *Қопалы*, *Қопасор*, *Сарықопа* сияқты көптеген топонимдер жасалған.

ҚОРҒАН – адыр. Павл. обл., Май ауд.; е. м. ОҚО, Төлеби ауд. *Қала* кірме терминінің кезінде қазақ жеріне кең тарамаған себебінің бірі – оларда *қорған* < *қорға* + *н* «бекініс, қала» термині белсенді қолданыста болған еді (*Қорған*, *Жаманқорған*, *Шолаққорған т.б.*).

Келешекте *қорған* терминін қала атауларының құрамына көптеп енгізуге болады. Мәселен, біздер бір мақаламызда Усть-

Каменогорск (Өскемен) атауының орнына *Тасқорған* атауын ұсынған едік. Жан-жағын тасты таулар қоршап тұрғандықтан, ойконим нысанға сәйкес келеді және Қазақстандағы *Талдықорған*, *Жаңақорған* сияқты қала атауларымен бір типке енер еді. Оның үстіне Г.Ф.Миллер XVIII ғасыр басында бұл жерде қала салынбастан бұрын, сақтардың тас қорғандары болғанын жазады.

ҚОРҒАНҚҰМ – құмдар, Алматы облысы, Жамбыл ауд. *Қорған* сөзі – ойконимдік термин. «Бір нәрсені айнала соққан қоршау, дуал, биік қабырға» (ҚТТС, 6т, 343) мағынасын береді. Ертеректе «қала» мәнінде де қолданылған. Топонимжасамда «қолдан соққан қорғаннан басқа табиғи нысанның қорғанға ұқсас тұлғасын» да атап көрсетеді. Қорған + құм атауы «желдің әсерінен қорғандай болып жалдана үйілген құм» дегенді білдіреді.

ҚОРҒАС – өзен, е.м., кеден. Жетісу обл., Панфилов ауд. Белгілі ономаст-ғалым Т.Жанұзақ Қорғас гидронимін армян. хор «сай, аңғар» + көне түркі. ас «су, өзен» сөздерінен шығарып, «сай, аңғардағы өзен» деген мағына береді дейді (Жанұзақ, 2007, 135). Біздің ойымызша, өзен атының мағынасы қазақ. қорық/қорықтық «отқа қыздырылған тасты салып пісірген сүт» + көне түркі. ас «су, өзен» сөздерінен ашылады. Қорықас > Қорғас болып фонетикалық өзгеріске түсе алады және «қорықтық сүт сияқты қоймалжың ақ түсті суы бар өзен» деген мағына береді. Өзен суының ақбурыл түсі бұл пікірді растай түспесе, жоққа шығармайды.

Қазіргі кезде Қытай мен Қазақстан шекарасындағы ірі кеден бекеті орналасқан Қорғас, бұрын да сауда орталығы болған.

ҚОРЖЫНКӨЛ – көл, Ақмола облысы, Ақкөл ауд. *Қоржын* сөзі «әр түрлі нәрсе салуға арналған, жүннен тоқылған екі басты қаптың» аты. Топонимжасамда «тұлғасы қоржынға ұқсап екіге бөлінген табиғи нысандарды» атауға себепші болады. Қоржын + көл «қоржын сияқты жалғасқан екі көл» деген ұғым бермек.

ҚОРЫҚ ШАР – е.м. Абай обл., Жарма ауд. *Қорық* сөзінің әуелгі мағынасы «мал жайылымын қору» да, одан туындаған «сирек кездесетін аң-құс, өсімдіктерді қору» да жер-су аттарын

жасауға тікелей қатынаса алады. Қазіргі кезде елімізде мемлекеттік қорық, ұлттық табиғи парктер ұйымдастырылғаны белгілі. Қорық Шар тіркесі «бойында табиғи қорық ұйымдастырылған Шар өзені» деген ұғым береді.

ҚОРЫМБЕЛТІР – сай. Таулы Алтай өлкесі, Қосағаш ауд. *Қорым* сөзінің екі мағынасы бар және ол екі мағынасымен де топонимжасамға қатыса алады: 1) «Табиғи эрозияның әсерінен қирап, сынған қорым тас»; 2) «Бір жерге шоғырланған қалың бейіт» мағыналары. Қорым + белтір сөздерінен біріккен атау «қорым тасты екі сайдың түйіскен тұсы» деген мән береді. Топонимнің соңғы сыңары *белтір/белшір* алтай. «тау, өзендердің қосылған, құйылысқан тұстары» мәніндегі ГТ болып табылады.

ҚОСАСАР – құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. ҚТТС-та *қос* сөзі «екі, пар, егіз» мағынасындағы сын есім екені атап көрсетіледі (6т, 362). Топонимжасамда оның *екі* сан есімінің орнына жүретіні маңызды және *қос* сөзінен бірігу арқылы жасалған атаулар екі сан есімінен жасалған күрделі атаулардан анағұрлым көп кездесетіні де сол себептен шығады. *Қос* сан-мөлшер мәнді сөзі «көбінесе қатар тұрған біртекті екі табиғи нысанды» атауға қатысады. Қос + асар топонимі «екі бірдей қорған (бекініс)» деген мағына береді, өйткені асар сөзі парсы. *һесар* «қорған» сөзінің өзгерген түрі болып табылады (Жеменей, 1994, 267).

ҚОСТАНАЙ – қала, Қостанай облысының орталығы. *Қостанай* ойконимінің құрамы *Қос+тана+ай* тұлғаларынан тұрады. Мағынасы «екі танадай ғана, шағын саз, батпақ, тоқтаған су» болуы ықтимал. Қостанай қаланың аты болмастан бұрын микротопоним болғаны анық. Ол жерде танадай жарқырап жататын, дөңгелене біткен екі көл болса керек.

ҚОТАНҚАРАҒАЙ – е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Қотан* сөзі «мал түнейтін орын, ашық қораның» (ҚТТС, 6т, 371) аты. Ертеде мал үркіп бастырылмас үшін, қой қотаны дөңгелек пішінде жасалатын, бұрыштары болмайтын. Сондықтан *қотан* сөзінде

«дөңгелек» семасы бар. Топонимжасамда «қой қотаны болған жерді де, қотанға ұқсас дөңгелене, топтана біткен табиғи нысанды да» атауға қатыса береді. Қотан + қарағай ойконимі «топтана, дөңгелене өскен қарағай» деген ұғым беретіні анық. Орыс тілінде Катонқарағай болып жазылып кеткенін түзетуге болады.

ҚОТЫРҚАЙЫҢ – жота, Алматы облысы, Кербұлақ ауд. *Қотыр* сөзінің тура мағынасы «адам мен хайуанның терісіне шығатын жұқпалы қышыма ауру» болса, ауыспалы мәнде «тегіс емес, бұжыр табиғи нысандарды» атауға қатысады. Кейде орыс тілінен енген *хутор* сөзі *қотыр/күтір* тұлғаларында қолданылып келген. Қотыр + қайың атауы «бұжыр-бұжыр бездері бар қайыңдар өскен жер» деп қайыңның бір түрін атап тұр.

ҚОШАҒАШ - е.м., Таулы Алтай өлкесі 1930 жылдарға дейін Катонқарағай ауданына қараған. «Таулы жердің жолы жаман» деген сылтаумен Қошағаш, Шүй, Жазатыр ауылдық кеңестері Ресейге беріліп кеткен. Мұнда күні бүгінге дейін жерлес қазақтар мекендейді. Кітапқа сол себепті енгізіп отырмыз.

Қошағаш, саяхатшы В.В.Сапожниковтың жазып алған дерегіне қарағанда, ағашы жоқ тақыр таулы жерлерден көшкенде, жол-жөнекей қонатын жерге от жағу үшін тастап кететін отындық ағашқа байланысты туған «көшағаш» сөзінен пайда болған. Кейінгі ықпал бойынша Көшағаш/Қошағаш түрінде жуандап айтылуы тілдегі заңды құбылыс. Осындай отын қойып кететін бекет сияқты аялдама жерге елді мекен орнаған соң, оны Қошағаш деп атап кеткен.

ҚОЯНДЫ – е.м. Павлодар обл. Қоян (зат есім) + ды (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалған туынды атау. «Қояны көп, мол тау» дегенді білдіреді. Кезінде ірі жәрмеңке өтетін орын болған.

ҚУАНДАРИЯ – Сырдарияның ескі арнасы. Қуаң «қу+аң, сусыз, жұтаң жер» + парсы. дария «үлкен өзен, көл, теңіз» сөздерінен жасалған гидроним «дарияның кеуіп қалған ескі арнасы» деген мағына береді. Сыр арнасын өзгерткенде, ескі

арнаны Қуандария, жаңа арнаны Жаңадария деп атаған. Орыс сахатшысы Н.А.Северцов орта ғасыр жазбаларында кездесетін Қызылдария осы Қуандария болуы мүмкін деген болжам жасайды (Северцов,2017,31).

ҚУСАҚ – өзен, Аягөз ауд., Үржар ауд. Қу (сын есім) + сақ (зат есім) сөздерінен біріккен. Т.Жанұзақтың пікірінше: Қу «құрғаған, құр» + сақ «сағ/сай» сөздерінен бірігіп, «құрғаған, аңызак, құр өзек, сай» дегенге саяды (Жанұзақ,2007,138-139). Біз де осы тұжырымды қолдаймыз, өйткені сақ/сағ/сай/шай нұсқалары түркі тілдерінде бар құбылыс. Алайда бірінші сыңарындағы қу сөзі «ак, сұр» түсті де білдіретіндіктен, «Ақсай» мағынасын беруі мүмкін екенін ескертеміз.

ҚҰДЫҚШАҒЫЛ – қыстау, Атырау обл., Құрманғазы ауд. *Құдық* сөзі «жердің суын пайдалану үшін, арнайы қазылған тік шұңқыр» мағынасын беретіні мәлім. Қазақ даласының негізгі белгілерінің біріне жатады. Тұщы ауыз су аз болғандықтан, құдықты ерекше бағалап, жеке-жеке ат қойып отырған. Ол атаулардан құдықтың бар екенін біліп қана қоймаймыз, оны кім қазғанын, суының сапасын, көлемін т.б. аңғаруға болады: *Алтықұлаш, Бесқауға, Сорқұдық, Әсетқазған т.б.* Құдық + шағыл сөздерінен біріккен гидроним «құдығы бар шағыл құмды жер» деген ұғым тудырады.

ҚҰДЫРЖАРЫҚ – қоныс, Ақмола обл., Целиноград ауд. *Құдыр* (кей жерде *күдір*) сөзі «биіктігі метрге жетпейтін, денесінің алды аласалау, елік тектес аша тұяқты аңның» аты, зооним. Құдырдың шыбығынан күшті дәрі және әтір май (муксус, жұпар) даярланатын болған. Топонимжасамда «сирек кездесетін құдыр аңы бар жерлерді» таңбалауға қатысады. Құдыр + жарық топонимі «құдыр (күдір) аңы бар жыралы, сайлы жер» деген мағына беретіні шындық.

ҚҰЗҒЫНДЫ - асу (2600 м), Күршім ауд. Құзғын (зат есім) + ды (туынды сын есім жұрнағы) құрамындағы туынды атау.

«Құзғын құсы көп мекендейтін тау» мәнін береді. Катонқарағай ауданы мен Күршім ауданы арасындағы асу.

ҚҰЛАҚКӨЛ – е.м. Павлодар облысы, Екібастұз қ.э. *Құлақ* сөзі «адам мен жануарлардың есту мүшесі» мағынасын береді және топонимжасамда «құлаққа ұқсас негізгі нысаннан бөлек шығып тұратын табиғи нысандарды» атауға қатысады. Құлақ + көл сөздерінен біріккен гидроним «негізгі көлден бөлініп шығып жатқан кішілеу көл» деген мағына береді.

ҚҰЛАНТӨБЕ – тау, Алматы облысы, Қапшағай қ.э. *Құлан* сөзі «есектен үлкен, жылқыдан кішірек, жүйрік аңның» аты, зооним. Қазақстан даласында құландар молынан мекендеген кездерден, жер-су аттарында сақталып қалған. Құлан + төбе оронимі «құландар мекендеген, үйездеп тұратын төбе» деген мағына береді.

ҚҰЛЖА – қала, Шығыс Түркістан. «Арқардың еркегі, қошқары» (ҚТТС, 6т, 461) мағынасындағы *құлжа* сөзі «осы маңда мекендейді, бар, мол кездеседі» ұғымында зоотопонимге айналған. Құлжа денелі болатындықтан, метафоралық жолмен ірі көлемді геонысанды атауы да мүмкін. Мәселен, «Шығыс Түркістандағы қалалардың үлкені» деген мағынада. Сонымен бірге Іле аңғарының таулы жерінде орналасқандықтан, кезінде арқар аңы көп болуы да мүмкін. Жібек жолындағы ірі сауда орталығы болған тарихи қала.

ҚҰМАНКӨЛ – көл, Павлодар облысы, Ақтоғай ауд. *Құман* сөзі «қолға су құюға арналып, шойыннан, мыстан істелген, тұтқасы, шүмегі бар сопақша ыдыстың» аты. Топонимжасамға тек «сыртқы пішінінің табиғи нысанмен ұқсастығына, кейде құманға байланысты оқиғаға орай» қатыса алады. Құман + көл сөздерінен біріккен гидроним «құманға ұқсас шүмекті көл» деген ұғым береді.

ҚҰМБЕЛ – асу, Алматы облысы, Алматы қ.э. *Құм* зат есімі «түрлі минералдар мен тау жыныстарының үгіндісінен тұратын өте майда түйіршікті шөгінді жыныс» (ҚТТС, 6т, 467) мағынасын

береді де, географиялық термин категориясына өтеді. Құм – жердің ерекше белгілерінің біріне жатады, сондықтан «құмы бар, мол жер» мәнінде топонимжасамға белсенді түрде араласады. Құм + бел сөздерінен біріккен атау «құмды асу, кезең» деген мәнде тұр.

ҚҰМЫРСАЙ – қыстау, Ақтөбе облысы, Байғанин ауд. *Құмыр* зат есімі «бұлбұлша сайрайтын, торғайдай ғана кішкене құстың» аты, зооним (ҚТТС, 6т, 473). Топонимжасамда «құмыр құсы мекендейтін жерді» атап көрсетеді. Құмыр + сай осындай «құмыр құсы мекендейтін сай» мәнін береді.

ҚҰНАНЖАЛ – қоныс, Алматы облысы, Алакөл ауд. *Құнан* сөзі «екі жасқа толып, үшке аяқ басқан еркек жылқы малының» аты, зооним. Топонимжасамда «құнандай шағын нысанды атайды, не құнан кезінде күзелетіндіктен, оның тікірейген жалына ұқсату» арқылы жер-су атын жасайды. Құнан + жал атауы «құнан жылқының жалына ұқсас қыр» деген мағына береді.

ҚҰНДАҚСАЙ – сай, СҚО, Жамбыл ауд. *Құндақ* сөзінің негізгі мағынасы «баланы бесікке салғанға дейінгі ораған бөлеуі, жөргекке оралған қалпы» (ҚТТС, 6т, 479) болып келеді. Топонимжасамда «баланың бөлеуіне ұқсас сай, қойнауларға» атау бола алады. Құндақ + сай топонимі «баланың құндағы сияқты қуыс сай» деген ұғым тудырады.

ҚҰРАҚСУ – иінарна, Алматы облысы, Сарқант ауд. *Құрақ* сөзі – фитоним. «Көл яки су жиегіне жайқалып өсетін балғын да балауса шөптің, қамыстың жас, балауса кезінің» аталуы (ҚТТС, 6т, 495). Топонимжасамда «құрақ шөп өсетін сулы, сазды жерлерді» атауға қатысады. Құрақ + су гидронимі «жағасында құрақ шөп өскен су» немесе «әртүрлі көлшіктерден құралған су» мағыналарының бірінде тұр.

ҚҰР КЕЛЕС – өзен. Түркістан обл., Сарыағаш ауд. *Құр* сөзінің бір мағынасы «бекер, бос, текке, жай» (ҚТТС, 6т, 490) болып келеді де, үстеу сөз табына жатады. Топонимжасамда «болуға тиісті нысаны жоқ, бос қалған екінші нысанды» атап

көрсетеді. Құр Келес тіркесті топонимі «суы құрғап қалған Келес өзенінің арнасы» деген мағына береді.

ҚҰСҚОНАР – тау, Күршім ауд., ШҚО. Құс (зат есім) + қонар (келер шақ есімше) сөздерінен біріккен атау. «Арлы-берлі ұшқан құс қонатындай (қонақтайтындай) биік тау» деген мәнде тұр.

ҚҰТАНСОР – көл, Павлодар облысы, Май ауд. *Құтан* зат есімі «сазды, сулы жерлерді мекендейтін, сирағы мен тұмсығы ұзын құстың» (ҚТТ, 6т, 532) аты, зооним. «Құтан құсы мекендейтін жер» мағынасында топонимжасамға тікелей араласады. Құтан + сор атауы «құтан (кейде көкқұтан дейді) құсы мекендейтін көл» дегенге саяды.

ҚҰТ АРЫС – е.м. ОҚО, Сайрам ауда. *Құт* сөзі «береке, байлық, мол қазына, кейде бақыт» мағыналарын береді. «Құт қонған жер, құтты мекен» мәнінде жер-су атын жасауға қатысады. Құт Арыс тіркесті ойконимі «құт қонған, берекелі Арыс» деген мәнде тұр.

ҚҰШЛҰҒҰҒ – топоним, көне түркі ескерткішінен. Құшлағақ болып та оқылады. Атаудың негізі Құшлағ көне түркі. құшлағ/құшлұқ «құсты, құсы көп жер» (ДТС, 1969, 471) мәнді сөзі + ағ/ығ/ұғ (табыс септік жалғауы) арқылы жасалып, «аулайтын құсы көп жерді, құстыны» деген мағына береді. Ал табыс септік жалғауы неге жалғанғаны белгісіз.

ҚЫЗБЕЛТАУ – тау, Қостанай облысы, Наурызым ауд. *Қыз* сөзі «әйел бала, күйеуге тимеген бойжеткен» мағынасын береді және «қызға қатысты әлдебір оқиғаға орай немесе табиғи нысанды қызға теңеу» арқылы жер-су аттарын жасауға қатысады. Кейде *қыр* геотерминінің орнына жүруі мүмкін: *қыр* – *қыз*, *p* – *з*. Қыз + бел + тау сөздерінен біріккен ороним «қыздың беліндей жіңішке асуы бар тау» деген мағына береді.

ҚЫЗЫЛАРАЙ – географиялық топонимиканың маманы Ғ.Қоңқашпаев *арай* сыңарын моңғ. *орой* «бір нәрсенің төбесі,

басы» сөзінен шығарып, Қызыларай оронимінің «қызыл шың» мәнінде тұрғанын келтіреді (Конқашпаев,1963,438).

Сондай-ақ ир. *арай* сөзінің «таң атар кездегі күн шапағы, шұғыласы» (ҚТТС, 1т, 305) мағынасымен, «артынан қызыл арайға бөлеп, күн көтерілетін тау» деген семантика беруі де мүмкін.

ҚЫЗЫЛӘУІТ – мұндағы *әуіт* сөзіне ҚТТС-та «құдықтың, арықтың жанында су сақтайтын шұқыр» зат есімі ретінде анықтама беріледі (1т, 655), бірақ кірме сөз екені айтылмайды. Бұл сөз ар. *havz, havuz* > хауз «су қоймасы, бассейн» сөзінен шығатын сыңайлы (Шипова,1976,363). *Қызыләуіт* «қызыл топырақпен қоршалған су қоймасы», немесе «қызылдар салған фонтан» мағыналарының бірінде тұр. Кеңестік дәуірде қызыл сөзін жапсырмаған зат қалмағаны әркімге аян.

ҚЫЗЫЛБАЙРАҚ – біріккен атаудың екінші сыңары *байрақ* – түрк. байыр «төбе, дөң, томпақ» сөзі мен -ақ, -ек «кішірейткіш жұрнағы» арқылы жасалған ГТ. Сонда Қызылбайрақ атауы «қызыл тасты не топырақты төбешік, дөңес» мағынасында тұр деуге болады.

Екінші жағынан, көне түркі. *байбарақ* > *байрақ* «тығыз жібек матадан» істелетін байрақ «ту, жалау» сөзі арқылы, Қызылбайрақ «қызыл ту» саяси атауы болып шығуы да мүмкін.

ҚЫЗЫЛЖАР – қала, СҚО. Қызыл (сын есім) + жар (зат есім) сөздерінен бірігеді. Қазақстанда жиі кездеседі. «Топырағы қызыл (жосалы) жар» дегенді білдіреді. Ақжар, Қаражар, Қызылжар – барлығы да топырағының түсіне байланысты туған атаулар.

ҚЫЗЫЛКЕНІШ – мұндағы *кеніш* сөзі «береке, байлық, мол қазына байлық» мәнін де беретіні бар (м.:Сүлеймен патшаның кеніші). Онда Қызылкеніш сарайында қазына байлық болды деген ұғым туады.

Ал павлодарлық археологтардың айтуынша, Қызылкеніш сарайы Қарқаралы – Кент тауларында XVII ғасырда салынған қалмақтардың пұтханасы болған [55;31]. Ендеше *кент, кеніш*

сөздерінің негізінде қалм. *кид* < моңғ. *хийд* «діни ғибадатхана» сөзі жатуы мүмкін. Өйткені Өскемен маңында Аблайнхийд пұтханасы болған жерді қаз. Абылайкет, ор. Аблакетка деп атап кеткені мәлім.

ҚЫЗЫЛКЕСЕКМОЛА – мұндағы екінші сыңардағы *кесек* сөзі қазіргі *кірпіш* сөзінің орнына жүргені байқалады: «қызыл кесектен (кірпіштен) соғылған мола». О.О.Сүлейменов *кірпіш* сөзін ататүрік тілінен шығарса да, қазақ тілінде *кесек* сөзі қолданылғанын осыдан аңғарамыз (Сулейменов, 2002, 100).

ҚЫЗЫЛКЕСІК - ҚТТС-та *кесік* «жаза тартқызу үшін шығарылған шешім, кесім» зат есімі түрінде түсіндіріледі (5т, 3). Ал жер-су атауына келгенде, «қызылдар (кеңес үкіметі) өлшеп, кесіп берген жер» мағынасында қолданылған. Колхоздастыру кезінде пайда болған ойконим: қазіргі «жер телімі» тіркесіне сәйкес келеді.

ҚЫЗЫЛҚҰМ – құмды алқап (340 шаршы км). Қызылорда обл. Қызыл (сын есім) + құм (зат есім) сөздерінен біріккен. «Қызыл топырақпен (жоса, керіш) араласқандықтан, қызғылт түске енетін құм» деген мәнде тұр.

ҚЫЗЫЛҚҰРТ – мұндағы *құрт* Қазықұрт, Башқұрт жалқы есімдерінің құрамында кездеседі және көне түркі. «қасқыр, бөрі» мағынасын береді. Қызылқұрт тура мағынасында «қызыл қасқыр» деген атау. Қызыл қасқыр сирек болса да Қазақстан жерінде кездеседі.

ҚЫЗЫЛҚЫЗ – Қазақстанда кездесетін Алтықыз, Семізқыз, Қызылқыз тәрізді атаулар Алтықыр, Семізқыр, Қызылқыр топонимдерінің көне нұскасы деуге болады. Оған себеп – тіліміздің тарихында бар ротоцизм құбылысы (з ~ р дыбыс алмасуы).

ҚЫЗЫЛСӨК – «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалықта Қызылсөк түрінде берген. Күрделі атаудың екінші сыңары *сөк* «қауызынан арылған ақталған тары» (ҚТТС, 8т, 364) мәніндегі сөз екені белгілі. Топоним ретінде

қызыл түсті домалақ тастарды шашылған тарыға ұқсату арқылы Қызылсөк оронимі қалыптасуы ықтимал.

ҚЫЗЫЛҰШҚАР – мұндағы *ұшқар* сөзі көне түркі. *учқаш* «мінгесіп – ұшқасып» тіркесіндегі сөз болуы мүмкін. Өйткені көл Қарасуық көлінің солтүстік-шығысында орналасқан. «Қызыл түсті жалғасқан, ұштасқан көл» мағынасында. Ұшқар «биік ұшпа тас» мәнін де жасай алады.

ҚЫЗЫЛШАБЫРА – тілімізде *шабыра* сөзінің екі мағынасы кездеседі: 1) *шабыра* «ешкі терісінен жасалған былғары» (ҚТТС, 10т, 80); 2) Жамбыл облысына тән диалект сөз *шабыра* «шыбықтан жасалатын кәрзеңке» (С.Аманжолов, 1997, 536).

Қызылшабыра тауы Қарағанды облысында екенін ескерсек және атау жасауға ең әуелі әдеби тілдегі сөздің мүмкіндігі мол болатынын ескерсек, ороним бірінші мағынада жасалған дейміз. Таудың түсін, жер бедерін ешкі терісінен иленген жұмсақ және жұқа былғарыға ұқсатудан туған атау болып шығады. Ешкі терісінен тігілген әлдебір ыдысқа теңеудің де, талдан тоқылған кәрзеңкеге ұқсатудың да, топонимжасамда қолданылуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

ҚЫЗЫЛШАРЫҚ – мұндағы *шарық* ар., парсы *sary* (шарқ) «шығыс» сөзі кеңестік саяси термин *қызыл* анықтауышымен бірігіп, «қызыл шығыс» мәніндегі Қызылшарық ойконимін жасаған. Саяси атаулар жасаудағы коммунистердің тапқырлығына таң қалмасқа болмайды.

Дәл осы тұлғада келіп (Қызылшарық), «қызыл түсті шарық(қайрақ) тасы бар жер» семантикалы табиғи топоним жасалуы да әбден мүмкін.

ҚЫПШАҚАДЫР – қоныс, Қызылорда облысы, Шиелі ауд. *Қыпшақ* сөзі – тарихи этноним. «Түркілердің ең ірі тайпаларының бірі» болған. Қазіргі қазақ жері *Қыпшақ даласы (Дешти Қыпшақ)* атанып, қыпшақ этносы қазақ халқының құрамында сақталып қалғандықтан, жер-су атында кездесуі заңды құбылыс болып

табылады. Қыпшақ + адыр тура мағынасында «қыпшақ руының адамдары мекендеген адыр (жота, қыр)» дегенді білдіреді.

ҚЫРАУЛЫ - тау, Күршім ауд. *Қырау* сөзі «суық күзде тоңазыған дымқыл ауаның бір нәрсеге қар тәрізді ағарып қонған күйін» атайды. «Қырау түсетін, не ақ шалған табиғи нысандардың» атын жасауға қатысады. Қыраулы оронимі қырау (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалып, "қырау, қар алдымен түсіп, кеш еритін биік тау" деген мағына береді.

ҚЫРБАҚКӨЛ – көл, Павлодар облысы, Баянауыл ауд. *Қырау* сөзіне жақын, бірақ «жұқа ғана жауған қарды» білдіретін *қырбақ* сөзі де топонимжасам барысында назардан тыс қалмаған. Қырбақ + көл гидронимі «қырбақ қар тәрізді жұқа тұз басқан көл» мәнінде тұруы да мүмкін екенін ескертеміз.

ҚЫР БАЛТАБАЙ – е.м. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауд. *Қыр* сөзі «созылып жатқан биік жер, жал» мағынасымен әуелі географиялық терминге айналады да, сол мәнде жер-су аттарының құрамына енеді. Қыр Балтабай ойконимі «қырдағы Балтабай ауылы» деген мән береді.

ҚЫРҒЫЗСАЙ – өзен, Алматы облысы, Жамбыл ауд. *Қырғыз* сөзі – этноним. «Қырғызстанның негізгі халқы, ұлт» мағынасын береді. Көбінесе Қырғызстанмен шекаралас аймақтарда жер-су атын жасауға қатысады. Алайда Қазақстанның басқа өңірлерінде қазақтарға кезінде патшалық Ресей таққан «киргиз» атауын өзгертпей қолданған аударма атаулар кездеседі. М: *Қырғыз жерлері* (СҚО картасынан) т.б. Бұл – өрескел қателік. Ондағы *қырғыз* сөзі «қазақ» деген мағынада тұрғаны айдан анық. Мұндағы Қырғыз + сай атауы «екі елдің шекарасында ағатын өзен» дегенді білдіреді.

ҚЫРЫҚБҰЛАҚ – өзен. Алматы обл., Райымбек ауд. *Қырық* сөзі «отыз тоғыздан кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 7т, 14) аты екені мәлім. Топонимжасамда «табиғи нысанның нақты қырық санынан гөрі біршама мол, көп шоғырын топтап айту» мәні басым

болып келеді (М.: қырық жамау, қырық құбылады тіркестері тәрізді). Қырық + бұлақ гидронимі «көптеген бұлақтар келіп құятын өзен» деген мағына береді.

ҚЫРЫМ – түбек, Қара теңізде. Қыр (зат есім) + ым (зат есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалған атау. «Жердің қырымы, шеті, кемері, түбек» мағыналарын береді. Атақты Қырым түбегі бұл атауға сай келеді.

ҚЫСТАУСАЙ – өзен, Алматы облысы, Жамбыл ауд. *Қыстау* сөзі «көшпелі қазақ халқының мал қыстатуға арналған мекен-жай, үй-қорасының» аты. *Қыстау* сөзі тура осы мағынасымен жер-су атын жасауға қатысып, ойконимдік терминге айналады. Қыстау + сай атауы «мал қыстатуға ыңғайлы сай, өзен бойы» дегенге келеді. Оған қарама-қарсы мағынада сол сайдың басында Жайлаусай атауы да болуы мүмкін.

ҚЫТАЙ – өзен, Күршім ауд. Этнотопоним. Қытай Халық республикасы мен Қазақстан шекарасын бойлай ағатын өзен болған соң, Қытай атанған.

ҚЫШБӨГЕТ – е.м. Қызылорда облысы, Жалағаш ауд. *Қыш* сөзі «балшықты отқа күйдіру арқылы алынатын қатты заттың» аты (ҚТТС, 7т, 34). Топонимжасамға көбінесе *қыш* сөзінің «күйдірілген кірпіш» мағынасын беретін диалектілік нұсқасы қатысады. Қыш + бөгет топонимі «қыштан (күйдірілген кірпіштен) тұрғызылған су бөгені» деген мағына береді.

- Л -

ЛАБАР – е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. Лабар гидронимін Э.М.Мурзаев парсы. *лаб* «ерін», жағалау, жар» сөзінен жасалғанын атап көрсетеді [46;331]. Ал екінші сыңары *ар/ер* көптеген тілдерде «су, өзен» мәнін беретіні дәлелденген [124;54]. Сонымен, Лабар «ерін, тәрізді жағалауы бар өзен» деген мағынада тұр деуге болады.

ЛАҚАЛЫ – е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд. Лақа + лы туынды атауы «лақа балығы мол су, өзен» деген мағына береді. «Лақа – қоңыр түсті, мұртты ірі балық» (Қайыржан, 2013, 279).

ЛАҢҚОЛ – өзен, Алматы облысы, Алакөл ауд. Қазақ тілінде лаң сөзінің екі мағынасы бар:

1) *Лаң* – «малда, адамда кездесетін жұқпалы індет, ұшпа»;

2) *Лаң* – «елді дүрліктіретін, әбігер қылатын әрекет» (ҚТТС, 7т, 51).

Лаң сөзінің екінші мағынасы «тасып, жайылып елді әбігерге салатын өзен» мәнінде жер-су атын жасауы мүмкін. Алайда біздегі үлгі *Лаңқол* деп аталатындықтан, оның екінші сыңарындағы *қол* моңғол. *гол* «өзен» сөзінен шығатынын байқауға болады. Ендеше атаудың бірінші сыңары да моңғол. *лаң* «күміс ақша», «боз, күміс түстес» сөзінен шығуы ықтимал (сонда *Лаңқол* «ақшыл, боз, күміс сулы өзен» мағынасын бермек). *Лаң* + *қол* гидронимі екі тілден жасалса, «лаң шығарып таситын тентек өзен» деген мән беруі де мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

ЛАСТЫ – өзен, Тарбағатай ауд. Атау моңғол тіліндегі улиас «терек» + т (туынды сын есім жұрнағы) құрамында жасалып тұрғаны анық (Базылхан, 1987, 508). Улиаст/Ұласты/Ласты болып қазақыланады. Тура мағынасында «теректі» болып шығады. Евразияда Теректі аталатын өзен, сулар өте көп кездеседі. Кейбір ғалымдар «терек» сөзін «су» сөзімен байланыстырғысы да келеді. Алайда терек ағашының суды көп қажет ететіні, оның сулы жерде ғана өсетіні гидронимдік атауға көп қатысуына уәж болады демекпіз.

ЛЕҢГІР – е.м. ОҚО, Төле би ауд. Парсы. *лангар* сөзінің негізгі мағынасы «зәкір (якорь)» кеңейіп, «аялдама», «керуен сарай», «емхана», «қонақ үй» т.б. мәндерде қолданыла бастаған (Жеменей, 1994, 144). Бәріне ортақ сема – кемеңнің айлаққа тоқтағаны секілді «тоқтау, аялдау».

Елді мекен маңызды жол бойындағы «бекет», «аялдама» жерде тұрған соң, парсы. Лангар > Ленгер > Ленгір атауын қабылдағаны анық.

ЛЕПСІ - өзен. Алматы обл. Лепсі гидронимін А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақ т.б. ғалымдар парсы. Ләб//лаб «ерін» сөзінің ауыспалы мағынада («жаға», «жар») қолданылу нұсқасынан жасалғанын айтады (Жеменей, 1994, 145). Шыныда да екі жағасы түрілген ерінге ұқсас өзендерге, сайларға ерін ГТ-і сәйкес келеді (Э.Мурзаев, 1984, 331). Мәселен, Шығыс Қазақстанда *Үріл* моңғ. уруул «ерін» топонимі бар.

Лепсі гидронимінің екінші сыңары – сы, сі «су» терминінің көне тұлғасы екені дәлелденген. Сонда Лепсі «жағалары тең, біркелкі түріле біткен су» мәнін береді деуге болады.

Лепсі [ілепсі] кейде қаз. *ілесне* сөзінің метатезаға ұшыраған түрі емес пе екен деген де ой келеді. Өйткені Лепсі өзіне Басқан, Сарқан тағы басқа бірнеше шағын суларды қосып, ілестіріп барып Балқашқа құяды.

ЛӨКҚҰМ – құм, Алматы облысы, Балқаш көлінің оңтүстігі. *Лөк* қазақ тіліндегі *үлек* «нар түйенің бурасы» сөзінің ауызекі тілде айтылу нұсқасы. Топонимжасамда «ірі, үлкен геонысандарды» атауға қатысады. Лөк (Үлек) + құм атауы тура мағынасында «үлкен, ауқымды құм» дегенді білдіреді.

- М -

МАЙДАНТАЛ – жота, ОҚО, Төле би ауд. *Майдан* сөзі көне түркі. «алаң, жазық» мәнінде көптеген тілдерде кездесетін географиялық термин болып табылады. Қазіргі украин тілінде «орталық алаң» мәнінде қолданылады. Қазақ тілінде бұрыннан қолданылып келгенін ауыз әдебиет үлгілерінен көреміз. Мәселен, «Қыз Жібек» ғашықтық жырында мынадай жолдарда кездеседі:

Әуеде ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң баз,

Атайын десем оғым аз.

Қонамын десең, жануар,

Міне майдан, міне саз («Қыз Жібек» жырынан)

Топонимжасамда «ашық, алаңқай жер» мағынасында атаулар жасайды. Майдан + тал топонимі тура мағынасында «жазық, алаңқай жерде өскен тал» дегенді білдіреді.

МАЗАРҚҰДЫҚ – құдық, Қарағанды облысы, Ұлытау ауд. *Мазар* сөзі «қабір үстіне тұрғызылған сәнді құрылыс, ескерткіш» мағынасындағы арабизм болып табылады. Топонимжасамда «мазар тұрғызылған жер» мағынасында атаулар құрамына енеді. Мазар + құдық топонимі «жанында салынған мазары бар құдық» деген мәнде бағыт-бағдар беру қызметін атқарады.

МАЙЕМЕР - е.м., Катонқарағай ауд. Май (зат есім) + емер (келер шак есімше) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. "Жері отты, малы семіз келіп, халқы үнемі тоқ болады" деген мағынада қойылған. Ел аузындағы аңызға қарағанда Қаратай елінің биі Мая осы жерді алғаш көргенде былай депті: "Аш-арығың тойынатын жер екен, өңшең семіз сойылатын жер екен, бірақ күнде шыр қонатын жер екен, көздеріне нұр қонатын жер екен. Өріс күнде құлпыратын жер екен, жұмбағы мол сыр тұнатын жер екен. Адамдары май еметін жер екен, мен осы жерге Майемер деген атты лайық көріп тұрмын" (Б.Кітапбаев «Найман» шежіресінен). Бұл жерде де Берел, Шіліктідегі секілді ежелгі сақ қорымдары бар болғандықтан, киелі (сакральды) жерлер тізіміне енгізу керек.

МАЙҚАПШАҒАЙ - е.м., кеден, Зайсан ауд., ШҚО. Май (сын есім) + қапшағай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мұндағы қапшағай монғол. хавцгай "қапсағай, тік жартас" деген сөздің өзгерген түрі. Ал май сыңары көбінесе жермай (мұнай) бар жерлерге қойылады. Демек, Майқапшағай «жермайы бар жартасты жер» деген мән береді. Май сөзі одан басқа "май топырақты, шөбі шүйгін жер", "май терек өсетін жер", "тастың майы алынатын жер" деген мағыналар беріп, топонимдер жасауға

қатысуы мүмкін. Майқапшағайда Қазақстан мен Қытай елдерінің арасындағы маңызды кеден бекеті орналасқан.

МАҚАНШЫ - е.м., Үржар ауд. ШҚО. Этнотопоним. Бақан+шы деген сөзден шығады, өйткені көне түркі, қазіргі түркі тілдерінің көбінде м/б дыбыс алмасуы бар: мен/бен, мың/бың т.б. Бақанлы > Бақаналы > Бағаналы этнонимі үлгілес жасалған. «Бақаншы/Мақаншы руы мекендеген жер» деген мағына береді.

МАҚПАЛКӨЛ – көл, Қостанай облысы, Таран ауд. *Мақпал* зат есімі «тығыз тоқылған түкті әрі жұмсақ, қалың мата, барқыттың» (ҚТТС, 7т, 104) аты. Топонимжасамда «мақпал матаға ұқсас жұмсақ суға, тығыз, тақыр шөп өскен жерлерге» атау бола алады. Мақпал + көл гидронимі, егер антропонимнен жасалып тұрмаса, «суы мақпалдай жұмсақ көл» деген мағына береді.

МАҚТААРАЛ – аудан, Түркістан обл. *Мақта* сөзі – фитоним. «Ақ ұлпа талшық алынатын қауашақты техникалық өсімдіктің» аты (ҚТТС; 7т, 105). Топонимжасамда «мақта өсімдігі өсіріліп, өнім алынатын жерлерді» атауға араласады. Мақта + арал ойконимі «мақта өсірілетін аралды жер» деген мағынаға нұсқайды.

МАЛАЙҚҰДЫҚ – е.м. Қарағанды облысы, Нұра ауд. *Малай* деп «байларға жалданып күн көретін, есігінде жүретін қызметші, жалшы адамды» айтады (ҚТТС, 7т, 109). Топонимжасамда «кезінде болған малайлық, жалшылық құбылыстан қалған жер-су аттарын» білдіреді. Малай + құдық гидронимі «Малай есімді адам немесе малайлықта (жалшылықта) жүрген адам қазған құдық» деген мәндердің бірінде тұр. Малай ру аты (этноним) болуы да мүмкін.

МАЛӨЗЕК – қоныс, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауд. *Мал* зат есімі «төрт түлік үй жануарларының» жалпы аты. Көшпелі қазақ халқы үшін мал негізгі тіршілік көзі болып келгендіктен, жер-су атында сақталуы заңды құбылыс болып табылады. Мал +

өзек топонимі «мал жайылымына қолайлы өзек (сай, аңғар)» деген мәнде тұр.

МАМЫҚТӨБЕ – қыстау, БҚО, Қаратөбе ауд. *Мамық* сөзі «үлгілдеген жұмсақ құс жүні» мағынасын береді. Алайда жер-су атына осы негізгі мәннен туындайтын *мамық* өсімдігі (астрагал пушистый) қатысады («мамық шөбі өскен жер» мағынасында). Мамық + төбе топонимі «мамық шөбі өсетін немесе мамықтай жұмсақ құмды төбе» деген мағыналардың бірінен шығады.

МАМЫРСУ – өзен, Аягөз ауд., Абай обл. Мамыр (зат есім) + су (зат есім) сөздерінен біріккен. «Мамыр айында ғана суы таситын (толатын) өзен» немесе «үйректің балапаны (мамыр) көп жүзетін су» деген мағыналардың бірінде тұр. Мамырсу – тарихи топоним. Мұнда 1760 жылы қазақ пен қалмақтың арасында достық келісім рәсімі өтті. Жоңғарлар арғы жағындағы Қытайдың қысымынан қорқып осы келісімге келді. Тарихшылардың кейбірі бұл келісім Батпақсу өзені бойында болған дейді. Біздің ойымызша, осы Батпақсу өзені келісімнен кейін, қазақ. Мамырсу атанса керек, өйткені мамыр сөзінің негізінде «мамыражай, жайма-шуақ, жадыраңқы» деген мағына да жатыр. Онда Мамырсу «бейбіт, мамыражай су, өзен» деген мәнге ұласады.

МАҢҒЫСТАУ – түбек. Каспий теңізі. Маңғыстау топонимі туралы бүгінге дейінгі айтылып келген пікірлер мыналар:

1. М.Қашқари сөздігінде *Маңқышлақ* тұлғасында берілген, бірақ мәні түсіндірілмеген (Қашқари, 1997, 147). Түркімен тіліндегі *қышлақ* қазақша *қыстақ=қыстау* болып өзгеретіні белгілі.

2. А.Вамбери: ман «мың» + қыстақ, яғни Мыңқыстақ деген мағына шығарады (Жанұзақ, 2007, 147).

3. Ғ.Мұсабаев: ман «қой» + қыстақ, яғни Қой қыстауы деген сөздерден жасалған деді.

4. А.Әбдірахманов: маңғыш/маңғыс «жыртқыш жануар аты» + лақ «көне жұрнақ» деп тұжырым жасады.

5. А.А.Семенов: минк «этноним» + кишлақ, яғни Минктер қышлағы деген пікір ұсынды.

6. С.Атаниязов: маң «бекініс» + қышлақ «тұрақ», яғни Бекіністі тұрақ деп қорытынды жасады.

7. Ә.Нұрмағамбетов: маңғыс «көкқасқа шегіртке» + тау, яғни Шегірткетау болуы мүмкін деді.

8. Т.Жанұзақ: ман иран тілінде «тұрақ, аялдама жер» + қыстақ, яғни Тұрғынқыстақ деуге келеді дейді (Жанұзақ, 2007, 148).

Біздің ойымызша, атаудың екінші сыңары түсінікті: қышлақ>қыстақ> қыстау. Ал бірінші сыңары *ман* қазақтың *маң* «маңай» сөзі екені көзге де, көңілге де ұрып тұр. *Маң* зат есімі «маңай, айнала, төңірек» мағынасын беретіні мәлім. Топонимжасамда «ірі табиғи нысанның маңайына, жанына орналасқан екінші, кішілеу геонысанды» атап көрсетеді. Ендеше Маңғышлақ>Маңқыстау >Маңғыстау атауының этимологиясы «теңіздің маңындағы қыстау» деген қарапайым мағына береді. Ертедегі адамдар атау жасауға қарапайым сөздерді қолданған, ал, біз, оны өзіміз күрделендіріп алып, дәл мағынасынан қиыс кетіп жатамыз.

МАРАЛСАЙ – қоныс, Алматы облысы, Талғар ауд. *Марал* сөзі «бұғының ұрғашысының» аты, зооним. Топонимжасамда «бұғы, маралдың мекендейтін жерін, сондай-ақ оларды қолда өсіретін шаруашылық тұрған жерді» атауға бірдей қатыса береді. Марал + сай сөздерінен біріккен топоним «бұғы-маралы бар сай» дегенді білдіреді.

МАРЖАНТӨБЕ – бекініс, Жамбыл облысы, Жамбыл ауд. *Маржан* зат есімі «біркелкі, әдемі, ұсақ моншақтың» аты. Алайда олар жіпке тізіліп тұруы керек. Топонимжасамда «біркелкі табиғи нысандардың тізбектеліп, маржандай түзіліп тұруын» атайды. Мәселен, Сырдарияның бойына көне қалалардың маржандай тізіліп орналасуы оның көне *Инжу* атын қалыптастырған. Маржан + төбе сөздері арқылы жасалған ороним «маржан, моншақша тізілген біркелкі төбелерді» атап тұр. Маржан антропоним болуы да ықтимал екенін жоққа шығрауға болмайды.

МАРҚАКӨЛ - көл, ШҚО. Халық аузындағы бір аңыз көл орнындағы бір аңғарға қап-қара марқа қозы түсіп кетіп, соны шығарып алғаннан кейін, орнында аяқ астынан үлкен көл пайда болыпты-мыс деседі. Сондай-ақ көл атының осылай аталуын жалайыр тайпасының марқа руымен байланыстыру да бар (Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақ). Бұның бәрі шындыққа жанаспайтын жорамалдар. Ғылыми этимология бойынша Алтай тауында қар суынан жиналатын көптеген көлдердің «үлкені, марқасы» деген мағына береді. Салыстырыңыз: марқа қозы. Марқакөл - «үлкен көл» деген атау екені дау туғызбаса керек. Алматы облысындағы Марқатау да осы жолмен жасалып тұрғаны анық.

МАШАТТӨБЕ – ескі қоныс, ОҚО, Түлкібас ауд. *Машат* сөзі көне түркі. башад «бастау, басқару» (ДТС, 2016, 94) мағынасын беретіні дәлелденген. Қырғ. *бошат-машат* «бастау, бұлағы бар жерді» білдіретінін топонимист-ғалым А.Әбдірахманов та атап көрсетеді. Машат + төбе атауы «буырында бастау, бұлағы бар төбе» деген мағына беретіні шек келтірмейді. Жібек жолындағы көне бекет болған.

МАЯҚҰМ – е.м. Түркістан обл., Отырар ауд. *Мая* сөзі «отаудан үлкен етіп үйілген шөптің» аты және «нар түйенің ұрғашысының» аты екені белгілі (ҚТТС, 7т, 152). Екеуіне ортақ сема – «таудай ірі нәрсе». Топонимжасамда «нар түйедей немесе үйілген шөптей үлкен, ірі табиғи нысанды» атауға бейімдік бар. Мая + құм сөздерінен біріккен топоним «мая-мая болып үйілген құм» деген сема береді.

МЕЗГІЛСОР – тұзды көл, Ақмола облысы, Шортанды ауд. *Мезгіл* сөзі «қайталанып болып тұратын оқиғаның уақыты; кез, мерзім» мағынасын береді. Топонимжасамда «белгілі мерзімде пайда болатын табиғи нысанды, не табиғат құбылысына байланысты қалыптасқан нысанды» атауға араласады. Мезгіл + сор атауы «белгілі бір уақытта пайда болып, ауық-ауық кеуіп қалатын сор (тұзды) көл» деген мәнде тұр.

МЕРКЕ - өзен; е.м. Жамбыл обл. Мерке (Меркі) ойконимін барлық зерттеушілер этнонимнен шығарады, алайда қай этнос екенін ешкім дәл айта алмайды. Біз де бұл пікірді теріске шығармай, соны деректер іздеп көрелік.

Мерке топонимі Ресейдің Таулы Алтай өлкесінде де бар және оны О.Т.Молчанова: «*Мерке* – монғ. берге (меге – 1) трубки; 2) труднодоступный», - деген екі түрлі мағынаға телиді (Молчанова,1979,263).

Монғол тілінде *бэрх* «қиын, ауыр; қиыншылық» сөзі бар екені рас (Базылхан,1987,107). Бұл түркі тіліндегі *берік* сөзімен сәйеседі.

Егер *бэрх* > *беркі* > *Меркі* болып түрленген болса, онда бұл жердің «қиын, берік» болатындай қандай ерекшелігі бар деген сұрақ туады. Әрине, ол – көне қаланың берік қамалы: «тікбұрышты бағытта салынған, іргесі қаланғандағы өлшемі 205 - 380 м. Дуал қабырғалар тұрғызылған, өз заманында мұнаралармен нығайтылған қамал әлі бар» (Жанұзақ,2007,149). Сонымен Меркі «берік қамалы бар қала» мағынасындағы түркі-монғолға ортақ көне сөзден жасалған атау деп жорамалдауға болады. Егер Мерке әуелде өзеннің аты болса, онда Беркі/Берік атты тасты таулардың бастау алатынын көрсетуі мүмкін.

МИБҰЛАҚ – сор. Атырау облысы, Жылыой ауд. *Ми* сөзінің топонимжасамға қатысты мағынасы – «батпақты, балшықты жер» мағынасы. Оның өзі *ми* сөзінің негізгі мағынасынан («адам мен жануарлардың орталық нерв жүйесі») шығатыны байқалады. Топонимжасамға «батпақты, езілген жер» мәніндегі географиялық термин ретінде қатысады. *Ми* + бұлақ гидронимі «мидай езілген батпақты бұлақ» деген мағына береді.

МОЙЫНҚҰМ – құмды алқап. Жамбыл облысы, Түркістан обл. *Мойын* сөзі «басты кеудемен жалғастыратын дене мүшесінің» аты, анатомиялық термин. Топонимжасамда «мойынға ұқсас бір табиғи нысанды екінші табиғи нысанмен жалғастырып жатқан жерді» атайды. Солтүстігінде Шу өзенінің аңғары мен

оңтүстігінде Қаратау, Қырғыз Алатауын жалғастырып жатқан мойын сияқты құмды алқап болғасын, Мойын + құм атанған.

МОЛАБҰЛАҚ – бұлақ, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауд. *Мола* сөзі «өлген адамның сүйегі жерленген жер, бейіт, зират» мәнін береді де, қазақ даласының негізгі белгілерінің біріне жатады: *Ақмола, Қарамола, т.б.* Қазақтар өздерінің арғы тегі сақтар сияқты моланы ерекше құрмет тұтып, «моласы бар жерлердің» атын әдейі таңбалап отырған. Көшпелі өмірдің заңына орай моласы тұрған жердің бәрін өз жерім деп есептеген. Мола + бұлақ гидронимі «бойында немесе бастау тұсында мола салынған бұлақ» деген мағына береді.

МОЛБҰЛАҚ – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. *Мол* сөзі «көп, сан жетпес» (ҚТТС, 7т, 225) мағынасымен жер-су аттарын жасайды да, «табиғи нысанның санауға келмейтін көп екенін» білдіреді. Мол + бұлақ гидронимі «көптеген бұлағы бар елді мекен» деген ұғымда тұр.

МӨРТАС – е.м., Жарма ауд., Абай ауд. *Мөр* сөзі «бетінде ойып жазылған әріптері бар, куәландыру, растау үшін қолданылатын заттың» аты (ҚТТС, 7 т, 239). Топонимжасамда «бетінде көне сурет, таңба салынған табиғи нысандарды» атауы мүмкін. Мөр (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінен біріккен топоним «таңба, белгі, суреті бар тас немесе мөр тәрізді дөңгелек бедерлері бар тас» мағыналарының бірінде тұр.

МҰЗТАУ - шың (4506 м), Катонқарағай ауд., ШҚО. Алтай тауының ең биік шыңы. Мұз (зат есім) + тау (зат есім) түбірлерінен біріккен. Мәні "мұзы бар, мұзды тау" мағынасын береді. Карталарға орысша Белуха деп түсіріліп жүр. Түркілердің атамекені болған таудың тарихи аты Мұзтау (Мұзтағ) еді. Бұдан басқа орыс. Белуха, Катунские столбы, алтай. Қатын бажы (басы), Ақсулы, Ақсүрү, Үшайры деген атаулары бар. Түркі-монғол қасиетті тау деп табынған Мұзтауға қазір де туристер көп барады. Киелі атауға жатады.

МҰҒАЛЖАР - тау. Ақтөбе облысы. География ғылымы табиғи нысанды сипаттап, зерттеп беру арқылы, сөз жоқ, тілші-ғалымдарға тілдің аясынан тыс, бірақ аса қажетті мәліметтер береді. Мәселен, тілші *Мұғалжар* оронимінің мағынасын анықтау үшін, ол тауды барып көруі керек, болмаса географиялық сипаттамасына сүйенуі керек. Топонимика кешенді ғылым болғандықтан, тек тілдік тұрғыдан ғана қарастырып, сыртынан тон пішу ғылыми әдіске жатпайды. Сонымен, *Мұғалжар* тауының географиялық сипаты мынадай: «*Мұғалжар* Орал тауының оңтүстігінде, Қазақстан жеріндегі табиғи жалғасы болып табылады. Мұғалжар тауының Орал тауынан айырмасы – оның шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік болып келеді... Мұғалжар оңтүстікте төбелері тегіс аласа қырқаларға және жеке дара тұрған *Шошқакөл* таулы бұйратына жалғасады. Сарыарқа сияқты Мұғалжар да шөгінді және магмалық жыныстардан түзілген ежелгі таулы өлке (астын сызған – біз)» (Қазақстан географиясы, 63).

Тілдік тұрғыдан келгенде, атаудың бірінші сыңары «*мұқ/моқ>моқал-комалый (тұқыл, мұқыл)*» (Кайдар, 2005, 238) туынды түбірі «мұқалған, мүжілген», «аласа» мағыналарын береді. Ал екінші сыңары кәдімгі *жар* (жарқабақ) сөзі *тау* орографиялық терминін ауыстырып тұр, өйткені таудың шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік (жарлы) болып келеді.

Сонымен, *Мұғалжар* <*Мұқалжар (Моқолжар)* оронимі «аласа, мұқыл, мұқыр жар(тау)» деген ұғым тудырады демекпіз. Атауға уәж болып тұрған екі белгі бар: бірі – оның мүжілген, ескі тау екені, екіншісі – таудан гөрі жарға ұқсауы.

МҰРЫНТАЛ – е.м. Алматы облысы, Талғар ауд. *Мұрын* сөзінің «адам мен жануарлардың иіс сезу мүшесі» мағынасынан басқа, «тау, судың мұрынға ұқсас мүйісі, тұмсығы» мәніндегі географиялық термин екенін көпшілік біле бермейді. Мұрын + тал сөздерінен біріккен атау «таудың немесе судың сүйірлене біткен тұсына өскен тал» деген ұғым тудырады.

МЫҢБҰЛАҚ – көне қала орыны. Жамбыл обл., Жуалы ауд. *Мың* есептік сан есімі «он жүздің қосындысынан тұратыны» (ҚТТС, 7т, 282) белгілі. Ал топонимжасамда, әрине, нақты мың санын емес, «табиғи нысанның мол, аса мол» екенін айғақтап тұрады. Мың + бұлақ сөздерінен біріккен гидроним «аса көп бұлақ, қайнары бар жер» деген мағына беретіні анық.

Мыңбұлақ – тарихи топоним. Қытай сахатшысы Сюань-Цзянның 630 жылдары жазған жолжазбасында Мыңбұлақ өлкесі сипатталған. Араб саяхатшылары бұл жерде 651 салынған Абарджадж атты бекініс-қала болғанын жазады. Осы қала (Мыңбұлақ) Батыс Түрік қағанатының астанасы болған деген дерек те бар. Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда орыны болғаны анық.

МАҒЫ ҚОРҒАН – топоним, көне түркі ескерткішінен. Топоним нақты анықталмаған атаулар қатарына жатады. Оның негізгі аты Амға қорған болған (Махпиров, 1997). Амға/Амғы моңғол. ам «ауыз», тұңғыс-мәнжүр. амнга «ауыз» сөзінен жасалып, «өзеннің не таудың басталар тұсы, аузы» деген мағына береді (Мурзаев, 1984, 49). Қорған сондай жерде орналасқан болуға тиіс.

МАЙЕМЕР - е.м., Катонқарағай ауд. Май (зат есім) + емер (келер шак есімше) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. "Жері отты, малы семіз келіп, халқы үнемі тоқ болады" деген мағынада қойылған. Ел аузындағы аңызға қарағанда Қаратай елінің биі Мая осы жерді алғаш көргенде былай депті: "Аш-арығың тойынатын жер екен, өңшең семіз сойылатын жер екен, бірақ күнде шыр қонатын жер екен, көздеріне нұр қонатын жер екен. Өріс күнде құлпыратын жер екен, жұмбағы мол сыр тұнатын жер екен. Адамдары май еметін жер екен, мен осы жерге Майемер деген атты лайық көріп тұрмын" (Б.Кітапбаев «Найман» шежіресінен). Бұл жерде де Берел, Шіліктідегі секілді ежелгі сақ қорымдары бар болғандықтан, киелі (сакральды) жерлер тізіміне енгізу керек.

МАЙҚАПШАҒАЙ - е.м., кеден, Зайсан ауд. Май (сын есім) + қапшағай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мұндағы қапшағай монғол. хавцгай "қапсағай, тік жартас" деген сөздің өзгерген түрі. Ал май сыңары көбінесе жермай (мұнай) бар жерлерге қойылады. Демек, Майқапшағай «жермайы бар жартасты жер» деген мән береді. Май сөзі одан басқа "май топырақты, шөбі шүйгін жер", "май терек өсетін жер", "тастың майы алынатын жер" деген мағыналар беріп, топонимдер жасауға қатысуы мүмкін.

МАҚАНШЫ - е.м., Үржар ауд. Этнотопоним. Бақаншы деген сөзден шығады, өйткені көне түркі, қазіргі түркі тілдерінің көбінде м/б дыбыс алмасыу бар: мен/бен, мың/бың т.б.

МАМЫРСУ – өзен, Аягөз ауд. Мамыр (зат есім) + су (зат есім) сөздерінен біріккен. «Мамыр айында ғана суы таситын (толатын) өзен» немесе «үйректің балапаны (мамыр) көп жүзетін су» деген мағыналардың бірінде тұр.

МАНАҚ - е.м. Үржар ауд. Мақаншы ауылының маңында. Антропоним немесе моңғол. мана-х «қарауылдау, күзету» сөзінен шығады [3;297].

МАНАС – тау (1710 м), Тарбағатай ауд. Антропоним.

МАҢҚАН - тау, ескі шахта, Күршім ауд. Атау моңғол. манх (ан) «құм төбе, бархан» деген сөзінен жасалған [3;298]. Кейде құмы жоқ төбелерге қаратып та айтылған сияқты. Манх (ан)>Маңқан тура мағынасында "төбе, төбелер" болып шығады.

МАҢЫРАҚ – тау (1934 м), е.м., Тарбағатай ауд. Маңыра (қой малына қатысты етістік сөз) + қ (сын есім тудырушы жұрнақ). Бұл сөздің екінші мағынасы - маңырауық сөзі. Ғалым Е.Қойшыбаев бұл атауды былайша тұжырымдайды: "Маңырақ - тау қырының аты. Сауыр тауының батыс жалғасы. Қазақша "маңырақ" формасы – көне түрікше йаңрақ сөзінің фонетикалық жағынан ауытқыған түрі, яғни, "тау қойнауы, қолтық мәніндегі атау" [8;42]. Біздің ойымызша Бұқар жыраудың:

«Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ,

Арасы толған көп қалмақ...» - деген толғауында айтып тұрғандай, қой малына байланысты туған атау болып табылады. Бұл манда Қозы Маңырақ және Қой Маңырақ деген екі тау бар екені де рас. Ол таулардың көлеміне қарай солай атаған. Сондықтан, Маңырақ оронимі «қой малына қолайлы, мол өсетін таулар» мағынасын беретіні анық деп ойлаймыз.

МАРАЛ КӨЛІ – көл, Катонқарағай ауд. Марал (зат есім) + дың (нөлдік формадағы ілік септік жалғауы) + көл (зат есім) + і (тәуелдік жалғауы) формалары арқылы жасалған, изафеттік қатынаста тұрған атау. Мағынасы "Маралы көп, маралдар мекені болған көл" дегенді білдіреді.

МАРҚАКӨЛ – көл, ұзындығы 38 км., ені 19 км., аумағы 455 км². Теңіз деңгейінен 1449,3 м биіктікте. Халық аузындағы бір аңыз көл орнындағы бір аңғарға қап-қара марқа қозы түсіп кетіп, соны шығарып алғаннан кейін, орнында аяқ астынан үлкен көл пайда болыпты деседі. Сондай-ақ көл атының осылай аталуын жалайыр тайпасының марқа руымен байланыстыру да бар. Бұның бәрі шындыққа жанаспайтын жорамалдар. Ғылыми этимология бойынша Алтай тауында қар суынан жиналатын көптеген көлдердің «үлкені, марқасы» деген мағына береді. Салыстырыңыз: марқа қозы. Марқакөл - «үлкен көл» деген атау екені дау туғызбаса керек.

МҰЗТАУ - шың (4506 м), Катонқарағай ауд. Алтай тауының ең биік шыңы. Мұз (зат есім) + тау (зат есім) түбірлерінен біріккен. Мәні "мұзы бар, мұзды тау" мағынасын береді. Карталарға орысша Белуха деп түсіріліп жүр. Түркілердің атамекені болған таудың тарихи аты Мұзтау (Мұзтағ) еді. Бұдан басқа орыс. Белуха, Катунские столбы, алтай. Қатын бажы (басы), Ақсулы, Ақсүрү, Үшайры деген атаулары бар. Түркі-монғол қасиетті тау деп табынған Мұзтауға қазір де туристер көп барады. Киелі атауға жатады.

МЫҢБҰЛАҚ – бұлақтар, Жамбыл обл. Мың (сан есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінен біріккен. «Көптеген ұсақ бұлақтардан

су жинайтын өзен» деген мән береді. Қытай саяхатшысы (кейбір еңбектерде барлаушысы) Чжан Цянның жүрген жолы *Цянь-цюань* деген қайнар, бұлағы мол жерді басып өтіп, *Че-Ши* қаласына барады. Қытайтанушы-ғалымдар (Н.Я. Бичурин, А.Г. Малявкин т.б.) *Цянь-Цюань* топонимін бірауыздан *Мыңбұлақ* деп табады. Ендеше қазіргі Түркістан маңындағы Мыңбұлақ көне атаулар қатарына жатады. Ал *Че-Ши* – Шаш, яғни қазіргі Ташкент қаласы екені анықталған.

МЫҢҚҰДЫҚ – қыстау, Үржар ауд. Мың (сан есім) + құдық (зат есім) сөздерінен бірігіп тұр. Мағынасы: «Өте көп құдық». Ертедегі кен қазған орын болуы да мүмкін.

МЫҢШҰҢҚЫР – е.м., Ұлан ауд. Мың (сан есім) + шұңқыр (зат есім) сөздерінен бірігіп тұр. Мағынасы: «Ертеде кен өндіргендіктен, көптеген шұңқыр пайда болған жер».

МЫРЗАКЕНТ – кент, ОҚО, Мақтаарал ауд. *Мырза* сөзінің бір-бірімен сабақтас екі мағынасы бар: «бай, әкім, төре адамды мадақтап атау, лауазым» және «қолы ашық, береген адам» мағыналары. Топонимжасамға *мырза* зат есімі осы екі мәнмен де қатыса алады. Біріншіден, «әкім, төре отырған, мекендеген жер, меншігі болуы да мүмкін.» Екіншіден, «шөбі, суы мол, береген, тозбайтын жер, балығы көп су т.б.» атаулар жасауға қабілетті. Қала 1910 жылдары Мырзашөл өңірінде салынғандықтан, Мырза + кент атанғаны көрініп тұр. Мұндағы мырза сөздері «бай, береген, өнімді шөл және қала» деген мәнде қолданылып тұрғаны да анық.

- Н -

НАЙЗАШОҚЫ – тау, Алматы облысы, Панфилов ауд. *Найза* сөзі «ұшы үшкір темірден істелген ұзын ағаш сапты соғыс құралының» аты. Топонимжасамда «найзадай тік шаншылған тау-тасқа, найза бойы тереңдігі бар суларға» атау болуға жарайды. Найза + шоқы сөздерінен біріккен ороним «найзадай шаншылған тік шоқы (төбе, шың)» деген мағына береді.

НАЙМАН КҮРЕ – тау, Абай ауд., Абай обл. Қазіргі Шыңғыстаудың көне аты. *Найман* сөзі – этноним. «Орта жүздің ірі руларының бірінің аты». Түбі моңғ. *найм* «сегіз» + санскрит. *ман/мен* «адам, ел» сөздерінің бірігуінен шығады: «сегіз тайпалы ел (сегіз оғыз)». Топонимжасамда «найман руының мекені, көш жолы т.б.» болған жерлердің атын жасауға қатысады. Мұндағы күре моңғол тілінедегі хүрээ «айнала, аумақ, жұрт, қоршау, қорған» сөзі [3;645]. Найман күре «Найман жұрты, аумағы» дегенді білдіреді.

НАМАЗШАҒЫЛ – төбе. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауд. *Намаз* – «мұсылмандардың аллаға бағыштап күніне бес рет оқитын дұғасы» мәніндегі араб тілінен енген сөз. Топонимжасамда «елді мекеннің құбыла жағында орналасқан табиғи нысанды» атауы мүмкін, өйткені намаз тек құбылаға қарап оқылады. Намаз + шағыл атауы «ауылдың құбыла (оңтүстік-батыс) жағында орналасқан құмды төбе (шағыл)» деген мағына бермесе, басқадай мәнге келмейді.

НАРҚЫЗЫЛ – төбе, Жамбыл облысы, Шу ауд. *Нар* сөзі – зооним. «Жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйенің» аты (ҚТТС, 7 т, 320). Топонимжасамда «нар түйелер мекенін де, нар түйеге ұқсас ірі табиғи нысанды да» атауы мүмкін. Нар + қызыл топонимі «нардай үлкен қызыл түсті (бәлкім қызыл құмды) төбе» деген мәнде тұр.

НАРЫН - өзен, тау жотасы (2090 м), Катонқарағай ауд., өзен, Тарбағатай ауд. Барлық зерттеушілер Қазақстанда жиі кездесетін Нарын, Нарынқол, Нарын құмы секілді топонимдер моңғол. нарийн «жіңішке», «жұқа», «талдырмаш» сөзінен жасалғанын мойындайды [3;329]. Мұндай атау берілген нысандардың жіңішке, тар болып келетіні байқалады. Ауызекі тілде Нарым тұлғасында да қолданылады. М.: Большенарым (Үлкен Нарын). Катонқарағай ауданындағы Нарын өзені «жіңішке, ені тар өзен» деген мағынаға сәйкес келеді. Ал тау

жотасын Нарын деп атау ресми картада ғана таңбаланғаны болмаса, ел ол тауды Алтай деп айта береді.

НАУАТОҒАН – е.м. Алматы облысы, Көксу ауд. *Науа* сөзі «малдың су ішіп, жем жеуіне арналған үлкен, ұзын астаудың» аты (ҚТТС, 7т, 326). Топонимжасамда көбінесе «науаға ұқсас сай, аңғар, жыралардың» атына қатысып отырады. Науа + тоған топонимі «науа сияқты сайға орнатылған тоған немесе су ағар науасы бар тоған» деген мәндердің бірінде тұр.

НАУЕТЕК – көл, Ақмола облысы, Қорғалжын ауд. *Нау* сөзі *ну* «қалың (орман, тоғай, қамыс)» сөзінің ауызекі тілдегі нұсқасы. Жер-су атын жасауға осы мәнде қатысады. Нау + етек атауы «етек-жеңін (маңайын) қалың қамыс басқан көл» деген ұғым береді.

НИЗАМАБАТ – е.м. Түркістан обл., Сайрам ауд. *Низам* сөзі «заң, ереже, қағида, тәртіп» мағыналы арабизм болып табылады. (ҚТТС, 7т, 349). Топонимжасамда «заң шығарушы орталық; қала» мәнінде қолданыла алады. Низам + абад ойконимі «әкімшілік орналасқан қала» деген мән беруге қабілетті. Мұндағы абат парсы. абад «гүлденген қала» деген географиялық термин болып табылады.

НОҒАЙТЫ – өзен, Атырау обл., Қызылқоға ауд. *Ноғай* сөзі – этноним. «Қазаққа ең жақын түркі тектес халықтың» аты (Ноғайлы хандығында бірге болған). Топонимжасамда «ноғай этносының шоғырланып тұрған жерін, мекенін» білдіретін топонимдер құрамына енеді. Ноғай (этноним) + ты (көне туынды сын есім жұрнағы) туынды гидронимі, тура мағынасында, «ноғайлы» деген мағына бермек. Бұл өзеннің аты Ноғайлы хандығын меңзеп тұрғандай.

НҰРА – е.м., Көкпекті ауд., Абай обл. Нұра моңғол. нураа «құлама, опырылған (жар)» сөзінен жасалып тұр. Арқадағы Нұра өзенінің аты да осы сөзден шығады. «Жарлы, жыралы жер» деген мағына тудырады.

ОБАЛЫ - асу, Катонқарағай ауд., өзен, Зайсан ауд. Оба (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Моңғол тілінде овоо, түркі тілінде оба "үйме", "үйінді", "тастан жиылған мола" мағыналарын береді. Мұнда "обасы бар немесе обасы мол" дегенді бідіріп тұр. Бірақ оба атаулының бәрін мола деуге болмайды. Мұсылман дінінен бұрынғы түркілер де, моңғолдар да асудан, өткелден өткен сайын тас тастап отыратын болған. Ол тастар үйіле келе оба құраған. Бұл ата-бабамыздың жер-суға табынуынан туындаған рәсім болатын.

ОБҚАРА – бұлақ. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауд. *Об* (<*он*) зат есімі «терең құз, ор» (ҚТТС, 7т, 437) мағынасын беріп, географиялық термин категориясына өтеді. Осы мағынада жер-су атын жасауға қатысады. Сібірдегі Обь өзенінің атында осы *он* сөзі жатқаны күмәнсіз. Об + қара гидронимі «жағасы жарлы қарасудан (жерасты суынан) тұратын бұлақ» деген мін береді.

ОЙЖАЙЛАУ – жота. Алматы обл. Панфилов ауд. Омонимдес *ой* сөзінің топонимжасамға тікелей қатысы бары – «ойпаң, ойыс, төмен жер» мағынасы (ҚТТС, 7т, 383). *Ой* сөзі осы мәнде географиялық терминге өтеді де, топонимдер құрамына енеді. Ой + жайлау топонимі «ойпаң, ойдағы жайлау» деген ұғым береді. Ой географиялық терминінің антонимі жон «үстіңгі, жоғарғы» сөзі екені белгілі.

ОЙМАҚКӨЛ – көл, Ақм. обл. Ерейментау ауд). *Оймақ* зат есімі «іс тіккенде қолға ине кірмес үшін саусақтың басына киетін жезден, темірден, былғарыдан жасалған құралдың» аты (ҚТТС, 7т, 388). Топонимжасамда «оймақтай шағын, дөңгелене біткен табиғи нысандарды» атауға қатысады. Оймақ + көл сөздерінен біріккен гидроним «оймақтай ғана дөңгелене біткен көл» деген мән беретіні анық.

ОЙНАҚСОР – көл орыны, Ақмола облысы, Ерейментау ауд). *Ойнақ* сөзі «асыр салып ойнайтын жер» мағынасын

бергенмен, топонимжасамда «мал не аңның көп жиналып, ойнақтайтын жері» мәнінде атауға араласады. М: *Құр ойнақ, қасқыр ойнақ, бұғы ойнақ т.б.*). Ойнақ + сор атауы «әлдебір аңдар ойнақ салатын тұзды жер» дегенге саяды.

ОЛЖАКӨЛ – Қост.обл. Амангелді ауд. *Олжа* сөзі «ойламаған, күтпеген жерде пайда болған кіріс» мағынасын береді (КТТС, 7т, 416). Топонимжасамда «адамдар арасында жер таласы кезінде тегінен-тегін түсіп қалған табиғи нысандар; жаудан қайтарып алған, тартып алған қоныс мекендер» аталуы ықтимал. Олжа + көл гидронимі «жаудан немесе руаралық таластан олжаға түскен көл» деген мағына береді. Кейде әлдебір судың бөгелуінен, арнасын ауыстырудан кенет пайда болған көлді де Олжакөл атауы мүмкін.

ОНБЕСҚҰЛАШ – құдық. Түркістан обл., Созақ ауд. *Он дара сан* есімі тағы бір дара сан есіммен тіркесіп барып, күрделі сан есімге айналатыны белгілі. Егер табиғи нысанның мөлшері күрделі санға келіп тұрса, онда кез келген күрделі сан атау құрамына ене алады. Он + бес + құлаш сөздерінен біріккен гидроним «онбес құлаш тереңдіктен су шыққан құдық» мағынасындағы атау деген сөз. Ертеде құдық қазушы шеберлер құдық тереңдігін құлаштаған арқанмен өлшегені белгілі.

ОҢТҮСТІК АЛТАЙ – тау жотасы (3871 м), Катонқарағай, Күршім ауд. Қазақтар Өр Алтай деп атайтын тау жотасын, алғашқы саяхатшылар, ресми карта жасаушылар Оңтүстік Алтай деп белгілеген. Оңтүстік Алтай мынадай тау жоталарынан тұрады: Нарын, Сарымсақты, Тарбағатай, Алатай, Бақанас және Күршім (Сарытау).

ОРАЛ – тау, қала. БҚО. *Орал* оронимі туралы көптеген көзқарастардың ішінен екеуін екшеп атауға болады: 1) Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов келтірген *Орал* қаз. «белдік тәрізді орап, оралып жатқан тау» мағынасы. Таудың оңтүстіктен солтүстікке қарай белбеу (белдік) секілді созылып жатуы бұл пікірді нығайта түседі. 2) Белгілі топономист-ғалым

А.К.Матвеевтің «таудың әуел бастағы аты – *Арал*, оны башқұрттар өзгертіп, өз тіліне бейімдеп айтады» деген тұжырымы [25;156]. Бұл тұжырымның Қазақстандағы Арал теңізіне қатысы жоқ, Орал тауы Шығыс Европа жазығы мен Батыс Сібір жазығын бөліп жатқан, басқа тау жүйелеріне жалғаспайтын, арал тәрізді жеке тау болған соң, түркілер *Аралтау* атап кетуі мүмкін (арал сөзі тек суға қатысты айтылмайтыны мәлім. М.: Аралтоғай). Аралтауды башқұрттар *Оралтау/Оралтав* түрінде бұрмалап атайды. Осы, соңғы пікір, шындыққа жанасады.

ОРБҰЛАҚ – шатқал, Жоңғар Алатауы, Жетісу обл. *Ор* сөзінің бір мағынасы «табиғат әсерінен болған немесе әдейі қазылған шұқыр жер» мағынасы болып келеді. Көбінесе осы мәнде жер-су аттарын жасайды. Кейде *ор* «қызғылтым, қоңыр түс» (ор ешкі) және *ор* «жетілген ірі, үлкен» (ор қоян) мәніндегі сын есімдері де атау жасауға қатысуы мүмкін. *Ор* + бұлақ топонимі «арнасын орып, жыра жасап ағатын бұлақ» деген мағына береді. Орбұлақ – тарихи топоним. Осы Орбұлақ шатқалында 1643 жылы Салқам Жәңгір хан бастаған 600 қазақ сарбазы Батұр Қонтайжы бастаған 50000 жоңғар әскеріне төтеп беріп, Жалаңтөс Баһадүр бастаған 20000 сарбаз көмекке келгесін жеңіске жеткен.

ОРДА - тау (1065 м), Абай ауд. Түркі-моңғол тілдерінде орда сөзі «орталық», «сарай», «астана» мағыналарын береді. Табиғи атау ретінде қарасақ, Орда «шоғырланған, топтанған таулар» деген сөз. Осы маңда Шыңғыстау, Хан тауы, Орда атауларының қатар кездесуі бұл жерде Шыңғысханның қалың қолы аялдағанын бідіреді. Сол кезден қалған атау болуы мүмкін. Яғни, «Шыңғысханның ордасы тігілген жер» деген мағынада. Ал жергілікті тұрғындар арғынның Тобықтысы мен Найманның Матай рулары үнемі болып тұратын жер, жесір дауын доғару үшін осы тауда кеңес құрып, бітімге келген дейді. Сол кезде «ортадағы тау, бірліктің ордасы» деп атап кетіпті дегенді айтады. Біздің ойымызша бірінші пікір шындыққа жанасымды. Өйткені, Шыңғыстау, Хан тауы, Орда үшеуінің бір аумақта тұруы

кездейсоқ емес. Оның үстіне Шыңғысхан қолы Орта Азияға жорық жасардың алдында осы маңда аялдағаны тарихтан мәлім.

ОРДАБАСЫ – е.м. Түркістан обл., Ордабасы ауд. *Орда* сөзінің негізгі мағынасы «көшпелі елдің әкімшілік орталығы, хан отырған сарай, астана» болып келеді. Топонимжасамда «көп табиғи нысанның үлкені, негізгісі; кезінде хан ордасы орналасқан жер» мәніндегі атаулар жасайды. Бұл өңірде жоңғармен соғыс кезінен қалған Үлкен Ордаған (Үлкен Орда қонған), Кіші Ордаған (Кіші Орда қонған) деген жер-су аттары бар. Ордабасы «сол ордалардың бастысы, мүмкін хан ордасы» деген мағынада қойылған атау болып табылады.

ОРМАНСАЙ – өзен. Жетісу обл., Ақсу ауд. *Орман* сөзі «әр түрлі ағаштардың табиғи өскен шоғыры» мағынасымен жер бедерінің негізгі белгілерінің біріне жатады. Осы мәнде географиялық терминге өтіп, топонимдер құрамына енеді. Орман + сай атауы «ағаш тоғайы өскен сай» деген мәнде тұр.

ОРТАҒҰРТ – қыстау. Қарағанды обл., Осакаров ауд. Мұндағы *Ортағұрт* күрделі атауының құрамындағы *ғұрт* < құрт Қазығұрт атауында кездесетін, әлі этимологиясы белгісіз оронимдік, әлде фитонимдік термин. Ол *құрт/құртқа* «қасқыр» мәнінен басқа да мәнде қолданылатын сияқты, өйткені Қазығұрт – өсімдіктің аты (фитоним). Басқұрт/Башқұрт – этноним. Ортақұрт/Ортағұрт та этнотопоним болуы мүмкін, өйткені басқұрт болғанда ортағұрт «ортаңғы қасқыр» да болуы заңды құбылыс. Лексикамызда *орта* сөзінің екі омонимі бар делініп жүр:

1) Орта «белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес» сын есімі;

2) Орта «адамның туып-өскен, жұмыс істеген жері, қоршаған қауым» зат есімі [147;157].

Омонимдес мағыналардың біріншісі ғана топонимжасамға қатыса алады (Ортакөл, Ортақұдық т.б.). Алайда осы, бірінші мағынаға да жатпайтын, топонимжасамда белсенді тағы бір *орта*

сөзі бар (Ортажартас, Ортатөбе, Орта Теректі т.б.). Бұл қай орта? Зерттеу барысында соңғы *орта* сыңары *ортаңғы* сын есімінің топонимде қолданылу барысында ықшамдалған түрі болып шықты. Мысалы, Ортажартас < Ортаңғыжартас, Ортатөбе < Ортаңғытөбе, Орта Теректі < Ортаңғы Теректі.

ОРХОН – өзен, көне түркі ескерткішінен. Көне мәтіндер бойынша Орқұн. Зерттеушілердің көбі (Бертагаев, Поспелов т.б.) ор+хун «кіретін (қосылатын)» деген мағына береді дейді (Поспелов, 2007, 379). Олар Орхон өзенінің Селеңгі өзеніне қосылуын атауға уәж етіп алады. Біздің ойымызша, Орқұн гидронимінің түбірінде көне түркі. ор «ору, қазу, жыру» сөзі жатыр (Мурзаев, 1984, 415). Ор + ғұн/ғын/құн/қын (зат есім жасайтын жұрнақ: қаш+қын, тұт+қын) (ДТС, 1969, 653) арқылы жасалып, «орылған жер, арна, жыра» мағынасын береді. Салыстырыңыз: Түркімен. орун «өзен арнасы», чуваш. вар «өзен» (Мурзаев, 1984, 415-416). Қазақ. Ор «өзен аты».

ОРДА – е. м. БҚО, Бөкей Орда ауд. ҚТТС-та *орда* сөзіне «орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай» деген біршама толық мәлімет беріледі (7т, 459). Түркі, моңғол тілдерінде бірдей мәнде қолданылатын *орда* сөзінің негізінде «орта», «орталық», «астана» мағынасы жатса керек.

Орда термині арқылы *Қызылорда*, *Ордабасы* сияқты ойконимдер жасалған.

Келешекте *Алтынорда*, *Ақорда*, *Елорда* (Баласағұнның бір аты) тарихи атауларының үлгісімен көптеген ойконимдер тудыруға болады. Мәселен, лайықты атау табылмай отырған Павлодар қаласына *Қимақорда* [Қыймақорда] атауын беруге болады, себебі ортағасырлық Қимақ қағанатының астанасы дәл осы қала тұрған маңда болған [55; 26]. Ол *Қызылорда*, *Шолақорда* тәрізді ойконимдер типіне енер еді.

ОТЖАР – тау. Абай обл, Аягөз ауд. *От* сөзінің топонимжасамға тікелей қатысы бары – «малға азық боларлық

шөп» мағынасы (ҚТТС 7т, 484). Топонимжасамда «шөпті, оты бар жерді» атауға араласады. От + жар топонимі «малға жайлы шөбі бар жарлы тау» деген ұғым тудырады.

ОТАР – е.м., бекет. Жамбыл обл. *Отар* сөзі қазіргі кезде «бөлек бағылатын бір қора қой» мағынасында шектелгенімен, бұрынғы кезде «мал жайылымы», «өріс», қыстақ», «ауыл» мәндерінде қолданылған. Негізгі сема «ауылдан бөлек, алыста орналасқан малшылар мекені» болса, бір үлкен елге бағынышты, бірақ бөлек тұратын екінші елді *отар* деп атау осы негізгі семадан туған. Этимолог-ғалымдар отар сөзінің түбірі *от* «шөп» сөзінен шыққан дейді, дегенмен түрк. *отаг/отак* «тұрақ», «киіз үй»; әзірб.*отлог* «өріс», «жайылым», *отан* «туған жер, атамекен» мағыналарына кеңейіп тараған тәрізді.

ОТЫРАР – е.м. Түркістан обл., Отырар ауд. Есімшенің келер шақ түрі (А.Ысқақов), болжалды келер шақ түрі («Қазақ грамматикасы») деп аталып жүрген *-ар (-ер, -р, -с)* жұрнақтары қандай сөзге жалғанса да, «семантикасы жағынан үнемі келер шақ мағынасын білдіреді» [90;314]. Есімшенің бұл түрі есімдерше түрленеді, бірақ көптік жалғауын ғана қабыдамайды. Сондықтан болжалды келер шақ есімшелер конверсияланып, зат есімдерге айнала алады: *ат байлар, шаш сипар, алтыатар т.б.* [3;533].

Дәл осы субстантивтену қасиеті келер шақ есімшенің жалқы есімдер жасауға қатысуына жол ашады. Топонимжасамда *-ар, -ер, -р, -с* форманты «табиғи нысанның келер шақтағы міндетін айқындап қана қоймайды, ондағы үнемі болып тұратын тұрақты бір процесті» де атап көрсетеді. Мысалы, *Отырар, Құсқонар, Майемер т.б.*

Отыр + ар тұлғаларынан жасалған туынды ойконим «болашақта да ел отырар, қоныстанар» деген мағына беретіні анық. Отырар 5-15 ғасырларда Ұлы Жібек жолында ірі сауда және мәдени орталық ретінде қызмет еткен көне қалаға жатады. Көне атаулары Тарбанд, Тұрарбанд, Фараб болған. Осы қалада атақты философ Әбу Нәсір әл-Фараби туып, ержеткен.

ОРАЛ – тау, е.м.(қала). БҚО. *Орал* оронимі туралы көптеген көзқарастардың ішінен екеуін екшеп атауға болады: 1) Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов келтірген *Орал* қаз. «белдік тәрізді орап, оралып жатқан тау» мағынасы. Таудың оңтүстіктен солтүстікке қарай белбеу (белдік) секілді созылып жатуы бұл пікірге негіз болған. Орыстың ауызекі тіліндегі Каменный пояс деген атауына сүйенеді. 2) Белгілі топонимист-ғалым А.К.Матвеевтің «таудың әуел бастағы аты – *Арал*, оны башқұрттар өзгертіп, өз тіліне бейімдеп айтады» деген тұжырымы [2;156]. Бұл тұжырымның Қазақстандағы Арал теңізіне қатысы жоқ, Орал тауы басқа тау жүйелеріне жалғаспайтын, Шығыс Европа жазығы мен Батыс Сібір жазығын бөліп жатқан, арал тәрізді жеке тау болған соң, түркілер *Аралтау* атап кетуі мүмкін (арал сөзі тек суға қатысты айтылмайтыны мәлім. М.: Аралтоғай). Аралтауды башқұрттар *Оралтау/Оралтав* түрінде бұрмалап атайды, өйткені башқұрт тілінде *а* дыбысын *о* түрінде айту құбылысы бар. Осы, соңғы пікір, шындыққа жанасады.

ОШАҚҚҰДЫҚ – құдық. Қызылорда обл., Арал ауд. *Ошақ* сөзінің негізгі мағынасы «үстіне қазан асылатын үш аяқты шеңбер темір, ұштаған» болса, ауыспалы мәнде «адамның үйін, жанұясын, атамекенін» білдіреді. Топонимжасамда «ошаққа ұқсас табиғи нысанды атауы мүмкін немесе от жаққан жер, жұрт» мәнінде атаулар жасайды. Ошақ + құдық гидронимі «жанында қыстау-қонысы бар құдық немесе ұштаған етіп қазылған құдық» деген мәндердің бірінде тұр.

- Ө -

ӨГІЗБАЛЫҚ – е.м. Қост. обл., Ұзынкөл ауд. *Өгіз* сөзі «күш көлігі ретінде пайдаланылатын сиыр малының піштірілген еркегінің» аты, зооним. Топонимжасамда «өгіз секілді дөңкиген табиғи нысанды айтады, не өгізге байланысты бір оқиғаны сипаттайды». Кейде көне түркі. *үгүз* «өзен» сөзінің жер-су атында

сақталып қалуы да ықтимал. Өгіз + балық атауының екі сыңары да көне түркі тілінен жасалған: өгіз < үгүз «өзен» + балық «қала» (ДТС,2016). Үгүзбалық/Өгізбалық «өзен бойындағы қала» деген ұғым береді. Көне қала болуы мүмкін.

ӨГҮРЕШ ЕЛІ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Атаудың бірінші сыңары Өгүреш/Өгіреш этнотопоним немесе антропоним болады, өйткені көне түркі. өгүр/өгір «қуану, қуан» сөзі (ДТС,1969,379) + еш (зат есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып тұр. Сонда, Өгүреш Елі «қуаныш (тың) елі» мағынасын береді. Мұндағы Қуаныш не антропоним, не этноним екені даусыз.

ӨЗБЕКҚОРҒАН – қоныс. Алм. обл., Балқаш ауд. *Өзбек* сөзі – этноним. «Өзбекстанның жергілікті халқының» аты. Қазақстанның оңтүстігімен шектесетіндіктен, әрі ағайын түркі тектес ел болған соң, жер-су аттарында *өзбек* этнотопонимінің сақталып қалуы – заңды құбылыс. Өзбек + қорған ойконимі «өзбектер салған қорған немесе өзбектерге тән балшықтан тұрғызылатын дуал» мәндерінің бірінде тұр.

ӨЗЕКШЫМ – қоныс. СҚО., Айыртау ауд. *Өзек* сөзі «жауын, қар суынан пайда болған кішірек сай; жыра» мағынасын беретін географиялық термин болып табылады. Сол мәнде және «өзен» мағынасында жер-су аттарын жасауға қатысады. Өзек + шым топонимі «шымды өзек (жылға)» деген мағына береді. Ертеректе шым топырақты қора, үйдің төбесін жабуға пайдаланғаны белгілі (Шымкент, Шымқора атаулары содан шыққан).

ӨЛЕҢҚҰДЫҚ – жайлау. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Өлең* сөзі «ылғалды жерде бітік болып өсетін, көп жылдық майда шөптің» аты (ҚТТС, 7т, 537). Топонимжасамда «өлең шөп өсетін жерлердің» атын жасауға қатысады. Өлең + құдық гидронимі «сазды, өлең шөпті жердегі құдық» деген мағына береді. Сазды жердің құдығы терең болмайтындықтан, «саяз, терең емес құдық» деген мән беруі де мүмкін.

ӨЛЕҢГІ – өзен. Павлодар обл., Екібастұз қ.э. Өлең + ті туынды топонимі, тура мағынасында, «өлеңді, жағасында өлең

шөбі (осака) мол өсетін өзен» деген мағына береді. Өлеңті атауында тұрған «ті» көне жұрнағы ол гидронимнің көнелігін білдіреді.

ӨР АЛТАЙ - тау жотасы, аймақ, Катонқарағай, бұрынғы Марқакөл ауд. Алтай тауы батыстан шығысқа қарай, яғни ең биік нүктесі Мұзтауға (4506 м) қарай биіктей береді. Алтайдың осы аймағын қазақтар Өр Алтай деп атаса, орысша Южный Алтай (Оңтүстік Алтай) деп атаған. Картада Оңтүстік Алтай деп Катонқарағай мен Марқакөлдің арасындағы тау жотасын белгілеп жүр. Қазақ тілінде ол таулар Тарбағатай, Алатай жайлаулары делінеді. Өр Алтай атауы «өрдегі, жоғарыдағы немесе биік Алтай» мағынасын беретіні белгілі.

Өр Алтай мен Кенді Алтайдың (Батыс Алтайдың) арасын Ертіс өзені бөліп жатыр. Ал Алтайдың солтүстігі Орыс Алтайы, оңтүстікке қарай кететін тармағы Монғол Алтайы деп ресми аталады. Түгелімен түркілердің төл мекені болған Алтай тарихтың тәлкегімен осылайша бөліске түсіп, жырымдалып кетті. Өр Алтай мен Кенді Алтайды (Батыс Алтайды) жалпы Қазақ Алтайы деп атауды алғаш қолданған топонимист-ғалым Б.Н.Бияров.

Ал Төр Алтай деген атау жекелеген жазушы, ақындар ғана қолданатын поэтикалық топонимге жатады.

ӨРЕБАС – қоныс. Павл. обл., Май ауд. *Өре* зат есімі «кұрт, ірімшік кептіру үшін ағаштан жасалған биік сәкінің» аты (ҚТТС, 7т, 565). Топонимжасамда «өреге, сәкіге ұқсас биіктеу жерлердің» атын жасауға қатысады. Өре + бас топонимі «үсті өреге ұқсас тегіс келген төбе» деген ұғым береді.

ӨРЕЛ – е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. Өрел – «өрдегі ел» түрінде халықтық этимология бойынша картаға түскен атау. Жергілікті тұрғындар *Үріл* тұлғасын қолданады. Бұл монғ. *уруул* «ерін» сөзінен жасалған топоним. Елді мекен дәл екі ерін арасы тәрізді сайда орналасқан. Монғ. *уруул* «ерін» қаз. *үрлеу* (ерін арқылы) етістігінен алыс тұрған жоқ.

Топонимжасам барысында Өрел секілді қате жазылып жүрген атаулар түзетіліп отыруға тиіс.

ӨРМЕКСАЙ – қыстау. БҚО, Казталов ауд. *Өрмек* сөзі «алаша тоқу үшін екі қазыққа керіп байлаған иірілген жіптер шумағы» мағынасын білдіреді. Топонимжасамда «өрмекке ұқсас жіңішке, ұзын табиғи нысандарды, не өрмек құруға ыңғайлы жерді» атауы мүмкін. Өрмек + сай сөздерінен біріккен атау «бас-аяғы жіңішке, ортасы жалпақ келген өрмекке ұқсас сай» деген ұғым беретіні ақиқат.

ӨРПЕН – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Топонимнің түбірі көне түркі. өр «тік, өр (жер)» + пен (зат есім жасайтын жұрнақ: сүйіс+пен+шілік (Ибатов,1988,132)) тұлғалары арқылы жасалып, Өрпен «өрлеу, тіктеу (жер)» мағынасын береді: көне түркі. өрлем «өр, өрлеу жер» (ДТС,1969,389), қазақ. (диалект). өрең «өрлеуіт, өрсымақ» (Қайыржан,2013,322) сөздерімен мәндес.

ӨРТЕНШОҚЫ - шоқы, Катонқарағай ауд. Өртен (зат есім) + шоқы (зат есім) сөздерінен жасалған. Мұндағы бірінші сыңары өртен моңғол. өртөө (н) «бекет, қарауыл, пост» деген сөзінен шығады. Өртеншоқы тура мағынасында «қарауыл шоқы» болады. Ал қазақ тіліндегі өртең сөзінен де жер-су аттары жасалады. Ол өртелген жердің орнына өскен ағаш, шөбі бар жерлерге қойылады.

ӨРТЕҢТАУ – тау (657 м), Абай ауд., тау, Көкпекті ауд. Атаудың бірінші сыңары өртең сөзі болса, «өртенген жер» мағынасын береді. Өртеңге шөп жақсы шығады. Өртеңтау «ескі шөбі, ағашы өртенген соң, жаңа шөп, ағаш шыққан тау» мағынасында тұр.

ӨРІСКҰДЫҚ – құдық. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Өріс* сөзі «мал жайылымдық жердің» аты. Жер-су атын жасауға осы мәнімен қатысады: «ауыл маңынан шалғайлау мал жайылып келетін жер». Өріс + құдық гидронимі «үнемі мал жайылатын өріс жердегі құдық» деген мәнде тұр.

ӨСКЕМЕН - қала, облыс орталығы. 1715 жылы Бірінші Петр патша бригадир Бухгольц деген адамды Зайсан көлінің маңына қала салуға арнайы бұйырықпен аттандырады. Алайда жоңғар әскерлері оның экспедициясын Зайсанға жібермейді. 1720 жылы Бухгольцтың отрядын генерал-майор Лихарев қабылдап алып, Зайсан көліне дейін жүзіп барады. Бірақ жауынгер жоңғарлар соғыс ашып, қала салуға мүмкіндік бермейді. Олар шегіне жүзіп келеді де, Усть-Каменная бекінісін осы жерге кездейсоқ салуға мәжбүр болады. Кейін ол Усть-Каменогорск «тасты таулардың басталар тұсы (ауызы)» деген атпен Қазақстанның шығысындағы әдемі бір қалаға айналды. Ауызекі тілдегі нұсқасы Усть-Каман қазақша Өскемен болып тілімізге бейімделіп кеткен фонетикалық атау. Лексикалық мағынасы болмаса да, таңба ретінде қолданылатын Өскемен ойконимін заңды түрде бекітсе де болады (Семей қаласы сияқты). Биыл қалаға 300 жыл толды.

ӨТҮКЕН ЙЫШ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Кейде Өтүкен йір, топонимі көпшілікке танымал, өйткені Түрік Қағанатының орталығы болған аймақ. «Өтүкен Хангай тауының солтүстік саласы» (Дмитриева,1984,142). «Үтүкен – Орхон өзенінің солтүстік-батыс жағында жатқан Хангай тауының шығысқа қарай құшақ жайған үлкен ұшасы» (Қайыркен,2008,51). Сондықтан болар, көптеген зерттеушілер Отүген/Етүген «қасиетті жер, киелі орын» мағынасын береді деген тоқтамға келеді (Л.Потапов, В.Владимирцов т.б.) (Махпиров,1997,257).

Өтүкен топонимінің этимологиясы туралы айтылған көптеген пікірлерді жоққа шығармай, өз анықтамамызды ұсына кетейік, себебі этимология көбінесе болжамға сүйенеді, ал болжам неғұрлым көп болса, шындыққа соғұрлым жақындай түсеміз. Өтүкен көне түркі. от «шөп, көк» (ДТС,1969,373) + ы (тәуелдік жалғауының 3-жағының жалғауы) сөзі мен кен/кең «кен, мол, дарқан» (ДТС,1969,298) сөздерінен біріккен атау, мағынасы «оты (шөбі) мол (шұрайлы)» дегенге келеді.

Түркілердің атамекені болған Отұкен/Өтүкен тауы Хангай тауының бір сілемінің аты емес, бүкіл таудың түрікше аты болған, ал моңғолдар кейін келіп, осы атауды өз тілдеріне аударып алған. Моңғол. Хангай «орманды тау жотасы» мағынасында қолданылғанмен, оның түбірінде хана-х «қану, тою, сусындау» сөзі жатыр (Базылхан,1987,565,566). Ал Хангай «қану, тою, сусындау» мағынасы Отыкен «оты (шөбі), суы мол, дарқан» мағынасынан алыс кетіп жатқан жоқ. «Мал тойынатындай отты жер» деген бір ұғымға саяды.

- Р -

РАБАТ – е. м. ОҚО, Қазығұрт ауд. *Рабат* ғалымдардың пікірінше, араб. *рибат* «керуен сарай», «аялдама, бекет», «қала сыртындағы демалыс орны» мәндерін беретін сөзінен тілімізге енген [46; 472-473].

Қазақстанда *Рабат*, *Шірікрабат* қатарлы атаулар бар. Ғалымдар Москвадағы *Арбат* урбанонимін де осы *рабат* сөзінен шығарады. Топонимжасамда *рабат* терминін қажеттілік болмаса көп таратпаған жөн. Мұнда ол терминнің кірмелігін және тілге ауырлығын (түркі сөздері *р* дыбысынан басталмайды) ескеру қажет.

Сонымен түркі тілдерінде елді мекен атауларын жасауға қатысатын терминдер баршылық: *ауыл, балық, қорған, қала, күрен, қыстақ, сарай, орда, жұрт, тұра, кермен* т.б. Бұларды топонимжасам процесіне кеңінен қатыстырып отыруға міндеттіміз. Ал басқа тілден енген *абат, град (город), хисар, шахар, рабат, гузар, бор (бург)* тілімізде де, өмірде де жарасым таба қоюы екіталай.

РАҢ – асу. ОҚО, Созақ ауд. ҚТТС-та *раң* сөзі «көктемнің басында қар суымен шығатын бойы аласа майда шөп» мәніндегі өсімдік аты ретінде тіркелген. Ә.Қайдар: «*раң* [ыраң] осока иранская (иран қияншөбі)» дейді [38;245]. Иран тілінен енген *раң*

фитонимі ир. *рауан* «құлан иектеп, бозарып келе жатқан таң» (ҚТТС, 8т, 50) сөзімен, *рауғаш* / *рауағаш* «сабағының дәмі қымыздыққа ұқсайтын қышқыл, көбінесе тауда өсетін көп жылдық өсімдік» фитонимімен түбірлес сөз болса керек. Бұлардың бәріне ортақ семантика – «ерте шығу», ерте пісіп жетілу». Мәселен, *раң* «ерте көктемде шығатын шөп», *рауан* «ерте таңның ату кезі», *рауағаш* «ерте пісіп, жеуге келетін өсімдік» мәндерін береді.

РАХМАНОВ ҚАЙНАРЛАРЫ - арасан, е.м., Катонқарағай ауд. 1860 жылдары Рахманов деген аңшы тапқан суы шипалы бұлақтар. Картаға Рахманов қайнарлары деп түскенімен, жергілікті тұрғындар Арасан деп атайды. Бұл шипалы сулы мекен Рахмановтан бұрын да қазақ, қалмаққа белгілі болған. Олардың ақтық байлап, садақа тастаған белгілері сол кезден-ақ бар екен. Рахмановтың қайнарлары түрлерінде изафеттік қатынаста тұрған бұл атау - таза кітаби атау. Ауызекі тілде көп қолданылмайды. Рахман суы немесе Алтай арасан түріне ауыстыруға болады. Ал Рахман - қасиетті Алланың бір аты екені белгілі.

- С -

САБЫНДЫКӨЛ – көл, Жарма ауд., Абай обл. *Сабын* сөзі «кір жууға арналған, суға еритін заттың» аты. Топонимжасамда «жағасы еріген сабындай ақ көбіктеніп жататын өзен, көлге» атау болуға қатысады. Сабынды (туынды сын есім) + көл (зат есім) сөздерінен біріккен. «Суы сабындағандай ақ көбіктеніп жататын көл» деген мағына береді. Емдік қасиеті бар көл деп есептеледі.

САҒА БҮЙЕН – е.м. Алматы обл., Ақсу ауд. *Саға* зат есімі «өзен, я болмаса тау сілемінің қабысып-түйіскен жерін» атап, географиялық терминге айналады. Сол мағынада біріккен атаулар жасауға қатысады. Саға Бүйен тіркесті атауы «Бүйен өзенінің бір сағасы (саласы)» деген мән береді.

САҒЫР – е.м., Ұлан ауд., ШҚО. 1. Сағыр «тасқа қашалған көне суреттер (петроглифтер)» деген мағына береді [2;334]. 2.

Сағур/Соғур/Соуыр/Суыр «суыр» (М.Қашқари) [1;481]. 3. Сағыр «қымыз, айран т.б. сусын дайындайтын ыдыс» [1;480]. Бұл үш мағына да топоним жасауға қабілетті. Осылардың ішінен Сағыр «тасқа қашалған көне суреттер» мәнімен атау жасап тұр деп айта аламыз, өйткені Сағыр ауылының жайлауында петроглифтер бейнеленген жартастар бар.

САЗ ТАЛҒАР – өзен. Алматы обл., Талғар ауд. Географиялық атау жасауға *саз* сөзінің «көгалы қалың өскен, дымқыл кең алқап» мағынасы жиі қатысады (ҚТТС, 8т, 95). Саз Талғар тіркесті гидронимі «маңайы сазды, дымқыл Талғар өзенінің бір саласы» деген ұғым тудырады.

САЙҚАН – шатқал. Алматы обл., Алакөл ауд. Моңғ. *сайхан* «жақсы, сұлу, әсем, көрікті» сөзі екінші мағынада «жайлы, ыңғайлы, қолайлы» мәнін береді [77;406]. Біріншісі, «жер-суға табыну, құрмет тұту» діни ұғымын білдіретін топоним жасаса, екіншісі «қонысқа жайлы, ыңғайлы жер» мағынасындағы топоним жасайды.

САЙҚЫН – көл. Павлодар обл., Павл.қ.э. *Сайқын* –«мидай, кең, ен (дала)» мағыналы сын есім (ҚТТС,8т, 101). Е.Қойшыбаев Сайқын мен Сайхан атауларын бір деп қараса, Т.Жанұзақ *сайқын* «ен дала» сөзі түркі тілінде, ал *сайхан* «жақсы, сұлу, әсем, көрікті» мәніндегі моңғол сөзі деп ажыратып қарайды [25; 163-164].

Сайқын «кең дала» мәнінде Қазақстанның барлық жерінде қолданылмайды, сондықтан Т.Жанұзақ Жамбыл облысына тән диалект екенін атап көрсетеді. Қазақ тілінде *сайын дала* «кең дала» сөз тіркесі бар, бірақ сайын сөзі ҚТТС-қа енбеген. Ендеше ол моңғ. *сайн* «жақсы» сөзінен қалыптасқан болуы керек.

САЙРАМ – е.м. ОҚО, Сайрам ауд. Бұл көне қала парсы. *Испиджаб* (VII-IX ғғ), араб. *Әл Мединат Әл Байза* «ақ қала» (М.Қашқари), түркі. *Үрүңкент* «ақ қала», түрік. *Сайрам* атауларын иемденген. Бізге жеткен *Сайрам* тарихи ойконимін Т.Жанұзақ, М.Қашқаридың, Э.Мурзаевтың пікірлерін келтіре отырып, «саяз, тартылған су» мәніндегі түркі сөзінен шығарады [25;164-165].

Бұдан топонимжасам барысында нысанның бір ғана ерекшелігімен байланып қалмай, басқа белгілерін де негізге алуға болатынын көреміз. Мысалы, Испиджабтың мәні белгісіз болса, араб. Әл Мединат Әл Байза мен түрік. Үрүңкент «қаланың ақ балшықтан салынған түсін» білдіріп тұр. Ал Сайрам «қала маңындағы судың (өзеннің) саяздығын немесе тартылып қалғанын» айғақтайды. Моңғол тіліндегі *сайр* «малта тас» сөзі де *саяз* [сайаз] сөзінен алшақ кетіп тұрған жоқ.

САЙЫРҚҰМ – төбешік. Маңғ. обл., Маңғыстау ауд. *Сайыр* сөзі моңғол тілінен қалған: моңғ. *сайр* «малта тас» [77;406]. Осы мәнде топонимжасамға қатыса алады. Сайыр + құм топонимі «малта тас пен құмы араласып жатқан төбе» деген мағына береді.

САЛДЫРТАС – өзен. Алматы обл., Ескелді ауд. *Салдыр* сөзі «заттардың бір-біріне соқтығысуынан шығатын дыбыс; қаңғыр» (ҚТТС, 8т, 126) мәнін білдіреді. Топонимжасамда, көбінесе, «сылдырама тастары бар жерлерді» атауға араласады. Салдыр + тас оронимі «адам жүргенде салдырап, сылдырап жататын ұсақ тасты жер» деген мәнде тұр. Ондай жерлерді «сылдырама» деп те атайды.

САЛЫҚСАЛҒАН – жайлау, Катонқарағай ауд., ШҚО. Салық + салған сөздерінен біріккен атау патшалы Ресей тартып алған Шабамбай жайлауын қазақтар аренда төлеп жайлаған кезден қалған топоним. «Алым-салық салған, яғни арендалы жер» деген мағына береді.

САМ – е.м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд. *Сам* сөзі «кешкі шам жағылар кез; ымырт, алагеуім, бейуақ» (ҚТТС, 8т, 139) мәнді арабизм екені мәлім. Сам топоним ретінде «батыс, күн бататын жақ» мағынасын беретін сияқты.

САМАЛЖОТА – тау. ШҚО, Күршім ауд. *Самал* сөзі «жанға жайлы қоңыр салқын желдің» аты. Топонимжасамда «үнемі самал жел есіп тұратын геонысанды» атайды. Самал + жота сөздерінен біріккен атау «үнемі салқын самал соғып тұратын жота (төбе)» деген мағына береді. Мұндай жерлерде мал үйездеп тұрады.

САМАРКӨЛ – көл. Ақмола обл., Целиноград ауд. *Самар* сөзі қазақ тілінің батыс диалектісінде «үлкен табақ, тегене, шара» мағынасын береді [156;571]. Пішін ұқсастығы арқылы топонимдер жасайды. Самар + көл гидронимі тура мағынасында «астау сияқты шұңғыл жердегі көл» дегенді білдіреді.

САНДЫҚТАС – тау. Алматы обл., Алакөл ауд. *Сандық* зат есімі «әр түрлі бұйым салуға арнап ағаштан не темірден жасаған үй жиһазының» аты (ҚТТС, 8т, 153). Табиғи нысанды «төрт бұрышты сандыққа ұқсату арқылы» топонимдер жасауға араласады. Сандық + тас топонимі «сырт пішіні төртбұрышты сандық, кебежеге ұқсас тас» деген мағынада Қазақстанның біраз жерінде кездеседі.

САҢМҰРЫН – е.м. Алматы обл., Үйгентас ауд. *Саң* сөзі Аягөз, Шелек говорларында «ұра, астық сақтайтын жер» мәнінде қолданылады [156; 572]. Топонимжасамда «ұрадай, саңырайған шұңқыр жер» мағынасында атаулар жасауы бек ықтимал. Екінші жағынан алғанда, парсы. sang «тас» сөзінің қатысы болуы мүмкін. Саң + мұрын атауы «саңырайған ұралы тау тұмсығы» немесе парсы. саң «тас» сөзімен жасалып, «таудың тасты тұмсығы» деген мағыналардың бірін білдіреді.

САПЫКӨЛ – көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд. *Сапы* зат есімі «кішкене өткір қылыштың» аты. Топонимжасамда «пішін ұқсастығына орай» атау құрамына енген. Сапы + көл гидронимі «сырт пішіні кішкене қайқы қылышқа ұқсас көл» дегенге келеді.

САРАЙ – көне қала, Алтын Орданың алғашқы астанасы болған. Еділ өзенінің төменгі сағасына 1254 жылдары Бату хан салдырған. Бату Сарайы, Үлкен Сарай, Ескі Сарай деп те аталады. Қираған орыны Астрахан облысында жатыр (Қазақ Энциклопедиясы, 7 том). Сарай сөзі парсы. «әсем, салтанатты ғимарат» деген мағына береді (ҚТТС, 8-т, 169). Осындай хан сарайы қала атауына негіз болған.

САРАЙШЫҚ – е.м. Атырау обл., Махамбет ауд. Жайық сағасына, Алтын Ордадан Орта Азияға қарай өтетін керуен

жолының бойына салынған (XIII ғ). Қазақ. сарай + шық тұлғаларынан бірігіп, «кіші, шағын сарай» деген мағына береді. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласымен салыстыра, «Кіші Сарай» деп атаса керек. Сарай да, Сарайшық та кезінде ірі сауда және мәдениет орталығы болған.

САРТАСУ – асу. Алматы обл., Райымбек ауд. *Сарт* сөзі – этноним. ҚТТС-та «өзбектерге революцияға дейін телініп келген ат» деген түсініктеме беріледі (8т, 185). Дұрысы санскрит тілінде «саудагер» мәнін беретін *сарт* сөзі парсы тектес соғдыларға түріктер қойған ат еді. Топонимжасамда «қазақ ішінде жеке ру болып қалыптасқан сарттар тұратын жер» мағынасында этнотопоним жасай алады. Сарт + асу оронимі «сарттар тұратын жаққа асатын асу (бел)» деген ұғым тудырады. Бұл жерде Ұйғыр ауданына асатын асуды айтып тұруы мүмкін. Ұйғырларды да кейде «сарт» деп айту қалыптасқан.

САРЫАЛЖЫНДЫ – өзен. Ақтөбе обл., Байғанин ауд. Сарыалжын/саралжын + ды туынды атауы «жағасында саралжын (жусанның бір түрі) шөбі мол өсетін өзен» деген мағына береді. Сарыалжын/саралжын фитонмі, өз кезегінде, моңғол. сараалжин «тор көз, торланған, шарбақталған» (Базылхан, 1987, 412) сөзінен шығатындай. Сарыалжынды гидронимі «шарбақты, керегелі» деген топоним жасауға да қабілетті екенін ескертеміз.

САРЫАРҚА – өлке, Орталық Қазақстан. Сары (сын есім) + арқа (зат есім) сөздерінен бірігіп тұр. «Сары түсті тау, дөң жоталары» деген мағына береді. Қазақ даласының арқасындай созылып жатқан Сарыарқа шоқылары осы жолмен жасалып тұр. Кейбір ғалымдар сары сөзіне «кең, үлкен» деген мағына үстеп жатады, ол дұрыс та, бірақ мұндағы сары түр-түсті білдіретін мәнде тұр. Арқаның жылдың көп мерзімінде сарғайып жататыны бұған дәлел.

САРЫМСАҚТЫ - өзен; тау жотасы (3375 м), Катонқарағай ауд. Сарымсақ (зат есім) + ты (туынды есім жұрнағы) сыңарларынан біріккен. Сарымсақты тау жотасындағы мұздақтан

бастау алатын Күршім өзені - күнгейге, Сарымсақты өзені - теріскейге қарай ағады. Сарымсақты тура мағынасында "жабайы тау сарымсақ (лук горный) мол өсетін жер" дегенді білдіреді.

САРЫТАУ - тау жотасы (2870 м), е.м., Күршім ауд. Сары (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. "Қар аз түсіп, жылдың көп айларында сарғайып жататын тау" деген мағына береді. Карталарда бұл тау жотасы Күршім тау жотасы деп белгіленіп жүр.

САРЫТОЛАҒАЙ – тау (2594 м), Зайсан ауд., тау, Тарбағатай ауд. Сары (сын есім) + толағай (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. «Сары түсті жұмыр, домалақ тастардан тұратын тау» деген мағына береді. Моңғол. толгой/толағай «бас, жұмыр тастар, төбе, жеке тау» мағыналарында қолданылады. Қараңыз: Толағай.

САУДАКЕНТ – е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд. *Сауда* сөзі «затты сату мен сатып алу әрекеті» мағынасын беретіні аян. Топонимжасамда «сауда жасалатын орын, мекен» мәнінде жер-су атын жасауға қатысады. Ежелгі деректерде бұл жерде Сұлухан, кейінірек Сұлхан деген атпен белгілі қала болған. Кейін Саудакент аталып, Қаратаудың солтүстік бөктері арқылы өтетін Жібек жолы бойындағы ірі сауда мен қолөнердің орталығына айналған. Сауда + кент сөздерінен бірігіп «сауда көп жасалатын қала» деген мағына береді. Мұндағы парсы. кент «қала» сөзі екені мәлім.

САУРАН – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. Сауран тарихи қаласының Әл-Истахри, Ибн Рузбехан жазып қалдырған сипаттамаларын саралай келіп, профессор Т.Жанұзақ қаланың аты көне түркі. *сауран* «берік қорған» мәніндегі сөзінен жасалғанын айтады [25;172-173]. *Сауран* сөзінің *сауыт* «қорғаныш киім» сөзімен түбірлесіп жатуы тұжырымның дұрыс екенін дәлелдейді.

Тарихи топонимжасамда қала қамалдарының салыну ерекшелігі (Мерке, Сауран), қала үйлерінің неден салынғаны

(Самарқанд «балшықтан салынған кент», Ташкент, Шымкент) ескерілетінін байқауға болады.

СӘНКЕСЕ – тұзды көл. Павлодар обл., Ақсу қ.э. *Сән* сөзі «әдемі, жарасымды көрік» мәнді зат есім екені мәлім. «Көркем, әсем геонысанды атауға» қатыса алады. Сән + кесе топонимі «әдемі кеседей дөңгелек, кішілеу көл» деген ұғым тудырады.

СЕБЕН – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Топонимнің түбірінде алтай. сеп «жартас, кедергі» (Молчанова, 1979, 288) сөзі + ен/ең (кішірейткіш мәнді жұрнақ: белең) арқылы жасалып, Сепен/Себен «шағын жартасты кедергі жер» мағынасын береді.

СЕГІЗСАЯҚ – қоныс. Павлодар обл., Железин ауд. *Сегіз* есептік сан есімі «жетіден кейінгі сан» мағынасында қолданылады және топонимжасамға да осы мәнмен қатысып, «нақты сегіз табиғи нысанды» атап көрсетеді. Мұндағы Сегіз + саяқ атауы «үйірден айғыр қуып жіберген бойдақ жылқылар санын, немесе бөлек, оқшау тұрған сегіз геонысанды» білдіреді.

СЕКСЕУІЛДАЛА – дала. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд. *Сексеуіл* сөзі «діңі иір, қатты болып келетін, құмды жерде өсетін жапырақсыз ағаштың» аты, фитоним. Топонимжасамда «сексеуіл ағашы өсетін жерді» атап көрсетеді. Сексеуіл + дала топонимі «қалың сексеуіл ағашы өскен дала» деген мағына береді.

СЕЛЕҢГІ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Селене/Селеңі, кейде Селеңгі, Селенга болып аталады. Б.Владимирцов, Э.Мурзев, Е.Поспелов т.б. Селенга эвэнкі. сэлэ «темір» сөзінен шығады дейді (Поспелов, 2007, 457). Т.А.Бертагаев бурят. селенгэ «бір қалыпты, тыныш, кең» сөзінен жасалғанын келтіреді (Бертагаев, 1980, 123). Ал М.Мельхеев бурят. сэл «жайылған су, арал» мағынасын береді деген пікір білдіреді (Мелхеев, 1969).

Келтірілген тұжырымдарды жоққа шығармай және М.Мельхеевтің пікіріне жақындау болжам ұсынамыз: Селеңе моңғол. сэлээ «ауыс, өзгеріс» сөзінен шығып, «(арнасын)

ауыстырып, өзгеріп тұратын (өзен)» деген мағына беруі мүмкін. Өзеннің сала-салаға бөлініп, атыраулар жасап ағатыны осы болжамға әкелді. Сонымен бірге, Селеңе өзенінің басын құрайтын екі өзеннің бірі Дэлгэр моңғол. дэлгэр «тараған, жайылған» мағынасын беретіні де осыған меңзейді.

СЕМЕЙ - қала, негізі 1718 жылы бекініс ретінде қаланған. Атаудың мағынасы - орыс тіліндегі «семь палат» сөзі. Семипалатинск атауын қазақтар өз тіліне бейімдеп, Семей атап кеткен. («Қазақтар» энциклопедиясы).

Орыстар бекініс салмас бұрын сол маңда қалмақтардың пұтқа табынатын жеті тас шатыры болған деген дерек бар (қазіргі Семей қаласынан сәл жоғары Ертістің оң жағында болған). Егер жеті шатырлы кид болса, моңғол тілінде Долоонкид болса керек еді. Ол жерді Доржынкид деп кейін атаған сияқты, өйткені Доржы – кісі есімі. Орыс отарлаушылары келіп қала салған кезде, Доржынкид деп аталғаны жазылған. Қалай болса да, орыстар ол сөзді «семь палат» деп аударып Семипалатинск деп атаған, өйткені көне орыс тілінде тастан салынған үйді палата деп атайды.

Қазір Семей атауы ресми түрде бекіді. Семей сөзінің төркінін түркі тілінен шығарғысы келетіндер бар, алайда ол пікірде ғылыми негіз жоқ. Семей, Өскемен – фонетикалық атаулар болып табылады, яғни таңбалық қызметі бар, лексикалық мағынасы жоқ.

СЕҢГІРҚҰМ – төбешікті құм. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд. «Зәулім, биік, заңғар» (ҚТТС, 8т, 270) мәнді *сеңгір* сын есімі түбір күйінде, күрделі атаулардың алдыңғы, соңғы позицияларында келіп, біршама өнімді топоним жасайды. Оның мағынасы биіктікпен байланысты болғандықтан, моңғ. цэнхэр «көк, көгілдір, көкшіл» сын есімімен ұштасатын сияқты. Көне түркі тілінде сеңір «тау мүйісі» деген мағына береді [1;495]. Моңғол тілінде цэнхэр «көк, көгілдір, көкшіл» мәнді сын есім сөз [3;698]. Қазіргі қазақ тілінде сеңгір сөзі «зәулім, биік, заңғар» мағынасында қолданылады [34;270]. Сонда түркі-моңғолға ортақ бұл сөздің семасы «көгілдір, биік» мәнінде таудың ұшар

бастарына қаратып айтылады (көк сеңгір таулар). Биік таудың басы аспанмен астасып, көгілдір тартып тұратыны рас. Ал таудан тыс жерде қолданғанда, сеңгір «сары даладағы көк шөпті, қамысты, ағашты жер (оазис)» мәнін береді. Сеңгір + құм атауы «биік төбелі құм немесе көгілдір түсті құм» деген мәндердің бірінде тұр.

СЕРЕКТАС – төбешік. Павлодар обл., Май ауд. *Серек* сын есімі «сыриған ұзын, сорайған» (ҚТТС, 8т, 276) мағынасын өзгертпей-ақ топонимжасамға қатыса алады. Географиялық нысанның «басқалардан ерекше серейіп, сорайған сырт тұлғасын, бойын» атап көрсетеді. Топонимжасамда белсенді емес, дегенмен көптеген терминдермен бірігіп, тіркесіп келіп, сәтті атаулар жасауға қабілетті. Топожүйемізде осыған ұқсас *Секитас* «секиген тас», *Көксерек* сияқты үлгілер де кездеседі.

СОЗАҚ – е.м. Түркістан обл., Созақ ауд. Созақ Ұлы Жібек жолындағы көне қалалар қатарына жатады. Оның нақты этимологиясы ашылған жоқ. Көптеген ғалымдар «су сақтары» дегенге икемдеп, этнотопоним ретінде таниды. Алайда бұл жерде айта қаларлықтай үлкен су жоқ болғандықтан, ол пікір теріске шығады.

Т. Жанұзақ оғыздардың парсыларға қойған аты болуы мүмкін екенін келтіреді: *сұғақ* > *созақ* [2;174].

Созақ топонимі туралы тағы екі түрлі болжам айтуға болады:

1) В.В.Радловтың сөздігінде кездесетін «түрк. (шағат.) *сусак* – «ағаш шөміш, ожау» сөзінен жасалуы мүмкін. *Сусак* > *Созақ* атауы «ойпаң жерлерге» беріледі. Мысалы, ұйғ. *Чугучак* > *Шәуешек* «ожау, шөміш» ойконимі мәнді сөз болуы да мүмкін. 2) *Созақ* < *Соз-ақ* «созылған, шалғай орналасқан» мәнінде тұруы да ғажап емес, өйткені Созақ Сыр бойындағы басқа көне қалалардан шеткері орналасқан.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН – әкімшілік бөлініс. Солтүстік Қазақстан облысы. *Солтүстік* зат есімі «оңтүстікке қарсы жақ, терістік» (ҚТТС, 8т, 335) мағынасын беретіні белгілі. Алайда

байырғы топонимдерде *солтүстік* сөзі кездеспейді де, оның орнына *теріскей* сөзі қолданылып келгенін көреміз. Ал қазіргі топонимдер құрамындағы солтүстік сөзі орыс тілінен енген *северный* анықтауышының аудармасы екені айқын. Келешекте кеңінен қолданылуы мүмкін. Солтүстік Қазақстан тіркесі «Қазақстанның солтүстік облысы, аймағы» деген мағына береді. Соңғы кезде Оңтүстік Қазақстан облысын Түркістан облысы деп атады, Шығыс Қазақстан облысын Алтай облысы, Солтүстік Қазақстан облысын Қызылжар облысы деп атайық деген ұсыныс айтылды. Мұндай атаулар шұбалаңқы болғанымен, Қазақстанның төрт құбыласын белгілеп тұрған қазық іспетті еді. Оңтүстік Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы атты әкімшілік атаулардан қашпау керек, олар «Қазақстан осы жерден басталады, осыдан былай қазақ даласы басталады» деген үлкен маңызды геосаяси мағына арқалап тұр, шекарамызды бекітіп тұр.

СОМАША – қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд. *Сом* сын есімі «кесек, тұтас, бүтін; зор, ірі, жұмыр» (ҚТТС, 8т, 337) мағыналарын береді де, табиғи нысанның «тұтас, жұмыр, ірі» тұлғасын білдіру арқылы жалқы есімдер жасайды.

СОҢА ЙЫШ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Соңа йыш/Сұңа йыш «Енисей өзенінің бастауындағы тау аты» (Дмитриева, 1984, 143). Мұндағы Сұңа моңғол. сунагар «сұңғақ, бойшаң» (Базылхан, 1987, 424) және қазақ. сұңғақ «бойшаң, биік» сөздерінен шығып, «биік (тау)» мағынасын береді деп ойлаймыз.

СОРБҰЛАҚ – көл. Алматы обл., Іле ауд. *Сор* омоним сөзінің бір мағынасы «тұзды батпағы бар жер» болып келеді. Сор сөзі осы мәнде географиялық терминге айналып, күрделі атаулар құрамына енеді. Сор + бұлақ гидронимі «суы немесе маңайы тұзды, қакты бұлақ» деген мән береді.

СУАТСАЙ – өзен. Алматы обл., Панфилов ауд. *Суат* зат есімі – «өзеннің, көлдің мал суаратын жері» мәніндегі сөз. Топонимжасамда «суаты бар жерлерді және суаттың өзіндік

ерекшелігін» атап көрсетеді. Суат + сай гидронимі тура мағынасында «мал суаруға ыңғайлы суаты бар сай (өзен)» деген мәнде тұр. Түркі тілдерінде сай сөзі «өзен» мағынасында да қолданылатыны белгілі.

СУЫҚШАТ – шатқал, Катонқарағай ауд., ШҚО. *Суық* сын есімі «салқын, жылы емес» семантикасымен ең әуелі ауа райына қатысты айтылып, кейін ауа райына тығыз байланысты жер-су аттарына қолданыла бастаған. Атап айтқанда, геонисанның «үнемі жел өтінде болуына, теріскей жағына орналасуына, тереңнен шығатын құдық суына, тау өзендеріне, қалың, дымқыл орман-тоғайға т.б.» қарай отырып, олардың атауларына суық анықтауышы қосылып отырады. Суық + шат оронимі «үнемі суық жел соғып тұратын шат (сай)» деген ұғым береді. Бұрынғы Суықшат болыстығын орыс отарлаушылары Свинчатка деп бейімдеп атаған. Тарихи атын қайтарып беру көзделіп отыр.

СУЫРСАЙ – өзен. Алматы обл., Сарқант ауд. *Суыр* сөзі «қыста ұйықтап қалатын, кеміргіштер тобына жататын кішірек аңның» (ҚТТС, 8т, 383) аты, зооним. Топонимжасамда «суыр аңы бар және мол кездесетін жерлерді» атауға қатысады. Суыр + сай топонимі «суыр аңы мекендейтін сай» деген мағынада тұрғаны айқын.

СУЯБ – Суяб – Ұлы Жібек жолы бойында, Шу алқабында, ортағасырлық дәуірдің бастапқы кезеңінде (V-VI ғасырларда) болған қала. Қазір Ақбешім ауылының маңында жасалған археологиялық қазбалардан Суябтың қалдықтары табылып отыр. Суябтың екінші есімі – Ордакент. Ордакент аталуы Батыс Түркі қағанатының ордасы болған. Суяб сөзі иран тілімен байланыстырылады: V-VI ғасырларда Шу өзені осылай аталғандығы туралы дерек бар: آب سوي - Ұлы Жібек жолындағы соғды қаласы ретінде шыққан. Соғдыша «яб» канал, арық деген мағына береді [https://ru.wikipedia.org/wiki; https://www.wikiwand.com/kk]. Қытайлар Сүйе деп атаған. Суяб атауы екі сыңардан тұратыны анық: су+йаб. Су сөзінің мағынасы

белгілі. Көмескілік йаб сыңарында. Көне түркі сөздігінде: «ЈАВА І мокрый, влажный (МК III, 24)» [2; 221], – деген айғақ бар. Йаба сөзінің йаб зат есімінен жасалған сын есім екені айқын көрініп тұр. Бұған қарағанда, Суяб бір сөздің екі рет қайталана бірігуінен (су-су) жасалған атау болып шығады. Мұның реті келмейтіндей. Ұлы жібек жолындағы қазақ ... Серия «Филология». № 3(107)/2022 75 Э.Д. Мурзаев мынадай дерек келтіреді: «ЈБ, ЈП - оросительный канал (туркм., узб., Хорезм, Марыйский оазис). Ср. казах., ккалп. жаб - "большой арык", "канал". Р. Мургаб оканчивалась болотом паяб - "место, покрытое водой, где нога человека доходит до дна" [Бартольд, 1965, 3]. Восходит к иран. аб - "вода". ♦ Акяп, Караяп, Кадыряп, Аджияп в Туркменской ССР, р. Сакызяб в Копетдаге, там же. Каналы Караяб, Перметяб в дельте Амударьи; древний канал Черменяб в Сарыкамышской дельте этой реки. Сюда же Куляб - центр Кулябской обл.» [3, 459]. Көріп отырғанымыздай, Суябты арық, каналмен теңестіреді, парсы тіліндегі аб (су) сөзімен байланыстырады. Йабтың осы мағынасы қазақ говорында сақталғанын байқауға болады: «ЖАП 1. (Қ.орда: Арал, Қарм.; Шымк.: Шәу., Қызылқ.; Қост.: Аман., Жанг.; Ақт.: Ырғ.; Қарак.) егіннің ішіне су жіберетін кішкене арық. 2. (Ақт., Ойыл; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) су жіберетін үлкен арық. 3. (Гур., Маңғ.) жер бетінен биіктеу етіп жасалған арық» [7; 265]. Суябты су арығы ретінде тану үстірт қарағанда қисынға келетін сияқты. Алайда Шу өзенінің ертеде Суяб аталғанын ескерсек, яғни мұның өзен екенін білсек, мұны мойындау қиын [11]. М. Қашқари еңбегінде келтірілген жабаң лексемасының мағынасы құмды, құмды жер деген мағына береді екен [12; 499]. Бұл сын есімнің түбірі «йаб» екені айқын көрініп тұр. Қазіргі Шу (бұрынға Суяб) өзенінің жағалауы, табаны қалың құм екені белгілі. Сонда, Суяб атауының су мен құм сөздерінен біріккенін айқын тануға болады. Сөйтіп, бұл өзен «құмы көп су» деген мағынаға орайласа кетіп тұр. Екіөғүз (Екіөгіз). Тәлхизден басталатын теріскей жолы Талғар өзенін қуалай жүріп, Іленің Қапшағай шатқалы маңындағы өткеліне

дейін жеткен. Одан әрі жол Шеңгелді үстімен Алтын Емел белесінен асып, Көксу алқабына түседі де, Екіоғыз қаласына жетеді. Ол кәзіргі Дунғановка селосының орнында болған. Вильгельм Рубрук бұл қаланы Эквиус деп атаған. Іле алқабының ең үлкен қала жұртының бірі тап осы жерден табылған [history.kz/kz/news/show/2381/]. Оғыз/өгіз сөздерімен келген топонимдерді оғыз этнонимімен байланыстыру бар, алайда біз қарастырып отырған атау да гидрографиялық терминге негізделген. Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған астионим екі сан есімі мен оғыз зат есімінің бірігуінен түзілген. Түркі топонимдерінің типтік үлгісіне сай келеді. Көне түркі сөздігінің айғақтарына қарағанда, «Оғұз қаған» эпосы мен «Құтадғу білікте» oguz сөзі өзен мағынасында қолданылған [2; 382]. Гидронимдерді зерттеушілердің бәрі этимология барысында оғыз/өгіз сөзінің осы мағынасына тоқтам жасайды. Біздіңше, қазіргі қазақ тіліндегі өзен, өзек сөздерінің түп төркіні өгіз сөзіне келіп саяды. Қазақ жерінде бұл типтес атаулар баршылық: Екіаша (өзен, Алматы обл, Ескелді ауданы), Екісай (Павлодар обл., Баянауыл ауд.), Екісор (Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) т.б. Сөйтіп, Екіөгіз (Екіоғұз) астионимі «қатар орналасқан жұп, қос табиғи нысанның санын білдіретін» мағынадағы өзен атауын алған қала аты болып шығады (Ж.Жақып).

СҰҚАҚ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Сұқақ/Шоғұқ жолы топонимі «Көне түркі сөздігінде» Соқақ түрінде берілген (аудармашылар неге басқаша жазғандары түсініксіз) және соқақ «киік, ақбөкен» деген анықтама да бар (ДТС, 1969, 508, 509). Ендеше, Соқақ жолы топонимі «киік, ақбөкендер жүретін жол» деген мағына береді. Жолдардың, асулардың көбі аңдар салған соқпақ бойынша пайда болатыны белгілі.

СҰЛТАНРАБАТ – е.м. ОҚО, Төле би ауд. Сұлтан сөзі «шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазым аты» екені мәлім (ҚТТС, 8т, 389). Қазақ жерінде Шыңғысхан ұрпақтары ғана

сұлтан атанып келген. Топонимжасамда екі түрлі мәнде қолданылады: 1) Әлдебір сұлтан мекендеген жерді білдіреді; 2) «Жердің сұлтаны; жақсы жер» мағынасында қолданылады. Сұлтан + рабат сөздерінен біріккен ойконим «әлдебір сұлтан басқарған керуен сарай, бекет, аялдама» деген ұғым береді. Мұндағы араб. рабат/арбат сөзі «керуен сарай, керуендер демалатын аялдама бекет» деген мағына беретіні мәлім.

СҰҢҚАЙТЫ – е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд. Сұңқайты тарихи топонимге жатады, өйткені бұл жерде қазақ-жоңғар шайқасы болып, қазақтар жеңеді. Шайқастан соң, ел Сұмқайты деп атаған орын қазір Сұңқайты болып өзгерген дейді «халықтық этимология». Ғылыми этимология бойынша, Сұңқайты гидронимі (көлдің аты) моңғол. цунхиал «шұңғыл, шүңет, тұңғиық (су)» (Базылхан, 1987, 692) + ты (түркі-моңғолға ортақ көптік мәнді жұрнақ) арқылы жасалып, «шұңқырлы, шүңетті, иірімді көл» деген мағына береді деп ойлаймыз. Цунхиалт > Сұңқайты болып тілімізге бейімделгені байқалады. Оның үстіне, моңғол. цунхиал мен қазақ шұңқыр сөздері түбірлес екені көрініп тұр.

СҰҢҚАРҰЯ – шоқы. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Сұңқар* сөзі «бүркіт тұқымдас қыран құстың» (ҚТТС, 8т, 393) аты. «Сұңқар құсы ұя салған, мекендеген жерлерді» атауға ат салысады. Сұңқар + ұя сөздерінен бірігіп жасалған атау, «сұңқар құсының ұясы бар жер» деген мағына береді.

СҰМБЕТАУ – жота. Алматы обл., Райымбек ауд. Қаз. *сұмбі* > *сұмбе*; моңғ. *сұмбэ* «мылтықтың ұңғысын тазалайтын әрі майлайтын ұзын, жіңішке жұмыр темір немесе тобылғы таяқша» (ҚТТС, 8т, 418; Б.Базылхан, 1984; 429) мәнін береді.

Топонимикада *сұмбінің* «оқтай түзу болу» ерекшелігін алмаса, басқа белгілерінің уәждік әлеуеті аз. Осы ерекшелігінен «сұмбідей түзу» ұғымы қалыптасқан. Ендеше *Сұмбі* > *Сұмбе* «тіптік түзу бойлаған тау, шыңдарға» берілетін атауға келеді. Моңғ. *сұмбэр* «биік, зәулім» сөзі де осы мәндес. Сұмбе географиялық

термині *Сұмбе, Сарсұмбе* (Қара Ертіс) топонимдерін жасайды. Сұмбе + тау оронимі «сұмбідей түзу тік тау» дегенді білдіреді.

Кейде моңғ. *сұм* «(діни мекеме) кит, мешіт, шіркеу» сөзі қазақ. *сұм* > *сұмбі* > *сұмбе* нұсқасын жасап, жоғарыдағы Сұмбеге омоним атау жасауы да мүмкін.

СҮТКЕНТ – е.м. ОҚО, Шардара ауд. *Сүт* сөзі «сүт қоректілердің жас ұрпағын өсіру үшін денесінен бөліп шығаратын ақ түсті, қоректік маңызы бар сұйық заттың» аты. Топонимжасамда, көбінесе, «түсі сүт, айран түстес өзен, суларға» қаратып айтылады. Сүт + кент топонимі «сүт өндіретін немесе ақ түсті қала» мәндерін беруі мүмкін. Маңайында көне Ақтөбе қонысы болғандықтан, сол маңның топырағы ақ түсті болған тәрізді. Сүткент қаласы 2000 жылдық тарихы бар, Жібек жолындағы маңызды рабаттардың бірі болған.

СЫҒАНАҚ - Сығанақ қаласы Сунақ атауымен теңестіріле аталады. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Сунақата ауылының солтүстік шығысында болған қала, республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі. Ұлы Жібек жолының бойындағы астаналық мәртебедегі қала болған, Ақ Орданың бас қаласы болып саналған, 1469-1511 және 1521-1599 жылдары Қазақ хандығының астанасы ретінде белгілі. Фердаусидің X ғасырда жазылған «Шахнамасында». Сунақтың табыларсың қаласынан, Жай алып жатып, бір су саласынан, – деген тармақтар бар. Ғаламторда Сығанақ сөзінің мағынасы халықтық этимология деңгейінде берілген: ««Сығанақ» сөзінің алғашқы буыны көне түркі сөзі «суб», «сығ» немесе «сұғ», «су» деген түсінікке саяды. Екінші буыны «ан-ақ» «он оқ» деген I-VIII ғасырлар арасында түркі ру-тайпалары одағының жалпы атауы-Ж.А. Жақыпов 74 Вестник Карагандинского университета нан шыққан. Айтыла келе, үндестік заңына байланысты «Сығанақ» болып шыққан, яғни «Сулы қала» «су жағасына салынған қала» деген мағынаны білдіреді. Өйткені, Сығанақ – бұрын Сырдарияның Қаратау жақ етегінен ағатын үлкен арнасы мен

түстік жағынан өтетін кіші бір саласы арасында, айнала судың ортасында жатқан табиғи су қорғанымен қоршалған. Тарихшы Зардыхан Қиянатұлының пікірінше, «Сығанақ» атауы түрікшеден аударғанда «қамал, қорған» деген мағынаны береді. Ортағасырлық деректерде «Сығанақ – Қыпшақ даласының гаваны (қақпасы)» деген теңеулер айтылған» (<https://syg-media.kz/tarikh/5303-syana-alasy.html>) Сығанақ астионим ретінде Көне түркі сөздігінде көрсетілген: «SUYNAC геогр. название города (МК I, 471)» [2; 513]. Мұндағы «у» әрпін «ғ» деп те, «й» деп те оқуға болады. Сонда бұл екі түрлі оқылыммен қабылданады: Суғнақ, Суйнақ. Бұл сөз былайша морфемаланады: сығ-а-нақ, бәлкім, сығ-ан-ақ, қалай десек те мұның негізін де гидрографиялық терминмен байланыстыруға болады. Түбірін сығ-, суғ- деп екі нұсқада алуға болады. Сонда ретроспективалық жолмен қарасақ, көне түркі тіліндегі «судың» әуелгі пішінін беретін суб, сув, суғ келіп шығады. Мұның Сунақ аталып кетуіне де осы пішіндер түрткі болған. Бұл сөздің қосымшасын -нақ деп те қарауға болады. Қарнақ ойконимін қарастырған Л. Каримова: «Қарнақ» топонимі қар және -нақ (ноқ), -лак/лоқ, -ла+қ, ли+қ элементтерінің қосылуынан пайда болып, «қарлы жер» деген мағынаны білдіреді. Ал -нақ/ноқ аффиксі өзбек тілінде тұрақ-жай атауларын жасаушы -лоқ аффиксінің бір нұсқасы болып саналады» [8; 70], – дейді. Егер бұған сүйенсек, сығанақ қазіргі тілімізде сығалы түрінде болып шығар еді, ал бұл – сөздің берер мағынасын тіптен күнгірттендіріп жіберер еді (Қарнақ сөзін Л. Каримовадан өзгеше талдауға болады: қар – көне түркі тілінде етістік, «араласу» деген мағынаны білдіреді [2; 422], оған -ынақ/-анақ форманты жалғанып тұр, -нақтың алдындағы сусымалы дауысты дыбыс түсіп қалған). Сондықтан -анақ қосымшасын қарастырған жөн. Қазақ тілінде -анақ формантымен топонимдер де, басқа зат есімдер де жасалады. Мысалы: Қарнақ, Шығанақ, қағанақ. -анақ күрделі қосымша деп санаймыз: -ан және -ақ. Бұлар түркі тілінің қай-қайсында болсын қолданылады. -ан жұрнағы етістіктен зат есім тудырып, кимылдың

статикалық күйін, қалпын білдіріп тұрады, бұл жұрнақтың фонетикалық нұсқалары – -ан/-ен, -ын/-ін, -н. Қыр-ан, шығ-ан, бөге-н, сүр-ен, піш-ен, шығ-ын, сау-ын, түй-ін, мақта-н т.с.с. зат есімдер осы тәсілмен жасалған. Сонда Сығанақ сөзінің бірінші бөлігі суғ-ан болып шығады да, бұл жерде суғ пішінінің етістік-есімдік корреляциясы (синкретизм) жанданады (мұндай корреляция түркі тілдерінде өте жиі кездеседі, мұны Е.З. Қажыбековтің зерттеулерінен анық көруге болады [9]), сөйтіп, -ан жұрнағының ықпалымен судың әлдебір статикалық қалпын білдіретін зат есім болып саналады. Кейінгі морфема -ақ та зат есім тудыратын жұрнақ, үндесімдік нұсқалармен қолданылады: -ақ/-ек, -ық/-ік, -к. Қазақ тілі сөзжасамында өнімді жұрнаққа жатады. Бұлар арқылы жасалған зат есімдер мағыналық тиянақтылыққа ие болып, «белгілі бір заттың не бір нақты процестің атауы ретінде қолданылады» [10; 319]. Осы тұста Сунақ деген этнонимнің бар екенін ескерте кетуіміз керек. Сонда «қала аты осы этнонимнен шыққан ба, әлде этноним осы ойконимнен шыққан ба» деген заңды сұрақ туады. Оның үстіне, сунақтардың негізгі мекені осы Сығанақ (Сунақ) төңірегінде екенін ескерсек, бұл сұрақ өткірлене түседі. Дереккөздер қожалар мен сунақтардың бір этникалық топқа жататынын, олардың атауының шығуын исламдағы суннамен (суннаһпен) байланыстырады [http://ushjuz.kz/?page_id=230]. Олардың ислам миссионерлері ретінде келгенін ескерсек, мұны теріске шығаруға болмайды. Сондықтан мұны объективті сәйкестік қана деп қараған ұтымды. Сөйтіп, Сығанақ астионимі судың қандай да статикалық күйдегі процесінің атауы болып танылады. Суяб – Ұлы Жібек жолы бойында, Шу алқабында, ортағасырлық дәуірдің бастапқы кезеңінде

СЫНТАС – шоқы. Ақмола обл., Целиноград ауд. *Сын* омоним сөзінің бір мағынасы «бір заттың табиғи бітімі мен сәні, өз сыры мен келбеті» (ҚТТС, 8т, 475) болып келеді. Қазақ «адам бейнелі жасалған балбал тастарды» *сынтас* деп атайды. М.: «Мен

мәңгі жасайтын сынтас емеспін, бір күні өлермін», - деген айтылыс кездеседі. Сын + тас топонимі «адам сынды (бейнелі) тас» мәнінде тұр. Бұл жерде сондай тастардың бірі болған немесе бар болуы керек. Қазақ даласында көп кездесетін сынтастардың көбін Кеңес заманында құрылыс табанына салып жіберген, тың игеру кезінде жоғалғаны туралы деректер кездеседі.

СЫРДАРИЯ - өзен. Қызылорда обл. *Сырдария* өзенінің көне атауларының бірі *Инжу* гидронимі екені тарихтан белгілі. С.Г.Кляшторныйдың айтуынша, бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде *Йенчу үгүз* «маржанды (жемчужная) өзен» деп аталса, қытай жазбаларында *Чжень чжу-хэ* «река истинного жемчуга» деп аталған көрінеді. И.Маркварт осы түрік, қытай тілдеріндегі мағынаны парсылар өзгертпей, *Яқсарт* «истинный жемчуг» түріне аударып алғанын дәлелдеп шыққан [12;189]. Ал О.О.Сүлейменов славян тілдеріне енген түркі сөздерінің қатарына *жемчуг* сөзін де жатқызады. «Өйткені, - дейді ол, - қытай тіліндегі *йенчу* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, оның өзі түркі тілінен қабылданған сөз болуы мүмкін»[13;9].

Біздің ойымызша, ертеде негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені *Яқсарт* (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді түркілер *Инжу* “моншақ, маржан” деп атаған. Сонда *Инжу* гидронимі жай ғана таңба емес, семантикасы бар толыққанды сөз болып шықпай ма?! Топонимнің сөзге жуық болатыны да содан – оны шартты таңба сияқты шексіз ауыстыра беруге келмейді. Сол заттың белгілерімен ғана шектеледі. Мәселен, *Сырдария* гидронимі кейін ол өзеннің сырға, бояуға ұқсас сары түсті суына орай берілді деп жүрміз, алайда осы *сыр* сөзінің өзі көне иран тілінде «інжу», «моншақ, маржан», деген мағына береді деген пікір де жоқ емес (А.Әбдірахманов, Қ.Өмірәлиев).

Сырдарияның *Инжу* өзен аталу себебі оның бойына моншақша тізіліп орналасқан қалалардың әсері деген пікіріміз

расталғандай, ортағасырда ол қалалардың саны өсе түскені байқалады. Мәселен, Сырдың бойында *Бұзыққала*, *Күйікқала*, *Янгикент*, *Алтынасар*, *Жанқала (Жент)*, *Қызтөбе (Баршынлыкент)*, *Сунақ-Ата (Сызнақ)*, *Түркістан (Йасы)*, *Артық-Ата*, *Кавған-Ата*, *Отырар*, *Сүткент* қалалары бой көтерді [42; 74 - 75]. Тарихи-археологиялық деректер бойынша орта ғасырда қазіргі Қазақстан жерінде 57-60 қала болған болса, оның 80 % - ы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда орналасқан. Оны, әрине, көрші Орта Азиядағы отырықшы, қалалы өмірдің ықпалынан деуге болады.

Қорыта келгенде, топонимика ғылымын құрайтын ұштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады.

СІБЕ – өзен, көлдер, Ұлан ауд. Этнотопоним. Мәнжүрлерді қытайлар «мохэ», қидандар «журжан», түркілер «шүршіт» деп атаған. Мәнжүрлердің қытайша «сибо», қазақша «сібе» деп аталатын бір тайпасы бертінге дейін қытайдың шекарасын күзетіп келген.

Қытайлар жоңғарларды жеңгеннен кейін, орыстар Ертіс бойын тұтас қамтып Зайсан көліне дейін бекіністер салуға ұмтылды. Алайда қытайлықтар орыстарды жақындатпау үшін, Нарын өзені бойына және Қалба тауының оңтүстік беткейіне бірнеше бекеттер қойып тастаған еді (1760 жылдары). Ол бекеттерді осы сібелер күзетіп тұрғандықтан, Сібе этнотопонимі пайда болды. Алайда, 1860 жылы Қытай мен Ресей арасындағы

шекараны межелеген Пекин трактаты бекітіледі де, бұл қазақ жерлері орыс отарына қаратылады.

СІЛЕТІ – е.м.Ақмола обл., Ерейментау ауд. Топонимтанушы-ғалым Ғ.Қоңқашпаев Сілеті гидронимі моңғол. чулуу «тас» + т (түркі-моңғол тілдеріне ортақ көптік мәнді жұрнақ) екенін анықтаған еді (Жанұзақ, 2007, 179). Чулуут > Сүлеті > Сілеті болып қазақ тіліне бейімделген. Бұл пікірдің растығын Сілеті өзенінің ұзына бойындағы тасты шатқалдар (каньондар) дәлелдеп тұр.

- Т -

ТАБАҚБҰЛАҚ – тж. бекеті. Жамб. обл., Талас ауд. *Табақ* зат есімі «піскен ет, т.б. тағам салатын дөңгелек жайпақ ыдыстың» (ҚТТС, 8т, 519) аты. Түбі араб тілінен енген сөз. Топонимжасамда «табаққа ұқсас дөңгелене біткен ойпат жерлерді» атап көрсетеді. Табақ + бұлақ гидронимі «табақ тәрізді ойпаң жерде ағатын бұлақ» деген ұғым береді.

ТАБАНКӨЛ – көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд. *Табан* сөзінің негізгі мағынасы «аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі» (ҚТТС, 8т, 521) болса, топонимжасамға оның ауыспалы мағынасы: «өзеннің, сайдың, өзектің түбі, арнасы» қатысады. Табан + көл гидронимі «табаны, түбі көрініп жататын көл» деген мағына береді.

ТАБАР – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Табар топонимі (Ол халықты Табарға қондырдық – КТб 38-жол) көне түркі. табар «дүние-мүлік» (ДТС, 1969, 526) сөзінен жасалған, «дүние-мүлік саудалайтын орын, базарлы жер» деген ұғымға келеді. Табар сөзі көне түркі. табу «табу, жинау» түбірінен жасалып тұрғанын аңғару қиын емес және орыс тіліне товар болып енген (Шипова, 1976, 321, 322). Табар/товар/тауар болып, тілімізге қайта оралып отыр. Табар сөзі «дүние-мүліктен» басқа, «керуен

сарай, көшпелі тұрақ (табор)» мағыналарында да қолданылған (Фасмер,1964,68).

ТАҒАНАССАЙ – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. *Таған* зат есімі «ошақтың т.б. нәрсенің аяғы; тіреуіш» мағынасын береді (М.: ошақты «үштаған» деп атау қалыптасқан). Топонимжасамда «тағандана, салаласа біткен табиғи нысандарды» атап көрсетуге қатысады. Таған + ас + сай сөздерінен біріккен топоним «тағандана (салалана) аққан суы бар сай» деген мәнге келеді. Мұндағы ас көне түркі. «су» мағыналы сөзі екені дәлелденген.

ТАЗТӨБЕ – қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. *Таз* сөзінің негізгі мағынасы «басқа түсетін жұқпалы жара» болғанымен, көбінесе «басы таз адам» мәнінде қолданылады (ҚТТС, 8т, 533). Топонимжасамда «өсімдігі жоқ немесе аз, тақыр геонисандарға» *таз* сөзі атау болады. Таз + төбе оронимі «басы тақыр төбе» деген мән береді.

ТАЙАТҚАН – тау. Қарағанды обл., Шет ауд. Тай + атқан сөздерінен біріккен атау, тура мағынасында, «екі жасар жылқы баласын (тайды) атқан» дегенді білдіреді. Әлдебір оқиғаға байланысты тайды атқан ба, әлде Таят + хан тұлғасындағы антропоним бе, әлде Тайат + қан «жақындатқан, таяулатқан» мәнді сөз бе, әлде таудың тастарындағы көптеген петроглиф-суреттердің арасында «садақпен жабайы жылқыны атып тұрған» бір сурет болғандықтан, Тайатқан деп аталған ба деген пікір, көзқарастар бар. Біздің ойымызша, Тайатқан оронимі көне түркі. тайыт «тайдыру, сырғанатып жіберу» (ДТС,2016,559) + қан (өткен шақ есімше жұрнағы) арқылы жасалып, «тайдырған, сырғанатқан тау» деген мағына беретіндей. Тайытқан > Тайатқан болып тілдік өзгеріске түскен. Бұл пікірімізді таудың жылтыр тастары мен Айнатас, Сырғанақтас деген кейінгі атаулары растай түседі.

ТАЙҒҰН КӨЛ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тайғұн көл/Тайғың көл «Көне түркі сөздігінде» Тайған көл түрінде берілген (ДТС,1969,528), сондықтан көптеген зерттеушілер көне түркі. тайған «тазы ит» сөзімен байланыстырады

(Махпиров,1997,263). Біздің ойымызша, тайған сөзінің өзінде көне түркі. тез «қашу, жүгіру», тезіг «жылдам, тез» (ДТС,1969,557,558) түбірі жатыр: тезген/тазған/тайған. Сонда, Тайған көл «(суы) қашқан (суалған) көл» мағынасын беруі бек ықтимал (салыстырыңыз: Қашқандария).

ТАЙЖҮЗГЕН – өзен, Тарбағатай ауд.,ШҚО. Тай (зат есім) + жүзген (өткен шақ есімше) құрамды атау. «Тайдың аяғы жерге тимей жүзіп өтетіндей недәуір терең суы бар өзен» дегенді меңзейді.

ТАҚТАКӨЛ – көл. СҚО, Майбалық ауд. *Тақта* зат есімі «бормен жазуға арналған баран түсті тегіс тақтай» мағыналы парсы сөзі болып табылады. Екінші мағынасы – «арасын межелеп бөліп-бөліп тастаған егістік жер» (ҚТТС, 8т, 551). Екеуіне ортақ сема – заттың тегіс және төртбұрыш болып келуі. Топонимжасамда «пішіні төртбұрыш болып келетін тегіс табиғи нысандарды» атауға қатысады. Тақта + көл гидронимі «сырт пішіні тақтаға ұқсас төртбұрыш көл» деген ұғым тудырады.

ТАҚТАҚ – тау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд. *Тақ* сөзінің негізгі бір мағынасы «жүппен алмасып келіп отыратын сан (1,3,5,7)» болса, оның ауыспалы мағынасы «жеке, дара, жалғыз» (ҚТТС, 8т, 547) болып келетіні анықталған. Осы соңғы семантикасы топонимжасамға қатысып, «жеке, жалғыз тұрған табиғи нысанды» таңбалайды. Мұндағы Тақ + тақ оронимі *тақ* «жалғыз, дара» + *тақ* көне түркі. *тағ* «тау» сөздерінен бірігу арқылы жасалғаны байқалады (Тақтағ>Тақтақ). Мағынасы: «жеке тұрған жалғыз тау».

ТАҚЫРҚҰМ – қыстау. Жамбыл обл., Байзақ ауд. *Тақыр* сөзі «шөл, шөлейтті өңірлерде өсімдік өспейтін қуқыл жер» (ҚТТС, 8т, 554) мағынасын беретін географиялық терминге айналған. Топонимжасамда «мүлде шөп өспейтін жерлер мен шөбі тықыр жерлерді» бірдей *тақыр* деп атау қалыптасқан. Тақыр + құм топонимі «өсімдіксіз және қалың емес, бұйратсыз тегіс құм» деген мағына береді.

ТАЛАС – өзен, Жамбыл обл. Бұл гидроним қытай саяхатшысы Чжан Цянның б.э.б. 138-126 жылдары Орта Азияға жасаған саяхатынан белгілі. Ал тарихта Дизабул мен Земарх парсы елшісін Талас қаласында күтіп алатыны жазылады.

Белгілі ономаст-ғалым Т.Жанұзақ Талас тарихи гидронимін *тал* көне түркі. «шоқы», «шың», «тау» + *ас* орал-алтай тілдеріндегі «су», «өзен» сөздерінің бірігуінен шығарады (Жанұзақ, 181).

Біздің ойымызша, Талас өзенінің аты көне түркі. *тал* «талу (еру)» + *ас* «су» сөздерінен бірігіп жасалған да, «еріген қар суы» деген мағына береді. Оған басты уәж – Талас өзенін қоректендіретін көптеген бұлақ, сулардың Қырғыз Алатауының қарлы шыңдарынан бастау алатыны. Өзен тұтастай қар суымен қоректенеді (Северцов, 2017, 52). Оның үстіне, Таластың бастауында (қырғыз жерінде) екі Талдыбұлақ атты су ағады. Қазақстан жеріндегі көптеген Талдыбұлақ, Талдысу гидронимдерінің мағынасы *тал* «өсімдік» атауынан шығады десек те, кейбірінде осы *талу (еру)* сөзі жатуы да мүмкін. Орыс тіліндегі «*талая вода*» термині де көне түркі. *тал* «талу, талықсу, таю (еру)» сөзінен шығады, бәлкім.

ТАЛҒАР – шың; е.м. Алматы обл., Талғар ауд. Қазақ топонимикасының ардагерлері А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақовтар *Талғар* оронимін парсы. *тал* «тау» + көне түркі. *ғар/қар* «тау» сөздерінің бірігуінен жасалған деп тұжырымдайды [25; 182]. Бұл пікірдің дұрыстығын Талғар Іле Алатауының биік шыңдарының бірі екені (4973 м) дәлелдеп тұр. Биік шыңды Талғар «тау – тау, биік тау, шың» деп атап кеткен. Бұл деректі жүз пайыз дұрыс деуге болмайды, себебі парсы тілінде тауды «*куһ*» деп атайды (Жеменей, 1994, 326).

Талғар қалашығы он екі ғасыр бұрын салынғаны және оның көне аты Талхиз болғаны туралы белгісіз парсы саяхатшысы жазып кеткен дерек бар. Сонау сақ дәуірінен бастап, Талхиз/Талғар, Есік, Қойлық, Өрікті қорғандары Чаньан – Тянь-

шань бағытындағы Ұлы Жібек жолының сауда орындары, аялдама бекеттері болғаны дәлелденіп отыр.

Осы деректерге сүйеніп, біз, Талғар оронимін көне түркі тал «жоғары, биік (тал түс)» (Кайдар, 2005, 255) + хиз/құз/құр/қар/ғар «құз, тас, тау» деген сөздерден біріккен атау деп табамыз. Сонда көне Талхиз/Талқұз > Талқар/Талғар «биік құз, шың» деген мағына береді. Алатау тау жүйесінен Талғар шыңының ерекше биік шығап тұратыны (4979 м) атауға уәж болған. Талғар оронимі кейін өзенге, елді мекенге ауысқан.

ТАЛДЫҚОРҒАН – қала, Жетісу облысының орталығы. *Тал* зат есімі «майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты өсімдіктің» аты, фитоним. Топонимжасамда «тал ағашы өсетін жерлерді» атауға атсалысады. Талды + қорған ойконимі «тал (өсімдігі) мол қала» немесе «талдан тоқып, сар балшықпен толтырылған қорған» деген екі ұғымның бірінде тұр. Қорған сөзі «қала» мағынасын беретіні белгілі. Ресми қала атын бертін алғанымен, Талдықорған маңында көне қалалар болған, өйткені қала Жібек жолы бойында тұр.

ТАЛЫҚЫМ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Талықым/Ірленті Талқым күрделі атауындағы Ірленті көне түркі. ірле/йірле/йерле «жерлеу, қоныстану, игеру» (ДТС, 1969, 258) + нті (зат есім жұрнағы) арқылы жасалып, Йірленті/Ірленті «мекендеген, қоныстанған жер» мағынасын береді. Ал Талқым көне түркі. талқығ «таулардың тұтасқан, ұштасқан жері» (Қашқари, 1997, 522) сөзінен шығуы мүмкін, өйткені «Жоңғар Алатауының Іле өңіріндегі, Шығыс Түркістанға ұласатын асулары Талқы тауы деп аталады» (Аудармашы А.Егеубай, сонда). Талқы, талқығ, талқым көне түркі. талқы «иленген теріні жұмсартатын ағаш құрал» (Қайыржан, 2013, 370) сөзінен шығатынын байқау қиын емес. Сонда, Ірленті Талқым «ел қоныстанған тау торабы» деген ұғым тудырады.

ТАМАҒ ЫДУҚ БАШ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Топоним құрамындағы Тамағ сыңарын профессор Т.З.Қайыркен қытай тілінен аударғанда Тадат асуы

(Додань-линь) екенін және «Қытай тарихының атласында» Тарбағатай жотасы деп көрсетілгенін жазады (Қайыркен, 2008, 97). Сонымен бірге, Тамағ топонимін профессор Қ.Сартқожаұлы қазіргі Тарбағатай тауы деп дәлелдейтінін де келтірген (сонда). Ендеше Тамағ оронимі көне түркі. тамағ «тамақ, өнеш» сөзінен жасалып, «тамақ сияқты өтетін жіңішке асу жолы немесе суы бар тау» деген мағына береді. Тамақ «өзеннің басы, тау шатқалы» мағынасында түркі тілдеріне тән географиялық терминге жатады (Мурзаев, 1984, 542). Ал Ыдуқ көне түркі. ыдұқ «қасиетті, киелі» (ДТС, 1969, 217) сөзінен шығады да, баш «бас, таудың басы» сөзі екені белгілі. Сонда, Тамағ Ыдуқ баш оронимі «тамақ тәрізді жіңішке асуы немесе суы бар қасиетті тау басы» деген ұғым тудырады. Көне түркілер биік тау басын киелі санағаны мәлім. Қазіргі Тарбағатай тауынан бастау алатын Боғас/Боғаз өзені де көне түркі. боғаз «кеңірдек, өнеш, құлқын» (Қашқари, 1997, 1-т., 421) мағынасын беретіні кездейсоқ емес деп ойлаймыз.

ТАМҒАЛЫ – сор. ОҚО, Созақ ауд. Тамға + лы туынды атауы «таңбасы, белгісі, суреті мол жер (тас)» деген мағына береді. Мұндағы көне түркі. тамға «мөр, белгі, сурет» (ДТС, 2016, 562) деген сөздің көне түрі топоним құрамында сақталып қалған.

ТАМШИ – қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд. *Там* сөзі әдеби тіл дәрежесіне жетпеген диалект қалпында екі мағына береді: 1) «шатырлы және тоқал үй»; 2) «мола, бейіт» (ҚТТС, 8т, 574). Топонимжасамда «там (үй) немесе мола салынған жерді» атап көрсетеді. Там + ши топонимі «шилі жердегі үй немесе мола» дегенді білдіреді.

ТАМШЫБҰЛАҚ – құдық. ОҚО, Сарыағаш ауд. *Тамшы* зат есімі «сұйық заттың ең кішкене бөлігі» (ҚТТС, 8т, 579) мағынасын береді. Топнимжасамда «судың сыздықтап, тамшылап ағатын аздығын» білдіреді. Тамшы + бұлақ гидронимі «суы тамшылап қана ағатын сараң бұлақ» деген мән береді.

ТАНАКӨЛ – көл. Ақмола обл., Аршалы ауд. *Тана* сөзі омонимдес екі мағына береді: 1) «бір жас пен екі жас

аралығындағы сиыр малы; тайынша»; 2) «ақықтан жасалған, киімге тағылатын жалтырауық түйме» (ҚТТС, 8т, 582). Топонимжасамда осы екі мағына да атау жасауға қатысуы мүмкін. Атап айтқанда, «көлемі танадай (тайыншадай) ғана нысанды» атауы және «танадай жалтыраған көл, су т.б.» нысанды атауы ықтимал (м.: антропоним *Танакөз*). Тана + көл гидронимі «суы танадай жарқырап жататын дөңгелек, шағын көл» дегенді білдіреді.

ТАҢОРПА – құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд. *Таң* сөзінің мезгілді білдіретін мағынасына қарағанда, «шаттың ішкі жағы, шап» (ҚТТС, 8т, 588) мағынасы жер-су атын жасауға қабілетті болып келеді. Ол мағына ауыспалы түрде «сай, шатқал, жыралардың ішін» атауға қатысады. Таң + орпа атауы «шаттың ішінде орналасқан құдық» деген мағына береді. Мұндағы орпа «құмды жерден қазылған, ауызы кең, шегендеуге келмейтін құдық» (Қайыржан, 2013, 317)

ТАПА – е.м. Қызылорд. обл., Қазалы ауд. *Tana* қазақ тілінде *тана тал түс* тіркесінде кездеседі. Тілші-ғалым С.Мырзабеков мұндағы тапа сөзінің түбірі тап «дәл, нақ, нағыз» сөзі де, тап+а фонетикалық эпитеза құбылысының нәтижесі екенін айтады [110; 97]. Сонда тапа тал түс < тап тал түс «түс кезі, күннің дәл (тап) ортасы» ұғымын береді.

Ал топонимде *тап* > *тана* сөзі жеке-дара атау жасай алмайды, сондықтан Тапа ойконимі парсы. *тәппе* «белес, төбе» сөзінен жасалып тұр деп ұйғаруға тура келеді [111; 660]. Көне түрк. *төпү*, тәж. *теппа*, бурят. *добо*, хинди. *тибба* «төбе», «шоқы», «дөң» мағыналарында кең тараған ГТ екенін Э.М.Мурзаев та атап өтеді [46; 549]. Қазақстанда төбе географиялық термині бола тұра, *тепе/тана* нұсқасы да қолданылған болуы керек. Антропоним болуы да мүмкін: *Мұстафа>тафа>тапа*.

ТАРАҚТҮМСЫҚ – тау. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Тарақ* зат есімі «шашты, жүнді жазып тарайтын құралдың» аты

екені белгілі (ҚТТС, 9т, 17). Топонимжасамда «тарақтала біткен табиғи нысандарды» пішін ұқсастығы арқылы атайды. Тарақ + тұмсық оронимі, тура мағынасында, «тарақтала, сілемделе біткен тау тұмсығы» дегенді білдіреді.

ТАРБАҒАТАЙ- биік тау сілемдері, жота. Алакөл мен Зайсан көлдерінің арасында жатыр. Ұзындығы 300 км-ге жуық биіктігі 2992 м.; тау (2140 м) Катонқарағай ауд. Ғалым Ғ.Қонқашбаев: «Бұл монғолдың тарбаған (суыр) деген сөзінен қойылған, Моңғолияда жиі кездесетін атау», - дейді. А.Әбдрахманов: «Тарбағатай атауы монғолша тарбаға (н) сөзі мен -тай жұрнағының қосылуынан жасалған. Сөз аяғындағы н дыбысы әдетте монғол тілінде жұрнақ жалғанғанда түсіп қалады» деп жазды. Атаудың мағынасы жайлы айтылған ғылыми пікірлердің басымы Тарбағатай атауын монғол тіліндегі тарбаға «суыр» + тай (тағ, тау), яғни «суырлы, суыры көп тау» деген мағынаға ие деп қарайды.

Алайда таудың «тай» деп аталатын нұсқасы кездеспейді, сондықтан бұл -тай, -тей, -туй, -т дегендер монғол тілінің туынды сын есім жасайтын жұрнағы. Сонда Тарвага (н) + туй/Тарбағатай «суырлы» болып шығады. Ал монғолдар тауды «уул» дейді.

ТАРҒЫН – өзен, е.м., Ұлан ауд. 1. Тарғын сөзі көне түркі тілінде «қаһарлы, айбарлы, ызалы» мағынасын берген [2;372]. Ендеше Тарғын «тасуы қатты өзен» дегенді білдіреді. 2. Тар + қын түбірлерінен бірігіп, “тар шатқалмен (қынмен) ағатын өзен мағынасын береді. Осы екі мағынаға ортақ сема бар. Ол тар арнаман ағатын өзеннің ағынды болатыны.

ТАРЕСІК – жартас. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Тар* – «кең емес, кішкентай, шағын» мәнді сын есім (ҚТТС, 9т, 14). Осы мағынада топоним жасауға қатысып, геонысанның «ені тар, қыспақ жер» екенін айғақтайды. *Кең* сын есіміне қарсы мәнде қолданылады.

ТАРЛАУЛЫ – е.м., Аягөз ауд., қыстау, Күршім ауд. Тарлау (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) құрамды туынды атау.

Мағынасы: «Тарлау (колосняк ситниковый) шалғын шөбі мол өсетін жер». Тарлау шөбіне қатысты жер-су аттарының мол кездесуі ол шөптің малға аса жұғымды болатынын дәлелдейді.

ТАРЛЫҚ - е.м., Күршім ауд. Кеңес дәуірінде Жаңа Тарлық аталған. Алтай тіліндегі Таарлық "қап, мешок" сөзінен шығады[32;38]. Жер бедерінің қапқа ұқсауынан туған сөз. Көбінесе, бірнеше судың бір арнаға қосылуын саба, қап, торсық деп атайды.

ТАРХАН - е.м., Глубокое ауд. Тархан сөзі, әуелде көне түркілік әскери лауазым аты болған. Бұрынғы Ресейде адам немесе елді мекен алым-салықтан босатылса, «тархан» атын иеленген. Бұл Алтын Орда мемлекетінен қалған үрдіс болса керек. Глубокое ауданындағы Тарханка елді мекенінің аты осыдан қалыптасқан: «Алым-салықтан босатылған, еркін елді мекен» мағынасында. Э.Мурзаев «Тархан орыс жеріне терең із қалдырған тарихи топоним» деп бағалайды [10;544]. Тарханка қазір Тархан деп жазылады.

ТАСКЕСКЕН – е.м., Үржар ауд. Тас (зат есім) + кескен (өткен шақ есімше) сөздерінен біріккен. Кейбір пікір бойынша, тас + кешкен сөздерінен бірігіп, «тас өткел» мағынасын береді делінеді [30;795]. Бұл пікірді теріске шығармаймыз, алайда өткел сөзінің көне түрі «кешу» болса керек еді (Таскешу). Топонимжасамда Таскескен атауы болуы да әбден мүмкін. М., Мәрмәр тасын өндіретін жерлерге беріледі. Жол салғанда тасты кесіп, жарып салған жерлерге қойылады.

ТАСКЕШУ – е.м. ОҚО, Сайрам ауд. *Тас* сөзін «таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері» (ҚТТС, 9т, 41) мағынасына таратып айтуға болады. Тас жердің негізгі белгілерінің бірі болғандықтан, топонимжасамда «тасы бар, тасты жер» мәнінде көптеген атаулар жасауға араласады. Тас + кешу топонимі «судың асты тасты болып келген өткел» деген мағына береді. Кешу көне түркі. «өткел» сөзі екені белгілі.

ТАТЫР ЖЕЗАҚ – жазық жер. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд. *Татыр* сөзі «тұзды, сортаң, тақыр жер» (ҚТТС, 9т, 53) мағынасымен тікелей топоним жасауға қатысады да, географиялық терминге айналады. Татыр Жезақ топонимі «сортаң, тақыр Жезақ» деп Жезақ атауын анықтап тұр. Мұндағы Жезақ қазақ. жазық сөзінің бұрмаланып жазылуы мүмкін (Татыр Жазық), өйткені Өзбекстандағы Жезақ атауы парсы тілінен шығады: тәжік. Дизақ «шағын бекініс».

ТАУ ТҮРГЕН – е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Тау* зат есімі «айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жер» (ҚТТС, 9т, 54) мағынасымен топоним жасауға қатысып, географиялық терминге айналады. Тау Түрген тіркесті атауы «биіктегі, тау жақтағы Түрген ауылы» немесе «Түрген өзенінің бастауы» деген ұғымдар бере алады.

ТӘЖШОҚЫ – төбе, Ақтөбе обл., Шалқар ауд. *Тәж* сөзі «хан, патша және корольдің арнаулы бас киімі» мағынасын беретіні мәлім (ҚТТС, 9т, 59). Топнимжасамда «басы тәжге ұқсас болып келетін биік нысандарға» атау бола алады. Тәж + шоқы топонимі «басында киген тәж сияқты тасы бар шоқы» деген мән береді.

ТӘҢІРТАУ – жота. Алматы обл., Райымбек ауд. *Тәңір* < *теңір* сөзі түркі (қазақ) ұғымында «көк аспан, құдай, алла тағала, құдірет» мағынасын береді. Топонимжасамда «аспанмен таласқан биік тауды немесе тәңір тұтып табынатын табиғи нысандарды» атауға қатысады. Түркілер *Тәңіртау* атаған тауды кейін қытайлар *Тянь-Шань* «аспан тау» атандырып жіберген. Алайда Тәңіртау оронимі сақталып қалды. Тәңір + тау оронимі «көк тәңіріне жақын, биік тау» деген діни ұғым тудырады.

ТЕБІСКЕ – өзен, Тарбағатай ауд. Тебіс + ке (кішірейту мәнді жұрнақ). 1. Зайсан, Күршім аймақтарында тебіс диалекті сөзі «тентек» деген сын есімді береді. Онда Тебіске/Тебіске «ағыны қаттылау, тентек өзен» болады[7;632]. 2. Көне түркі тілінде тебіс/тепіз «сортаң жер» мағынасында қолданылған [1;546]. Онда

Тебіс+ке «жағасы немесе суы сортаңдау өзен» деген мәнде тұрады.
3. Тебіске тебіз (ортанта) шөбі өсетін жер [33;50]. Өзеннің сипаты бірінші пікірге сәйкес келеді.

ТЕБИССОР – көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. *Тебіз>Тебіс* зат есімі Ақтөбе, Қызылорда сөйленістерінде (говорларында) «шөбі қалың ойпаң жер» мағынасын береді [156; 632]. *Тебіз* сөзі диалектілік геотермин ретінде жер-су атын жасауға қатысады. Әдеби тіліміздегі *тебін* сөзінің бір нұсқасы деп білеміз. Тебіс + сор топонимі «маңайы шүйгін шөпті тұзды көл» деген мағына береді.

ТЕЗ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тез топонимі:
1. Көне түркі. тез «қашу, аулақтану» (ДТС,1969,557) сөзінен шығып, «алыс, аулақ жер» мағынасын беруі мүмкін. 2. Қазақ. тез «қыңыр нәрсені қатты қысып түзететін құрал» (ҚТТС,1986,9-т,98) сөзінен шығуы ықтимал, «тар қыспақты шатқал» мағынасында.

ТЕЗІК КИІК – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тезік Киікте. Жер-су аты, жатыс септік қосымшасын алып тастасақ, *Тезік Киік* болады. Атаудың бірінші сыңары Тезік көне түркі. тез «қашу, жүгіру» түбірінен шығатын тезік «қашқан» сөзінен жасалған (ДТС,1969,557). Ал екінші сыңары Киік көне түркі. кейік «бұғы, елік, аңдардың жалпы аты» сөзінен шығады (ДТС,1969,294). Тезік Киік топонимі «қашқан киік немесе киік қашқан» мағынасында тұр. С.Е.Малов жалқы есім ретінде көрсетпеген.

ТЕКЕБАСТАУ – бұлақ. Алматы обл., Райымбек ауд. *Теке* зат есімі «ешкі малының екі жастан асқан піштірілмеген еркегінің» (ҚТТС, 9т, 101) аты, зооним. Топонимжасамда, көбінесе, «жабайы тау ешкісін *теке, таутеке* түрінде атап барып, олар мекендейтін жерлерді де солай атау қалыптасқан». Теке + бастау гидронимі «бастау тұсында таутекелер мекендейтін бұлақ» деген ұғым тудырады.

ТЕЛДҮ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен Телдү топонимі көне түркі. телді «теліді» (Қашқари,1997,40) сөзінен жасалып, «өзеннің бір тармағының екінші бір өзенге қосылып

жатқанын» білдіреді. Малдың төлін екінші бір малға теліп емізген сияқты.

ТЕЛПЕКҚОҢЫР – қоныс. СҚО, Жамбыл ауд. *Телпек* зат есімі «төбеге ғана киетін тақия сияқты жұқа бас киімнің» аты (ҚТТС, 9т, 109). Топонимжасамда «телпекке ұқсас шағын төбе, дөңі бар жер» мәнінде атаулар жасайды. Телпек + қоңыр топонимі «шағын, телпектей ғана төбесі бар шұрайлы жер» деген мағына береді.

ТЕМІР ҚАПЫҒ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тура мағынасында Темір қақпа болады: көне түркі. қапығ «қақпа, дарбаза, есік» (ДТС, 1969, 420). Қазіргі кезде Темір қапығ топонимі Гиссар тау жотасындағы Бузгала шатқалындағы жол екені анықталған (Өзбекстанда). Кейде оған ең жақын елді мекен Дербент болғандықтан, Дербентте орналасқан деп те айтылады (БСЭ, 1926-1947, 241). Ол жерде арнайы бір темірден жасалған қақпа болмаған, тар шатқалдың биік жартастары темір түстес қаракөк болғандықтан, Темір қақпа аталған екен.

ТЕМІРТАС – өзен. Алматы обл., Талғар ауд. *Темір* сөзі «берік және салмақты металл; шойын мен болаттың негізгі бөлігі» мағынасын береді [ҚТТС, 9т, 111]. Топонимжасамда «темір кені бар жердің; темірден жасалған әлдебір нысан тұрған жердің атын жасауға қатысады және темірдей берік, темірдей суық» мәндерін туғызады. Темір + тас сөздерінен біріккен гидроним «түсі темірдей кара тасты өзен» деген мағына береді.

ТЕНТЕК – өзен, Алакөл ауд., Жетісу обл. *Тентек* – «тәртіп бұзғыш бұзақы, сотқар» семантикасымен адамның мінезіне қатысты айтылатын сын есім. Жер-су атын жасауға метафораланып барып кіріседі және «табиғи нысанның анда-санда көрсететін адуын мінезін (тасуын, жайылуын т.б.)» білдіреді. Тентек гидронимі «суының тасуы қатты, тентек» деген мәнде тұрғаны анық.

ТЕҢІЗ ӨЗЕНІ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Теңіз өзені ескерткіш мәтінінде Талұй үгүз. Талұй көне түркі.

талұй «мұхит, теңіз» (ДТС,1969,529) сөзінен жасалып тұр. Талұй үгүз (өзен) деп теңізді айтып тұр: ілгері Шантұн жазыққа дейін жауладым, Теңізге сәл жетпедім (КТ(м), 4-жол). Мұнда Сары теңіздің айтылып тұрғанын байқаймыз.

ТЕПЕҚҰДЫҚ – құдық. ОҚО, Қазығұрт ауд. Көне түркі. төпү/тепе, қазақ. *төбе* сөзінің негізгі мағынасы «бастың ең үстіңгі бөлігі» болғанымен, оған ұқсату арқылы тағы бірнеше мағына қалыптасқан. Соның бірі «жер бедерінің дөңестене, дөңгелене біткен биіктігі» мәніндегі *төбе* сөзі. Ол осы мағынада географиялық термин жасап, топоним құрамына енеді. Көбінесе «төбе маңындағы, төбедей нысандарды» атайды. Тепе + құдық топонимі «төбелі жердегі құдық» деген мағына береді.

ТЕРЕҢӨЗЕК – кент. Қызылорда обл., Сырдария ауд. *Терең* сын есімі «түбіне бойламай кететін тұңғиық; шыңырау» мағынасына ие болып, дәл осы мәнде топонимжасамға да қатысады. Терең сын есімі өзі бірігетін географиялық термин денотатының салыстырмалы түрдегі «терең су не терең шұңқыр, ойық» екенін сипаттайды.

ТЕРІС -өзен. Жамб. Обл., Сарысу ауд. Бұл да *кемер* географиялық термині тәрізді әрі ороним, әрі гидроним қызметін атқарады: 1) *Теріс* – таулы өлкеге тән ороним. Таудың солтүстік немесе көлеңкелі жағын қазақ *теріскей* деп атайды. Ал осы теріскей жағы ит тұмсығы өтпейтін қалың орманнан тұрса, оны *теріс* дейді. Оның басты себебі – мұндай қалың орманның таудың күңгейіне емес, теріскейіне тән болып келетінінде. *Теріс* – «қалың орман» ұғымымен мәндес. 2) Гидроним ретінде *теріс* термині екінші бір суға немесе саласына қарама-қарсы бағытта ағатын өзендерді атап, *Теріс*, *Терісаққан*, *Терісағар*, *Теріссу*, *Терісайрық* секілді гидронимдер жасайды.

ТЕРІСКЕЙ ҚАРАТАУ – тау, е.м., ОҚО, Созақ ауд. *Теріскей* – «солтүстік жақ, терістік» (ҚТТС, 9т, 137) мәнінде бағыт-бағдар беретін сөз. Топонимжасамда «көбінесе биік, көтеріңкі нысанның күңгейіне (оңтүстігіне) қарама-қарсы жағын» атайды. Теріскей

Қаратау тіркесті атауы «Қаратаудың солтүстік жағы және таудың теріскейіндегі ауыл» деген ұғым береді.

ТЕРІСКЕНЕСПЕ – арна. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. *Теріскен* сөзінің «адам көзіне шығатын бөрткен» мәнінен басқа «алабота тұқымдас шала бұта» мағынасы бар екені мәлім (ҚТТС, 9т, 137). Топонимжасамға «теріскен бұтасы өскен жер» мәнімен ғана қатыса алады. Теріскен + еспе біріккен атауы «теріскен бұтасы өскен еспе (сусымалы) құмы бар жер» деген мағына береді. Еспе географиялық термині «құрғақ құмның жылжуын немесе сумен бірге жылжуын» қатар білдіреді.

ТОБЫЛҒЫСОР – тұзды көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд. *Тобылғы* сөзі «раушан гүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұтаның» (ҚТТС, 9т, 153) аты, фитоним. Топонимжасамда «тобылғы бұтасы қалың өсетін жерлерді» негізгі белгі етіп алып, атаулар жасалған. Тобылғы + сор топонимі «тобылғы бұтасы өскен тұзды, қақты жер» деген мәнде тұр.

ТОҒАНКӨЛ – көл. Ақмола обл., Аршалы ауд. *Тоған* сөзі «су жинап алатын бөгет, тоспа, арық» мағынасымен гидрографиялық терминге айналады. Топонимжасамда «тоған құрылысы салынған жерлерді» атауға қатысады. Тоған + көл гидронимі осындай «суы бөгелген соң пайда болған көл» деген мән береді.

ТОҒЛА ӨЗЕНІ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тоғла өзені қазіргі Тола өзені, өйткені түркі тілдерінде сөз ортасындағы «ғ» дыбысының тұрақсыздығы бар құбылыс (йығырба/йегірмі/жиырма) (Серебренников, Гаджиева, 1986, 46). Тола көне түркі. толұ «толы, толық» (ДТС, 1969, 573) сөзінен жасалып, «(суы) толы, толған (өзен)» мағынасын береді.

ТОҒҰ БАЛЫҚ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тоғу балық елді мекен аты (ойконим) екені анық, өйткені балық сөзі көне түркі. «қала» мағынасын беретіні дәлелденген. Ал Тоғұ/Тоғұл қаласының орны қазіргі Моңғолияның астанасы Уланбатордың батысынан табылып отыр (Қаржаубай, 2003, 254). Онда кейін Керей ұлысының кіші ордасы, Шыңғысханның ордасы

орналасқан. Екі түрлі болжам ұсынамыз: 1. Тоғұ/тоқы көне түркі. тоголок «дөңгелек төбелер» (Мурзаев,1984,555), хакас. тоғлах «дөңгелек» (Хакаско-русский словарь,1953,229), қазақ.(диалект) тоғыт «шаңырақ, арбаның дөңгелегі» (Диалектологиялық сөздік,2007,639), тоғұ/тоқұ «белбеудің айылбасы, белбеудің доғасы» (Қашқари,1998,308,3-т.), моңғол. тогоо «қазан» (Базылхан,1987,460) сөздерінен шығып, Тоғұ балық «дөңгелек (қорғанды) қала» мағынасын береді деп ойлаймыз. 2. Қазақ. тоғыл, тоғыс «әр тараптан келіп бір-бірімен түйісу, тоқайласу» сөзінен шығып (ҚТТС,1986,156,9-т.) «өзен-судың тоғысындағы қала» мәнін беруі мүмкін, өйткені қала Толұ өзенінің маңында болған.

ТОҒЫЗ ЕРСЕН – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тоғыз Ерсен, негізінде – этноним, бірақ «Тоғыз Ерсенге дейін жауладым» дегенде топонимдік қызмет атқарып тұр. Мұндағы тоғыз көне түркі. тоқұз «тоғыз сан есімі», ал ерсен этнонимінің мағынасы әлі ашылмаған және бұл тоғыз рудан тұратын тайпа дегеннен басқа дерек жоқ. Біздің ойымызша, ерсен көне түркі. ерсел «тұрақсыз, айнымалы» (ДТС,1969,181) сөзінен шығып, «көшпенді, отырықшы емес» мәнін беретіндей.

ТОҒЫЗКЕНТ – е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд. *Тоғыз* есептік сан есімі «сегіз бен онның аралығындағы санды» білдіретіні мәлім (ҚТТС, 9т, 156). Топонимжасамда «тура тоғыз санымен саналатын табиғи нысанды, не бір шағын нысандар тобын» атап көрсетеді. Оған қоса *тоғыз* түркілердің киелі сандарының біріне жататынын да ескерген жөн. Тоғыз + кент ойконимі, тура мағынасында, «тоғыз қала» дегенді білдіреді. 1997 жылға дейін Түгіскен аталып келген ауылға көне қаланың аты Тоғызкент берілді. Тоғызкент Ұлы Жібек жолындағы тоғыз бекіністі қала болғанға ұқсайды.

ТОЙҚҰДЫҚ – құдық. Жамбыл обл., Талас ауд. *Той* сөзі «қуанышты жайға байланысты ет асылып, ел шақырылып өткізілетін ойын-тамашалы жиынның» аты. Түбі *той* «тойынып тамақ ішу» сөзімен байланысып жатыр.Топонимжасамда «ел

есінде сақталған ірі той болған жерлерді» атауға қатысады. Той + құдық топонимі «маңында үлкен той болған құдық» немесе «суы тоқ(мол) құдық» деген екі мағынаның бірінде тұр. Соңғы мағынаға қосарымыз, той/тоқ мәндес, синкретті түбірлерге жатады (Кайдар, 2005, 259).

ТОҚЖАЙЛАУ – е.м. Алматы обл., Алакөл ауд. *Тоқ* сын есімінің негізгі мағынасы «ішіп-жеп тойған» (ҚТТС, 9т, 166) болса да, топонимжасамда оның ауыспалы мағыналарының бірі «жуан, толық, бай, мол» жиі қатысады.

ТОҚСАНСАЙ – е.м. Түркістан обл., Ордабасы ауд. *Тоқсан* сөзі «сексен тоғыздан кейінгі есептік санның» аты (ҚТТС, 9 т, 171). Топонимжасамда сирек қолданылады және «табиғи нысанның біршама мол екенін» білдіру мақсатында атау құрамына енеді. Тоқсан + сай сөздерінен біріккен атау «көптеген сайлары бар ауыл» деген мағына береді. Тоқсан антропоним болуы да мүмкін (Тоқсанның сайы).

ТОҚТЫӨТКЕЛ – тж. бекеті. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд. *Тоқты* сөзі «қойдың алты айдан асқан төлінің» аты, зооним. Топонимжасамда «тоқты малына тікелей қатысты оқиға болған жерді (М.: *Тоқтықұлаған*) немесе көлемі шағын нысанды (М.: *Тоқтыөткел*)» атайды. Тоқты + өткел гидронимі «тоқты кешіп өтетіндей саяз өткел» деген мағына береді.

ТОҚЫШ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тоқыш топонимі, тура мағынасында, «соғыс, ұрыс, шайқас болған жер» ұғымын береді, өйткені көне түркі. тоқыш «ұрыс, айқас, соғыс» (ДТС, 1969, 577) сөзінен жасалып тұр.

ТОЛАҒАЙ - тау (926 м), Тарбағатай ауд., тау (985 м), е.м., Көкпекті ауд. Жергілікті халық аузында осы тауға байланысты мынандай аңыз да бар: Зайсан көлінің оңтүстігінде кең көсіліп жатқан атақты Шорға жазығы ертеде қуаңшылыққа ұшырап, жаңбыр жаумайтын заманға тап болыпты. Суға зәру болған халқының, қамын ойлаған қара күш иесі - Толағай атты бала тәуекелге бел буып, басынан жауын кетпейтін Тарбағатай

сілемінің Қатай, Қандысу тұсынан үлкен бір тауды ырғап-ырғап орнынан көтеріп алып, Шорғаға қарай әкеле жатқанда, аяғы тайып кетіп өзі көтеріп келе жатқан тау астында қалыпты-мыс. Тау сол алып баланың атына Толағай атаныпты. Осы аңыздың желісімен ақын Ә.Тәжібаев «Толағай» ертегісін жазып шыққанын білеміз.

Ғалым Ғ.Қонқашпаев "толағай" - моңғол тілінен енген «шоқы, жеке тұрған биік тау» деген пікір айтады. Расында, моңғол. толгой «адам басы; жеке тұрған тау, төбе» деген сөз бар. Сонымен бірге, толгой/толағай сөзі түркі-моңғол тілдерінде «жұмыр, домалақ» және «адамның басы» мағыналарын береді. Махамбетте «қу толағай бастанбай» деген сөз бар. Мұнда бұл сөз «адам басы» деген мәнде тұр. Соған қарағанда Толағай - «домалақ, жұмыр тастардан тұратын тау» дегенге келеді. Шығыста Мұрын Толағай, Сары Толағай, Елсіз Толағай деген таулар бар.

ТОМАРТАС – өзен. Алматы обл., Қапшағай қ.ә. *Томар* сөзінің екі мағынасы да: бірі – «кесілген ағаштың қалған түбірі»; екіншісі – «шалшықты, қопалы жерде болатын жертомар» топонимжасамға қатысуы мүмкін. Алайда топоним жасау әлеуеті екінші мағынада басым болып келеді, өйткені ол біршама тұрақты белгіге жатады. «Томарлы, шөптесін, сазды жер» мәнінде топонимдер тудырады. Томар + тас топонимі «жағасы жертомар тәрізді домалақ тасты өзен» деген ұғымда тұр.

ТОҢА ТЕГІННІҢ КИЕЛІ ОРЫНЫ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тоңа көне түркі. тоңа «жолбарыс тектес бір аң... Бұл сөз көбінесе адамдарға лақап орнында айтылады... Жолбарыс секілді күшті, қайратты, батыр адам дегендегісі» (Қашқари, 1997, 3-т., 493) сөзінен жасалады. Тегін көне түркі. «ханзада, сұлтан, тақ мұрагері» мәнді сөз екені белгілі. Тоңа тегіннің киелі орыны топонимін «Тоңа тегіннің киелі кесенесі (барық) салынған жер» деп ұққан жөн.

ТОҢӨТКЕЛІ – қоныс. Ақтөбе обл., Байғанин ауд. *Тоң* сөзі «жер қыртысының суықтан сіресіп қатып қалған үстіңгі қабаты» (ҚТТС, 9т, 196) мағынасын береді. Көне түркі. тоң сөзінің «қуыс

емес, жалпақ» деген мағынасы да бар (ДТС,2016,609). Топонимжасамға, көбінесе, «тоңы ұзақ уақыт жібимей жататын жер» мәнінде қатыса алады. Тоң + өткел топонимі «топырағы қатты, тоң өткел» немесе «суы жайылған жалпақ өткел» деген мағыналардың біріне сәйкес келеді.

ТОПАНӨЗЕК – өзен. Қарағанды обл., Осакаров ауд. *Топан* сөзінің «шөптің, ұшырылған астықтың ұсақ қалдығы» мағынасынан гөрі, «жер бетін басқан тасқын су, сел» мағынасы топоним жасауға қабілетті болып келеді. «Қатты тасып немесе жайылып кететін мінезі бар гидронысандарды» атауға қатысады. Топан + өзек гидронимі, тура осындай, «суы қатты тасып, жайылатын өзек (өзен)» деген мәнде тұр.

ТОПАР – е.м., Аягөз ауд. Жер-су атын зерттеушілердің көбі этнотопоним деп табады. Қазақстанның әр жерінен көрініс беретін Топар топонимі ол пікірді жоққа шығарады, өйткені ру-тайпа аты көп жерге тарай бермейді. Өзбек, түркімен тілдеріндегі топар диалекті сөзі «жиын, топ» деген мағына береді [7;642]. Бұған қарағанда, топ+ар «жиналар, топтанар» семасын беріп тұрғандай. Топар – барлық жерде өзен аты (гидроним), ендеше «су жиналатын төмен, ойпаң жер» деген мәнде тұруы мүмкін деп ойлаймыз.

ТОРАҢҒЫҚҰМ – құм. Жетісу обл., Алакөл ауд. *Тораңғы* сөзі «шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында өсетін, терек тұқымдас ағаштың» аты, фитоним. Ауызекі тілде *тораңғыл* нұсқасы да қолданылуы мүмкін. Топонимжасамда «тораңғы ағашы өсетін табиғи нысандарды» атап көрсетеді. Тораңғы + құм топонимі, тура мағынасында, «тораңғы өсімдігі өскен құмды алқап» деген мағынаны білдіреді.

ТОРҒАЙ – өзен, Қостанай обл. Торғай (зат есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінен бірігеді. Жергілікті тұрғындар этнотопоним дейді, алайда Қазақстанда Торғай атты өзен-сулар көп кездеседі, сондықтан гидроним деп есептейміз. Қостанай облысындағы Торғай өзенінің аты туралы көптеген пікірлер бар: 1. Е.Қойшыбаев

«Көне тілдерге тән тор (тор, дала жүйелес: сай, терең, тар шат, ойпат + кішірейткіш мәнді –ғай (қай) аффиксінің қосындысынан қалыптасқан атау» дейді. 2. С.Нұрханов «орыс жылнамаларына кездесетін торық тайпасы мен ай тайпасының атынан жасалған дейді (торық+ай/Торғай). 3.Т.Жанұзақ «Ханты-Манси тіліндегі тор/сор «өзен», «су» + (қай) кішірейткіш мәнді жұрнақ дейді де, «кең алқаптағы өзен, су» деп тұжырымдайды [21;191,192]. Біздің пайымдауымызша, көне түркі торығ «торы» + ай «су, өзен» сөздерінен бірігіп, «торы түсті өзен» деген мағына береді [1;578]. Өзенге торы түс беретін, оның қара қоңыр, қызғылт қоңыр құм, топырағы деп білеміз.

ТОСЫНТОҒАЙ - тоғай, Күршім ауд., ШҚО. Тосын (сын есім) + тоғай (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мұндағы тосын сөзі М.Қашқари сөздігінде тосун "мінілмеген, асау, тарпаң тай" деп түсіндіріледі. Қазіргі кезде де "тосын мінез көрсетті" сияқты тіркестерден тосын сөзінің "тың жаңа" деген ұғымда қолданылатыны байқалады. Көкшетау, Қостанай өңірлерінде тосын сөзі «тың жер» мағынасында қолданылады [7;645]. Ендеше Тосынтоғай "жаңадан өскен, ағашы қырқылмаған, тың тоғай" мәнінде тұр деуге болады.

ТӨРЕТАМ – кент. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. *Төре* сөзі – «үстемдік етуші ақ сүйек; әкім» мағыналы көнеден келе жатқан сөз. Түбі *төр* сөзімен байланысатыны байқалып тұр. Топонимжасамда «біртекті табиғи нысандардың ішіндегі ірісі, биігі» және «әлдебір төре тұқымының адамы (Шыңғысхан ұрпақтарының бірі) мекендеген жер» мағыналарының бірінде атаулар құрамына енеді. Төре + там топонимі «әлдебір төре тұрған үй» немесе «әлдебір төре адамның моласы бар жер» деген мағыналардың бірінде тұр.

ТӨРТТӨБЕ – төбе. Жетісу обл., Алакөл ауд. «Үштен кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 8т, 243) аты болып келетін *төрт* сөзі топонимжасамға қатыса алады және «біртектес төрт табиғи

нысанды» атап көрсетеді. Төрт + төбе сөздерінен біріккен ороним «тура төрт төбесі бар жер» деген мағына береді.

ТҰҒЫЛ - е.м., Тарбағатай ауд. Тұғыл сөзінің негізгі мағынасы «сынған мүйіздің түбінде қалған тұқылы» болады. Ал топонимжасамда «жердің тұйықталар тұсы, шағын түбек» мәндерінде жұмсалады. Тарбағатайдағы Тұғыл ойконимі оны растай түседі. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, ауылдан солтүстік-батысқа қарай 14 шақырым жердегі Тополев мыс деген түбектің бұрынғы аты Тұғыл болған. Осы тарихи ат Приозерный ойконимін ауыстырды. Тополев мыс дегендегі мыс сөзі де түркінің «мүйіс, түбек» сөзінен шығады[10;383].

ТҰҒЫРТАС – арал. Алматы обл., Жамбыл ауд. *Тұғыр* сөзі «саят құстары (бүркіт, қаршыға т.б.) қонақтап отыратын ағаш қондырғы» мәнінен жалпы «бір нәрсенің астына қойылатын тірек, сүйеніш» мәніне ауысқан. Топонимжасамда «тұғырға ұқсас, екінші бір геонысанның тірегі болып тұрған немесе құс көп қонатын нысанды» атайды. Тұғыр + тас сөздерінен біріккен топоним «үсті тегіс, биік тас» деген мәнде қолданылған.

ТҰЗКӨЛ – Павлодардың көне аты. Мағынасы: «Суы тұзды көл». Осы көлден Коряков деген орыс көпесі тұз өндіріп, саудалап отырған. Сол кезде елді мекен Кереку (<Коряков) атанады. Тарихшылардың айтуынша, ерте кезде осы маңда Қимақ мемлекетінің астанасы Кахания қаласы болған екен.

ТҰЙЫҚТӨР – асу. Жамбыл обл., Меркі ауд.) *Тұйық* сын есімі «шығар жақ беті жабық, бітеу» (ҚТТС, 9т, 266) мағынасымен келіп, бірқатар топонимдер тудырады. Бұл типке жататын үлгілер «бір жағы ашық, екінші жағы бітеу» біткен жер бедерлерін таңбалайды. *Тұйық, бітеу* сын есімдері синоним атаулар жасайды.

ТҰЛКӨЛ – тұзды көл. СҚО, Жамбыл ауд. *Тұл* сын есімі «отасқан ері өлген не айырылысып кеткен, баласы жоқ жесір (әйел)» (ҚТТС, 9т, 269) мағынасын және жалпы алғанда, «иесіз қалу» семасын білдіреді (М.: тұл ат).

Біріккен атау құрамында бір ғана үлгіде кездеседі де, «құятын өзен, суы тоқтап қалған, жалғыз көл» мәнін тудырады. «Сусыз, бос көл» дейді анықтамалық авторлары [145;728].

ТҰМАҚҰМ – қоныс. Жетісу обл., Алакөл ауд. *Тұма* сөзі «жер қойнауынан шығатын кішірек бастау, көздің» аты, гидрографиялық термин. Топонимжасамда «тұмасы бар табиғи нысандарды» атап көрсетеді. *Тұма* + *құм* гидронимі «жер астынан қайнап шығып жатқан қайнар, тұмалары бар құмды жер» деген мағына береді.

ТҰРҒЫСЫН – өзен, е.м., Алтай ауд. *Тұрғысын* гидронимі моңғол. түргэн «шапшаң, тез» сөзі мен ус (ун) «сулы» сөздерінен бірігіп жасалған [3;488, 517]. Мағынасы «ағынды, суы мол өзен» дегенді білдіреді. Оның ағынды тау өзені екені рас және сол себепті онда су электр станциясы салынып жатыр.

ТҰРПАН – (қытайша *Тулуфан*) – әлемде Өлі теңізден кейінгі екінші орын алатын ойпат, шөлдегі жазира атауы. Ойпат атауынан қала атауына ауысқан. Ұлы Жібек жолында үлкен бекет болған жер. Қазіргі Қытай елінің Дунхуань аймағында. Бұл аймақтың көне ұйғырлар жері болғаны белгілі. Осы аймақтан 40 шақты көне түркі мәтінінің табылуының өзі бұл астионимнің түркі сөзі екенін нақтылай түседі. Атау *тұр* және *пан* деген екі компоненттен тұрады. *Тұр* морфемасы – етістік-есім синкреттенген гомогенді түбір, *пан* морфемасы туралы екі тұрғы бар: біріншісі – мұның қосымша морфема екендігі, екіншісі мұның түбір морфема екендігі туралы. Көне түркі сөздігінің II Қосымшасында *-pan* (*-rān*) көсемше формасы бар екендігі баяндауышпен мезгілдес немесе бұрынғы шақты білдіретіндігі, бұл формамен жасалған етістіктер соңғы емес баяндауыштың және оралымның басты мүшесі қызметін атқаратындығы туралы айтылады (sub k ögürpān, ot körüpān, jorīju barīpan, sub ičīrān, jaš jerpān) [ДТС, 660]. Көсемшенің заттануы бейімсіз екенін ескерсек, *Тұрпан* атауының *пан* бөлігін қосымшаға жатқызу қисынға келмейді. Сондықтан мұны дербес түбір морфема қатарынан іздеуге тура келеді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігінде», Қашқари сөздігінде [Қашқари, 1998, 301] *tura* сөзі «бекініс, қорған» деген мағынада қолданылады [ДТС, 587]. Э. Мурзаевтың сөздігінде *тұр* сөзінің «орын, жер» деген мағынасы бар екені көрсетіледі [Мурзаев, 84, 408] *Тұр* сөзінің көне түркі тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде «мекен ету, тіршілік ету» мағынасы бар. Атаудың *пан* бөлігін түркінің *маң* сөзімен байланыстырамыз. Түркі тілдері фонетикасында **п/б/м** дыбыстық ауысуы – қалыпты құбылыс, бұл, әсіресе, қазақ тіліндегі қосымшалардың айтылуынан анық көреміз: *-мен, -бен, -пен* көмектес септігі; *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* есімше жұрнағы т.б. Маңның мағынасы «төңірек, айнала, жер» дегенді білдіреді [ҚТӘС, 11, 63]. Махмұт Қашқари сөздігінде *MAN* сөзі *Ман* қышлақ тіркесімен беріліп, Оғыз өлкесіндегі бір жердің аты деп түсіндіріледі [МҚ, III, 1998, 219]. Көне түркі сөздігінде де осы мәні көрсетілген [ДТС, 335]. Қазақстанда Маңғыстау өлкесінің атауы да осы төркіндес. Анадолы түрік тілінің мағлұматтары «*тұрпан*» киелі жер, шөлдегі жазира (оазис) деген мағынаны білдіретінін көрсетеді.

Сөйтіп, *Тұрпан* атауы – көне түркінің біріккен сөзі, географиялық терминдерден құралған, «шөлде адамдар тұратын төңірек, бекіністі жер» деген мағынадағы атау. Анадолы түріктерінің жазира, киелі жер деуінің уәжі де осы мағынасынан келіп шығады: шөлде адамдар жазира жерде ғана тұрақтап мекен ете алатыны, ондай жер киелі жер болатыны өзінен-өзі белгілі.

Тұрпан атауын қазіргі Қазақстанның Жетісу облысы Жаркент ауданындағы бір ауылдың атына айналғанын да ескерте кетейік (Ж.Жақып).

ТҮТСАЙ – өзен. Жамбыл обл., Жуалы ауд. *Тұт* зат есімі «жапырағын жібек құрты жейтін ағаштың» аты, фитоним. Топонимжасамда «тұт ағашы өсетін табиғи нысанды» атауға араласады. *Тұт* + сай топонимі «тұт ағашы (шелковница) өсетін сай» деген мән бере алады. Қазақстанның оңтүстігінде *тұт*

ағашының кейбір түрлері өседі. Қытайда жібек құртына азық ретінде көптеп өсірілетін болған.

ТҰЩЫҚҰДЫҚ – е.м. ОҚО, Арыс ауд. *Тұщы* сын есімі «тұзы жоқ, ішуге жарамды (су)» негізгі мағынасымен «ащы» сын есіміне қарама-қарсы мәнде қолданылады, әрі топонимжасамға қатысады. Қазақ даласының көптеген су, көлдері тұзды болып келетіндіктен, *тұщы су* ерекше белгі деп есептеледі.

ТҰРПАН – өлке, е.м. Алматы обл., Панфилов ауд. Тянь-Шань тауының шығыс тұмсығының күнгеі жағы, қазіргі Шыңжан-Ұйғыр автономиясының ауданы (ҚХР) орналасқан аумақ. Қытай жазбаларында *Турфан* > *Тұрпан* ойпаты деп аталады [47;161]. Тұлғасы қытай мен түркі тілдерінен жасалған тәрізді, этимологиясы белгісіз.

Тұрпан ойпатының солтүстігі қазіргі Жаркентке дейін созылып келетіні атауға себеп болған деуге болады.

ТҮБЕКБҰЛАҚ – құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд. *Түбек* сөзі «суға сұғына еніп жатқан құрлықтың шеті» мағынасымен географиялық терминге айналады. Сол мәнде топонимжасамға қатысады. Түбек + бұлақ гидронимі «әлдебір суға еніп жатқан түбек жердегі бұлақ» деген мән береді.

ТҮЗУСАЙ – е.м. Алматы обл., Талғар ауд. «Тура, тік» мәнді *түзу* сын есімі топонимжасамға қатысып, геонысанның «қисық, қыңыр емес, түзу біткен тұлғасын» анықтайды. Түзу нысан көлденең де, тік те орналасуы мүмкін.

ТҮЙЕМОЙНАҚ – асу. Алматы обл., Кербұлақ ауд. *Түйе* сөзі «бір немесе екі өркешті, күйіс қайтаратын ірі малдың» аты, зооним. Төрт түлік малдың бірі ретінде көшпелілер өмірінде ерекше маңызға ие болған түйе қазақ даласының негізгі белгілерінің қатарына жатады. «Түйеге байланысты әлдебір оқиға болған жерді, сырт пішіні түйеге ұқсас табиғи нысанды, түйе малы мол өсетін манды» атауға қатысады. Түйе + мойнақ топонимі қазақ жерінде жиі кездеседі және «түйенің мойнына ұқсас созыла біткен ойыс асу, белдерді» белгілейді.

ТҮЙМЕКЕНТ – е.м. Жамбыл обл., Байзақ ауд. *Түйме* зат есімі «қаусырыну үшін киімге қадалатын кішірек дөңгелек заттың» аты (ҚТТС, 9т, 319). Топонимжасамда «дөңгелене біткен шағын табиғи нысандарды» атайды. Түйме + кент ойконимі «түймедей дөңгелене орналасқан елді мекен (қорған)» деген мағына береді. Қаланың негізі VI ғасырларда қаланған және Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды сауда орталығы болған. Дөңгелене салынған қорғанның биіктігі 4-7 метрге жеткен.

ТҮКПІРШИ – қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд. *Түкпір* (< түпкір) сөзі «кіретін ауыздан алыстау таса жер, қалтарыс; қиыр шет» мағыналарын береді. Топонимжасамда «алыстау, түптегі, шеткі табиғи нысанды» атауға қатысады. Түкпір + ши топонимі «елді мекеннен алыс, шилі түкпір жердегі қыстау» деген мағына береді.

ТҮЛКІБАС – кент. Түркістан обл., Түлкібас ауд. *Түлкі* сөзі «үлпек құйрықты, ит тұқымдас, терісі бағалы аңның» аты, зооним. Топонимжасамда «түлкі аңы көптеп кездесетін жерді немесе түлкіге ұқсас табиғи нысанды» атауға араласады. Түлкі + бас ойконимі «түлкінің басына ұқсас табиғи нысаны (тас, шоқы, төбе т.б.) бар жер» деген мағына береді. Ол жердің бұрынғы аты Түркібас болған еді деген деректің ғылыми, тарихи негізі жоқ.

ТҮН ЖАЗЫҒЫ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Түн жазығы тас мәтіндерде Шұғай құзы маңындағы жазық ретінде суреттеледі: «Түстікте Шұғай қойнауы түгіл, Түн жазығына қоныстансақ десуші ең...» (Орхонские надписи, 2001, 172). В.Махпиров көне түркі. түн «тыну, тыншу» (Қашқари, 1997, 194) сөзінен шығарып, «тыныш жазық» деген мағына береді дейді (Махпиров, 1997, 265). Түнкент «тыныш қала» топонимінің болуы бұл пікірді растай түседі (сонда).

ТҮНКЕРТАҒ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Түн(кер) тағ/*Төңкер тау*, дұрысы Түңкер тау. Ороним «тау» терминімен тіркесіп тұрғандықтан, сын есімнен жасалғаны анық. Оған моңғол. түнхгэр «дүңкиген, томпиған, дөңкиген»

(Базылхан,1987,487) сын есімі келеді. Сондай-ақ, алтай. Тоңкур «тоқал, шалақ» (Молчанова,1979,312) мәнді оронимі де осыған саяды. Атаудың түбірі түн/тон/дөң «дөң, төбе» түркі-моңғол тілдеріне ортақ термин. Сонда Түңкер тағ «дөңкиген, домалақ, тоқал тау» деген мағына береді.

ТҮПҚАРАҒАН – түбек. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд. *Түп* сөзінің бірнеше мағынасы бар, алайда топонимжасамға «түкпір, шет» мағынасы қатысады. *Түкпір* > *түкпір*, *түп* + *ек* > *түбек* сөздерінің түбірі болып табылады. Топонимжасамда «түпкі, шеткі табиғи нысанды» атайды. Түп + қараған топонимі «қараған бұтасы өскен түп жер, түбек» деген мағына береді.

ТҮПҮТ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Түпүт – әрі этноним, әрі топоним. Зерттеушілердің барлығы дерлік түпүт қазіргі тибеттіктер екенін мойындайды. Кезінде тибеттіктер күшейіп, Батыс Қытайға, Орта Азия түріктеріне шабуыл жасап тұрғаны тарихтан белгілі.

ТҮРГЕН – өзен (104км). Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Түргэн*>*түрген* моңғол тілінен енген ГТ және «шапшан», «жылдам», «тез» мәнді үстеу сөзден жасалған. Топонимикада «ағынды», «ағысты» (су, өзен) мағынасында қолданылады. Тілімізге ертерек еніп, бейімделіп кеткендіктен, *түрген* географиялық термині топонимжасамда кеңінен қолданылған. *Түрген*, *Таутүрген*, *Тұрғысын* < *Түргэнус(н)* сияқты жер-су аттары бар.

ТҮРКІСТАН – қала. Түркістан облысының орталығы. *Түркі* сөзі «түрік» этнонимінің өзгерген нұсқасы, «түркі тектес, тілдес халықтардың жалпы аты». Топонимжасамда «түркі халықтарының мекендеген жерлерін» атауға қатысады. Түркі + стан сөздерінен біріккен ойконим «түркілер елі, өлкесі» деген мағына береді. Мұндағы парсы. стан сөзі «ел, өлке, аймақ» деген мағына беретіні белгілі.

Түркістан қаласының негізі б.э.б. III-II ғасырларда қаланғаны дәлелденіп отыр. Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда

орталығы болған қаланың Шавғар (Шаухар), Йассы деген көне атаулары болды. Мұнда ислам дінінің уағызшысы, сопы Қожа Ахмет Йассауи өмір сүріп, жерленген. Түркістан – Қазақ хандығының көне астанасы болған қасиетті қала.

ТІКАСУ – асу. Жамбыл обл., Жуалы ауд. *Тік* сын есімі «тікесінен, тура, түп-түзу» және «биік, құлди, шаншылған, тіп-тік» мағыналарын береді (ҚТТС, 9т, 397). Осы екі мәнде де топонимдер жасалады, бірақ «геонысанның тігінен орналасуына» байланысты шығатын екінші мағынасы басым қолданылады (М.: Шығуға қиын тік жол семасы).

ТІНЕСІ ҰЛЫНЫҢ ТҰРАҒЫ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Тінесі ұлының тұрағы/Тінсі әулетінің жатағы дәл қай жер екені анықталмаған, бірақ Тінесі/Тінсі қытай. тяньцзы «аспан ұлы, император» титулынан жасалып тұрғаны даусыз (ДТС, 1969, 544). Тінесі ұлының (әлде, әулетінің) тұрағы деген топоним «император ұлының (немесе сондай атақ алған басқа бір басқарушының) тұратын жері» деген мағына береді. Қытай өзіне қаратып алған аймақ болуы мүмкін.

ТЯНЬ-ШАНЬ – Тянь-шань тауының Баркөлтағ, Қарлықтағ жоталарын қытай тілінде *Байшань* деп атап, қағазға түсірген: қытай *бай* «ақ» + *шань* «тау» яғни *Ақтау*. Кейде басын қар жапқан Тянь-шань тауын тұтас Байшань деп атайды. Менандр Протектордың Батыс Түрік қағанатының ханы Дизабул Византия елшісі Земархты *Эктаг* деген жерде қабылдады деген мәліметіндегі *Эктаг* осы *Ақтаг* болуы ықтимал [43;17]. Э.Шаванн қытай жазбаларында кездесетін *Ацзетянь* (*Ацзе*) оронимы түркі тіліндегі Ақтағ атауының қытайша транскрипциясы деп табады [47;166]. Аспан тауының көне атауларының барлығы түркі тілінен шығатындықтан, бұл бай өлкелер ежелден түркі тілдес елдердің мекені болған деп тұжырым жасауға болады. Бұл, өз кезегінде, біздің бұрынғы еңбегімізде айтылған: «Қытай тіліндегі атаулар Ұлы Қытай қорғанынан тыс жерге көп тарамған» деген пікірімізді растай түседі [53;42].

Тянь-Шань деп көне қытай жазбаларында қазіргі Тянь-Шань тауының шығыс бөлігін ғана атаған. Қытайтанушы А.Г. Малявкиннің айтуынша, бұл атау ғұндардың *цилянь* «аспан» сөзінен жасалып, алдымен *Циляньшань* аталады да, кейін қытай. *Тянь-шань* түріне калькаланады. Екеуі де «аспан тау, тәңір тау» мағынасын береді [47;139]. Ұлы Жібек жолы осы Тәңір тауларының күнгейінен де, теріскейінен де айналып өтіп отырған.

- У -

УАҢ – е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд. *Уаң* – қыт. ван «князь немесе патшаның ұлы» мағыналы лауазым аты. Қытай патшалығы өзіне қызмет көрсеткен түркі тайпаларының көсемдеріне ван > уаң атағын беріп отырған. Алғаш найманның Таян ханы (қыт. ай – ван > Таян) мен керейдің Тұғырыл ханы осы лауазымға ие болғанын тарихтан білеміз [136;46-47].

Қытайдың бұл марапаттауы бертінге дейін созылғанын қазақ жерінде сақталып қалған Уаң топонимдерінен көреміз. «Уаң атағын алған адамның мекені» мағынасында Уаң топонимі қалыптасқан.

УБА - өзен. ШҚО, Шемонаиха ауд. 1. Уба гидронимі моңғол. *уваа* «ұбақ-шұбақ, тіркесе, созыла, шұбатыла» мағыналы сөзінен жасалғаны байқалады [3;500]. Өйткені Уба өзені Коргон, Көксу, Тұрғысын, Ивановский тау жоталарындағы көптеген өзен, суларды қосып алып, биік таулардың арасымен шұбатыла ағып, Өскемен мен Семей қалаларының дәл орта тұсында Ертіске құяды. Убаның басқы салалары Ақ Уба, Становой Уба, Белопорожная Уба және басқа көптеген сулардан тұрады. 2. Уба гидронимін кейбір зерттеушілер түркі., моңғол. *оба* «үйілген тас», «қорған» сөзінен шығарады. Расында да Убаның төменгі ағысында «оннан астам ежелгі чут қорғандары болған» деген тарихи дерек бар [35;65]. Алайда өзеннің өзіне тән белгісі – оның ерекше

шұбалаңқылығы – атауға себеп болған деп есептейміз. Қазақша Оба өзені деп айтылып жүр, бірақ ресми бекіген жоқ.

УЛЬБА - өзен. ШҚО, Риддер қ.э. Ульба гидронимі моңғ. *улбаа* сөзінің екі мағынасының бірінен жасалған сыңайлы: 1) моңғ. *улбаа* «шық, тамшы, дымқыл» мағыналы сөзі атауға негіз болуы мүмкін; 2) моңғ. *улбаа* «шиыр, сүрлеу (жол)» мағыналы сөзі түрткі болуы ықтимал. Өйткені биік тауларды жарып ағатын тау өзенінің бойымен ғана жүріп өту мүмкін болады. Өскемен –Риддер темір жолы да осы өзеннің бойымен, ескі сүрлеу ізімен салынғаны мәлім.

- Ұ -

ҰЗЫНАҒАШ – өзен. Алматы обл., Жамбыл обл. *Ұзын* сын есімі «қысқа емес, шұбатылған; аласа емес, биік» мағыналарын береді (ҚТТС, 9т, 460). Жер-су атын жасауға осы мәндерде араласып, табиғи нысанның «не ұзын көлемін, не биік бойын» білдіреді.

ҰЗЫНЫРАҚТАУ – тау (464 м), Күршім ауд. *Ұзын* (сын есім) + ырақ (салыстырмалы шырай жұрнағы) құрамында тұр. Мағынасы: «Әжептәуір созылып жатқан ұзындау тау».

ҰЗЫНБҰЛАҚ – өзен, Тарбағатай ауд., су қоймасы, Көкпекті ауд., өзен, Семей қ.э., өзен, Үржар ауд., е.м., Ұлан ауд. *Ұзын* (сын есім) және *бұлақ* (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған, "ұзақ жерге дейін ағып баратын бұлақ, өзен" мағынасын білдіретін атау.

ҰЗЫНЖАЛ – е.м., Жарма ауд. *Ұзын* (сын есім) және *жал* (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған. Мағынасы: «Созылып жатқан ұзын тау жалы».

ҰЗЫНЖОТА - жота, Катонқарағай, Күршім ауд. *Ұзын* (сын есім) және *жота* (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған, "көлбей жатқан ұзын жота, қыр" мағынасындағы атау.

ҰЗЫНЖЫРА - тау (464м.), Күршім ауд. Ұзын (сын есім) және жыра (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған, "ұзын жырасы бар тау".

ҰЗЫН НҰРА - өзен, Күршім ауд. Ұзын (сын есім) және Нұра (зат есім, гидроним) тұлғаларының бірігуінен жасалған. «Нұра өзенінің ұзын бір саласы» мағынасында тұр. Қысқа немесе Шолақ Нұра нұсқасына қарама-қарсы бинарлық мәнде жасалған.

ҰЗЫНТАМ – е.м. Алматы обл., Ұйғыр ауд. *Ұзын* сын есімі «қысқа емес, шұбатылған; аласа емес, биік» мағыналарын береді (ҚТТС, 9т, 460). Жер-су атын жасауға осы мәндерде араласып, табиғи нысанның «не ұзын көлемін, не биік бойын» білдіреді.

ҰЛАН - өзен; е.м., Ұлан ауд. Көне түркі тілінде оғлан>ұлан сөзі "жас бала, ұл бала, ұрпақ" мәндерінде қолданылады. Алайда, бұл сөз жер-су атына келе бермейді. Гидроним моңғол. *улаан* «қызыл» сын есім сөзінен жасалғаны дау туғызбайды [3;505], өйткені Ұлан өзені басталатын Бесшоқы тауларынан бастау алатын тағы бір өзен таза қазақша Қызылсу деп аталады. Бұлардың суына қызғылт рең беретін олардың арнасындағы қызғылт құм-қайырлар екенін байқауға болады.

ҰЛАНДАБА - асу, Катонқарағай ауд. Ұлан (моңғол. сын есім) және даваа (моңғол. зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған. Улаандаваа/Ұландаба "қызылкезең" деген мағына береді.

ҰЛАРЛЫ - тау, Катонқарағай, ауд. Ұлар (зат есім) және -лы (туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы жасалған. «Ұлар құсы көп мекендейтін тау» деген мағына береді.

ҰЛАСТЫ - өзен аты. Тарбағатай ауд. Кезінде географ-ғалым Ғ.Қоңқашпаев бұл атауды моңғолдың улиас «терек» деген сөзінен шығатынын айтқан еді. [36;45]. Біз де бұл пікірді қолдаймыз: Улиас+т (моңғол. туынды сын есім жұрнағы)/Ұласты тура мағынасында «Теректі».

ҰРАҢҚАЙ – өзен, Алтай ауд., е.м., Күршім, Ұлан ауд. Ұраңқай моңғол. ұранхай сөзінен шығып, этноним (ел, ру-тайпа

аттары) болады. Ұранқайлар қалмақтанып кеткен тывалықтардың бір тайпасы. Туба/тыва елін қазақтар Түбін елі деп атайды. Ұранқай-қалмақтар тұрған жерлер солай аталып кеткен. Уранхай екінші мағынасында «жыртық, тозған, ескі;» дегенді біліреді. Тігілетін шағын қостың бір түрі «ұранқай қос» деп аталады. Жер-су аттарын зерттегенде барлық нұсқасын да ескеріп отырған жөн.

ҰЛТАБАР – тау (2722 м), Күршім ауд. Ұл (зат есім) + табар (келер шақ есімше) сөздерінен бірігеді. Адам мен малдың ұлтабар ішегінде шошайған ұшы болады. «Ұлтабар сияқты басында шошақ шыңы бар тау» мәніндегі метафоралық атау.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – Ұлы Жібек жолы б.з.б. II ғасырдан бастап Шығыс Азиядан Жерорта теңізіне дейін салынған көне керуен жолы екені бәрімізге белгілі (Қазақстанның физикалық географиясы, 2008). Көне Қытайдың Сиан-Ланьчжоу-Дуньхуан қалаларынан бастау алатын керуен жолы, негізінен, қытай жібегін саудалау мақсатында пайда болды. «Ұлы Жібек жолы» терминін алғаш енгізген (1877 ж) неміс географ-ғалымы Ф.фон Рихтгофен жолдың осы ерекшелігін ескерген.

Алғашқы кезеңінде, Жібек жолы Такла-Макан шөл даласын айналып өтуге байланысты екі бағытта соқпақ салды: оңтүстік жол Гаочан – Тянь-Шанның күнгей жағы – Қарашар – Куча – Ақсу – Ыстық көл – Шу – Талас – Исфара бағытымен жүрсе, солтүстік жол Гаочан – Жоңғарияның күнгейі – Үрімші – Манас – Күркіреусу – Еренқабырға – Іле – Орта Азияға қарай бет алған (Гумилев, 1994, 40, 41).

Жібек жолының кезекті бір даму кезеңі Бірінші Түркі қағанатының пайда болуынан басталады. Көне түріктер 570-ші жылдардан бастап, Жібек жолын бақылауға алып, саудагер соғдыларға емін-еркін сауда жасауға жағдай жасайды (Мамлеева, 1999, 53). Сол кезде Жібек жолы Түркі даласына да тарамдалып, Өтүкен, Енисей, Орталық Қазақстан, Еділ бойына дейін керуендер жол тартып көптеген елдерді басып өтеді.

Тарихшы, географ ғалымдардың зерттеулері бойынша, әрине, сауда жолдары Жібек жолынан бұрын да болған. Сақ, ғұн қорымдарынан табылып жатқан қытай жібегі мен ақшаларының белгілері түйелі керуендердің Евразия далаларын ежелден шиырлап келгенін дәлелдейді.

ҰЛЫТАУ – тау жотасы. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. *Ұлы* сын есімі «орасан зор, аса үлкен, ірі; атақты» мағыналарында қолданылатыны мәлім (ҚТТС, 9т, 477). Топонимжасамда геонисанның «ірі, үлкен көлемін; елге пана болған, ел үйірілген беделін» әйгілейді де, кіші, кішкене, кішкентай сын есімдеріне қарсы мәнді атаулар жасайды. Ұлы + тау оронимі «үлкен, көлемді тау» деген мағына береді. Ол мағына Ұлытаудың көне аты Ұлытағ нұсқасында анық байқалады. Сол маңда Кішітағ тауы да бар. Ал *Ұлытау* оронимінде көлемдік мәннен гөрі, «тарихи маңызды мекен» мағынасы басым болғаны кейінгі уақыттарда, әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты пайда болды.

ҰҢҒЫ – өзен, Катонқарағай ауд., ШҚО. Қазақ. ұңғы сөзі «балта, күрек, сияқты құралдардың сап өткізетін тесігі» деген мағына беретіні белгілі (Қайыржан, 2013, 398). Ал жер-су аттарын жасарда Ұңғы «таудың тар шатқалымен ағып келіп, далаға шығатын өзен, суларға» қарата айтылады.

ҰРАҚҰДЫҚ – құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. *Ұра* сөзі «жерден қазылған астық сақтайтын шұңқыр, жабық көмбе» (ҚТТС, 9т, 485) мағынасын береді. Топонимжасамда «ықтасын ойпаң жерлерді немесе кеңірек қазылған шұңқыры бар жерлерді» атауға қатысады. Ұра + құдық сөздерінен біріккен гидроним «тік емес, кең шұңқырлап қазған құдық» деген мәнде тұр.

ҰРАҢҚАЙ – өзен, Алтай ауд., е.м., Күршім, Ұлан ауд. Ұраңқай моңғол. ұранхай сөзінен шығып, этноним (ел, ру-тайпа аттары) болады. Ұраңқайлар қалмақтанып кеткен тывалықтардың бір тайпасы. Туба/тыва елін қазақтар Түбін елі деп атайды. Ұраңқай-қалмақтар тұрған жерлер солай аталып кеткен. Уранхай екінші мағынасында «жыртық, тозған, ескі;» дегенді

біліреді. Тігілетін шағын қостың бір түрі «ұранқай қос» деп аталады. Жер-су аттарын зерттегенде барлық нұсқасын да ескеріп отырған жөн.

ҰРЫНСАЙ – өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. *Ұрын* зат есімі «айттырған қыздың аулына күйеудің жасырын келуі» мағынасын береді, ал топонимжасамда «ұрынды (ыңғайлы, жасырын) төте жолы бар жер» мәнінде қолданылады. Ұрын + сай топонимі «елді мекенге тасаланып, жасырын келуге ыңғайлы сай» деген мән береді.

ҰЧҰЗ КӨЛ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Ұчұз көл гидронимі көне түркі. ұчұз «шағын, болмашы» (ДТС, 1969, 604) сөзінен шығып, Ұчұз көл «шағын көлемді көл, көлшік» мағынасын береді.

ҰШАНКӨЛ – көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд. *Ұшан* сөзі «ұшы-қиыры жоқ кең жазық» (ҚТТС, 9т, 505) мағынасын береді. Топонимжасамда «кең, ұлан-ғайыр табиғи нысанды» атауға қатысады. Ұшан + көл гидронимі «кең жайылған үлкен көл» деген мағына береді.

ҰЯЛЫ [ҰЙАЛЫ] - арал, е.м., Үржар ауд. Ұя (зат есім) және -лы (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан жасалған. "Құстың ұясы көп арал" деген сөз.

- Ү -

ҮГІЛГЕН - тау, Катонқарағай ауд. Үгіл+ген (өткен шақ есімше тұлғасында тұр). Мағынасы: «Тасы эрозияға ұшырап, үгіліп жататын тау».

ҮЙГЕНОБА - асу, Күршім ауд. Үй (етістік) және -ген (өткен шақ есімше жұрнағы және оба (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған. «Табиғи емес қолдан үйілген оба» деген мағына береді. Оба, көбінесе тастан үйіледі. Асудан, өткелден аман-есен өткен әр адам бір тастан салып отырады. Мұсылманға дейінгі түркілер

және моңғолдар жер-суды қасиет тұтып, табынғаннан қалған белгілер.

ҮЙДЕНЕ - өзен, Зайсан ауд. ұзындығы 102 км., алқабы 856 км². Ғалымдардың әр түрлі пікірлерін сараптай келе Үйдене атауы «таудың жартасты тар қыспағынан, тар сайынан ағып жатқан үлкен өзен яғни үйден шықандай» деген мағынаға сай келеді деп түйіндеуге негіз бар. Ғ.Қоңқашпаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ сынды топонимтанушы-ғалымдар бұл гидроним моңғол. үүд «есік, қақпа» сөзінен шығатынын айтады [3;102]. Үүд/үйдн/үйдне/үйдене нұсқаларына ауысып, «қақпа сияқты тар шатқалдардан шығатын өзен» деген мән береді. Тілдік тұрғыдан толық талданбаса да, біз осы пікірді қолдаймыз.

ҮЙЕҢКІБАСТАУ – бұлақ. Алматы обл., Ұйғыр ауд. *Үйеңкі* зат есімі «жапырағы қалақша тәрізді жалпақ болып келетін ағаштың» аты, фитоним (ҚТТС, 9т, 529). Топонимжасамда «үйеңкі ағашы өсетін жерді» атауға араласады. Үйеңкі + бастау гидронимі «жанында үйеңкі ағашы өскен бастау» деген мағына береді.

ҮЙТАС - тау, Абай, үңгір, Катонқарағай ауд. Үй (зат есім) және тас (зат есім) сөздерінен біріккен. "Үй тәрізді үңгір тас" деген мәнде тұр. Катонқарағай ауданындағы Үйтас үңгірін, кейде «Мың биенің қазынасы» деп те атайды.

ҮКЕК - үстірт (2300м.), Катонқарағай ауд. Атау моңғолдың үхэг "кебеже, сандық" сөзінен жасалған [3;543]. "Сандық тәрізді төртбұрыш үсті тегіс тасты тау, үстірт" деген мағынаға сай келеді.

ҮКІЛІ - е.м., Жарма ауд. Үкі (зат есім) және -лі (туынды сын есім жұрнағы). "Үкі құсы көп мекендейтін жер".

ҮКІЛІ ҚЫЗ – е.м., Көкпекті ауд. Әлдебір табиғи нысанды үкілі бас киім киген қызға ұқсатудан туған ойконим болуы мүмкін.

ҮКІШАҚЫРҒАН- тау, қыстау, Катонқарағай ауд. Үкі (зат есім) және шақыр (етістік) және -ған (есімше жұрнағы). «Үкі құсының даусы жиі естілетін жер» мағынасын береді.

ҮЛГІЛІМАЛШЫ - е.м., Көкпекті ауд. Үлгі (зат есім) + лі (туынды сын есім) және малшы сөздерінің бірігуінен жасалған. "Үлгілі, озат малшы ауыл" мәніндегі кеңестік атау.

ҮЛКЕН АЩЫЛЫБҰЛАҚ [ҮЛКЕН АШШЫЛЫБҰЛАҚ] - жайлау, Күршім ауд. «Ащылыбұлақтың үлкені, негізгісі» деген мағына береді. Қазақ бір бастаудан шыққан әр бұлақтың әрқайсына жеке-жеке ат беріп, бағыт-бағдар ретінде пайдаланып отырған.

ҮЛКЕН БӨКЕН - өзен, көл, Көкпекті ауд. Үлкен (сын есім) + Бөкен (зат есім), гидроним. Бөкен өзенінің үлкен бір саласын осылай атаған.

ҮЛКЕН КӨГІЛДІР – тау (814 м), Аягөз ауд. Үлкен (сын есім) + Көгілдір (зат есім), ороним. Мағынасы: "Көгілдір тауының үлкен, негізгі сілемі".

ҮЛКЕНКӨЛ – көл, Бородулиха ауд. Үлкен (сын есім) + көл (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Маңайындағы көлдермен салыстырғанда көлемді, негізгі, бас көл» мағынасында тұр.

ҮЛКЕН КҮЙКЕНТАЙ – тау (835 м), Аягөз ауд. «Күйкентай тауының үлкен, биік, басты саласы» деп ұғу керек. Кіші Күйкентай тауына бинарлық қатынаста тұр.

ҮЛКЕН ҚАРАТАЛ - е.м., Зайсан ауд. Үлкен (сын есім) + қара (сын есім) + тал (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Қалың қара тал өскен жерге берілетін атау. Елді мекен көршілес Қаратал ауылына салыстырмалы түрде Үлкен Қаратал деп аталған.

ҮЛКЕН ЛАБА – тау (833 м), Тарбағатай ауд. «Лаба тауының ірі, басты саласы» деген мәнде тұр.

ҮЛКЕН НАРЫН – е.м., Катонқарағай ауд. Нарын өзені бойына орналасқан Үлкен Нарын елді мекені мен Кіші Нарын елді мекені салыстырмалы түрде аталған. Екеуі де орыс тілінен калькаланып аударылған: Большенарым, Малонарым. Орыс келгенге дейін, Кіші Нарын – Бас Қарауыл, Үлкен Нарын – Орта Қарауыл атанған, ал Аякқы Қарауыл (Қызылжар) Бұқтырма су қоймасының астында қалды.

ҮЛКЕН ТЕКЕБҰЛАҚ – өзен, Үржар ауд. «Текебұлақ өзенінің негізгі, басты саласы» деген мағына беріп тұр.

ҮЛКЕНТҰРА – тау. ОҚО, Бәйдібек ауд. Мұндағы Үлкентұра оронимінің құрамындағы *тұра* сөзі «бой, ден, биіктік» мәнін береді (ұзын тұра). Негізгі мағынасы «көлемі жағынан аумақты, зор, дәу» (ҚТТС, 9т, 546) болып келетін *үлкен* сын есімі нақ осы мәнде жер-су аттарын жасауға қатысады. Мұнда да біріккен атауларға қарағанда, *кіші* сын есіміне антонимдік қатынастағы тіркесті атаулар мол жасалады. Онда, көбінесе, негізгі тау жүйесін, негізгі өзен арналарын таңбалайды да, салалары, бұтақтары *кіші* сын есімін иеленеді (Үлкен Айғай – Кіші Айғай).

ҮЛКЕН ҰЛАСТЫ - өзен, Зайсан ауд. Үлкен (сын есім) + Ұласты (зат есім, гидроним). Мағынасы: "Ұласты өзенінің үлкен саласы".

ҮЛКЕН ШОҢАЙ – тау (823 м), Абай ауд. «Шоңай тауының үлкені, биігі» деген мәнде тұр. Ал Шоңай – есекқырған (юпитер) жұлдызының бір аты екені белгілі.

ҮЛКЕН ШЫБЫНДЫ – өзен, Ұлан ауд. «Шыбынды өзенінің суы мол ірі саласы» дегенді білдіреді.

ҮРЖАР – тау (2246 м), өзен, е.м., Үржар ауд. Халық этимологиясына сүйенсек, «Ұрыжар» түріндегі аңыз айтады. Кейбір қазақша карталарға да Ұрыжар түрінде түсіп кеткен. Ғылыми этимологияда «үр» көне түркі тілінде «ақ, боз» сын есімін береді (М.Қашқариде: үп-үрүң «аппақ»). Сонда «Үржар» - тура мағынасында «Ақжар» дегенді білдіреді.

ҮРІМШІ – қала, Шыңжан өлкесі, ҚХР. Қытайдағы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданының орталығы. Қаланың аты түркі тектес Үрүм тайпасының атынан шықты деген дәлелденбеген пікір бар. Моңғол. Үрүмжі «көркем жайлау» деген мағына береді деген тағы бір болжам кездеседі. Ғылыми негізде, Е.М.Поспелов (Э.М.Мурзаевтың пікіріне сүйеніп) Үрімші әуелі өзеннің аты екенін және көне түркі. урюм «кұрғап, құмға сіңіп,

үзіліп-үзіліп ағатын өзен» деген мағына беретінін айтады (Поспелов,2007,525). Осы соңғы пікірді біз де қолдаймыз, өйткені көне түркі тілінде р/з дыбыс алмасуы бар болғандықтан, Үрүм+жі < Үзім+ші «үзім-үзім болып ағуға бейім (өзен)» деген мағына беруі әбден мүмкін. Мұндағы -ші жұрнағы «бейімділікті, кәсіпті» білдіретіні белгілі.

Үрүмжі/Үрүмші ежелден керуен жолындағы ірі сауда орталығы болған, әсіресе қазақтар мал (жылқы) саудасын көп жүргізген.

ҮТІРТӨБЕ – е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд. *Үтір* сөзі «жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің бірінің» аты екені мәлім. Топонимжасамда «сырт бейнесі үтірге ұқсас табиғи нысанды атауы мүмкін немесе ор. *хутор* сөзінің қазақ тіліне бейімделген нұсқасы: *хутор* > *қотыр*, *күтір*, *үтір*». Мұндағы Үтір + төбе топонимі көне түркі. ұтыр «ыңғай, қолай, оңтай» (Қайыржан,2013,399) сөзінен жасалып тұр деп есептейміз. Ұтыртөбе тіліміздегі кейінгі ықпалдың әсерінен Үтіртөбе болып аталған. Мағынасы: «ыңғайлы, қолайлы төбе» дегенге келеді.

ҮШ БІРКҮ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Үш Біркү/Үш Бүркү топонимінің негізгі сыңары Бүркү көне түркі. бүркүр «бүрку, шашырату» (ДТС,1969,133) сөзінен жасалып, «сарқырама» мағынасында қолданылған сыңайлы. Үш Бүркү гидронимі «үш сарқырама» мәнді атау болуы мүмкін. Моңғол. бурха «бұркылдаған, көбіктенген (су)» (Молчанова,1979,166) және украин. буркут «атқақтаған қайнар, тұма» (Мурзаев,1984,103) геотерминдері де осыған меңзейді.

ҮШҚОРҒАН – е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд. *Үш* есептік сан есімі «екіден кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 10т, 17) аты және осы мәнде топонимжасамға қатысып, «нақты біртекті үш табиғи нысанды» атап көрсетеді. Үш + қорған сөздерінен біріккен ойконим «үш қорғаны (бекінісі) бар елді мекен» деген ұғым береді. Үшқорған 8 ғасырдан бері белгілі көне қала болған.

ҮШҚҰЮ – құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд. *Үш* есептік сан есімі «екіден кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 10т, 17) аты және осы мәнде топонимжасамға қатысып, «нақты біртекті үш табиғи нысанды» атап көрсетеді. Мұндағы Үш + құйу атауы тура мағынасында «үш құдық» мәнін береді, өйткені көне түркі. *құй* > *құйы*, *құйық* «құдық» деген сөз болған (ДТС, 2016, 228).

ҮЧҮЙ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Ічүй/Ічүй (Шүй өзені). Аудармашы С.Қаржаубай Ічүй гидронимін қазіргі Таулы Алтай өлкесіндегі (Ресей) Шүй өзені деп көрсеткен. Түркітанушы-ғалымның жан-жақты сараптап келіп шығарған пікірін қолдаймыз, тек Шүй гидронимі көне түркі. суб/суғ, қазіргі түркі тілдері. су/чул/шул/суг/суу, қытай. шуй, тибет. чу, моңғол. ус «су» мағынасын беретінін қосамыз (Мурзаев, 1984, 528, 529).

ҮЛМЕЙІС – көл, Ұлан ауд. Антропотопоним немесе этнотопоним.

ҮҢГІРАШЫ [ҮҢГІРАШШЫ] - аңғар, Күршім ауд. Үңгір (зат есім) + ащы (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Үңгірлі, ащылы жер". Кейде ащылы жерді мал жалап үңгірлеп тастайды.

ҮҢГІРЛІ – өзен, Ұлан ауд. Үңгір (зат есім) + лі (туынды сын есім жұрнағы) құрамындағы туынды атау. «Көптеген үңгірі бар жер, өзен» мәнінде тұр.

ҮРЖАР – тау (2246 м), өзен, е.м., Үржар ауд. Халық этимологиясына сүйенсек, «Ұрыжар» түріндегі аңыз айтады. Кейбір қазақша карталарға да Ұрыжар түрінде түсіп кеткен. Ғылыми этимологияда «үр» көне түркі тілінде «ақ, боз» сын есімін береді (М.Қашқариде: үп-үрүң «аппак»). Сонда «Үржар» - тура мағынасында «Ақжар» дегенді білдіреді.

ҮРКЕР - шоқы, өзен, Катонқарай ауд. Шоқы басына үркер шоқжұлдызы сияқты бір топ терек өскен жерге берілген атау. Ұқсату жолымен жасалған.

ҮШАША – е.м., Семей қ.ә. Үш (сан есім) + аша (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Үш салаға бөлініп кететін не сай, не тау, не өзен» деген мағынада тұр.

ҮШАЩЫ [ҮШАШШЫ] - е.м., Үржар ауд. Үш (сан есім) + ащы (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Үш ащылы (сортан) жері бар елді мекен."

ҮШБИІК [ҮШБІЙІК] – е.м., Жарма ауд. Мағынасы: «Үш төбе, шоқысы бар жерге орналасқан елді мекен».

ҮШБҰЛАҚ - е.м., Үржар, Күршім ауд. Үш (сан есім) + бұлақ, (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Үш бұлақтың қиылысында орналасқан елді мекен".

ҮШКӨМЕЙ - е.м., Көкпекті ауд. Үш (сан есім) + көмей (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Таудың немесе өзеннің үш көмейі (қуысы) бар жерге орналасқан елді мекен".

ҮШКҮНГЕЙ – көл, Катонқарағай ауд. Мағынасы: «Көлді үш жағынан таудың күнгей беттері қоршап тұрған жер».

ҮШКҮРКЕ – су қоймасы, Күршім ауд. «Үш күрке (шағын қос) тігілген жер немесе күркеге ұқсас үш төбесі, тасы бар жер» деп ұғамыз.

ҮШКІРТАУ - тау, Катонқарағай ауд. Үшкір (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Үшы үшкірленіп біткен тау».

ҮШҚАРА – төбе (518 м), Күршім ауд. Үш (сан есім) + қара (зат есім) сөздерінен бірігеді. Тура мағынасында «Үштөбе» дегенді білдіреді, өйткені қара сын есімі заттанып тау, шоқы, төбе сөздерінің орнына жүре алады. Көбінесе тасты тау, төбелерді таңбалайды.

ҮШҚЫРМӨҢКЕЛІ - өзен, жайлау, Күршім ауд. Үш (сан есім) + қыр (зат есім) + мөңке (зат есім) + лі (туынды сын есім жұрнағы) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Мөңке балығы кездесетін суы бар, үш қырлы тау". Екінші жағынан алғанда, бұл гидроним Үшқырмөңкелі болуы да мүмкін,

өйткені Марқакөлді мекендейтін ускуч балығының аты қазақтың «ұшқыш» сөзінен шығады. Алғашқы зерттеушілер ел аузынан «ұшқыш балық» атын естіген соң, ғылыми аты ленок бола тұра, «ускуч» деп қосымша атаған. Сонда, Ұшқырмөңкелі «ұшатын мөңке балығы мол өзен» дегенге келеді. Бұл балықтар шыбын-шіркей аулау үшін, су бетіне ұшып шығады. Уылдырық шашу кезінде де ұшып, шапшып өрлейді.

ҮШТАРАУ – өзен, Абай ауд. Мағынасы: «Үш салаға, ашаға айырылатын өзен».

ҮШТӨБЕ - е.м., Катонқарағай, Тарбағатай ауд. Үш (сан есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Үлкенді-кішілі үш биігі бар мекен".

ҮШШАЛ – жайлау, Семей қ.э. Үш (сан есім) + шал (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. «Үш ақ түсті тасы, не төбесі бар жайлау» дегенді білдіреді. Шал сөзінің түбірі «ақ» сын есімін береді: ша+л, ша+лап, ша+ған т.б.

- X -

ХАБАРАСУ - асу, Тарбағатай аур., Хабар (зат есім) + асу (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасын "хабар алуға төте жолы бар асу" деп ел айтқанмен, моңғолдың хамар «дөңес, тұмсық, мойнақ» сөзінен жасалып тұрғаны айдан анық [3;563]. Сонда, Хамарасу/Хабарасу «тау тұмсығындағы асу» болмақ.

ХАМИР - өзен, Алтай ауд. Моңғол. хамар -"тұмсық, мүйіс" сөзінен жасалған. Аталмыш өзен толық түрінде Қамыр Тұрғысын деп аталғаны жазба ескерткіштерде кездеседі. Өзен Бұқтырмаға тұмсық, мүйіс жасап барып қосылатындықтан, Хамар/Хамир аталған.

ХАН АЛТАЙ – тау, Таулы Алтай өлкесі. Алтай тауының көптеген атауы бар екені айтылды (қараңыз: Алтай). Олардан басқа діни-мифологиялық атаулары да бар. Мәселен, алтайлықтар

Алтай ээзи «Алтай тауының иесі бар» деп есептейді. Ал моңғол тектес тұрғындары Алтай-хан/ Хан Алтай деп дәріптейді, табынады. Бұл жер-су иесіне табынған көне түркілік наным-сенімнен қалған дәстүр екені айқын.

ХАН ТӘНІРІ – шың. Алматы обл., Райымбек ауд. *Хан* сөзі «түркі, моңғол халықтарында ең жоғарғы лауазым аты» екені анық. Топонимжасамда «тарихта болған әлдебір ханның мекенін, ханға байланысты оқиға болған жерді немесе хан тәрізді ерекше бөлек тұратын, биік нысандарды» атауға қатысады. Хан Тәңірі (Ханның Тәңірі) тіркесі арқылы жасалған ороним «Тәңір тауының ханы (ең биік шыңы)» деген мағына береді. Көне түркілік нұсқасы Тәңір Тағы «Тәңір тауының биік тағы» да осы мағынаға сілтейді. Мұндағы тағ сөзі «тау» немесе «хан тағы» деген мәндердің бірінде тұр. Қазақтардың Қандытау, қырғыздардың Қантоо деп атауы шыңның екінші бір белгісін, қызыл мрамордан тұратын тасын» негіз етіп алғанын байқатады (Қызылтау дегенге келеді).

ХАН ШЫҢҒЫС – тау (1152 м), Абай ауд. «Негізгі, басты, биік үлкен Шыңғыс тауы» деген мағына береді. Алтайлықтардың «Хан Алтай» дегені сияқты. Шыңғыс ханмен байланыстыратын пікірлер де бар. Тарихи деректерге сүйенсек, Ұлы қаған Орта Азияға (Хорезмшах еліне) жорық жасардың алдында осы маңда аялдаған сияқты.

ХОТАН – қытайшасы Юйтянь го. Бұл қаланың тарихы Ұлы Жібек жолының үдерісімен ажырамас байланыста қаралады, Жол осы қаладан оңтүстікке, Үндістанға, қарай немесе батысқа Памир шатқалы арқылы аттанып отыратын болған. Ежелгі дәуірде бұл жазирада тохар тілінде сөйлейтіндер мекендегені, будда нанымында болғаны туралы айтылады. Шамамен б.д.д. II ғасырда ирантілді сақ тайпалары хотан-сақ тілінде жадыгерліктер қалдырған, соған орай бұл қаланың атауын иранның hvatan деген сөзінен шыққан деген пікір бар. IX ғасырдан бастап хотан-сақ тілін түркі тілі ығыстырған.

Топонимжасамдық моделі қот+ан. Хот/қот – синкретті түбір, -ан – жұрнақ. Бұл жұрнақ арқылы топоним жасалатынын дәлелдейтін мысалдар бар: Тұран, Жолан, Иран, Саян т.б.

Махмұт Қашқаридің: «Ең ашық-айқын әрі тура-түзу тіл – тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс-келіс жасамайтын кісілердің тілдері. Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. ... Шетелдіктермен араласатын және қалалықтармен араласатын хотан, түбіт халықтары мен таңғұттардың бағзылары сондай. Бұлар түріктер еліне кейін келгендер» (МҚ, I, 55).

«Хотандықтар мен кенжектер сөздің басындағы әліпті «h» әрпіне алмастырады. Түрік тілдерінде жоқ бұл дыбысты кіргізгендері үшін біз оларды түріктер деп санамаймыз», – деп жазады [МҚ, I, 1998, 59). Осыған қарағанда, олар «vatan» деген парсы сөзін өз сөйлеуіне ыңғайлап «хотан» деп атап кеткен деген болжам айтуға да болады.

Қырғыз тілінде *котон* – скотный двор (мал қорасы) [Кыргызча-орусча сөздүк, II, 1965, 409]. Ұйғыр тілінде *қодан* – яма (шұңқыр, ой). Саха тілінде хотон – қора, мал аран [БТСЯЯ, XV, 2017.]. Түрік тілінің әр түрлі диалектілерінде *Қодан/Қотан* сөздері жылқы фермасы, қора мағыналарын білдіреді екен.

Қотанның қазақ әдеби тіліндегі мағынасы мал түнейтін, мал иіріліп жусайтын орын, ашық қора деген мағынаны білдірсе, жергілікті говорда «Бір бөлек ауыл» деген де мағынасы бар [ҚТӘС, X, 149-150]. Сондай-ақ алқа-қотан үстеуінің мағынасы – айнала, дөңгелене, қоршалай [ҚТӘС, I, 418-419]. Демек, қотан сөзінде «дөңгелек» семасы бар. Қазақ топонимшісі Б. Бияров *Қотан* «Топонимжасамда «қой қотаны болған жерді де, қотанға ұқсас дөңгелене, топтана біткен табиғи нысанды да» атауға қатыса беретінін» қотан компонентімен жасалған 15 топоним арқылы көрсетіп береді [Бияров, 2013, 266-267].

Монғол тілінің Үлкен түсіндірме сөздігінде *хот* түбірінің 10 түрлі мағынасы берілген. Солардың ішінен Хотан ойконимін

анықтауға себеп болатындары: 1. қала, 2. топтанып қонған малды ауыл, 3. мал, аңның жатағы.

Көне иран тілінде *kata* – шұңқыр, ойыс, лашық (А.Н. Соболевский, 1928), славян тілдеріне *хата* түрінде келген. Көне үнді тілінде *кат*, *кот* – бекініс, қамал (Ф.Е. Корш, 1913), соғды тілінде *кат* - үй. Бұл түбірді ғалымдар кент, қанд сөзінің бастауы деп қарайды [Мурзаев, 1974, 116-117].

К. Риттер 1869 жылы шыққан еңбегінде Хотанның бірнеше атауын келтіреді: Хотэн, Юйтхан, санскритше *Кустана*, қытай транскрипциясында *Цзюй-са-дань-на*; көне заманда ерекше патшалық болғандығын, қазір Қытай облысының аты екенін айтады [Мурзаев, 1974, 273].

Сөйтіп, Хотан астионимінің түп-төркіні алтай тілдері мен үндіеуропа тілдеріне қатысты болып шықты. Сондықтан үш нұсқа ұсынып, содан қорытынды мағына шығару керек. 1. Әуелгі нұсқа түркі-соғдылық түйістен келіп шығады: үндіеуропалық (көне үнді, көне иран, соғды) «құрылыс нысаны» мағынасы алынған; екінші нұсқа түркі-монғол түйісінен келіп шығады, монғол тіліндегі «қала, ауыл (=елді мекен)» мағынасы алынған; үшінші түркілік нұсқа – басым нұсқа, өйткені атау түркіленіп *Хотан Қотанға* айналған, «ойыс жерде дөңгеленген, қоршалған нысан» мағынасын қамтиды. Қорытынды мағынасы «ойпатта дөңгелене, қоршай салынған қамалы бар елді мекен» дегенге келіп саяды (Ж.Жақып).

- Ч -

ЧУШ БАСЫ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Чуш басы топонимінің мағынасы ашылмағандықтан, барлық зерттеуші көне түркі. сұв/сұғ «су» (ДТС,1969,515), оның нұсқалары шув/суу/чул/суг, монғол. ус, қытай. шуй «су, өзен» (Мурзаев,1984,528) сөзінен шығарады да Чүш басы «су, өзеннің басы» деген қорытынды жасайды. Ал қай өзеннің басы екені

белгісіз. Әдетте өзен, судың басы дегенде әлдебір тауды, мұздақты мензейді.

ЧОРАК – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Чорак, дұрысы Чорақ атауы көне түркі. чор/шор «сор, қақ, тұзды жер» (ДТС,1969,524) түбірі + ақ (кішірейткіш мәнді жұрнақ) арқылы жасалып, Шорақ/Чорақ «шағын сор, қақты жер» деген мағына береді.

ЧЫҒЫЛТЫР КӨЛ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Чығылтар көл/Тұзды Алтыр көл гидронимін тағы да екі аудармашы екі түрлі оқыған және екінші аударма «Көне түркі сөздігімен» сәйкес келеді: Ачығ-Алтыр-Көл (ДТС,1969,7). Ендеше, Ащы Алтыр көл болады. Мұндағы ащы «тұзды» сөзі түсінікті, ал алтыр көне түркі алд/алт «төменгі жақ, ойық, ойпаң» (Мурзаев,1984,47) сөзі + ыр (сөзжасам жұрнағы: жалт+ыр, жылт+ыр) арқылы жасалып, «шұңқыр, ойық» мағынасын береді. Ащы Алтыр көл «суы тұзды ойпаң жерде орналасқан шұңқыр көл» ұғымын тудырады.

- Ш -

ШАБАНБАЙ - жайлау, Катонқарағай ауд. Бұқтырма өзенінің оң жағалауынан солтүстікке қарай орналасқан жайлауларды жалпы атпен Шабанбай деп атайды, Бұл - антропоним, яғни кісі атынан жасалған атау. 19 ғасырда керей мен найманның жайлауға таласқан бір қақтығысында қаза тапқан керейдің батыры Шабанбайдың атымен аталып кеткен.

Ал Бұқтырманың сол жағалауындағы жайлауды Тарбағатай деп атайды. Шыңғыстай болысын 25 жыл басқарған Әбдікерім Ережепұлы Қытайда жүріп елін, жерін сағынып шығарған толғауында: «Тарбағатай, Шабанбай, айырылдық елден баға алмай», - деп өкінген екен. Орта жүз руларының орналасуын зерттеген Марат Сәбитұлы Мұқанов Шабанбай жайлауын Шопан

таулары деп келтірген. Алайда Шопан таулары деген атау қолданылмайды.

ШАҒАН - өзен, Абай, Бесқарағай ауд., көл, Семей қ.э. Моңғолдың цагаан «ақ» сын есім сөзінен жасалып, суы, не құм-топырағы, не тау-тасы ақ түсті географиялық нысандарға берілетін атау.

ШАҒАНДАБА - асу, көл, Катонқарағай ауд. Атаудың екі сыңары да моңғол тілінен жасалған: цагаан «ақ» + даваа «асу, кезең, белес». Сонда Цагаандаваа => Шағандаба болып қазақ тіліне бейімделген, мағынасы: «Ақкезең» дегенді білдіреді. *Шаған* сөзі «биік әрі діңі түзу, бұтақсыз болып өсетін ағаштың» (ҚТТС, 10т, 81) да аты, фитоним. Топонимжасамда «шаған ағашы өсетін жер» мағынасында күрделі атаулар тудыруы мүмкін.

ШАҒАНОБА – асу (2124 м), өзен, Зайсан ауданы. Қалмақтың Шаған деген батырын қазақтар өлтіріп, атау соның обасына қойылған екен деген халықтық этимология бар. Ал тура мағынасына келсек, моңғол. цагаан «ақ» сөзі мен түркі-моңғолға ортақ оба сөздерінен бірігеді де, «ақ оба» дегенді білдіреді.

ШАҒАНТОҒАЙ - е.м., өзен, Үржар ауд. Шаған (зат есім) + тоғай (зат есім) сыңарларынан біріккен. Мұндағы шаған <= цагаан моңғол. «ақ» + «тоғай» мағыналарын береді. Сонда Шағантоғай «Ақтоғай» болып шығады.

ШАҒЫЛ -тау, Катонқарағай ауд. Атау екі мағынада қолданылады. Біріншісі – «шағыл (күнге шағылысқан) құм, бархан» мәнінде құмды жерлерде кездеседі. Екіншіден, табиғи эрозия әсерінен қираған, сынған тау тастарын да "шағыл тас" деп атайды. Аталған тау шағылып, қирап тұрғандықтан, Шағыл аталған.

ШАҒЫЛМЫС – түбек. ШҚО, Зайсан ауд. *Шағыл* сөзі «белес-белес, жота-жота боп үйіліп қалған құмның және тасы шағылып, қирап тұрған тау, төбелердің» аттарын білдіретін географиялық термин. Топонимжасамда осы екі мәнде жер-су аттарын жасауға қатыса алады. Шағыл + мыс топонимі «құмды

шағылдан тұратын немесе тасы қираған таудан тұратын түбек» деген мағына береді. Мұндағы орыс. мыс «мүйіс, түбек» сөзі түркі. мүйіс «түбек» сөзінен шығады.

ШАҒЫРАЙ - е.м., Аягөз ауд. Антропоним немесе этнотопоним.

ШАҒЫРШАҒЫЛ – қыстау. Атырау обл., Индер ауд. *Шағыр* сөзі әрі сын есім, әрі зат есім ретінде қолданылатыны белгілі. Зат есім *шағыр* сөзі «құмды жерде өсетін құрай тектес өсімдіктің» атын білдіреді, фитоним (ҚТТС, 10т, 85). Шағыр + шағыл топонимі «шағыр өсімдігі өскен құмды қырат» деген мағына береді. Ескерту: *Шағыр* сөзі біріккен атау құрамында тұрып, оның сынын (м.: *шағыр көз* концептісі) білдіруі де мүмкін.

ШАЙКӨЗ- қыстау, Күршім ауд. Этнотопоним, Уақ руының бір атасы.

ШАЙҚҰРЫҚ – е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд. *Шай* сөзінің топонимжасамға қатысты мағынасы анық емес, өйткені қазақ жерінде шай өсімдігі өспейді. Мұнда, әлде «шай орнына пайдаланылатын әлдебір өсімдікті» атауға белгі ету бар, әлде оғыз тілдеріне тән *шай* «сай; өзен» сөзі сақталып қалған. Сонымен бірге «шай ішетін орын» және «шай түстес жер» мәндерін де жоққа шығаруға болмайды. Шай + құрық сөздерінен біріккен атау «кеуіп, құрғаған сай» деген ұғым береді. Мұндағы құр+ық туынды сөзі «құрғаған, кеуіп қалған» деген мән береді.

ШАҚАМАН – е.м., Семей қ.ә. Антропоним.

ШАҚПАҚ АТА – е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд. Шақпақ сөзі қазақ. «от шығару үшін падаланылатын тас» деген мәнде қолданылады (ҚТТС, 1986, 10-т, 99). Әуелде шақ «ұру, шағу» + пақ (зат есім жасайтын жұрнақ) тұлғаларынан немесе жақ «жағу» + пақ (зат есім жасайтын жұрнақ) түбірлерінің бірінен шығып, «оттық құрал» атауын тудырған. Жамбыл ауданының Жуалы ауданында кремний тасы өндірілгендіктен, қазақтар ежелден ол тасты шақпақ ретінде от жағуға пайдаланғаны анық. Оны сол маңдағы Шақпақ асуы, Шақпақ ата үңгірі сияқты топонимдер дәлелдейді («Жамбыл

облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы»). Шақпақ Ата үңгірі кремний тасын өндірген ежелгі шахта болуы да мүмкін. Шақпақ Ата есімді әулие кісі болған деген пікір бар.

ШАҚПАҚТАС - тау (2716 м.), Зайсан ауд. Шақпақ (сын есім) + тас (зат есім) тұлғаларынан тұрады. Шақпақ сөзі әдеби тілімізде «төрт бұрышты, тор көзді» мәнінде қолданылады[37;99]. Шақпақтас – «тастары төрт бұрышты (шақпақты) болып келетін тау» деген сөз.

ШАҚПАҚТАСТАУ – жота. Алматы обл., Панфилов ауд. «От шығаратын шақпақ тасы (кремний) бар тау» мәнін береді. Сонымен бірге, *шақпақ* сын есімі тілімізде «төрт бұрышты, тор көзді» мағынасында қолданылады (ҚТТС, 10т, 99). Түбі парсы. sahar «төрт» сан есімінен шығатын сияқты [111; 782]. Жер-су атын жасауға табиғи нысанның «төртбұрышты, төртпақ» тұлғасын анықтау арқылы да қатыса алады.

ШАҚШАҚАЙЛЫ – құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд. Шақшақай + лы туынды топонимі қазақ. шақшақай «жердегі ескі індерді мекендейтін торғайдың» атынан жасалып тұр. Шақшақайлы атауы «маңында жер торғайы мол құдық» мағына беріп тұрғаны айқын.

ШАҚЫРТЫ – өзен, Аягөз ауд. Шақыр (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағы) құрамында тұр. Мұндағы шақыр сөзі көне түркі тіліндегі шақыр/шағыр «күлгін, шегір (көз)» сын есімі болуы мүмкін [1;136]. Дәлірек айтсақ, осы түстес шағыр шөбі (полянъ песчанная) мол өсетін жер дегенге саяды: Шағырты/Шақырты «аңғарында шағыр шөбі мол өсетін өзен».

ШАЛАБАЙ – е.м., Жарма ауд. Антротопоним.

ШАЛДАР – тау (773 м), Аягөз ауд. Шал (зат есім) + дар (көптік жалғауы) құрамында тұр. Мұндағы шал сөзі көптеген түркі тілдерінде «тасты биік жер» мәнін береді (әзірб.чал «тасты жер»; чуваш. чул «тас»; түрік. чал «тасты биік» т.б.) [10;606]. Сонда, Шалдар «тұтас тастан тұратын бірнеше тау» мағынасын береді. Сондай-ақ, шал сөзі түркі тілдерінде «ақ, боз, ақшулан» деген

сындық мәнде де қолданылады (шал-ақ шашты адам, шалқұйырық ат т.б.). Егер тау ақ тастардан тұрса, осы белгісі уәж болып тұр деген сөз.

ШАЛҚАР – көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. «Кең-байтақ, шексіз, шетсіз, үлкен» (ҚТТС, 10т, 116) мағыналы *шалқар* сын есімі тура осы мағынасын өзгертпестен топонимжасамға араласады. Географиялық нысанның «кең жайылған көлемін» атап көрсетеді, бірақ *кең* сын есіміне қарағанда поэтикалық реңк басым болып келеді (шалқар теңіз, шалқар дала, шалқар көңіл т.б.).

ШАЛҚИЯ – кеніш. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд. *Шал* зат есімі «жасы 60-70-тен асқан ер адам; қария, қарт» (ҚТТС, 10т, 104) мағынасын беретіні белгілі. Алайда *шал* сөзінің түпкі мәні алтай тілдерінде *ша/ча* «ақ, боз» түбірінен шығатыны дәлелденген (ша+л, ша+лап) [67;12-13]. Сондықтан топонимжасамда «шал адамға байланысты әлдебір оқиға болған жерді, тозыңқы, ескі нысанды» атап көрсетумен қатар, геонысанның «ақшыл, боз» түсін білдіруі де мүмкін. Шал + қия топонимі «ақ түсті топырағы не тасы бар қиялы жер» деген мағына береді.

ШАМАЖАН - асу, Тарбағатай ауд. Антропотопоним.

ШАН – тау (601 м), Семей қ.э., е.м., Тарбағатай ауд. Шан – «ағаштан не металдан жасалған үлен бөшке» [37;128]. Шан, негізінен, сұйық құйылатын ыдысқа жатады да, көл, су аттарына сай келеді. Кішілеуі Шанақ аталады. Ал таулы жер болса, тәжік (парсы) тіліндегі шаң «тау, таудың басы» сөзі немесе моңғол. шанд «тұма, бастау, көз» мәндері сай келуі мүмкін. Әрине, мұндайда төреші табиғи нысанның өзі екені анық.

ШАНАҒАТЫ - өзен, е.м., Күршім ауд. Ескі карталар мен саяхатнамаларда бұл топоним Шандағаты түрінде кездеседі. Ендеше Шандағаты/Шанағаты моңғолдың чандага «ақ қоян» + ты (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалып, «ақ қоянды» деген мағына береді [3;706]. Моңғол тілінде қоянды туулай десе, қысқы ақ қоянды чандага деп атайды. Қазіргі карталарда Шанағатты деп қате жазылып жүр. Дұрысы – Шанағаты.

ШАНТҰҢ ЖАЗЫҚ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Шантұң жазық топонимі қытай. шан-тон «шығыстағы тау» сөздерінен жасалған. Тарихшы Т.З.Қайыркен Хуанхэ, Шантұң өлкелері ғұндардың қыстау жерлері болғандығын, ғұндардың ұрпақтары түркілер ол жерлерді қайтарып алу үшін, үнемі жорық жасап отырғанын атап өтеді (Қайыркен, 2008, 49).

ШАҢДАҚ – көл. Павлодар обл., Железин ауд. Шаң + дақ туынды атауының құрамындағы -дақ/-дек топонимжасамда есім, еліктеуіш сөздерге жалғанып, «табиғи нысанның өзіне тән тұрақты бір ерекшелігін (*Былқылдақ*), немесе бір нәрсенің мол кездесіп отыруын (*Құмдақ, Шаңдақ*)» білдіреді. Ендеше, Шандақ «шаңы көп, шаңды жер» деген мағына береді.

ШАҢЫРАҚ – е.м. Ақм. обл., Жарқайың ауд. «Киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер» мағынасын беретін шаңырақ сөзі метафора арқылы географиялық терминге айнала алады. *Шаңырақ* апеллятиві «сырт тұлғасы киіз үйге ұқсас таулардың доғалдана біткен басын және жан-жағын тұтас тау қоршаған төңкерілген шаңыраққа ұқсас қойнауларды» нысан етеді. *Шаңырақ, Шаңырақты* топонимдері, көбінесе, таулы жайлауларға тән болып келеді.

Шаңырақ сөзі, сонымен бірге, «жаңа пайда болған елді мекен», «атамекен» ұғымдарында топоним қызметін атқаруы ықтимал.

ШАПШЫМА – асу, Катонқарағай ауд. Шапшы (етістік) + ма (зат есім жасайтын жұрнақ) құрамында тұр. Мағынасы: «Ат шапшып, ұмтылып әрең шығатын тік асу».

ШАР – өзен, е. м. Жарма ауд. Ертіс өзеніне құятын өзен. Ертіске құятын Шар өзенінің атын Ғ.Қоңқашпаев, А.Әбдірахмановтар моңғол. *шар* «сары» сын есімінен шығарады. Өзен құмының сары түсі суға сарғыш рең беріп тұратындықтан, моңғол. *шар* «сары» сөзінен жасалған деген пікір дұрыс келеді. Қытайдағы Сары өзен сияқты аталған.

ШАР СУ ҚОЙМАСЫ [ШАР СҰУ ҚОЙМАСЫ] – су қоймасы, Жарма ауд. «Шар өзенін бөгеп жасалған су қоймасы» деген мәнде тұр.

ШАРАКӨЛ – жұрт. Қостанай обл., Таран ауд. *Шара* сөзі «ағаштан жасалған үлкен ыдыстың, аяқтың» (ҚТТС, 10т, 148) аты. Топонимжасамда «шараға құйған сұйыққа ұқсас дөңгелене біткен көлдерді» атауға қатысады. Шара + көл біріккен гидронимі «шара ыдысы тәрізді ойпаң, шұңғыл, дөңгелек көл» мағына беретіні анық.

ШАРАПХАНА – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. *Шарап* зат есімі «жемістен ашытылатын жеңіл спиртті ішімдіктің» аты. Топонимжасамда «шарап өндіретін жер» мәнінде атау жасай алады. Шарап + хана ойконимі «шарап өндіретін, ішілетін орын» деген мағына береді деп есептейміз, өйткені Ұлы Жібек жолында орналасқан бұл қаланың негізгі белгісі «жақсы шарабы» болуы мүмкін. Жібек жолында Шарапхана, Шайхана сияқты аялдама рабаттардың болуы заңды құбылысқа жатады. Мұндағы парсы. хане/хана «үй» сөзі екені мәлім (Жеменей, 1994, 269). Бұл көне бекеттің Қазығұрт, Қаратас деген атаулары да болған деген деректер бар.

ШАРАП – орта ғасырда Жібек жолының Оңтүстік Қазақстаннан өтетін жолындағы қала аты. Қазіргі Түркістан облысында осы аттас ауыл бар. Шарап сөзінің түпнұсқалық дыбысталымы – Шараб. Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған астионим шар және аб сөздерінің бірігіуінен Ұлы жібек жолындағы қазақ ... Серия «Филология». № 3(107)/2022 73 түзілген. Екінші бөлігі аб – парсы сөзі «су» деген мағынаны білдіретіні белгілі. Бірінші бөлігі шар сөзі талқылауды қажет етеді. Хақас тілінде чар сөзі бар, алайда ол «жар, жартас» мағынасын білдіреді, тәрізі ч/ж дыбыс алмасуынан болар. Шараб өзенін жарлы өзен, жартасты өзен деу географиялық уәжбен үйлеспейді. Қазақ жерінде Шар атты өзен бар, қазіргі Абай облысы, Жарма ауданында Ертіске құятын өзен. Шар сөзін анықтауыш ететін

басқа да топонимдер баршылық (Шарбұлақ, Шарқұдық т.с.с.). Б.Бияров: «... Ғ.Қоңқашпаев, А. Әбдірахмановтар монғолдың шар «сары» сын есімінен шығарады. Өзен құмының сары түсі суға сарғыш рең беріп тұратындықтан, монғ. шар «сары» сөзінен жасалған деген пікір дұрыс келеді», – деп есептейді [4; 109]. Д. Жүнісов те мұның монғолдың «сары» деген мағына беретін шар сөзінен шыққанын қолдайды [5; 111-112]. Қазақ тілі топонимдерінде сары түсті емес, ұзындықты білдіретінін ескерсек, бұл пікірмен келісу қиын. Тағы да Б. Бияров: «Шар сөзінің көптеген мағыналарының ішінен «дөңгелек, домалақ зат» мәні ғана топонимжасамға қатысуға қабілетті болып келеді. Ол геонысанның «дөңгелене, домалақтана біткен» пішінін негізгі белгі етіп алады» [4; 328], – деп көрсетеді. Бұл бір қарағанда қисынға келеді. Алайда автор «шар» сөзінен парсы тілінен енгенін танып отыр. Парсы тілінде «дөңгелек, домалақтана біткен» мағынасын беретін сөз «шарх» болып дыбысталады. Ал шарх түркі тілдеріне шар болып емес, шарық болып кірген (шарық қайрақ, шарық жіп дегендерді еске алыңыз). Ғ. Қоңқашпаев шара сөзін «көл табаны немесе өзен арнасы» деп санайды [6]. Мұны Шарап атауымен байланыстыра алмаймыз. Өйткені бірдей су мағынасын беретін екі сөзді қабаттастырудың ешқандай уәжі жоқ. Парсы тіліндегі чаһар>чаар «төрт, төртбұрыш» сөзі де аталмыш топонимді жасауға араласа алатыны туралы да пікір бар [4; 328]. Бұған келісе тұрсақ, Шарап «төрт су» немесе «төрт бұрышты су» болып шығады – қисынға қисық келіп тұр, өзен атауына үйлеспей тұрған сияқты. Рас, қазақ тілінде «төрт» тек санды ғана емес, нышандық мәнде «түгелдікті» білдіретіні бар, мысалы, «төрт құбылаң түгел, төрт көзің түгел» дегенде осы мәнді анық байқауға болады. Осыны ескеріп Шарапты «түгелдей су» деп қарауға да болатын сияқты. Алайда Шарап өзенін көрген адам оны «түгелдей су» деп бағаламас еді. Мұның үстіне, чаһар парсы тілінде «чәһар» болып дыбысталады [<http://www.farhang.ru/>]. Бұған қоса, чәһардың чаар болып ауысуының уәжі табылмай тұр. Қазақ тіліне чәһарды

шар болып енген деуге де дәлеліміз жоқ. Өйткені парсының қала деген мағынаны беретін шаһр сөзі Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи астионимдерде шар болып енгенін байқауға болады, мысалы Қарашар, Күшар. Осы сөзге сүйенсек, Шарап «қала+су» түріндегі күрделі атау болып шығады, яғни Шарапты қаланың суы деп ұғамыз. Бірақ бұл өзеннің Шарап деген қала болмай тұрғанда бар өзен екенін ескерген жөн. Саха тілінде «қайраң» мағынасын білдіретін чаар сөзі бар. Саха тілінің Үлкен түсіндірме сөздігінде мұның мағынасы «Уунан айанныыры моһуоктуур чычас уулах сир, харгы. Мелькое место в реке, мель, отмель» деп екі тілде көрсетілген [7; 74]. Сондай-ақ тыба тіліндегі саарыг сөзі де «өзендегі қайраң өткел, өзеннің тайыз жері» мағыналарын береді екен [<https://classes.ru/alltuva/dictionary-tuva-russian-term-8709.>]. Саха, тыба тілдерінің көнетүркілік элементтерді көбірек сақтап қалған тілдер екені белгілі, тіл тарихын төркіндетуде ретроспективалық бағыт көбінесе осы тілдерге келіп тірелетіні бар. Мұны қабылдасақ, Шараб «саяз су», «қайраңды өзен» болып шығады. Бұл – атауға уәж бола алатын сияқты. Сөйтіп, Ұлы Жібек жолындағы Шарап атауының аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған, гидрографиялық терминге негізделген астионим екені анық. Олай болса, Шарап мағынасын «қайраңды су», «тайыз су» деп қабылдаған жөн болар еді. Сығанақ қаласы Сунақ атауымен теңестіріле аталады. Қызылорда о

ШАРТАС – жота. Алмты обл., Райымбек ауд. *Шар* сөзінің көптеген мағыналарының ішінен «дөңгелек, домалақ зат» мәні де топонимжасамға қатысуға қабілетті болып келеді. Ол геонысанның «дөңгелене, домалақтана біткен» пішінін негізгі белгі етіп алады. Парсы. *чаһар* > *чаар* «төрт, төртбұрыш», «қала» мәнді сөзі де, моңғол. *шар* «сары» сын есімі де топонимжасамға араласа алады. Шар + тас топонимі «домалақ тас», парсы. «төртбұрыш тас», моңғол. «сары тас» мәндерінің бірінде тұр.

ШАРЫН – шатқал, Алматы обл., Ұйғыр ауд. Шарын, алдымен өзен аты екені белгілі және шар + ын сөзінің түбірінде

моңғол. шар «сары» сын есімі тұрғаны да шындық (Базылхан, 1987, 732). Ал -ын қосымшасы моңғол тіліндегі көптік жалғау -нар-дың қалдығы деуге болады: шар-нар/шарын-ар/шарын. Шарын гидронимі сонда «сап-сары, ерекше сары өзен» деген мағына береді. Өзен суына сары түс беретін шатқалдың қызғылт-сары түсті топырағы екені даусыз. Абай облысындағы Шар өзенінің аты да осы түбірден шығады.

ШАТ – тау тізбегі. Павл. обл., Баянауыл ауд. «Таудың қойнауындағы жықпыл-жықпыл терең сай» (ҚТТС, 10т, 161) мәніндегі ГТ арқылы жасалған ороним. Бұл жерде метафоралық құбылыс та жоқ емес (адамның шаты – таудың шаты). *Шат* «өзеннің айрығы», «өзеннің екі саласының арасы», мәндерінде гидрографиялық термин қызметін де атқарады. *Шат* түбірінен *шатқал* «түбі тар тік жыра; тар аңғар» (Э.Мурзаев) туынды термині жасалған. *Шат* жалқы есім ретінде жиі кездеседі және *Қарашат*, *Қызылшат*, *Майлышат* топонимдерін жасауға қатысады. М.Лермонтов шығармасынан Эльбрус шыңының бұрынғы бір аты *Шат-гора* болғанын білеміз [46; 608].

ШАТҚАЛАҢ – өзен, Абай ауд. Шатқал (зат есім) + аң (кішірейткіш мәнді жұрнақ) арқылы жасалған. «Бірнеше шағын шатқалдарға бөлініп ағатын өзен» деген мағына береді.

ШАТҚЫЗЫЛ – тау (1251 м), Тарбағатай ауд. Шат (зат есім) + қызыл (заттанған сын есім) сөздерінен біріккен. Екі сыңарының орындарын ауыстырсақ Қызылшат болады, бірақ бұл жердің белгісі «терең шатқалы бар қызыл түсті тау» екенін білдіріп тұр. Бұл жерде шаттың емес, таудың қызыл екенін баса көрсету қажет болған.

ШАТЫРТАЛ - тоғай, Күршім ауд. Шатыр (зат есім) + тал (зат есім) Мағынасы: "Бүрлері шатырға ұқсап, бастарына ғана жайыла біткен талдар өскен жер".

ШАТЫРТАС – өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд. *Шатыр* сөзі «үйдің т.б. құрылыстың жауын-шашын өтпестей етіп, қырландыра жапқан төбесі» мағынасын береді. Топонимжасамда

«пішіні шатырға ұқсас табиғи нысандарды» атап көрсетеді. Шатыр + тас оронимі «төбесі шатырға ұқсап, ортасы үнгірлене біткен қалқа тас» деген мағына береді.

ШАШ – Ташент қаласының көне аты. *Шаш* зат есімі «адамның бас терісіне біткен жіңішке қалың қылдың» аты (ҚТТС, 10т, 171). Топонимжасамда «шашқа ұқсас өскіні бар табиғи нысандарды» атауға қатысады. *Шаш* сөзі, сонымен бірге парсы. sang «тас» сөзінен шығуы да мүмкін [111; 215]. М.: *Шаш* = *Ташкент*. Екі атаудың құрамында да «тас» мағынасы тұрғандықтан, Шашкент > Ташкент болып түркіленген сияқты. Мағынасы «тас қала, тас қорғаны бар қала» дегенді білдіреді. Ташкент Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы болған көне қалаға жатады.

ШАШТЫ - асу, Катонқарағай ауд. Шаш (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан заттану арқылы қалыптасқан атау. Көне түркі тілінде шаш сөзі «тас» мәнін берген: Ташкент қаласының бұрынғы аты Шаш болғанын білеміз. Ендеше, Шашты «тасты (асу)» болғаны. Екінші жағынан, моңғол. цас - "қар" + т (туынды сын есім жұрнағы) арқылы жасалып тұруы да мүмкін [3;679]. Сонда, Цаст/ Шашты "қарлы (асу)" болып шығады. Қазақ. жауын-шашын қос сөзінде де осы «қар» мағынасы тұр.

ШӘКЕН ДАРАСЫ - тау; Катонқарағай ауд. Мағынасы: "Шәкен деген кісі мекендеген тау шатқалы". Мұндағы дара/дере – парсы (тәжік) тілінен енген географиялық термин : «тау шатқалы, аңғары» деген де мән береді [10;171].

ШӘКІЛМЫС - тау (691 м.), Күршім ауд. Шәкіл (зат есім) + мыс (зат есім) сөздерінен біріккен. Мұндағы шәкіл көне түркі тілінде: 1. шақыл/шәкіл «ойып, шекіп жазу, таңба салу» мағынасын береді. Онда «таңбалы» мағынасында тұрады. 2. Шақыл/шәкіл «жарқ етіп от жағу (жарқыл), шақпақ шағу» мәнін береді [1;140]. Онда «от жарқылды арқылы белгі беру (маяк)» деген ұғым туады. Топонимнің екінші сыңарындағы мыс қазақ тілінің «мүйіс, түбек» сөзі, орыс тіліне «түбек» мәнімен енген. Сонымен,

Шәкілмыс тауы Зайсан көліне сұғына орналасқандықтан және 500-600 м. биік болғандықтан, «шәкіл (маяк) орналасқан түбек» деген мағына береді демекпіз. «Таңбалы тасы бар түбек» мағынасын да жоққа шығаруға болмайды.

ШӘНГЕН ДАРАСЫ - тау; көл, Катонқарағай ауд. Алдымен көлге орыс саяхатшысы Петр Иванович Шангиннің (1748-1861) аты берілген. Ол Алтайды, Балқашты зерттеген саяхатшы-ғалым. Саяхатшылардың құрметіне өздері зерттеген жерлерге аттарын беру үрдісі бар екені мәлім. Ал Шәңген дарасы дегеніміз «Шәңген көлі орналасқан тау аңғары» деген мағынада, көл атынан кейін шыққан атау. (Дара/дере парсы. «тау шатқалы, аңғары»). Шангин > Шәңген болып дыбыстық өзгеріске түсуі заңды құбылыс.

ШӘРІПТОҒАЙ - е.м., Көкпекті ауд. Шәріп + тің + тоғай + ы құрамында изафеттік қатынаста тұр. Мағынасы: «Шәріп деген адам бастап отырғызған ағаштардан пайда болған тоғай».

ШЕКЕРДАЛА – қыстау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд. *Шекер* зат есімі «ұсақ қант; құм шекер» мағынасын беретіні мәлім. Моңғол тілінде де *чихэр* «шекер, қант» мәнінде қолданылады [77;715]. Түбі парсы. *Šen, Šenzär* «құм» сөзінен шығатын сияқты [111;434]. Топонимжасамда «ұсақ, майда құмы бар жерді» атауға қатыса алады. Шекер + дала топонимі, тура мағынасында, «құмды дала» дегенді білдіреді.

ШЕЛЕК – өзен; е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Шелек*, ең алдымен, «сұйық зат құйып бір жерден екінші жерге тасу үшін пайдаланатын тұтқасы бар үлкен ыдыстың» аты.

Көптеген бұлақтар мен тау өзендері арқылы байитын өзен, көлдерді ыдысқа теңеу түркі тілдерінде бар құбылыс: *Арғұт* < *Арқыт* алт. «торсық», «саба»; *Саба*; *Шанақ*; *Тегене* т.б. Басқа сулардың ағып келіп құйылуы – ондай қабылдаушы өзендердің басты ерекшелігі. Біздің ойымызша, *Шелек* гидронимі «ыдыс» мағынасынан метафоралық жолмен жасалып тұр.

Республика жерінде *Шелек*, *Шелексай* атаулары кездеседі.

ШЕНЕКЕТ – көл, Аягөз ауд. Атау түркі тілінен ашылмайды. Моңғол. шинэ «жаңа» + хийд (ғибадатхана) сөздерінен бірігуі мүмкін (Б.Базылхан, 581). Шинэхийд/Шенекет «жаңадан салынған ғибадатханасы бар көл» болады. Мұндағы «кет» сыңары Аблакет атауында тұр. Жоңғар-қалмақтардың буддаға табынатын ғибадатханасы болған жер деп топшылаймыз. Қосымша зерттеуді қажет етеді.

ШЕҢГЕЛДІ – е.м. Алматы обл., Қапшағай ауд. *Шеңгел* сөзі «гүл шашатын тікенекті бұтаның» (ҚТТС, 10т, 201) аты, фитоним. Топонимжасамда «шеңгел бұтасы қалың өсетін жерлерді» атауға қатысады. Шеңгел + ді туынды атауы «шеңгел бұтасы мол өсетін жер» деген мағына береді.

ШЕҢГЕЛДІ - е.м., Күршім, Тарбағатай ауд. Шеңгел (зат есім) + ді (туынды сын есім жасаушы жұрнақ) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: "Шеңгел (шингиль) бұтасы көп өсетін жер".

ШЕРІМБАЙ – өзен, Тарбағатай ауд. Антропоним.

ШЕТ - өзен, Абай ауд. Мағынасы: «Шет жақта ағып жатқан өзен немесе шетке (далаға) қарай ағатын өзен». Сондай-ақ, Енисей осырттарының (кет) тілінде шет/чет «өзен» деген сөз де бар. Алайда Шығыс Сібірде кездесетін бұл гидроним қазақ даласына тарай қоймаса керек.

ШЕТ БАҚАНАС – өзен. Алматы обл., Балқаш ауд. *Шет* зат есімі «заттың ұшы, жиегі; сырт жер, оқшау маң» мәндерін береді. Топонимжасамда «біркелкі табиғи нысандардың шеткісін; жырақта орналасқанын» белгілеуге қатысады. М.: *Орта Теректі* < => *Шет Теректі*. Шет Бақанас тіркесті атауы «шеткі Бақанас өзені» деген мәнде тұрғаны анық.

ШЕТ БОҒАС – өзен, е.м., Тарбағатай ауд. Мағынасы: «Шеткі Боғас өзені».

ШЕТ ҚАРАСУ [ШЕТ ҚАРАСУУ] – өзен, Тарбағатай ауд. «Шеткі Қарасу өзені немесе Қарасу өзенінің шеткі саласы» деген мән береді.

ШЕТ ЛАСТЫ – өзен, Тарбағатай ауд. Мағынасы: «Шеткі Ласты өзені».

ШЕТ ТЕРЕКТІ – өзен, Күршім ауд. Бұл өзен Бас Теректі, Орта Теректі, Шет Теректі болып үш салаға бөлініп ағады.

ШЕТ ҰЛАСТЫ – өзен, Зайсан ауд. «Шеткі Ұласты өзені» дегенді білдіреді.

ШЕТЕНСАЙ – өзен. Алматы обл., Райымбек ауд. *Шетен* сөзі «қуаңшылыққа төзімді, биіктігі 15 метрге дейін өсетін қабығы қызыл қоңыр түсті ағаштың» аты, фитоним (ҚТТС, 10 т, 207). Топонимжасамда «шетен ағашы мол өсетін жерлерді» атап көрсетеді. Шетен + сай топонимі осындай «шетен ағашы өсетін сай» деген мәнді білдіреді.

ШЕТПЕ – тж. бекеті. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд. Шет + пе тұлғаларынан жасалған туынды атау. Мұндағы сөз тудырушы тұлға түбір немесе туынды етістікке жалғанып, құрал-жабдық, мекен-орын, ас-тағам атауларын, кәсіптік, терминдік сөздерді т.б. жасауға қатысады: *тартпа, шаппа, басқарма, бөлме, көмбе (нан), сүзбе, аударма, сызба* т.б. Шетпе ойконимі, тура мағынасында, «шет жақта орналасқан, шетпе жер» деген мағына береді.

ШЕШЕК – асу, Өскемен қ.э. Көне түркі тілінде гүл атаулы ғалдақ, шешек болып аталғаны тіл тарихынан мәлім (қызғалдақ, сарғалдақ; бәйшешек т.б.). Б.Қалиұлы мұндағы ғалдақ түркі сөзі болса, шешек моңғол тілінен енген дейді [33;84-85]. Моңғол. цэцэг «шешек, гүл» сөзі бар екені рас. Ал «гүл» сөзі араб-парсы тілдерінен еніп, көне атауларды ығыстырып шығарған. Шешек асуы «гүлді асу» дегенді білдіреді.

ШИДЕРЕ [ШЙДЕРЕ] – қыстау, Жарма ауд. Ши (зат есім) + дере (зат есім) сөздерінен бірігеді. Мұндағы дере парсы. дере(дара) «тау шатқалы, аңғар» сөзінен шығатынын айтып өткенбіз. Сонда, Шидере «ши өсетін (шилi) шатқал, аңғар» болып шығады.

ШИЖАҒА – е.м. Қызылорда обл., Арал ауд. *Ши* сөзі «түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке әрі ұзын қамыс тектес

өсімдіктің» аты, фитоним (ҚТТС, 10т, 216). Қазақ шиді тоқып, киіз үй ішін бөлуге, құрт, сүзбе кептіретін жайма жасауға пайдаланғандықтан, ши өсетін жерлерге маңыз беріп, атап көрсететін болған. Ши + жаға сөздерінен біріккен атау «Арал теңізінің ши өскен, шилі жағасы» деген мағына береді.

ШИЛҚОРЫМ [ШІЙЛҚОРЫМ] - қорым, Күршім ауд. Мағынасы: «Ши өсімдігі (чий) мол өсетін қорым». Қорым деп, кейде қорым тасты жерді, кейде молалы жерді атайды.

ШИТҮБЕК [ШІЙТҮБЕК] - түбек, Күршім ауд. Мағынасы: «Ши өсетін (шилі) түбек». Ши (зат есім) + түбек (зат есім).

ШОЙТӨБЕ – тж. бекеті. ОҚО, Түркістан қ.ә. «Орасан зор, дәу, үлкен» (ҚТТС, 10т, 236) мәнді *шой* сын есімі көбінесе адамның дене бітіміне байланысты айтылады (шой қара, шой кеуде т.б.). Осы мағынадан айнымай топонимдер жасауға да қатысады. Табиғи нысанның «үлкен, зор, сом» тұлғасын сипаттайды.

ШОҚҚАЙЫҢ - тоғай, Күршім ауд. Шоқ (сын есім) + қайың (зат есім). Мағынасы: «Шоқталып (топ-топ болып) қайың өскен жер».

ШОҚПАРТАС - тас, Күршім ауд. Шоқпар (зат есім) + тас (зат есім). Мағынасы: «Шоқпарға ұқсас тас». Метафоралық атауға жатады.

ШОҚПАРТАС – тау. Алматы обл., Ұйғыр ауд. *Шоқпар* зат есімі «бір басы дөңкиіп жұмыр келген ағаш қарудың» аты (ҚТТС, 10т, 241). Топонимжасамда «сырт келбеті шоқпарға ұқсас болып келетін табиғи нысанды» атауға араласады. Шоқпар + тас атауы «басы шоқпарлана жуандай беретін тас» деген мағына береді.

ШОҚПАРТАС - тас, Күршім ауд. Шоқпар (зат есім) + тас (зат есім). Мағынасы: «Шоқпарға ұқсас тас». Метафоралық атауға жатады.

ШОҚТАЛ – көл. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд. *Шоқ* сын есімі «бір топ, шоқталған» (ҚТТС, 10т, 239) мағынасымен келіп,

геонысанның «топтана, шоқтана» біткен шоғырын атап көрсету арқылы, жер-су аттарын қалыптастырады.

ШОҚЫТАС – тж. бекеті. Түркістан обл., Түркістан қ.э. *Шоқы* сөзі «таудың, төбенің ең биік жері, ұшы» мәніндегі географиялық термин. Топонимжасамға тура осы мағынада қатысып, оронимдер жасайды. Шоқы + тас оронимі «дені тастан тұратын шоқы (төбе)» деген мағына береді.

ШОЛАҚБҰЛАҚ - бұлақ, Катонқарағай ауд. Мағынасы: «Қысқа, келте, бас-аяғы көрініп тұратын бұлақ». Шолақ (сын есім) + бұлақ (зат есім).

ШОЛАҚЕСПЕ – өзен, Абай ауд. Шолақ (сын есім) + еспе (зат есім). «Өзі қысқа, келте, өзі құммен бірге есіліп, жайылып ағатын өзен» мәнінде тұр. Өзен, су аттары «шолақ» анықтауышымен келсе, ол су көп ұзамай екінші суға қосылады немесе көп ұзамай жерге сіңіп кетеді деп ұққан жөн. Бұл атау Шолақ Еспе түрінде жазылса, «Еспе өзенінің қысқа бір саласы» деген мәнге көшеді.

ШОЛАҚҚОРҒАН – е.м. Түркістан обл., Созақ ауд. «Қысқа, ұзын емес, келте» (ҚТТС, 10т, 247) мағыналы *шолақ* сын есімі топонимжасамға белсенді қатысып, біршама өнімді біріккен, тіркесті атаулар жасайды. *Ұзын* сын есіміне қарама-қарсы мәнде жұмсалады да, денотаттың «қысқа, келте, шорт үзілген» ұзындығын, бойын атап көрсетеді (Ұзын Қарғалы – Шолақ Қарғалы). Шолақ + қорған ойконимі «аяқталмаған, қысқа қорған» деген мағына береді. Шолаққарған ортағасырда салынған бекініс-бекет және Қаратаудың терістігімен өтетін керуен жолының аялдама рабаты болған.

ШОЛАҚОРДА-е.м., Тарбағатай ауд. Мағынасы: «Шағын немесе шала біткен қамал, орда».

ШОЛПАН - е.м., Үржар ауд. Антротопоним.

ШОНАБҰЛАҚ – өзен, Күршім ауд. Антротопоним немесе моңғол. чоно «қасқыр» сөзінен жасалып тұр.

ШОҢ – е.м., Тарбағатай ауд. Шоң қырғыз. «үлкен, дәу, жуан» сын есімі. Шоң антропонимін (Шоң, Торайғыр билер), Шоңмұрын этнонимін (найман ішінде) және «ірі, биік, көлемді тау (шоқы, төбе), көл» мағынасындағы Шоң топонимін бірдей жасай береді. Мұндағы антропоним Шоңның мағынасына денотат сәйкес келмей қалуы мүмкін (мысалы, есімі Шоң, ал өзі кішкене денелі адам болуы мүмкін), ал этноним Шоңмұрын мен топоним Шоң нысандарымен сәйкес келетіні сөзсіз. Бұның өзі жалқы есім салаларының таңбалық дәрежесі әр түрлі болатынын дәлелдейді. Атап айтқанда, антропонимдер шартты таңбаға жақын да, этноним, топонимдер атау-сөзге жақын келеді.

ШОҢАЙ – тау (766 м), Абай ауд. Жергілікті тұрғындар антропоним дейді. Ал, Шоңай жалқы есімі, негізінде, юпитер (есекқырған) жұлдызының тағы бір аты болып келеді. Жұлдыз аты кісіге есім болып берілуі мүмкін. Сонымен бірге, Шоңай атауының түбірі шоң қырғыз. «ірі, үлкен» деген мән беретінін ескерсек, таудың көлемін де меңзейтін сияқты.

ШОҢТАС – асу. Алматы обл., Райымбек ауд. «Үлкен, дәу, жуан» (ҚТТС, 10т, 255) мағыналы *шоң* сын есімі тек қырғыз тілінде ғана емес, кезінде барлық түркі тілдерінде болған сыңайлы. Оған дәлеліміз – қазақ тілі ономастикасында сақталып қалған іздер: Шоң – антропоним, Шоңмұрын – этноним, Шоңтас – топоним, Шоңай, Шоңайна – фитонимдер т.б.

Шоң сын есімі топонимжасамда табиғи нысанның басқалармен салыстырғанда «үлкен, көлемді, ірі» тұлғасын сипаттап тұрады.

ШОРҒА – өзен, Тарбағатай ауд. Халықтық этимология Шорға қалмақтың батырының аты, антропоним деп шешеді. Мұндай аңыз-әпсаналар атау мағынасының қазақ тілінде ашылмауынан туады. Ал, шындығында Шорға моңғол. цорго «шұрғы, шүмек, түтік» сөзінен жасалып, «Зайсан көліне құятын шүмек (өзен)» мағынасын береді [3;686]. Қазақтар да көлге құятын, көлден шығатын өзен, суларды «шүмек» деп атайды.

Нақтыласақ, көлге құятын суды «жоғарғы шүмек», көлден шығатын бұлақ, суды «төменгі шүмек» деп ажыратады.

ШОРШОҚЫ – тау. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд. *Шор* сөзі «тірі организмде және ағашта кездесетін қатып қалған түйін, беріш» мағынасын береді. Топонимжасамда «шорлана біткен ұрасы бар табиғи нысанды» атап көрсетеді. Шор + шоқы сөздерінен біріккен топоним «тастары шорлана, бұжырлана біткен шоқы» деген мәнде тұр.

ШОШҚАЛЫ – көл, Бесқарағай ауд. Шошқа (зат есім) + лы (туынды сын есім). Мағынасы: «Қабан (жабайы) шошқасы көп қамысты көлге берілген атау».

ШӨЖЕКӨЛ – көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. *Шөже* сөзі «тауықтың балапанының, шібидің» (ҚТТС, 10т, 265) аты, зооним. Топонимжасамға *шөже* сөзінің ауыспалы мағынасы «уақ, майда, кішкентай» қатысып, «шағын көлемді геонысандарды» атайды. Шөже + көл гидронимі «шағын көл немесе шағын-шағын көлшіктерден тұратын көл» деген ұғымға саяды.

ШӨЛ - аңғар, Аягөз ауд. Мағынасы: «Суы тапшы шөл дала». Шөл (заттанған сын есім).

ШӨЛАДЫР - жазық, Үржар ауд. Мағынасы: «Сусыз, шөлді адыр». Шөл (заттанған сын есім) + адыр (зат есім).

ШӨЛШАҒЫЛҚҰМ – құм. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд. *Шөл* зат есімі «жауын-шашын аз жауатын, суға тапшы аймақтың» аты, географиялық термин. Топонимжасамда осы мағынамен атаулар жасап, «шөлді жерлерді» белгілеп береді. Шөл + шағыл + құм сөздерінен біріккен атау «сусыз, шағыл төбелі құмды алқап» деген мағына береді.

ШӨМІШКӨЛ – көл. Жетісу обл., Алакөл ауд. *Шөміш* сөзі «ас құятын үлкен ожаудың» аты (ҚТТС, 10т, 269). Топонимжасамда «шөмішке ұқсас дөңгелек, шұңғыл, ойыс геонысандарды» атап көрсетеді. Шөміш + көл гидронимі «шөміштей дөңгелене біткен, сабына ұқсас шүмегі бар шағын көл» деген мағына береді.

ШӨҢГҮЗ БАСЫ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Шөңгүз басы гидроним болуы ықтимал, өйткені Шөң қырғыз. шон «үлкен» + гүз көне түркі. үгүз «өзен» сөздерінен бірігу арқылы жасалған. Шонүгүз/Шонгүз/Шөңгүз болып фонетикалық өзгеріске түскен (кейінді ықпал). «Үлкен өзен» деген мағына береді. Ал басы сыңары «өзеннің басы» дегенді білдіріп тұр.

ШӨП – көл, Абай ауд. «Өлең шөп, қамыс-қау басқан көл» деп ұққан жөн. Көбінесе, суы тартыла бастаған көлдерді шөп басатыны табиғи құбылыс.

ШӨПТІҚАҚ - е.м., Семей қ.э. Шөп (зат есім) + ті (сын есім тудыратын жұрнақ) + қақ (зат есім тудыратын жұрнақ). Мағынасы: «Тұрақтаған қақ суы бар жерге шыққан шөп».

ШУ – өзен. Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. А.Әбдірахманов *Шу* гидронимін көне түркі. «су», «өзен» мағыналы сөзі деп таниды [118;195]. *Шу* термині тек түркі тілінде ғана емес, әлем тілдерінің бірқатарында «су» мәнінде кездеседі. Атап айтқанда, түркі. су, моңғ. ус, корей. су, қыт. шуй, тибет. чу, өте көне нұсқасы ас, ыс, іс т.б. [46;528].

Т.Жанұзақ *Шу* «атауының тіптен көне екендігіне көз жеткіземіз» дейді [25;212]. Көне сөздердің әуелде бір буыннан құралғанын ескерсек, *Шу* гидронимі расында да көне болып табылады. Оның үстіне су, ус, шуй, чу, ас, ыс, іс гидронимдерінің барлығына ортақ «с» дыбыс-символы судың сылдырап ағуынан алынып, дыбысқа еліктеуден пайда болған сөздер категориясына жатады деуге болады.

Топонимжасам барысында *Шу* тұлғасындағы гидронимдер қаз. «малдың шуына ұқсас шұбалаңқы, ұзын өзен» мағынасын беруі де мүмкін екенін ескеру керек.

ШУ [ШҰУ] – өзен, Катонқарағай ауд. 1. Көне түркі тілінде су сөзі «суб, суғ» түрінде келсе, чуваш т.б. түркі тілдерінде «шув, шу» болып келеді [10;528]. Онда, *Шу* “су» деген мағынада тұр. 2. Көне нұсқа сақталмады деген жағдайда, қазақ. «малдың шуына ұқсас шұбатылған өзен» деген мән береді.

ШУАҚ [ШҰУАҚ] – е.м., Жарма ауд. «Күнгей, күншуақ жерде орналасқан елді мекен» деген мағынада тұр.

ШУЛЬБА - өзен; СЭС. ШҚО, Бородулиха ауд. Өзеннің аты моңғ. *шулба* «жұла, жұлқа, жұлки, қатты; батыра» сөзінен пайда болғандығы байқалады. Ертіске құятын Шульба өзені ағынды, тасқынды болғандықтан, осы құйылысқа таяу Шульба су электр станциясы салынған. Сонда моңғ. *шулба* >ор. Шульба «ағынды, жұлқынба өзен» мәнінде тұр деп кесіп айтуға болады.

ШҰБАР – қыстау, Семей қ.э. Шоқ-шоқ болып бұта өскен шөптесін жерлерді қазақ «шұбар» деп атайды. Шұбарлар мал жайылымына аса қолайлы болып келеді.

ШҰБАРАҒАШ – өзен, е. м., Катонқарағай ауд. Шұбар (сын есім) + ағаш (зат есім). Мағынасы: «Тау бетін шұбарлап, әр жерде топтана өскен ағаштар».

ШҰБАРЕШКІ – тоған, Күршім ауд. Шұбар (сын есім) + ешкі (зат есім) сөздерінен бірігеді. Зоотопоним. Шұбар ешкі малына байланысты қойылған атау.

ШҰБАРҚАҚ - дала, Аягөз ауд. Шұбар (сын есім) + қақ (зат есім). Мағынасы: «Ақ түсті тұзды қақпен шұбарланған дала».

ШҰБАРТАС- е.м., Аягөз ауд. Шұбар (сын есім) + тас (зат есім). Мағынасы: «Тасқа біткен қыналардың түсіне орай шұбарланған тасы бар елді мекен».

ШҰБАРТАУ - е.м., Семей қ. э. Шұбар (сын есім) + тау (зат есім). Мағынасы: «Шұбар түсті тастан тұратын немесе топтана өскен ағашы бар тау».

ШҰБАРТӨБЕ – тау (968 м), Тарбағатай ауд. Шұбар (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Топтанып, теңбіл-теңбіл болып бұталар өскен төбе» мағынасын береді.

ШҰБАРТӨС - е.м., Аягөз ауд. Шұбар (сын есім) + төс (зат есім). Мағынасы: «Бұта, қараған өскен төске ұқсас тау дөңесі».

ШҰБАРШИ [ШҰБАРШІЙ] - е.м., Көкпекті ауд. Шұбар (сын есім) + ши (зат есім). Мағынасы: «Даланы шұбарлап, әр жерге өскен ши»

ШҮБАРШОҚЫ - тау (974 м.), Ұлан ауд. Шұбар (сын есім) + шоқы (зат есім) тұлғаларынан тұрады. Мағынасы: "Таспен немесе ағашпен шұбарланған шоқы."

ШҮҒА – көл, Семей қ. ә. Антропоним немесе «суы шұға матасындай жұмсақ көл».

ШҮҒАЙ ЙЫШ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Шуғай йыш/Чұғай құзы «қазіргі Инь-Шань тауы» (Қайыркен,2008,50), «Өтүкеннен оңтүстікке қарай жатқан тау» (Дмитриева,184,142). Чұғай көне түркі. чұғай «көлеңке, теріскей» сөзінен жасалған дейді М.Қашқари сөздігіне сүйенген профессор В.Махпиров (Махпиров,1997,249). Ал қырғыз зерттеушісі С.Қудайбергенов түркі. чұғай мен моңғол. шугуй «шілік, ой, тоғай» сөздері мәндес екенін және кейін йыш «орманды қойнау» мәнінде қолданыла бастағанын жазады (Қудайберген,1985,29-35). Инь-шань тауын қытайшадан аударғанда Барқынтау болады деген пікір бар (Ынтыханұлы,2010,129). Ал барқын сөзінің бір мағынасы «қара қоңыр түс» екені белгілі (ҚТТС,1976,2-т,103). Қытай-орыс сөздіктерінде «темная гора» болып аударылады (Ғаламтор, гугл).

Біздің ойымызша, батыстан-шығысқа қарай 1200 шақырымға созылып жатқан таудың тасты күнгейін қытайлар Инь-шань «қара тау» деп атаса, теріскейін түркілер Чұғай құзы «шілікті, шұрайлы қойнау» деп атаса керек. Бұл тау ежелден түркілердің атамекені болғанын Бөрітау, Оңғұт тау сияқты сілемдері дәлелдейді.

ШҮҒЫЛБАЙ - е.м., Көкпекті ауд. Антропоним.

ШҮҢҒЫЛ - е.м., Жарма ауд. Мағынасы: «Ойпаң, шұңқыр жер».

ШҮҢҚЫР ҚАЛЖЫР - өзен, Күршім ауд. Шұңқыр (сын есім) + Қалжыр (зат есім, гидроним). Мағынасы: «Қалжыр өзенінің ойпаң жермен, терең шатқалмен ағатын тұсы».

ШҮҢҚЫРСОР – көл, Абай ауд. Шұңқыр (сын есім) + сор (зат есім) сөздерімен бірігеді. «Ойыс, төмен жерде орналасақан тұзды көл» мәнінде тұр.

ШҮРЕК – бұлақ, Ұлан ауд. Көне түркі тілінде чурек «жұқа нан, шелпек» мағынасын беретін сөз [1;155]. Алайда бұл мәннің бұлақ атына қатысы жоққа тән. Сондықтан моңғол. шураг «сұғым, суға сұғына еніп жатқан құрғақ жер» сөзінен шығады деп ойлаймыз [3;755].

ШҮРШІТСУ – е.м.,өзен. ШҚО, Зайсан ауд. *Шүршіт* сөзі «қазақтардың қара қытайларға (мәнжүрлерге) қойған аты». Тарихи *чжурчжэн* этнонимінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Топонимжасамда «шүршіттер уақытша мекендеген жерлерді» атауға қатысқан. Тарихта қытайлар өз шекарасын күзетуге мәнжүрлерді (сібелерді) жалдағаны белгілі. Шүршіт + су этнотопонимі «Шүршіт (қытай) жақтан ағып келетін су» немесе «кезінде мәнжүрлердің шекара бекеті болған жер» деген мағыналардың бірінде тұр.

ШЫБЫНДЫБҰЛАҚ – бұлақ, Катонқарағай ауд. Шыбынды (қатыстық сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Ұсақ шыбыны көп бұлақ» дегенді білдіреді. Қазір Нұрбұлақ атанып кетті.

ШЫБЫНДЫКӨЛ – көл, Ұлан ауд. Шыбынды (туынды сын есім) + көл (зат есім) сөздерінен бірігеді. Мағынасы: «Шыбын, масасы көп көл».

ШЫҒАНКӨЛ – көл. БҚО, Айдар өзені. *Шыған* сөзі «алыс, шалғай жер; шет, қиян» (ҚТТС, 10т, 307) мәнінде қолданылады. Көне түркіде «шынтақ» мағынасын берген. Топонимжасамға осы мәнде қатысып «алыс, шет, шығыңқы жерлерді» атап көрсетеді. Шыған + көл гидронимі «алыстағы көл» немесе «құрлыққа сұғына еніп жатқан (шығанақ) көл» деген екі мағынаның бірінде тұр.

ШЫҒАНШИ [ШЫҒАНШЫЙ] – е.м., Күршім ауд. Шыған – «алыс, шалғай жер» деп түсіндіреді ҚТТС [37;307]. Олай болса, Шығанши «алыс шетте өскен ши» мағынасын бермек. Ал шыған+ақ «құрлыққа сұғына енген су» сөзінің түбірінде де осы сөз тұр. Онда «ши өскен шығанақ» болар еді. Енді бір жерде Шағанши

деп жазылады. Онда моңғол. цааган «ақ» сөзі қатысып, «ақ ши» деген мағына береді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН – облыс атауы, орталығы Өскемен қ. *Шығыс* зат есімі «әлемнің төрт жағының бірі; күн шығатын жақтың» аты (ҚТТС, 10т, 316). Топонимжасамда «бір геонысанның күн шығыс жағына орналасқан екінші табиғи нысанды» атап көрсетеді. Көбінесе тіркесті атаулар жасайды. Шығыс Қазақстан ресми атауы «Қазақстанның шығыстағы аумағы осы жерден басталады» деген мағына беріп, шекарамызды шегендеп тұр. Әлдекімдердің облыс атауын Алтай облысы деп атайық деген ұсынысы ақылға қонымсыз. Алтай кең ұғым тудырады және көрші Ресейде Алтай Таулы аймағы тұр, Қытайда Алтай аймағы тұр, шекара айқын болмай қалады.

ШЫМКЕНТ – қала. Түркістан обл., Шымкент қ.ә. *Шым* сөзі «жердің жылдар бойы шөп тамырлары тұтасып өскен құйқалы қабатының» аты (ҚТТС, 10т, 334). Топонимжасамда «шымды жерді атайды және ертеде шымды ойып, құрылыс төбесіне шатыр орнына пайдаланғандықтан, сондай нысандар бар жерлерді» атап көрсетеді. Шым + кент ойконимі «қорғаны немесе үйлерінің шатырлары шымнан жасалған қала» деген мағына береді. 2200 жылдық тарихы бар көне қала Ұлы Жібек жолында салынып, керуенсарайлық (рабат) қызмет еткен. Қазір де Қазақстандағы ең ірі қаланың бірі болып есептеледі.

ШЫМҚОРА – е.м., Ұлан ауд. Шым (зат есім) + қора (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Төбесін шыммен жапқан мал қорасы болған жер» деген мағына береді. Ертеректе, тақтай тапшы кезде, шатырға шымды ойып жапқанын қазіргі ұрпақ білмейді.

ШЫМЫЛДЫҚ - е.м., Жарма ауд. Мағынасы: «Бір географиялық нысанды екінші бір табиғи нысанның шымылдық тәрізді жауып тұратын жерлерге берілетін атау».

ШЫМЫЛДЫҚҚАРАҒАЙ – қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд. *Шымылдық* сөзі «төсек-орынды басқалардың көзінен тасалау үшін ұсталатын перденің» аты (ҚТТС, 10т, 337). Топонимжасамда

«бір географиялық нысанды көлегейлеп, көрсетпей тұратын екінші геонысанды» атап көрсетеді. Шымылдық + қарағай сөздерінен біріккен топоним «екінші бір нысанды көлегейлеп, көрсетпей тұрған қарағайлы орман» деген мағына беретіні айқын.

ШЫНДЫҒАТАЙ - тау (1757м), Катонқарғай ауд. Атау моңғолдың чандага «ақ қоян» + тай/туй (туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы жасалған. Чандагатуй >Шындығатай «ақ қоянды, ақ қояны мол тау» дегенді білдіреді. Қытаймен шекараны күзететін шекарашылар бекеті бар.

ШЫНЖЫРҚАБАҚ – қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд. *Шынжыр* сөзі «бір-біріне ілмектеліп жасалған тізбек» мағынасын береді. Топонимжасамда «тізбектеле орналасқан біркелкі табиғи нысандарды» атауға қатысады. Шынжыр + қабақ топонимі «бір-бірімен жалғасқан біркелкі қабақтар (жарлар)» деген мәнді білдірмек.

ШЫҢҒЫСТАЙ – е.м., Катонқарағай ауд. Жазушы Оралхан Бөкейдің туған ауылы. Бертінге дейін үлкен қарттар Шәңгіштай деп айтып отыратын. Атауға қазақша шәңгіш, моңғолша цангис деп аталатын кәдімгі ырғай тектес калина өсімдігі себеп болған [3;677]. Мұнда моңғолдың -тай, -туй сын есім жұрнағы тұр: цангис + тай / шәңгіш + тай " шәңгіш өсімдігі мол өсетін жер" мәнін береді. Орыс келгеннен бері, Шыңғыстай болып өзгергені байқалады. Шәңгіш өсімдігінің жемісін қазақ жемесе де, таяқ, сап жасауға мықты болған соң жер атауына ие болған. Шыңғысхан есімінің ешқандай қатысы жоқ.

ШЫҢҒЫСТАУ - тау (1064 м), Абай ауд. Аңыздарға сенетін болсақ, бұл таудың аты Шыңғысханның құрметіне қойылған. Көбінесе, атау алғаш шығып, аңыз кейін туып, сәйкес келмей жататын. Бұл жолы атау мен аңыз бір жерден шығып отыр. Осы манда *Хан тауы*, *Орда* сияқты топонимдердің кездесуі аңызды шындыққа айналдырады. Абай Құнанбаев өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты еңбегінде: «... маңғұлдың өз заңы бойынша, «Хан» деген үлкен биіктің басында,

ақ киізге Шыңғысты отырғызып, хан көтерген дейді". Тауының Шыңғыс аталып, биігі Хан аталмақ себебі де сол болса керек» деп жазған.

Тарихи деректерге сүйенсек, Шыңғысхан Орта Азияға (Хорезм империясына) шабуыл жасардың алдында 1219 жылдың күзінде Ертіс бойына тоқтап, даярланған. Қайтар жолда 1224 жылдың жазын тағы да осы Ертіс бойында өткізген. Тархишылар айтып отырған Ертіс бойы осы Шыңғыстау болуы әбден мүмкін. Шыңғыстаудың шұрайлы, шалғынды қойнаулары, аң мен құсы ат пен сарбаздардың тынығуына аса қолайлы мекен болып табылады.

Абай ауданының тарихы мен шежіресінен сыр шертетін Бекен Исабаевтың «Ұлылар мекені» атты еңбегінде Шыңғыстаудың тағы бір аты Найман күре еді деген дерек келтіріледі. Онда Ахат Шаһкәрімұлының естелігінде: «Найман күре» - Шыңғыс тауының моңғолша аты. Найман деген сөз - сегіз мағынасында, сонда «сегіз өзенді тау» деген сөз болып шығады», - деген пікірін де келтіреді [38,38]. Моңғолша *найм* «сегіз» сан есімін білдіретіні рас, ал атаудың екінші сыңарындағы күре моңғолдың хүрээ «қоршау, шарбақ, қорған, елді мекен» мағыналы сөзі екені белгілі. Сонда Найман күре «наймандардың қонысы, қосыны» мәнін береді. Бұл жерді Шыңғыс ханнан ығысып Алтайдан көшкен Күшлік сұлтан бастаған наймандар мекендеген болуы мүмкін, ал кейін ұлы қаһан өзі келген соң, Шыңғыстау аталып кетеді.

ШЫҢҚОЖА - е.м., Аягөз ауд. Антропоним. Шыңқожа Базарқұлұлы (1706-1770) – жоңғарларға қарсы соғысқан қазақ батыры. Елді мекен аты батырдың құрметіне қойылған.

ШЫҢЖАН – өлке, ҚХР. Шың + жан қытай. «жаңа жер» деген мағына береді. Алтай, Тарбағатай, Тәңір тауларының арасын қамтып жатқан аймақ ежелден Үйсін, Түркі қағанаттарының жері болған. Ұлы Жібек жолының бойында жатқан бұл өлкенің көне атаулары Бешбалық, Шығыс Түркістан еді, қытайлар оны Батыс

өлке, Шыңжан деп ауыстырып атаған. Қазіргі кезде Шыңжанда 318 мыңдай қазақ тұрады.

ШЫҢЫРАУ - е.м., Үржар ауд. "Терең сай, шатқал" деген жер бедерін білдіреді немесе «терең қазылған шыңырау құдық» деген мән береді.

ШЫҢЫРАУҚҰДЫҚ – құдық. ОҚО, Арыс ауд. *Шыңырау* сөзі «өте терең жер, құлама құз; тұңғиық су» мәнін береді (ҚТТС, 10т, 347). Топонимжасамда «құлама терең құзды немесе тұңғиық терең суды» атауға араласады. Шыңырау + құдық гидронимі «өте терең құдық» деген мағына береді.

ШЫП БАСЫ – топоним, көне түркі ескерткіштерінен. Шып басы атауындағы Шып қазақ. шып-шып терлеу «дүркін-дүркін (тер шығу)» (ҚТТС, 1986, 10-т, 348) қос сөзінен шығатындай: Шып басы «жартас арасынан шып-шып тамшылап су шығатын таудың басы» ұғымын беруі мүмкін. Моңғол. чив «шып, тамп етіп судың тамуы» (Базылхан, 1987, 708). Украин. шыпот «судың таудан төмен шапшып, сорғалап ағуы» (Мурзаев, 1984, 632) геотерминдері де осындай ой тудырады.

ШІДЕРТІ – өзен. Қарағанды обл., Осакаров ауд. Әдеби тілімізде *шідер* сөзі «аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып тұсайтын тұсамыстың» аты (ҚТТС, 10т, 366). Топонимжасамда «шідерге ұқсас үш салалы табиғи нысандарды» атайды. Шідер + ті туынды гидронимі «аттың шідеріне ұқсас үш салалы өзен» деген метафоралық мағына береді. Ол ірі үш салаға Шідертінің өзі және екі үлкен саласы Қарасу мен Шығанақ жатады.

Ономаст-ғалым Т.Жанұзақ Шідерті гидронимін моңғол. шивер «батпақты, сазды жер» + ті (түркі-моңғолға ортақ туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы шығарады: Шиверті/Шідерті (Жанұзақ, 2007. 215-216). Бұл пікірдің де жаны бар, өйткені Шідерті өзенінің жағалауы сазды, батпақты болып келеді. Алайда Шиверті > Шіберті > Шідерті өзгерістері ауызша

айтылу арқылы қалыптаспаса, тілімізде б/д дыбыс алмасуы кездеспейді.

Тағы бір топонимтанушы-ғалым Ұлдай Ержанова В.В.Радловтың сөздігіне сүйеніп, сүдер/седер/сідер/шідер «көлеңке, ықтасын» + лі/ті (туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы шығарып, Сүдерлі/Шідерті «көлеңкелі, жабынды» деген мағына береді дейді (Ержанова,2001).

Біздің ойымызша, Қазақстандағы екі Шідерті өзені де қазақ. шідер «үш аяқты тұсамыс» сөзінен шығып, «үлкен үш саласы бар өзен» деген ұғым беретіндей.

ШІДЕРКӨЛ – көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд. *Шідер* сөзі «аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып тұсайтын тұсамыстың» аты (ҚТТС, 10т, 366). Топонимжасамда «шідерге ұқсас үш салалы табиғи нысандарды» атайды. Шідер + көл гидронимі «аттың шідеріне ұқсас үш салаға бөлініп жатқан көл» деген метафоралық мағына береді.

ШІГІЛЕК – өзен, е.м., Көкпекті ауд. Шігіл (зат есім) + ек (кішірейткіш мәнді жұрнақ) құрамында тұр. 1. Көне түркі тайпасы чігіл/шігіл + ек құрамында «шігіл тайпасының бір бөлігі тұрған жер» мағынасын беріп, этнотопоним бола алады (ДТС). 2. Қазақ. шігіл (тетрадиклис) шөбінің аты + ек құрамында «аздаған шігіл шөбі өсетін жер» мағынасында фитотопоним бола алады [33;67]. 3. Моңғол. чиглэг «дала этеші, дала қоразы» мағынасында зоотопоним бола алады [3;709]. Атау осы үш мәннің біреуінде тұруы мүмкін.

ШІЛТАУ – тау (911 м), Жарма ауд. Шіл (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Шіл құсы мол мекендейтін тау» мәнін береді.

ШІЛТЕН –тау (911м), Абай ауд. Мағынасы: Қырық Шілтен әулиенің атына қойылған діни атау. «Жебеуші, қолдаушы тау» деген мағына береді. Жер-суға табынған дәуірден қалған атау.

ШІЛКСАЗ – қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд. *Шілік* сөзі «қаптап, қалың өсіп келе жатқан жас ағаштың» аты, фитоним.

Топонимжасамда «шілік ағаштар өсіп тұрған жерлерді» атап көрсетеді. Шілік + саз сөздерінен біріккен топоним «қалың жас ағаш өскен (әлде қайың, тал т.б.) сазды алқап» деген ұғымды білдіреді.

ШІЛІКТІ - е.м., Зайсан ауд. Шілік (зат есім) + ті (қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ) үлгісімен жасалған атау. Мағынасы: "шілік ағаштар көп өскен жер". Сақ қорғандары бар, сондықтан киелі жерлер тізіміне енеді.

ШІРІК – көл, Үржар ауд. «Қопа-қамысы шіріген, борсыған көл» мәнде тұрады.

ШІРІКТАБАТ – қыстау. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. *Шірік* сын есімі «әбден бұзылып, шіріп кеткен» (ҚТТС, 10т, 375) мағынасымен жер-су атын жасауға қатысатын тәрізді. Алайда бір нәрсенің шіру процесі ұзаққа созылмайтындықтан, ол тұрақты белгі бола алмаса керек-ті. Шірік сын есімі өзінің «тозған, ескірген» ауыспалы мағынасында немесе моңғ. *ширх* «қалың, жиі өскен (өсімдік)» сөзінен шығуы да мүмкін.

- Ы -

ЫЗАКӨЛ – көл. ОҚО, Отырар ауд. *Ыза* сөзі «жер астынан шығатын ылғал, судың» аты» (ҚТТС, 10т, 381). Топонимжасамда «жер бетіне қысылып шығып жататын ыза суы бар жерлерді» атап көрсетеді. Ыза + көл гидронимі «жерасты суынан пайда болған көл» деген мағына береді.

ЫРҒЫЗ – өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке ауд. Ырғыз көне гидронимі туралы А.Әбдірахманов чулым тат. *эрги* + *зуг* сөздерінен ықшамдалған атау десе, Ә.Нұрмағамбетов қаз. *ырг* «ескі» + көне түркі. *үгүз* «өзен» сөздерінен біріккен дейді [121;63]. Т.Жанұзақ *ырғыз* «ойпаң, ой жерде ағып жатқан өзен» мағынасында тұрғанын атап көрсетеді [25;217].

Атаудың екінші сыңары *ғыз* көне түрк. *үгүз* «өзен» мәнді сөзінің қысқарған нұсқасы екені ойға қонымды. Өйткені

«башкұрт. Ярғазы, Ырғазы, Карғазы атты өзендер бар» [122; 109-110].

Біздің болжамымыз бойынша, Ырғыз гидронимінің алғашқы сыңары түрк. *ырмақ* «өзен», кар.-балкар *ырхы* «су тасқыны» атауларымен түбірлес болып келеді [46;636]. Ортақ мағынасы: көне түркі. *ыр* «жыр, жерді жыру» болса керек. Сонда *ыр* + *үгүз* > *ырғыз* «жерді ырып (жырып) ағатын өзен» мағынасында тұруы ықтимал.

ЫРСАЙ – көл, Абай ауд. Этнотопоним.

ЫСТЫҚКӨЛ – көл, Қырғызстан. Ыстық + көл гидронимі қырғыз. ыссык «ыстық» + көл сөздерінен бірігіп жасалғаны мәлім. Біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырда да солай аталғанын қытай. Жэхай атауынан көреміз. Қытай саяхатшылары Ыстықкөл атауын калькалап жазған: жэ «ыстық» + хай «теңіз» (Поспелов, 2007,210). Көлдің суы ыссы болмаса да, қыста қатпайтын болған соң, солай атаған сыңайлы. Көлдің суын қатырмайтын оның құрамындағы аздаған тұзы болса керек және көлдің Тұзкөл деген де аты болған екен. Ыстықкөлдің тағы бір аты – Теміртгі.

- I -

ІЛЕ – өзен. Алматы обл. Көптеген ғалымдар Іле гидронимінің негізінде іл/ыл «су» көне түбірі жатыр деп есептейді [25;218]. М.: Есіл, Еділ, Ойыл, Қиыл, Тобыл секілді гидронимдер құрамында кездесетін ГТ.

Біз де топонимдердің типтік белгілерін қарастыратын болғандықтан, *ыл/іл* көне гидрографиялық терминінен Іле атауы қалыптасқан деген пікірге қосыламыз.

Қорыта келгенде, көне түбір топонимдер жасалуы жағынан тарихи сөзжасамның бірнеше аспектісін қамтиды екен. Ол көне түбір топонимдер кезінде бірігу, кірігу немесе қосымша арқылы және лексика-семантикалық жолмен жасалып отырғанын байқаймыз. Көне топонимдердің семантикасы даулы болып

келетіні, кейде сөзжасам белгілерін дәл анықтамаудан туып жатады. Осының бәрі жер-су аттарының ішіндегі ең көнесі гидронимдер деген ғылыми болжамды растай түседі.

ІЛЕ-АЛАТАУ – ұлттық қорық. Алматы обл., Талғар ауд. Топонимжасамда, көбінесе, аумағы бір атауға сыймайтын көлемді жерлерді атау үшін, көрші топонимді қосақтап айту жиі кездеседі. М.: *Қойтас-Талды, Нұра-Есіл, Ақсу-Аюлы т.б.* Кейде бір табиғи нысанның орнын нақтылап атап көрсету мақсатында, көрші тұрған нысандардың аттарын қосып жіберу қолданылады. М.: *Айыртам-Ой ескерткіші, Арасан-Қапал курорты т.б.* Енді бірде жолдың, каналдың бас-аяғын айқындап тұратын топонимдерді қосарлап атау қалыптасқан. М.: *Жайық-Каспий каналы, Алматы-Талдықорған тас жолы т.б.* Іле-Алатау қосарлы атауы «ұлттық қорықтың көлемін білдіріп тұр (Іле өзені мен Алатаудың теріскейі)».

ІРГЕҚҰМ – құмды дала. Алматы обл., Балқаш ауд. *Ірге* зат есімі «үйдің қабырғасы; жақын, көрші маң» мағыналарында қолданылады. Топонимжасамда «бір табиғи нысанға жақын, іргелес орналасқан екінші бір нысанды» атап көрсетеді. *Ірге* + құм атауы «әлдебір нысанның (бәлкім Балқаш көлінің) іргесіндегі, жанындағы құмды алқап» деген мәнде тұр.

ІШКЕНТ – ескі қала. ОҚО, Түркістан ауд. *Іш* сөзі «бір нәрсенің ішкі жағы; құрсақ» мағыналарын береді. Топонимжасамда «бір табиғи нысанның ішкі жағына орналасқан екінші нысанды» атайды. *Сырт* сөзіне бинарлық позицияда қолданылады. *Іш* + кент сөздерінен біріккен ойконим «әлдебір аумақтың ішкі жағына орналасқан қала» деген ұғымда тұр. *Ішкент* – Жібек жолындағы көне қала.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Айдаров, 1986,107: Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.

Айдаров, 1990, 53: Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.

Аманжолов,1997,478: Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Учебное пособие. 2-издание, дополненное. – Алматы: «Санат», 1997. – 608 стр.

Аманжолов, 1996,50: Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 128 бет.

Аманжолов,2003: Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы: «Мектеп», 2003.

Аристов,1897,15: Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народов и сведения об их численности. Спб,1897. («Живая старина»). Вып. III-IV.

Арын, 2004, 13: Қазақ тілі энциклопедиясы. Е.М. Арынның редакторлығымен шыққан. – Алматы: “ІДК-ТІРО редакциялық баспа орталығы”, 1998. – 510 б.

Ауғали, 2019, 91: Ауғали Е. Орхон ескерткіштері тіліндегі дауыстылар *ä/i* және *e* («Тоникүк», «Күлтегін» ескерткіш мәтіндері негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №4 (176) – Б. 86-91.

Әбдірахманов,1975,93: Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975. – 204 бет.

Байчоров,1989: Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. –Ставрополь, 1989. – С 294.

Базылхан,1984,434: Базылхан Б. Монгол-казак толь/Моңғолша-қазақша сөздік. Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 бет.

Базылхан,2005: Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Мәдени мұра. 2-том. Н.Базылхан. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.

Базылхан,2001,28-31: Базылхан Нәпіл. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. –Алматы, 2005. «Байырғы түркі өркениет жазба ескерткіштері /2001/» атты конференция. – 528 б.

Бартольд,1963,100: Бартольд В.В. Соч., т.II, ч.1. М., 1963, 1965. – 304 с.

Бартольд,1963,68: Бартольд В.В. Таджики. Исторический очерк. М., 1963.

Бартольд,1963,435-436: Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Соч. Т. 2. Ч.1. М.: Изд-во вост. лит., 1963. – 364 с.

Бартольд,1993,23: Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцат лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 стр.

Баскаков,1985: Баскаков Н.А. К этимологии собственных тюркских имен в русских летописях // Теория и практика этимологических исследований. М., 1985. С.30-34.

Батманов, 1971,52: Батманов И.А. Таласские памятники древнетюркской письменности. Фрунзе: «Илим», 1971.

Бекжан, 2019, 19: «Ұла Дала жауһарлары» сериясы. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес томдық. Т.1.: Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер / О.Д. Бекжан, Т.Е. Қадыр. – Алматы: Evo Press, 2019. – 632 б.

Берзин,1996: Берзин А. Смена религий уйгурами. «Библиотека Берзина», 1996.

Бернштам, 1936: Бернштам А.Н. VI- VIII ғғ. түріктерде таптар мен мемлекеттің пайда болуы туралы мәселеге – «Энгельстің «Семьяның, жеке меншік пен мемлекеттің шығуы» кітабының 50 жылдығына арналған мақалалар жинағы», М.-Л., 1936.

Бернштам,1946,148: Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII веков. М.-Л.,1946.

Бертагаев,1980,123: Бертагаев Т.А. О монгольских и бурятских гидронимах // Ономастика Востока. М.,1980.

Бичурин, 1998, 73: Бичурин. Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998. -284 с.

Бияров,2002;2019,45: Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары - Алматы, 2002/2019. 180-бет.

Бірмағамбетов,2001,71: Қазақстанның физикалық географиясы. Хрестоматия. Құрастырған: Ө. Бірмағамбетов. – Алматы: Атамұра, 2001. – 144 бет.

Babayar G., Kubatin A. Eski türkçe yazili kuzey kaskasya sikkeleri. Монеты северного кавказа с древнетюркскими надписями – Астана: Ғылым, 2015. – С 174.

Васильев,1983,38: Васильев Д.Д. Металлические зеркала с тюркскими надписями // Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983. С.38, 73,115.

Владимирцов,1929,170: Владимирцов Б.Я. Географические имена орхонских надписей, сохранившиеся в монгольском // Доклады АН СССР, 1929, -В, № 10. С. 170-176.

Габен, 1950, 247): Gabain A. Alttürishe grammatik. – 1950.

Гумилев, 1994, 88: Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы: «Білім», 1994 – 480 б.

Диалектологиялық сөздік,2007,639: Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.

Дмитриева,1984,142: Дмитриева Л.В. Этимологии географических апеллятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. Ленинград: «Наука», 1984. С.130-177.

ДТС, 1969. 570, 584: Древнетюркский словарь. М., Л., 1969.

Дульзон,1960,9: Дульзон А.П. Этнический состав древнего населения Западной Сибири по данным топонимики. М: Наука, 1960. – 328 бет.

Дхаммапада,1993,55: Дхаммапада (перевод с пали В.Топорова). Новосибирск,1993.

Жанәбілов,1982,26: Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы,1982. – 150 бет.

Жанпейсов,1989,21: Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (На материалах произведения М.Ауезова) Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.

Жанұзақ, 2007, 429: Жанұзақ Телғожа. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

Жанұзақ,2007,34: Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 524 б.

Жеменей,1994,214: Жеменей И. Қазақша-парсыша және парсыша-қазақша сөздік. – Алматы, «Санат», 1994. – 368 б.

Жолдасбеков М. Асыл арналар: зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.

Зуев,1970,77: Зуев Ю. Киргизы-буруты // СЭ,1970.№4. С.81.

Зуев, 1998,153: Зуев Ю.А. Древнетюркская социальная терминология в китайском тексте VIII в.//Вопросы археологии Казахстана. Вып.2. Алматы – М.: 1998. С.153-162.

Ибатов, 1988, 129: Ибатов Арсен. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 136 бет.

Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. Лексика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 298 с.

Кайдар,2005,273: Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Изд. «Арыс», 2005. – 304 стр.

Каландаров,2004, 35-т: Каландаров Т. Таджики. Большая российская энциклопедия. 35-т. М.,2004-2017.

К.д,Оссон,1996,63: Д,Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана (Перевод и предисловие проф. Н.Козьмина) 2-е издание. – Алматы, «Санат», 1996. – 256 стр.

Клосон,1986,137-138: Клосон Дж. Происхождение тюркского «рунического» письмо (Пер. с англ. Д.Д. и Е.А.Васильевых) // Зарубежная тюркология. Выпуск 1, Древние тюркские языки и литературы. – Москва, 1986.

Кляшторный,1964,2: Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.,1964.

Кляшторный,1973: Кляшторный С.Г. Монета с рунической надписью из Монголии//Тюркологический сборник-1972. М., 1973. С.334-338.

Кляшторный,2003, 235: Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – Санкт-Петербург, 2003. - С.235.

Кляшторный, Султанов,1992,77-78: Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан», 1992. – 375 стр.

Клюкин,1932,25: Клюкин И.Н. Төлістер мен тардуштар тайпасы жөніндегі жаңа деректер. Владивосток,1932. – 114 б.

Кондратьев,1981,21: Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. – Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1981. – 192 с.

Кононов,1954: Кононов А.Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Изв. отд. общественных наук АН Таджикской ССР, 1954.

Кононов,1978,37: Кононов А.Н. Семантика цветообозначения в тюркских языках// Тюркологический сборник 1978, М. 1981. С. 37-74

Кононов,1980,17: Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. УП – ГХ вв. Л., 1980.

Кононов,1971, 11: Кононов А.Н. В.В.Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. – Москва, 1971.

Конкашпаев,1959,88: Конкашпаев Г. Географические названия монгольского происхождения // Известия АН Каз ССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1(11), 1959, 88 с.

Конкашпаев,1959: Конкашпаев Г. Цветовые словов тюркских топонимах // «Географические науки». Алма-Ата,1969.

Кормушин,1997,208: Кормушин И.В. Тюркские Енисейские эпиграфии. Тексты и исследование. Москва: «Наука», 1997.

Кормушин, 2004, 254: Кормушин И.В. К основным понятиям тюркской рунической палеографии // Советская тюркология. – 1975. – № 2. – С. 25-47.

Кызласов,1994: Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. М., 1994.

Кызласов,2017,89: Кызласов И.Л. Енисейская письменность Древнехакасского государства. Рассказы археолога. – Москва, Абакан: Хакасское книжное издательство, 2017. – 156 с.

Кызласов,1998: Кызласов И.Л. Материалы к ранней истории тюрков // Российская археология. – 1998. – № 2. – с.68-85.

Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.

Қайдар,2004,7: Қайдар Ә. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.

Қайыржан,2013,84: Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет.

Қайыркен,2008,92: Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIVғғ). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.

Қалиев,1993,67: Қалиев Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 104 бет.

Қаржаубай,2003. С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2003.

Қаржаубай,2012: С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 2-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2012.

Қаржаубай Сартқожаұлы. Байырғы түрік жазуының генезисі. - Астана, 2007. - 304 б.

Қашқари, 1997,I,343: Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.

ҚТТС,1-т,257: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А-Ә. – Алматы: Ғылым, 1976, -том – 695 б.

ҚТТС,1976,46: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б-Г. – Алматы: Ғылым, 1974,– 695 б.

ҚТТС,1983,490: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. Қ.-П. - Алматы: Ғылым, 1983. – 672 б.

ҚТТС, 9,1986,240: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т-Ү. – Алматы: Ғылым, 1986, 9-том – 560 б.

ҚТТС,1986,128: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-том. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1986. – 512 бет.

Қудайбергенов,1985,29-35: Қудайбергенов С. Заметки о древнетюркских Чугай и Иарыш // Ономастика Киргизии. 1. Фрунзе, 1985. С.29-35.

Лившиц,1980,3-13: Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности. Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: 1980. С. 3-13.

Малов,1951: Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951.

Малов,2001,113: Малов С.Е. Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каған. Тоньюкук. МКА. Семей, 2001.

Малявкин,1981,116: Малявкин А.Г. Исторические география Центральной Азии (материалы и исследования). – Новосибирск: Наука, 1981.

Махпиров, 1997,135: Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.

Мелиоранский,1899,49-50: Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюльтегина. С двумя таблицами надписей. – СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1899. – 144 с.

Мелхеев,1969: Мельхеев М.Н. Географические название Восточной Сибири. Иркутск,1969.

Молчанова,1979,215: Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайское отделение Алтайского книжного издательства, 1979.

Мульдияров,2015,31: Мульдияров П.Я. О терминах сколот и паралат // Unīversum: Общественные науки. М., 2015. №4 (14).

Мурзаев,1966,337: Мурзаев Э.М. Природа Синьзяна ... М., 1966. – 400 с.

Мурзаев,1984,288: Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. М.: Мысль, 1984. – 653 стр.

Мұсабаев, 1977, 109-110: Мұсабаев Ғ., Махмұтов А., Айдаров Ғ. Қазақ эпиграфикасы. I шығуы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 168 б.

Мыңжан,1994,165: Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

Насилов, 1960,20: Насилов В.М. Язык Орхоно-Енисейских памятников. Москва: Изд. Восточной литературы, 1960.

Невелева, 1975,110: Невелева С. Мифология древнеиндийского эпоса (пантеон). М., 1975.

Никонов,1966,21: Никонов В.А. Краткий топонимический словарь. М., 1966. - 334 с.

Обольченко,1992,45: Обольченко О.В. Культура античного Согда по археологическим данным VII в. до н.э. – VII в. н.э. // М.: ГРВЛ, 1992.

Orkun,1994, 450: Orkun H.N. ESKI TURK YAZITLARI. Ankara – 1994

Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каған. Тоньюкук. МКА. Семей, 2001.

Ошанұлы,2009,479: Ошанұлы Ж. Хуэйхэ, Хуэйху және Хузхур // Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы (халықаралық ғылыми-

теориялық конференциясының мақалалар жинағы) – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2009.476-481 беттер.

Өмірәлиев,2014,575: Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес, Ж.Қ. Ибраева. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.

Поспелов,2007,84: Иллюстрированный атлас мира. География мира: новейший топонимический словарь: ок. 8000 единиц / Е.М.Поспелов. – М.: Русские словари, 2007. – 683.

Попова,1997,70: Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана // Автореф. дисс. докт. филол. наук. Алматы, 1997. С. 62-63.

Радлов,1897: Радлов В.В., Мелиоранский П.М. Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме // Сборник трудов Орхонской экспедиции. Вып. IV. – СПб., 1897.

Радлов,1888,34: Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I, часть 1. – СПб, 1888. – 254 с.

Рамстедт,1909,547: Рамстедт Г.Й. Этимология имени Ойрат // Сб. в честь столетия Г.А. Потанина. М.-Л, 1909. С. 35-47.

Рясянен,1955,139: Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков /Пер. с нем. А.А.Юлдашева; Ред., предисл. и примсч. Н.А. Баскакова. М., 1955. – 295 с.

Самойлович, 2005, 80: Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника //Восточная литература РАН, – Москва, 2005.

Сауранбаев,2000: Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. Алматы, 2000. 2-том.

Севортян, 1974,643: Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). Москва: «Наука», 1974. – 767 с.

Семенов,1903,19: Семенов П.П. Россия. Т.18. Гл.1. СПб, 1903. – 355 с.

Серебренников, Гаджиева, 1986, 69-70: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Издание 2-е. Москва: Изд. «Наука», 1986. – 302 стр.

Стеблева И.В. Поэзия тюрков. — М., 1965.- 61 бет.

Сулейменов,2002,9: Сулейменов О.О. Тюрки в доистории. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.

Тадыкин,1990,367: Тадыкин В.Н. О некоторых топонимах Горного Алтая // Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата: Ғылым, 1990. С.367-374.

Текин, 1988, 2: Tekin T. Orhon yazıtları. – Ankara: Türk tarih kurumu basım evi, 1988. – 200 s.

Тенишев, 1976, 166: Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. – Москва, 1976. – 345 с.

Thomsen, 1896, 97: Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrees. – Helsingfors: Imprimerie de la Societe de Litterature Finnoise, 1896. – 224 p.

Тыбыкова Л. Н., Невская Л. И., Эрдал М. Каталог древнетюркских рунических памятников Горного Алтая. – Горно-Алтайск, 2012. – С.152.

Фалеев Д. "Қара қырғыз эпосы қалай құрылады?". ("Ғылым және ағарту". - Ташкент, 1922 - №1).

Фасмер,1973,68: Этимологический словарь русского языка. Т.4. М.,1973.

Хакаско-русский словарь,1953,229: Хакаско-русский словарь. Составили Н.А.Баскаков и А.И.Инкижекова-Грекул. 14 000 слов. М.: Главиздат, 1953.

Худуд ал-алам, 16-бөлім: «Китаб худуд ал-алам мин ал-машрик ила-л-магриб». («Книга о пределах мира с востока на запад»). Параграф 16. Персидском языке. 982 г.

Щербак А.М. Тюркская руника. – М., 2001. 148 с.

Щербак, 1970, 83: Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – 206 с.

Цинциус,1984,125-126: Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным «п» и заднеязычным «к» // Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. Ленинград: «Наука», 1984. С.130-177.

Ынтыханұлы,2010,129: Аудармашының түсінігі // Гай Шань Ли. Иньшань оңғұттары. Монография. Ауд. Қалбан Ынтыханұлы. – Астана: Фолиант, 2010. – 136 б.

Айдаров, 1986,107: Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.

Айдаров, 1990, 53: Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.

Аманжолов,1997,478: Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Учебное пособие. 2-издание, дополненное. – Алматы: «Санат», 1997. – 608 стр.

Аманжолов, 1996,50: Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 128 бет.

Аманжолов,2003: Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы: «Мектеп», 2003.

Аристов,1897,15: Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народов и сведения об их численности. Спб,1897. («Живая старина»). Вып. III-IV.

Арын, 2004, 13: Қазақ тілі энциклопедиясы. Е.М. Арынның редакторлығымен шыққан. – Алматы: “ІДК-ТІРО редакциялық баспа орталығы”, 1998. – 510 б.

Ауғали, 2019, 91: Ауғали Е. Орхон ескерткіштері тіліндегі дауыстылар *ä/i* және *e* («Тоникүк», «Күлтегін» ескерткіш мәтіндері негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №4 (176) – Б. 86-91.

Әбдірахманов,1975,93: Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975. – 204 бет.

Байчоров,1989: Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. –Ставрополь, 1989. – С 294.

Базылхан,1984,434: Базылхан Б. Монгол-қазақ толь/Моңғолша-қазақша сөздік. Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 бет.

Базылхан,2005: Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Мәдени мұра. 2-том. Н.Базылхан. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.

Базылхан,2001,28-31: Базылхан Нәпіл. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. –Алматы, 2005. «Байырғы түркі өркениет жазба ескерткіштері /2001/» атты конференция. – 528 б.

Бартольд,1963,100: Бартольд В.В. Соч., т.ІІ, ч.1. М., 1963, 1965. – 304 с.

Бартольд,1963,68: Бартольд В.В. Таджики. Исторический очерк. М., 1963.

Бартольд,1963,435-436: Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Соч. Т. 2. Ч.1. М.: Изд-во вост. лит., 1963. – 364 с.

Бартольд,1993,23: Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцат лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 стр.

Баскаков,1985: Баскаков Н.А. К этимологии собственных тюркских имен в русских летописях // Теория и практика этимологических исследований. М., 1985. С.30-34.

Батманов, 1971,52: Батманов И.А. Таласские памятники древнетюркской письменности. Фрунзе: «Илим», 1971.

Бекжан, 2019, 19: «Ұла Дала жауһарлары» сериясы. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес томдық. Т.1.: Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер / О.Д. Бекжан, Т.Е. Қадыр. – Алматы: Evo Press, 2019. – 632 б.

Берзин,1996: Берзин А. Смена религий уйгурами. «Библиотека Берзина», 1996.

Бернштам, 1936: Бернштам А.Н. VI- VIII ғғ. түріктерде таптар мен мемлекеттің пайда болуы туралы мәселеге – «Энгельстің «Семьяның, жеке меншік пен мемлекеттің шығуы»

кітабының 50 жылдығына арналған мақалалар жинағы», М.-Л., 1936.

Бернштам,1946,148: Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхонско-енисейских тюрок VI-VIII веков. М.-Л.,1946.

Бертагаев,1980,123: Бертагаев Т.А. О монгольских и бурятских гидронимах // Ономастика Востока. М.,1980.

Бичурин, 1998, 73: Бичурин. Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998. -284 с.

Бияров,2002;2019,45: Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары - Алматы, 2002/2019. 180-бет.

Бірмағамбетов,2001,71: Қазақстанның физикалық географиясы. Хрестоматия. Құрастырған: Ө. Бірмағамбетов. – Алматы: Атамұра, 2001. – 144 бет.

Babayar G., Kubatin A. Eski türkçe yazılı kuzey kaskasya sikkeleri. Монеты северного кавказа с древнетюркскими надписями – Астана: Ғылым, 2015. – С 174.

Васильев,1983,38: Васильев Д.Д. Металлические зеркала с тюркскими надписями // Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983. С.38, 73,115.

Владимирцов,1929,170: Владимирцов Б.Я. Географические имена орхонских надписей, сохранившиеся в монгольском // Доклады АН СССР, 1929, -В, № 10. С. 170-176.

Габен, 1950, 247): Gabain A. Alttürische grammatik. – 1950.

Гумилев, 1994, 88: Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы: «Білім», 1994 – 480 б.

Диалектологиялық сөздік,2007,639: Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.

Дмитриева,1984,142: Дмитриева Л.В. Этимологии географических апеллятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. Ленинград: «Наука», 1984. С.130-177.

- ДТС, 1969. 570, 584: Древнетюркский словарь. М., Л., 1969.
- Дульзон, 1960, 9: Дульзон А.П. Этнический состав древнего населения Западной Сибири по данным топонимики. М: Наука, 1960. – 328 бет.
- Дхаммапада, 1993, 55: Дхаммапада (перевод с пали В.Топорова). Новосибирск, 1993.
- Жанәбілов, 1982, 26: Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы, 1982. – 150 бет.
- Жанпейсов, 1989, 21: Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (На материалах произведения М.Ауезова) Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.
- Жанұзақ, 2007, 429: Жанұзақ Телғожа. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- Жанұзақ, 2007, 34: Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 524 б.
- Жеменей, 1994, 214: Жеменей И. Қазақша-парсыша және парсыша-қазақша сөздік. – Алматы, «Санат», 1994. – 368 б.
- Жолдасбеков М. Асыл арналар: зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
- Зуев, 1970, 77: Зуев Ю. Киргизы-буруты // СЭ, 1970. №4. С.81.
- Зуев, 1998, 153: Зуев Ю.А. Древнетюркская социальная терминология в китайском тексте VIII в. // Вопросы археологии Казахстана. Вып.2. Алматы – М.: 1998. С.153-162.
- Ибатов, 1988, 129: Ибатов Арсен. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 136 бет.
- Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. Лексика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 298 с.
- Кайдар, 2005, 273: Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Изд. «Арыс», 2005. – 304 стр.
- Каландаров, 2004, 35-т: Каландаров Т. Таджики. Большая российская энциклопедия. 35-т. М., 2004-2017.

К.д,Оссон,1996,63: Д,Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана (Перевод и предисловие проф. Н.Козьмина) 2-е издание. – Алматы, «Санат», 1996. – 256 стр.

Клосон,1986,137-138: Клосон Дж. Происхождение тюркского «рунического» письмо (Пер. с англ. Д.Д. и Е.А.Васильевых) // Зарубежная тюркология. Выпуск 1, Древние тюркские языки и литературы. – Москва, 1986.

Кляшторный,1964,2: Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.,1964.

Кляшторный,1973: Кляшторный С.Г. Монета с рунической надписью из Монголии//Тюркологический сборник-1972. М., 1973. С.334-338.

Кляшторный,2003, 235: Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – Санкт-Петербург, 2003. - С.235.

Кляшторный, Султанов,1992,77-78: Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан», 1992. – 375 стр.

Клюкин,1932,25: Клюкин И.Н. Төлістер мен тардуштар тайпасы жөніндегі жаңа деректер. Владивосток,1932. – 114 б.

Кондратьев,1981,21: Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. – Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1981. – 192 с.

Кононов,1954: Кононов А.Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Изв. отд. общественных наук АН Таджикской ССР, 1954.

Кононов,1978,37: Кононов А.Н. Семантика цветообозначения в тюркских языках// Тюркологический сборник 1978, М. 1981. С. 37-74

Кононов,1980,17: Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. УП – ГХ вв. Л., 1980.

Кононов,1971, 11: Кононов А.Н. В.В.Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. – Москва, 1971.

Конкашпаев,1959,88: Конкашпаев Г. Географические названия монгольского происхождения // Известия АН Каз ССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1(11), 1959, 88 с.

Конкашпаев,1959: Конкашпаев Г. Цветовые словов тюркских топонимах // «Географические науки». Алма-Ата,1969.

Кормушин,1997,208: Кормушин И.В. Тюркские Енисейские эпиграфии. Тексты и исследование. Москва: «Наука», 1997.

Кормушин, 2004, 254: Кормушин И.В. К основным понятиям тюркской рунической палеографии // Советская тюркология. – 1975. – № 2. – С. 25-47.

Кызласов,1994: Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. М., 1994.

Кызласов,2017,89: Кызласов И.Л. Енисейская письменность Древнехакасского государства. Рассказы археолога. – Москва, Абакан: Хакаское книжное издательство, 2017. – 156 с.

Кызласов,1998: Кызласов И.Л. Материалы к ранней истории тюрков // Российская археология. – 1998. – № 2. – с.68-85.

Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.

Қайдар,2004,7: Қайдар Ә. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.

Қайыржан,2013,84: Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет.

Қайыркен,2008,92: Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIV ғғ.). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.

Қалиев,1993,67: Қалиев Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 104 бет.

Қаржаубай,2003. С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2003.

Қаржаубай,2012: С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 2-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2012.

Қаржаубай Сартқожаұлы. Байырғы түрік жазуының генезисі. - Астана, 2007. - 304 б.

Қашқари, 1997,1,343: Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.

ҚТТС,1-т,257: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А-Ә. – Алматы: Ғылым, 1976, -том – 695 б.

ҚТТС,1976,46: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б-Г. – Алматы: Ғылым, 1974,– 695 б.

ҚТТС,1983,490: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. Қ.-П. - Алматы: Ғылым, 1983. – 672 б.

ҚТТС, 9,1986,240: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т-Ү. – Алматы: Ғылым, 1986, 9-том – 560 б.

ҚТТС,1986,128: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-том. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1986. – 512 бет.

Қудайбергенов,1985,29-35: Қудайбергенов С. Заметки о древнетюркских Чугай и Иарыш // Ономастика Киргизии. 1. Фрунзе, 1985. С.29-35.

Лившиц,1980,3-13: Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности. Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: 1980. С. 3-13.

Малов,1951: Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951.

Малов,2001,113: Малов С.Е. Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-қаған. Тоньюкук. МКА. Семей, 2001.

Малявкин,1981,116: Малявкин А.Г. Исторические география Центральной Азии (материалы и исследования). – Новосибирск: Наука, 1981.

Махпиров, 1997,135: Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.

Мелиоранский,1899,49-50: Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюльтегина. С двумя таблицами надписей. – СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1899. – 144 с.

Мелхеев,1969: Мельхеев М.Н. Географические название Восточной Сибири. Иркутск,1969.

Молчанова,1979,215: Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайское отделение Алтайского книжного издательства, 1979.

Мульдияров,2015,31: Мульдияров П.Я. О терминах скелот и паралат // Universum: Общественные науки. М., 2015. №4 (14).

Мурзаев,1966,337: Мурзаев Э.М. Природа Синьзяна ... М., 1966. – 400 с.

Мурзаев,1984,288: Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. М.: Мысль, 1984. – 653 стр.

Мұсабаев, 1977, 109-110: Мұсабаев Ғ., Махмұтов А., Айдаров Ғ. Қазақ эпиграфикасы. I шығуы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 168 б.

Мыңжан,1994,165: Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

Насилов, 1960,20: Насилов В.М. Язык Орхоно-Енисейских памятников. Москва: Изд. Восточной литературы, 1960.

Невелева, 1975,110: Невелева С. Мифология древнеиндийского эпоса (пантеон). М., 1975.

Никонов,1966,21: Никонов В.А. Краткий топонимический словарь. М., 1966. - 334 с.

Обольченко,1992,45: Обольченко О.В. Культура античного Согда по археологическим данным VII в. до н.э. – VII в. н.э. // М.: ГРВЛ, 1992.

Orkun,1994, 450: Orkun H.N. ESKI TURK YAZITLARI. Ankara – 1994

Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каган. Тоньюкук. МКА. Семей, 2001.

Ошанұлы,2009,479: Ошанұлы Ж. Хуэйхэ, Хуэйху және Хузхур // Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы (халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының мақалалар жинағы) – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2009.476-481 беттер.

Өмірәлиев,2014,575: Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес, Ж.Қ. Ибраева. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.

Поспелов,2007,84: Иллюстрированный атлас мира. География мира: новейший топонимический словарь: ок. 8000 единиц / Е.М.Поспелов. – М.: Русские словари, 2007. – 683.

Попова,1997,70: Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана // Автореф. дисс. докт. филол. наук. Алматы, 1997. С. 62-63.

Радлов,1897: Радлов В.В., Мелиоранский П.М. Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме // Сборник трудов Орхонской экспедиции. Вып. IV. – СПб., 1897.

Радлов,1888,34: Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I, часть 1. – СПб, 1888. – 254 с.

Рамстедт,1909,547: Рамстедт Г.Й. Этимология имени Ойрат // Сб. в честь столетия Г.А. Потанина. М.-Л, 1909. С. 35-47.

Рясянен,1955,139: Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков /Пер. с нем. А.А.Юлдашева; Ред., предисл. и примсч. Н.А. Баскакова. М., 1955. – 295 с.

Самойлович, 2005, 80: Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника //Восточная литература РАН, – Москва, 2005.

Сауранбаев,2000: Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. Алматы, 2000. 2-том.

Севортян, 1974,643: Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). Москва: «Наука», 1974. – 767 с.

Семенов,1903,19: Семенов П.П. Россия. Т.18. Гл.1. СПб, 1903. – 355 с.

Серебренников, Гаджиева, 1986, 69-70: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Издание 2-е. Москва: Изд. «Наука», 1986. – 302 стр.

Стеблева И.В. Поэзия тюрков. — М., 1965.- 61 бет.

Сулейменов,2002,9: Сулейменов О.О. Тюрки в доистории. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.

Тадыкин,1990,367: Тадыкин В.Н. О некоторых топонимах Горного Алтая // Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата: Ғылым, 1990. С,367-374.

Текин, 1988, 2: Tekin T. Orhon yazıtları. – Ankara: Türk tarih kurumu basım evi, 1988. – 200 s.

Тенишев, 1976, 166: Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. – Москва, 1976. – 345 с.

Thomsen, 1896, 97: Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrees. – Helsingfors: Imprimerie de la Societe de Litterature Finnoise, 1896. – 224 p.

Тыбыкова Л. Н., Невская Л. И., Эрдал М. Каталог древнетюркских рунических памятников Горного Алтая. – Горно-Алтайск, 2012. – С.152.

Фалеев Д. "Қара қырғыз эпосы қалай құрылады?". ("Ғылым және ағарту". - Ташкент, 1922 - №1).

Фасмер,1973,68: Этимологический словарь русского языка. Т.4. М.,1973.

Хакасско-русский словарь,1953,229: Хакасско-русский словарь. Составили Н.А.Баскаков и А.И.Инкижекова-Грекул. 14 000 слов. М.: Главиздат, 1953.

Худуд ал-алам, 16-бөлім: «Китаб худуд ал-алам мин ал-машрик ила-л-магриб». («Книга о пределах мира с востока на запад»). Параграф 16. Персидском языке. 982 г.

Щербак А.М. Тюркская руника. – М, 2001. 148 с.

Щербак, 1970, 83: Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – 206 с.

Цинциус, 1984, 125-126: Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным «п» и заднеязычным «к» // Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. Ленинград: «Наука», 1984. С.130-177.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Сөздікте қолданылған қысқартулар	7
А	8
Ә	41
Б	42
Д	63
Е	67
Ж	76
З	87
И	89
Й	90
К	94
Қ	111
Л	146
М	148
Н	160
О	163
Ө	169
Р	174
С	175
Т	194
У	220
Ұ	221
Ү	225
Х	232
Ч	235
Ш	236
Ы	263
І	264
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	266

Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерінің этимологиясы.

Сөздік

Қаріп түрі «Times New Roman»

«Таңбалы» баспасы.
Астана қаласы, 2023 жыл.